

Пернебай ДҮЙСЕНБИН

Л 2017

4984 к


# АРАЙЛЫ ТАҢ АЛАУЫ







**АРАЙЛЫ  
ТАҢ АЛАУЫ**



УДК 821. 512. 122. 0 (075.8)

ББК 83.3 (Қаз) 75

Д 47

**Д 47 ДҮЙСЕНБИН П.**

**Арайлы таң алауы / Дүйсенбин Пернебай.** – Алматы: «Асыл кітап» баспасы, 2013. – 204 бет.

ISBN 978-601-7367-48-9

Жазушы Пернебай Дүйсенбиннің бұл кітабына оның 1963-1993 жылдарда жазған, ешқандай кітаптарға, жинақтарға еңбеген прозалық шығармалары, яғни бірнеше әңгімелері, «Дала шықтары» атты лирикалық хикаяты, «Сол бір ертегі...» лирикалық повесі, ертеде жазылған «Алпамыс батыр» драмасы, сондай-ақ әр кезеңдерде жазылып, жарияланған поэзиялық туындылары енгізілген.

УДК 821. 512. 122. 0 (075.8)

ББК 83.3 (Қаз) 75

ISBN 978-601-7367-48-9

© П. Дүйсенбин., 2013

## ҚАРЛЫҒАШ КӨҢІЛ ҚАЛАМҒЕР

Қазақ баласы ауасыз қалай күн көре алмаса, әдебиет пен өнерсіз қалыпты өмір сүруі де екіталай. Бұл – әсіре қызыл сөз емес, бүгінгі шындықты күйзеліспен сезінген соң айтылып тұрған жағдай. Қазақы бояу мен ой-орамын үлкен сезіммен, жүрек лүпілі арқылы жеткізетін әдебиет қана. Баяғыда бір дуалы ауыз айтты деген сөзді тонын айналдырып жіберіп қолдансақ, қазекемдер қазақ әдебиеті аталатын «алтын сандықтың үстінде» отыр. Жауһар туындыларымызды оқыған кезде қазақ болып туғаныңа өзіңді бақытты санайсың. Ғылыми тілде мұндай халді «транс» деседі. Алайда оны желкілдеген жас ұрпақ сезіну үшін қанша уақыт керек екенін бір Құдайдың өзі біледі.

Бұл орайда Ұстазымыз, жазушы, өнер зерттеушісі Пернебай Дүйсенбиннің қаламгерлік болмысын қаншалықты дәрежеде танып-білдік деген сауал біздей өкшебасар інілерін сантарау ойларға жетелейді.

Пернебай Дүйсенбиннің туындыларынан – Елім деп соққан жүректердің лүпілін, зайырлы мемлекеттің өткені мен бүгінгі, болашағын, тарихы мен шежіресін, тілі мен ділін, азаттығы мен еркіндігін, халықтың бірлігі мен тәуелсіздіктің тұғырын аңғарарыңыз анық.

Ағамыздың кейінгі толқын ізбасарларының атынан бауырым Аманбек Төлепберген екеуіміз ұстазымыз, қазақтың ерекше бітімді жазушысы Пернебай Дүйсенбиннің 70 жасқа толған мерейтойына тарту ретінде «Арайлы таң алауы» атты прозалық кітабын жарыққа шығарып отырмыз.

Кейіпкерлерін жанындай жақсы көріп, табиғатты елжірей отырып суреттейтін, жүрегі халқым деп соққан қарлығаш көңіл қаламгер қасиетті дәстүрлерімізді жаңғырта, нәрлендіре түссін, қазақ халқына жақындығынан жазбайтын шығармашылық ғұмыры табыстың шынына жетсін! Ақылман аға тұлғасы биіктей берсін!

**Болатбек Төлепберген,  
ҚР Президенті сыйлығының лауреаты,  
ҚР Мәдениет қайраткері, «Дарын» мемлекеттік жастар  
сыйлығы мен Қазақстан Жастар одағы сыйлығының  
лауреаты, философия ғылымдарының кандидаты,  
Қазақ радиосы директорының орынбасары**

## ДАЛА ШЫҚТАРЫ

*(Лирикалық хикаят)*

Отыз үшінші жыл сүргелеңнің ел ішінде жаңа басылған шағы. Шабак өзені бойына қырдан ауа келіп қоныс тапқан көп жұрт соңғы бес-алты жыл ішінде өз күйлерін түзеп те алған болатын.

Алғашқы бетте диқаншы кетпенін қолдарына үрке алған олар:

– Шабакқа үймелеген шағаладай қу арық жағасынан не табамыз? – деп қомпылдасқан-ды.

Бірақ та соңынан еккендерінің жемісін көріп:

– Мұрт майланатын жерді білмей, қырда құр сандалыппыз, – деп, өкініштерін қайта-қайта айта:

– Айналып қана кетейін, диқаншы ел қолының қадірін ұғыппыз ба осы шаққа дейін, – деп, ризалықтарын да білдірісетін.

Ел қарасы көбейген соң ба әлде Шабак бойын қомсынды ма, сол бір жылдары диқаншылар қоныстанудан жырақтағы Жон даласының топырағына да дән тастап байқаған. Тымырық жатқан тың жер адамның мәпелі қолы тиген соң түлеп бір берген. Тәттінің дәмін алған жұрт содан былай көктем күнінің көзі көрінді дегенше сол жаққа қарай көшіп баруды әдетке айналдырып еді. Олар Тентек өзені бойында күз қырауы түскенше қараша қос үйлерін тіге отырып, колхоз жұмысына қатысады, қолдарындағы азын-аулақ тұяқтарын да баға отыратын.

Біздің үй де сол көп дүрмектің бірінен қалған емес. Апам бір жағынан сол даланың таза ауасын бойына шипа санап, екінші жағынан, жеңіл-желпі іле ауруды себеп етіп, ылғи да қол қусырып қарап отырғаным әбес болар, ең болмағанда

қырманның күндізгі кезегіне қарауыл болып, аз септік тигізгенім асық болмас деген.

Бала-шаға ол уақытта колхоз үшін таптырмайтын күш емес пе, ат жалын тартып мінетін жанның қалтасына қол салып, бос жүргенін көру қиын-ды.

Оқу аяқталысымен ел қатарлы жұмысқа шыққам. Алғашқы бетте жер жырту жұмысында болдым да, ол біткен соң жаңадан, сол жерден салынғалы жатқан су диірменге сол маңдағы бұзылған ескі қыстаудың ағаш-қамысын тасуға қатыстым.

Колхоз бастығы Бәйімбет жазғытұрым шып-шымыр, әрі мықты, әрі дымы мол болады деп, су диірмені үшін, тоған бекітуге шым ойдырып, тасытқызған.

Мен Айнашпен бір арбада істейтінмін. Ол соның біраз алдында ғана Кендіден, мұғалімдік қызметінен оралған.

Оның жұмысқа шығуын жеңіл ауызды кей адамдар біраз өсекке таңған.

– Мұғалім болып жүріп, осындай жұмысқа шыққан жанды көрсем, екі көзім әз болсын.

– Осы жұмысқа қайбір ынтықтығымен шықты дейсің, үкіметке жақсы көрінем деп қылған жағымпаздық характері де, – деп біраз сусылдатысқан.

Айнаштың бұл ісіне оң қабак білдірген жанның бірі – Бәйімбет.

– Кешегі әкесі Жанқабыл жігіттің сұлтаны еді, садаға ғана кетейін, тек жақсылық үшін туған жан еді ғой, шіркін. Енді, міне, сол қасиетінен қызын да құр қалдырмапты. Анау тумаса да туғандай қылып өсірген, дімкастанып жүрген Бибітайдың орнына шығып жүргеніне мың рақмет! – деп, айтып жүргенін талай естігем.

Айнаш-апамның ағасының қызы. Оның әкесі мен шешесі қалың сүзекте бірдей қазаға ұшыраған да, жетім қалған оны көп уақыт құрсақ көтермей, уайым құшағында жүрген менің анам өз баласы атандырып, бауырына салады.

Кейіннен апам Айнашты қызыл отауға қосып, оқуға жіберген. Ол сонда мектеп бітіріп, мұғалімдік курсқа түсіп оқиды. Оның аяқтағаннан кейін, сол қаланың өзінде бір жылдай сабақ береді.

Уақытында апамның бұл қылығы, қызы түгіл ұлын оқытудан қашқан елге тым сорақы болып көрінсе керек:

– Іштен жарып шықса, боқты сүйтер, кісі баласы болған соң сол да, – десіскен.

Бірақ жел сөзге иілмейтін апам:

– Айта береді бұл жұрт, әлі-ақ көрер өздері, – деп отырушы еді.

Тоғанға дейінгі қысқа жолда Айнаш екеуіміздің әңгімеміз бір сәтке үзілмейді. Оның айтқан не бір ертегілері мен жан тұшытар әңгімелеріне құмарта құлақ түретінмін. Тіпті оның «Сұлушаш» дейтін ұзақ жырдың үзіндісін жатқа айтатыны да есімде. Бірде осы жырды тындап отырып, апамның егіліп тұрып жылағанын да көргенім де бар.

Менің кейде өзіммен бірге домбырамды алып шығатыным бар-ды. Арба үстінде оған қосылып, ән салатынымын, осымды көрген кейбіреулер әзіл – шынды:

– Ойпырым-ай, асыл пышақ қын түбінде жатпас деуші еді, сенен бірнәрсе шығар түбі, – десісіп күлісетін.

Айнаш ылғи да мен салған әнді ұйи тындап қалатын да, маған бір сәтке жылы бұрылып, ойлы жымия қарайтын. Соған соң көзін көкжиекке қадаған күйі үнсіз, ұзақ ойда отырып қалатынын байқайтынмын.

Бір күні Айнаштан қалып қойып, өзен жиегінде домбырамды айналдырып отырғам-ды. Әлден уақ шым ойып жатқан әйелдің:

– Мұрт! – деген ащы үні мені селк еткізді. Жалт бұрылып қарағанда, көзімнің шалғаны – жел екпінімен жалбақ ұрған шекпеннің шалғай шеті ғана.

Бойым шым етті. Көз алдыма ашулы қолда кезелген сұсты кездік тәріздес мұрты мен тіктеп қараса, өңмеңіне сұғып алар үскі іспетті шегір көзді жанды елестетіп үлгердім.

Төніп қалды.

Зытып бердім...

Шойғара десе, ауыл балаларының таса тұсқа бұқпанталай бастайтын әдеті. Шақар жан, шатақ, ұрыс-төбелес десе оң иығын беріп тұрар жаман әдеті бар. Ауыл адамдары оның бұл қылығын әжуалай.



– Кешегі күннің атарман-шабарманы болуға лайық-ақ, не керек, әттең, күні емес, – деп, кекесін сынды өкініш етісетін.

...Төніп қалды.

Бұлт еттім.

Қайта төнді қас албастыдай жыны мен боқтығын аузынан қоса ақтарып.

– Иттің күшігі, доңыз!... Домбыраңмен қоса көрге тығайын ба осы, жетпей желкең қиылғыр!

Кенет:

– Тоқта, өлтіресің бе?! – деген ызасы мол, зор үн мені кілт тоқтатты. Қайдан сап ете қалғанын білмеймін, Кемел Шойғарамен айқасып қалыпты. Бір қолымен оның қамшы көтерген қолын қимылдатпай ұстатыпты да, екінші қолымен ат тізгінін өзіне шіррей тарта тұрыпты. Сол бір ызғарлы күш Шойғараның шошулы жүзін қарып өтіп жатқандай. Оның көзі де зәрлі, шарасынан шақшия шыққан күйі атыспай-шабыспай тынбайын деп сұс еткен, айбар еткен түрі бар. Енді солай сәл тұрса, шарасынан шатынай атылып барып, шарта сынар тәрізді.

Көзі шектен тыс шошыныспен шарпулы.

Әлден уақытта айылын жаңа жиған Шойғара:

– Ойбай-ау, мына жаман көр итке не жоқ! – деп, етті де жуан қолын жұлқи тарта, суырып алып, Кемелді қамшымен тартып жіберді. Осы сәт Айнаш арбадан қарғып түскен қалпы жалыныш толы ащы үнмен:

– Ағатай, аясаңызшы! Мұныңыз не?! – деп, алға ұмтылды. Сол сәтте сақтанам деп бұға берген Кемел қамшының басына қатты соғылды. Самайынан бұрқ еткен қан әп-сәтте бетін жуып кетті.

Аз абдырап қалған Кемел бір сәтте барысша атылып барып, қамшыға жармасты. Сүйтті де оны қос қолдай бұрап жұлып алып, аттың басынан қайқайта бір соқты да, су жиегіндегі қойтасқа қарай атып жіберді.

Сол Шойғара мені Сулықенттегі мектептен келгеннен кейін осы Кемелге ат айдаушы етіп, қосып берген. Оны бұрын ауылда сырттай көріп жүргенмен, таныстығым жоқ-ты.

Апамдар Кемелді осы Қаратаудың тұрғылықты қазағы дейтін. Бұрын үйленген екен, бірақ әйелі бір тасқында тар көпірден өтем деп, суға тайып құлап кетіп өліпті. Содан қалған үштер шамасындағы ұлы да бар.

Әйел басы кеткен соң отбасы оңған ба, өз түтінін түтетіп отырған Кемел амалсыздан алыстан қосылатын ағайындарының үйін паналайды. Олар оның тамағын ауырлайтын сыңай танытады екен және баласына да жайсыз деп еститінмін. Осының әсері ме, жоқ басқа себептен бе, көбіне кішкене ұлын жанынан тастамай алып жүретін. Адамдар: «Қайтсін, көңілі жарым болып өспесін деген ниеті де мүсәпірдің», - деп мүсіркесетін сырттай.

Оның көпке дейін үйленбей жүргенін әркімдер түрлі саққа жүгіртетін. Біреулер жағдайы келмей жүр, ал енді біреулері әйелі екеуі сүйіп қосылған екен, соның күйігімен әйел алмаймын депті десіп лақаптайтын. Мен ылғи да Кемелді тұңғиық, жабырқау күйде көргендіктен ол туралы айтылған сөздердің бәрін де шынға жоритынмын.

Жұмыс үстінде өзін көбіне тұйық ұстайтын. Іс реті болмаса, сөзге сараң. Әңгімеге тартса, берер жауабы шолақ, көңілі келмесе, ол да жоқ. Алғаш бірге істегенде, соқа сабын ұстаған күйі басын төмен салып, аударылған топырақты жаңа көргендей ұзақты күнге тесіліп жүретін де қоятын. Былай қарасаң, жер жыртып жүрген пендеге емес, ой тонын аударып жүрген жанға ұқсатасын. Кең қабағының астындағы шарасы кең, қарасы мол көзі ойлылық пен мұң үшін біткендей. Бар қайғы, бар азабы тек соған ғана жиылып, басын көтертпейтін секілді сезінетінмін.

Аракідік маған:

– Жүйектен аума! – деп күңк еткені болмаса, тіс жарып, үндемейді де. Бірақ онысы-жеку, суық сызды ызғармен астарласа жатқандай әсер қалдырады.

Жеңгелері есепті Рәзияның:

– Әй, маубас, қатының жаңа өліп пе еді, басыңды көтерсеңші, – дейтін дағдылы сөзін қаперіңс де алмайды. Талай адуындарды сөзбен бұғалықтайтын Рәзияның ащы тілі Кемелге келгенде дәрменсіз, ұдайы ұтылыс таба беретін.

Күн ысыған шақта жұмысты доғарамыз. Кемел аттарды босатып тұсайды да, басқалар келгенше көк үстіне шалқасынан жата кетеді.

Кейде көк төсін тінткен көзі қалқи барып, қалт етпей қанат қағып тұра қалатын бозторғайды ұстайды да, соған көпке дейін қарап жататыны бар-ды..

Бәйімбет кейінірек оны бізге звено етіп сайлап қойған. Өрі ортамыздағы ұстамыз, арба бұзылса жөндейтін сол. Бірге істейтін әйелдер:

– Құдай қос бақты төбене қондырды ғой, енді өліп кетсең де арманың жоқ, – десіп, оны мазақтауларын бір де қоймайтын.

Бірде түс әлетінде Айнаш пен мен оның сүп-сүйкімді ұлын қасымызға шақырып алып, тілін қызықтай, ойнатып отырған болатынбыз. Сонда Кемел баласын бізден қызғанған жанша жеку толы үнмен бері кел деп, өзіне шақырып алып, қасына отырғызып алғаннан кейін оған кейігендей әлде не деп күңк етті де, арбасын айдай жөнелді.

Оның бұл қылығы алғашта маған жайсыз жеткен. Қорланып қалдым. Бойымда намысты ашу тұтанғандай сезінгем.

Қысылып қалғаннан ба, қолайсыз бір күйде Айнашқа жалмажан қараппын. Бірақ ол назарын маған бұрмай, Кемел соңынан соншама бір кінәммен көз салып тұрыпты.

\* \* \*

Кемел қабағынан аққан қан әрең тыйылды.

Осыдан соң ол өзен жиегінде ұзақ уақыт тұрды да қойды. Маңдайын Рәзия ақсаң шүберекпен таңып берді. Тұқия иілген басы тастүйін боп түйілген жұдырыққа ұқсапты. Қатулы өңінде сөніп бітпеген қаһарды қайта тұтатқысы келгендей суық тұрған жанары сергек, сілкіне ойнайды.

Айнаш осы көрініске аз назар салып тұрды да, неге екенін білмеймін, арбаға қарай кілт бұрылып кетті.

Сол күні біз кешке дейін Айнаш екеуміз бір-бірімізге тіл қатысқан жоқпыз.

Бұдан соңғы күндерде де біздің бұл қалпымызға бөтен өзгеріс енген жоқ, қайта екеуміздің де бойымызда әңгімеден

гөрі үнсіз, тыныш отыруды тілейтін тілсіз тілсз тірілгендей сезініп жүрдім.

Айнаш болса, арба үстінде әлдебір жұмбақты ой дүниесінің ішіне сніп кеткен жанша, қолын исіне тіреген күйі, үнсіз отыратын. Күлкі үшін жаратылғандай көкшіл көзінің өне бойы ойнап тұратын сұлу жарқылы семіп, жасу сынды әлде не ұялай қалады да, оның астыңғы кенеріндегі әлсіз, тынымсыз, сүйкімді дірілінен түк те қалмайтын.

\* \* \*

Жон егіні қалың жаздың ортасына жете бере ораққа ілігеді.

Біздің орақшылар мен шалғышылар таң салқынымен күн қызғанға дейін істеп, түсте үйлерінде дамылдайтын да, ыстық қайтқаннан соң қайта шығып, күн батып, көз байланғанға дейін жұмыс істейтін.

Біз Кемелге баулаушы болып істедік. Алғашта мен Кемелмен бірге істейтінімді білгенде қуанғаным бар-ды. Ал Айнаш, керісінше, Кемелмен бірге істеуді көңілі қаламайтындай, өзін одан аулақ ұстауға тырысатынын аңғаратынмын.

Олар таңертеңгілік жолығысқанада ылғи да бірін-бірі тосын көрген жандарша тосырқай қарасатын да, бұрылысып кетісетін.

Бірде аз тыныққаннан соң, ыстық қайта, жұмысқа жаңа ғана енгенбіз-ді.

Бізден әріректе Қапиза, тағы бірнеше әйелдер арбаға бау тиіп жатқан. Әлден уақ бірінін:

– Ойбай-ау, мынауың кім шіренген? – деп, таңданыс еткен үні шықты. Оларға бұрылып қарасам, өзенді бойлай келе жатқан бәкене бойлы біреуге көз тігісіпті. Кенет Қапиза деген әйел:

– Е, әлгі мұрттың жалғызы екен ғой, – деді. Үнінде қомсыныс қылған күйі бар.

– Әлгі Жолманы осы ма еді? – деп жатыр тағы біреуі сол әуенде.

Мен Жоламанды Айнашпен бірге Кендіде оқыпты деп еститінмін. Бір қызығы, осы Жолман туралы сөз қозғасаң,

ауыл қарттарының шамына тидім дей бер. Көбі қолдарын бір-ақ сілтеп:

– Соны қойшы, құдаймен жағаласқан жаннан не қайыр, не үміт, – десетін.

Апам бірде осы Жолман туралы бір қызық жайды күле әңгімелеген-ді.

Бір күні Жолман тау жақтан келе жатып, қалың жаңбыр астында қалады. Ауыл сыртындағы үстірттегі төбешікте тартылып қалған көз бен соған төне біткен қураған тал болушы еді.

Жолман тап сол тұстан өте бергенде, әлгі ағашқа жай түсіп, оның екпіні Жолманды да жерге алып ұрады. Есін аз жиып, ссенгіреген күйде үйінс сұп-сұр болып жетіп келген Жолман тең үстіне сылқ етіп отыра кетіпті де:

– Жаратушыны жоқ екен десем, бар екен ғой, -депті дейтін.

– Кісімшілдігі бар немс дейді ғой өзінің.

– Ойбай-ау, айтпа деймін! Тіпті бала-шаға сыйлап берген қолды алмайды дейді.

– Әнеукүнгі диірмен басындағы кісілердің бірінен келіп, сіріңкені орысша сұраса керек. Әлгі оған: «Шырақ, сөзіне түсінбедік» десе, ол кейіген үнмен: «Ай, қараңғылық-ай!» – деп, қиналғандай қалып көрсеткен болыпты.

– Әдірем қалғыр, бір-екі ауыз орысшаның басын құрап сөйлегенге бола, толып кеттім деп ойлайды екен-ау, ә.

– Тоқтай тұр, Қапиза-ау, сен әлгі мұрттың қызығын естідің бе? – деді Рэзия. Мынасы Айнашты аламын десе, онысы ұрысқан боп: «Қой, әке-шешесі жоқ қызды қайтесің, естіген елден ұят емес пе», - депті.

– Пай, пай-ай! Шалқыған екен-ау, құдай-ау, сол мұрттың кеше емес пе еді елге келгені, жалғыз жыртық тонын сүйретіп. Енді астына ат тиген соң, күпсінейін деген екен-ау, ә.

– Өзіне салса, Айнашқа кет әрі емес көрінеді. Қосып сөйлеген бе, кім білсін, әкесіне Айнаштың сөзін алдым деп те жіберіпті.

Айнаш осы сөздерге еш қимылсыз құлақ түріп тындап қалыпты. Әлден соң басын көтере бере, әйелдер жаққа тіксіне

көз салды. Әйелдердің біреуі: «Ойбай, көтек, ана қыз бар сөзімізді естіп тұрмасын,- деп, бетін шымшып, теріс айналды.

Жолман ақырын басып, бізге жақындады. Бәрімізбен ерін ұшын жыбырлатып амандасқан болды да, Айнашқа жақындап, күлімсірей қол берді. Байқаймын, Айнаш салқындау, солғындау амандасты.

– Сулықөлге қашан кайтасың? – деді. Айнаш:

– Әлі қайтуыма біраз уақыт бар,- деді самарқаулау.

– Бірге қайтсақ қайтеді? – деді Жолман езу тартып.

– Көрсерміз. Жақсы, сау болып тұр, – деп, арбаға қарай кілт бұрылып кетті. Жолман состнып тұрып қалды. Осы сәтте Айнаш арбаға тақана беріп, Кемел жаққа жалт бұрылып қарады.

Бірақ Кемел шалғыны сұлық ұстап, еш қозғалыссыз басын төмен салған күйі тұр скен. Бір уақ ол біртүрлі ішіп – жеп қоятындай Айнашқа қабақ астынан суық, сызды көз салды. Олардың түйісіп қалған көздері тіктесе барып, аз тұрып, бірінен-бірі тайқып кеткен.

Байқағаным, Кемелдің бұдан соңғы жұмысында бұрынғыдай қарқын да болған жоқ. Жиі тоқтайды, тас шапқандай шалғысын жиі шарықтай береді. Онысы да қызық, санап салады.

Бір кезде ол шалғыны сілтеп тастап берді дейсін. Ол сол екпінмен бірауыққа дейін еш тынбастан істеді. Одан соң өзен жағасындағы кішкене дөнес үстіне екі тізесін бауырына алып, баласын құшақтаған күйде ұзақ отырды да қойды. Тосын кезіккен ойлы көз оған зер салса, зұлматты тағдыр шынжырында шырмаулы жүргенде, жүйемелете тиген жойқын, тосын сокқыдан енді ешқашан тұра алмастай болып жапа шеккен жанға ұқсатуы хақ-ты.

Сонда Айнаш та Кемелдің сыртынан ұзақ қарап тұрды. Ойлы ойнаған жанары мұңмен шылауланғандай. Енді бірде ой тұңғиығына түсіп кеткендей селдір қастары түйісе барып, тіресе тұрысқан. Бұл сәтте оның өткір де көкшіл көздерінде әдеттен тыс құбылыс бар-ды.

Осы кез ол маған ауыр бұрылып, әлдекімнен сұмдық бір жәбір көрген жанша мұңлы, сызды қараған. Оның әдеттен тыс бұл қалпын менің тұңғыш рет көруім-ді. Осы кезде қасыма тақанып келген бригадир Шойғара:

– Қырманға шығасың, Жанқораздың күшігінің орнына. Шошқаның баласы бір мәстек аттың басына ие бола алмай, – дей берген сөзін аяқтатпастан мен:

– Айнаш ше? – дедім қарсы сауалмен.

– Қасқыр жеп қояр деп тұрмысың аз күнге әлде қоритын бір төбет табылмай қалар деп қорқасың ба, – деп арс еткен. Бойым смес, ойым шым еткен сонда.

Арада апта уақыт өткен соң Айнаш аудан орталығына оқу мәселесімен шақыртылып кетіп, сонда он шақты күн болып оралған.

Әдетте, мен оның үйге оралуын асыға, сағына күтіп жүрдім.

Сөйтсе де көңілімде түйін болған бір күдік пен Айнаш мінезіндегі соңғы кездегі байқалған тұйықтық пен ылғи да абыржулы, ойлы бір мұң мені тұңғық ой иірімдеріне тоғыта беретін, тұйыққа тірейтін.

Кейде сол ойдың үстінен дөп баспасам да, әлде нені іштей ұғынып, түйсінген бір халде сезінетінмін.

Айнаш ауданға кеткеннен соң Кемел көпке қосылмай, өзен жағасында жападан-жалғыз тұрғанын жиі кездестіріп жүрдім. Сонда, неге екенін білмеймін, оның бұл қалыпта тұрғанын менен басқа ешкім де көрмесе екен деп тілейтінмін.

Бір күні Кемел қырмандағы бидайды біраз суырып тастап, бидай салған қап үстінде ағаш күрегіне сүйене, ауыл тұсқа еңістете құлайтын қасқа жолдан көз алмай қарап отыр еді, елек елеп тұрған Рәзия осыны байқап қалса керек:

– Әй, маубас, үзір болып, қарап қапсың ғой, келе жатқан біреуің бар ма? – деген.

Оның сол сөзі менің бойымда қысылыс, тосын бір құбылыс туғызған. Тіпті жалма-жан қап артына бұға бере, еш тыныссыз отырып қалыппын. Ол Кемелге әлде нені айтып қалатындай сезініп, дегбірсіздене, күдік ете құлақ түргенмін.

Бірақ Рәзия одан басқа ешнәрсе айтқан жоқ.

Сол бір кештен кейін мен Рәзиямен кездесуден тайсақтап тұрушы едім. Ылғи да күлім ойнаған көзінде құймырлық пен әлдебір секемшіл сезімді ішіне бүгіп тұрғандай түйсінетінмін-ді.

Бірде апам мен сол Рәзияның кездесіп тұрғанын көрген соң, кешке дейін үйге жоламай кеткенім бар-ды. Қас қарая ауылға оралып, үйге кіруге көпке дейін батпай, сыртта кідіргем. Сол уақытта апамның қырманның қарауылынан:

– Ақан-ау, әлгі біздің бала көзіңе түскен жоқ па? – деген дауысы жеткен. Қалпы абыржулы емес, ашулы жандікі сияқты.

Жүрегім сұмдық бір қорқынышпен құрсаулы, тұла денем әлде бір ауыр жаза аларын сезінгендей қалшылдап қоя берді.

Тек бір мезетте ғана апамның аяу еткен наза үнмен:

– Құдай-ау, әлгі сорлы апақ-сапақта қайда құрып кетті?

– Әй, Ақан, мына жан-жақты шолып қайтшы! Ойпырымай, бірнәрсеге ұшырап қалмаса игі еді, – деп, айтқан сөздерін естігенде барып, тулаған көңілім орнына қонған.

Кей сәттерде мен Кемел мен Айнаш кездескенде не істер екен деп өзімше, іштей жоритынмын. Олар кейде бірін-бірі құшақтай алағындай көрініп те кететін маған. Осыны көз алдыма келтіргенде, өзімді толқымалы тілек сынды буалдыр сезім құшағында еніп кететінім де бар-ды. Енді бірде, неге екенін білмеймін, бетімнен отым шығып, әлде бір ұялыс сынды, қысылыс сынды бір күйдің ортасында қалатынмын. Тағы да ойымдағы сол елес көріністі әлдекімдер көріп қойғандай, жан-жағыма жалма-жан қарайтынмын.

Бірақ олар кездескенде, мен ойлағандай болмады.

Диірмен түбіне келіп, аттан түсіп жатқан Айнашқа, қайдан шыға келгені белгісіз, Жолман барып, қолдасып амандасып, сөйлесіп жатты. Бірақ Айнаш ол жерге онша кідірмей, көп күттірмей, үйге қарай беттеді. Ал әудем жерде тұрған Кемел олар жаққа аз шаққа көз салып тұрып қалды.

\* \* \*

Бірде кешкілік диірменге бидай түсіріп келген соң, өгіздерді қорықшыға өткізіп келіп, қырманнан едәуір шеттеу жерде, өзенге жақын төбешік үстінде айлы кеш табиғатын қызықтай отырғам-ды. Осындай бір кештерде ғана соғатын самал бар ғой осы, жаныңды тербер, көңіліңді сергітер, соның құшағында отырдым мен де. Айнала тып-тыныш.



Тентектің ар жақ бетіндегі өрдеш жоталы Дегерес апамның ертегісіндегі қырық күн, қырық түн ұйықтайтын алып батырдай мүлгуге енген. Сонда да тыншулы емес. «Сенің де маза берер күнің бар ма екен» дегендей түксиген, түнеріңкі қабағын ерке Тентекке түйіп-түйіп қояды. Бірақ ол онан сайын өрекип, өршелене түседі. Мінезі қызық өзінің. Сылдырлай аққан үні мың құбылып, алуан үн төгеді. Ай бойынан төгілген сұйық сәулені мың сан алақанында аз-шақ кілкіте ұстап, келер бетке жалт-жұлт еткен ақ сынаптай бұлт еткізіп, үздіксіз аунатып тастап жатыр. Біртүрлі ғажап көрініс.

Осындай бір түндерде тұңғыық көкті барлап жатудың өзі бір ғанибет қой. Ой ұшырасың мың саққа, қиял қуасың бір сәтке, ол да тұңғыық көктей түбі жоқ бір дүниес.

Енді бірде сезімді сілкіңтер сыр қармайсың сол бір сағымды ой дүниесінен. Содан екшеп ілген нұрлы сезімді ән стіп шырқай жөнелгің келіп кетеді.

Таң шапағындай, пәктікпен өткен сәбилік шақ көз алдына еш өшпеген, еш сөнбеген мол нұрымен қайта оралады.

Осындай кештерде құрылатын алтыбақанды еске түсіресің. Сол алтыбақанның аялы тербелісі астында жалықпастан күй төгіп, ән толғатқан қыз-жігіттердің салған ән-жырын құмармен, қызғанышпен тыңдай, оны өзіңе бақыт санап, солар құсап алтыбақанды еркін тебер күнді албыртықпен, аңғырттықпен арман еткен шағынды ойға оралтасың.

Кейбір дөкір жігіттердің:

– Мұрынбоқ неме, ән сенің не теңің, одандағы жылы төсек астында тыныш жатып ұйықтағаның артық емес пе, – деп нұқып өтетіндеріне қарамай тұратын «қайсарлығымнан» мені апамның талай рет талып ұйықтап қалған жерімнен төсскке көтеріп салған күндерін еске алып, еріксіз күлемін...

Енді бірде ешнәрсе ойлағың келмейді, көзіңді тарс жұмып, жата бергің келеді. Тек қана жан дүниендегі өзің үшін де, өзге үшін де жұмбақ, әлде неге деген жасырын тілегің тұратыны бар ғой, бірақ оны дөп басып, ұстап айтуға құдіретің келген бе.

Ойымды қырман жақтан әлдекімнің ыңылдап айта бастаған үні бұзып кетті. Ұйи тыңдап қалыппын оны.

Сазында үлкен зар бар. Соған қарамастан, соншама әсерлі, соншама жағымды. Сол тұңғық түннің ішкі күйі дерсің тап бір.

Өлеңнің дауыс алып көтеріле бергені де сол еді, карауылшы Ақан:

– Өй, өз басыңа көрінгір, қайсың, ей! Бұл, қайдағы жоқты қайдан тауып аласындар осы, басқа ән құрып қалғандай. Уһ, құдай төбеңнен ұрғыр!- деп, кесіп тастады.

Әлгі әйел әнін сап тыйды.

Мен өкініп қалдым.

Кенет құлағыма Шойқараның гүжілдеген дауысы құмығып естілді.

– Енді не дейсің маған? Жүр солай, салпақтап! Қызбен бір ауыз жөндеп сөйлесуге шамаң келмесе, мен не істейін!

– Көке-ау, неменеге сонша айқайладыңыз!? Жарайды, қызы құрысын! – деп дүңк ете қалған Жолманның тұншығыңқы үні құлағыма жетті... Ішімнен Сулықөлге бірге кайтсақ кайтеді?» – деп, Айнашқа жымысқылау үнмен тіл қатқан әтін есіме алдым.

Дала айлы түннің құшағына біржола манаурай енген. Әріректе, шалғынды жырадан ауық-ауық кісінескен, мекіреніскен жылқы мен шайпау құлындардың тұяқ дүбірі ғана тыныштықты төңкеріп өтеді.

Айнала қайтадан тыныштық құшағына шомды. Мен айлы түнді қызықтай, өзен бойымен жоғары өрледім де, тал түбіндегі үлкен қойтасқа келіп отырдым.

Осы күйді әлдекімнің:

– Мейлі, ел не десе, о десін. Еш бөгет емес ол, – деп күдікті түріп, кесім еткен іспетті сөздері бұзып өтті. Бірақ сөздерін сезік еткендей сыбырлай, ақырын айтады...

Дыбыс шыққан тұсқа қарсам, өзен жиегін ала отырған қос бейнеге назарым түсті. Бірі құшақта, бірі құшақтай отырыпты. Бетін бетіне төсеген күйде толқына, тебірене сөйлейді. Қобалжулықтан болар, жеткізер ойын жиі үзіп, тоқтап, булығы айтады. Аракідік кінәсі жоқ жеңіл өксік үні ғана үзіліп, сүзіліп шығады.

Мен бетімді бұрып әкеттім. Тал бойымда кенет бой көтерген әдеттен тыс құбылыста мен сезбеген, мен білмеген бір күй бар.

Сол пәк тілек көкірегімде тосын күй оятып, құлағыма үнсіз шырқалған ғажап бір сырлы, сазды әнді жеткізді. Арман толы, аңсау толы әуені кеудемді кернеп сала берді. Онда титтей күдік, ешбір мұң ізі жоқ секілді.

Ол кездескен жанның бәрін құшағына алып, сол үнсіз шырқалған ғажап әнмен шексіз сезімін, шексіз қуанышын паш ететіндей. Ол солардың сырларын тауға да, көлге де, ұшқан қыран құсқа да, ақ қанатты бұлтқа да жыр қылып айтпаққа бекінген.

Сол түнгі дала күнделікті өз қалпынан бөлек-бөтен бір күйде көрінген маған.

Ең әрісі, қарсы беттегі шоқылы төбе алғашта айбар шеккен әлде бір алыптарша күжірейе қарап тұр еді, олар да өзгеше жұмбақ та жұмсақ сүйкімді кейіпке көшкен. Меңіреу жоталарына бір сәтке сезім бітіп, олар да бақытты жандарға ақ тілсін білдіргілері келгендей, жылы ұшырай қалысқан. Екеуінің адами жарасқылықты қалпына қызығулы дерсің. Енді бірде қызғанышын да жасырмай, баспалай бұғып қарасады. Бірақ та өздерінің бойы бұл киелі қасиеттен тұл екенін сезіп, мұнлы өкінішпен қайта шөгіп бара жатқандай.

Құлағыма Айнаштың толқына айтқан:

– Адам сүю үшін ғана тумаушы ма еді, осымыз үшін жазғырар жан табылса, оған не дерсің, не айтарсың?! Балапан баланы, жат көріп, жек көретін сезім менде еш болмайды да,- деген сөздері жетіп жатты.

Осы кез мен Кемел бейнесін көз алдыма оймен әкелгем. Оның шарасы кең жанары бақыт жасымен толған күйінде келген. Сол бір жас тамшылары мен үшін ерек ыстық, ерен сүйкімді сезілген-ді.

Өзі бақыттылығы үшін жылаған жанның өзі бақытты ғой...

Көз алдыма таңғы шақта жауып өткен нөсерден соң әрбір тал шөпке, әр жапыраққа моншақтай боп ілініп, жалт-жұлт ете күнге шағылған дала шықтары келді.

*1963 жыл.*

**P. S:** Бұл лирикалық хикаят осыдан тура жарты ғасыр бұрын жазылған екен. Әдебиет ауылына ат басын бұрсам деген ниетті бетке ұстап жүрген шақ. Осы дүниені айтулы әдебиеттанушы, білімді, эстет сыншы, жібек мінезді азамат, марқұм Зейнолла Серікқалиев ұнатып, «Жұлдыз» журналына ұсынған еді. Өкінішке қарай, қолжазба редакциядан із-түзсіз жоғалып кетті. Жақында көне архивімнің ішінде әбден сарғайып, жазулардың сиясы жайылып кеткен қолжазбаның алғашқы нұсқасы табылды. Арада көп уақыт өткен соң ба, ондай әңгіме жазғаным да ұмытылуға айналғандай екен. Сондықтан таза әдебиет өрісіне алғашқы ұмтылыс жасаған жәдігерлік қолжазбаны осы кітаптың беташары есебінде жариялауды жөн көрдім. Кемшілігі жетерлік болса керек. Белгілі бір шығарманың оқиға желісіне еліктеу нышандары да бар сияқты. Бірақ осы хикаяда көркем әдебиет бәйгесіне қосылсам деген 20 жастағы жас жігіттің ізгі ниеті, талапшыл арыны бар дүние деген тоқтамға келдім.

**Автор.**

## СПТУ-дың «СТУДЕНТІ»

*әңгіме*

Мұрат қабырғаға қыстырылған шарайнаға үңіле қарады. Басына жаулық тартқанда түрі апасына әжептәуір ұқсайды екен. Көйлегі де үстіне қона кеткендей. Ол еріксіз ызу тартты.

Сырлы жеңіл шелек пен шылапшындағы жемді алып, сыртқа шығуға беттеді. Есіктен басын шығарып, даланы байқады. Көзге түсер бөтен, бөгде жан жоқ екен. Қу тілді құрдасы Орақбай көрмесін, көрсе бітті, түймедей затты түйедей қылып, ал келіп гулетсін. Онсыз да бұған қойған аты елге баяғыда-ақ тарап кеткен. Кездескен сайын қолын шекесіне апарып: «Привет, СПТУ-дың студенті!» – деп амандасады. Құрбылары да Орақбай аузынан шыққан құтырма сөздің құлағынан мықтап ұстаған.

Былтыр ауданнан келген өкіл мектеп аралағанда, жаңа ашылған училищеге бұл оқыған мектептен ең алғаш та, ең соңғы да тілек білдірген Мұрат болған-ды.

Мектептің мандайалды, үздік оқушысының табан асты жасаған байламына таңырқаушылар да көп болған. Көп мұғалімдер де, шешесі де әжептәуір қарсылық білдіріп еді. Бірақ Мұрат өзгеше бір қайсарлықпен өз шешімінен бір сәт те айныған жоқ-ты.

Күзде училище берген форманы киіп, ауылға келген күннен бастап, «студент» аты қыр соңынан біржола қалмайтын болып еді.

Сегізінші оқып жүргенде, интернаттан үйіне демалысқа келгенде жалғыз шешесінің тынымсыз, күйбең тірлігі, дімкастығы мұның арқасына аяздай батып жүрді. Әкесін қайтпас сапарға аттандырып салғалы да екі жылдың жүзі болып қалған. Осы

бір анық, айқын жайды дұрыс ұқпай, сөз құтыртқан кей құрбыларына ызасы қатты-ақ келеді. Кейде мол дәлелдер айттып, бар жан-тәнімен, шыншылдықпен ұғындырғысы келеді. Алайда бойда тұтанып сала беретін бір өршіл намыс іштей тежей береді. Тіпті балалардың екі-үшсеуімен шекісіп те қалған.

Ол Орақбайдың үй жағына сығалай көз салды. Жан көрінбейді. «Әй, ол қайдан тұрсын. Түнде орталықта болған тойдан тойып келіп, тырайып тұрып, ұйқыны соғып жатқан шығар-ау».

Кеше кешкілік үй жанынан өтіп бара жатып:

– Әй, студент, тойға барайық, – деген. Бірақ артынша қолын бір-ақ сілтеп: – Әй, сен барушы ма ең ондайға. Сенің сопы скенің естен шығып кетіпті ғой, – деп, тілімен тағы бір шымшып кеткен.

Мұрат зып етіп, жыңғыл қораға енді. Қайқы мүйіз тентек қара сиыр түрегеп кеткен екен. Ә дегенде сен кімсің дегендей ала көздерін аударып-төңкеріп, бұған тесіле, суық қарады. Мұраттың тұла бойы мұздап қоя берді. Іштен шапшаң бой көтерген сақтық сезім оның аяқ қимылына табан асты түзету енгіздірді. Тап апасы құсап шайқалақтай басып, тап апасы құсап, жөткірініп қойды.

Кенет қара сиыр бас жібін жұлқи тартып, жемге ұмтылды. Танымағаны мұндай жақсы болар ма.

Жемді жып еткізіп, сиырдың алдына итере салып еді, қомағай қара бөккен арпаға шабақтың шоғырын көрген шортанша шүйлікті. Осы алаң сәтті пайдаланған ол бұрышта жатқан ағаш орындықты астына қойып алып, емшекке жармасты. Уыс толар жұмыр емшек қолға сондай жайлы екен. Тек жебей тарт та сауа бер.

Аппак сүт сырлы шелектің бүйіріне сыздақтай шапшып, шыныдай сыңғырлаған әуен шығарады, құлаққа да сондай жағымды.

Аздан соң-ақ саусақтары талаурап, ауыра бастағандай болды. Бірақ Мұрат оған карамады. Көз алдында көлемденіп, көбік ойната көтеріліп келе жатқан сүт мұның бойына бөлекше шыдам ұялатады.

– Әже! Әже!

Желке тұсынан жыламсырай шыққан үнге Мұрат жалт бұрылды.

– А,а, не дейсің? Мұрат сасқалақтап абдырған қалпы, орнынан атып тұрды. Бұл сәтте тосын да жат қимылдан оскырына жалт еткен қара сиыр бұрышқа қарай жұлқына қашты. Артқы аяққа қағылған сырлы шелек айналаға ақ толқын атып, әрі аунап кете барды.

Жас баланың көзі атыздай болып, ұясынан шығып кеткен екен. «Әжеден» кейін айтпақ сөзі көмекейіне кептеліп қалғандай. Аңтарыла қарап, аузын ашып қалыпты.

– Не болды?! Сөзімен бірге қолы қоса қимылдады, басындағы жаулықты жұлып алды.

Өңін үрей алған баланың байланып қалған тілі енді шешілгендей.

– Әжем қайда? Әжемді шақырып жатыр. Үні дір-дір етеді.

– Әжем жоқ! Кімдер шақырған? Жай ма?!

– Әйелдер.

– Е, неге?

– Мамам туа алмай қысылып... Соған... Бала егіліп қоя берді. Күс шалған қолымен бетін басқан қалпы бүгіліп отыра кетті.

Мұраттың тұла бойы шымырлап сала берген. Қара қанат жамандықтың жат хабарын сезгендей жас жүрегі жұлқи ойнап соға жөнелді. Маңдайынан шып-шып еткен суық терді қолындағы жаулықпен сүре сүртіп тастады да, қапаланған халде:

– Қап, апам кеше Созақтағы әпкемдікіне кетіп еді. Енді қайтік? – деп тіл қата, бүк түсіп отырған Досанға аяу көзбен қарады. Құныса, жүдеу тартқан жауырыны тұзаққа шырмалып, тұншыққан құстың топшысындай әлсіз бүлк-бүлк етеді.

– Әлгі Серіктің әйелі қайда?

– Қал-ла-ғаа қыдды-ррып ке-ке-тіпті.

– Тфу! Мұрат жерге ызалана түкіріп жіберді. – Осы сол-ак қалашыл екен! Күйеуі машина алғалы тіпті сұмдық болып кетті. Ййи, осы! Досанға шарасыз халде мұңая қарады.

– Апам жоқ қой енді. Досан орнынан ауыр көтерілді. Азкем уақыт бұған көз тоқтата қарап қалды да, үйіне кетуге

ыңғайланды. Жас толы жанарында сәби жасқа тән емес сұмдық бір сыз ізі жатыр.

– Мен қазір барайын. Сен бара бер. Асыға сөйлеп, үстіндегі жемпір көйлесті жүре шешіп, үйге беттеді. Жас бала Мұратқа аз-кем шак аңырая қарап қалды. Бірақ Мұратты өзі де өзінің неге бұлай дегенін толық ұқпады.

Мұрат үйге тақана бергенде, Досандарға көрші ақсақ кемпір кішкене үйдің тар есігіннен ентелей сыртқа шығып келеді екен. Кемпірмен қабаттаса үй ішінен үрей үркіп шығып келе жатқандай. Аласы мол көзінде алапат қорқыныш бар.

– Балам-ау, ана сорлының жағдайы болмай жатыр. Апаң жоқ болса, шарамыз қанша енді. Мұндайда апаңның қолы жеңіл еді. Құрып қана қалғыр, қас қылғандай, ауылдағы бар бір-екі дөңгелектің тап бүгін құруын көрмейсің бе?! Сен анау қамыт аяқ Қатпанікіне жүгірші. Әлгі су таситын домалағы бар екен баласының? Сорлы-ай, сорлы-ай, күні нешік болар екен? – деп, жыламсырай, үйге асыға кірді. Үркіп шыққан үрей кемпірмен бірге үдеріп, үйге қайта кірді.

Ол екі өкпесін қолына алып, шағын ауылдың шетіндегі Қатпа қарттың үйіне келді.

Шал ауласынан көк есігін жетелей шығып келеді екен. Қолында орағы бар.

– Әй, батыр, аман ба, ей? Немене, түтігіп, жай ма?

– Әлгі Досанның мамасы...

– Е?!

– Сол туа алмай қиналып...

– Не дейді, ойбай-ау?! Өзі аман ба? Әлгі доғдыр келін қайда?

– Ауылда жоқ. Қалаға кетіпті.

– Әй, қалада басың қалғыр! Мұраттың сөзін аяқтатар емес.

– Енді не істейсің?

– Соған машина іздеп... Сіздің балаңызға жіберіп еді.

– Өйбүй ғана, құдай-ай! Қарт қайнап кетті. Қолындағы орағын анадай жерге атып жіберді.

– Ойбай-ау, ол сорлы ерте ескертпей ме? Есек ердің доғал қасын қос қолымен солқ еткізіп бір ұрды. –Алда ғана құдай-ай!



Ол атаңа нағылет бағана таң азаннан құрдымға құрыған жоқ па балық деп. Енді қайттік?! Ол дел-сал халде аз шақ тұрды да, бір кезде жау қуғандай алас-күлес қимыл жасап, есегіне әрен мінді. Қос аяғымен бүйірден нықырта нұқып қалғанда, көк есек қысқа белі кайқайып, тайпалап ала жөнелді.

– Ә, құдай атқан Елеубай! Көрінде өкіргір Елеубай! Өзім де шошығандай болып едім-ау, бәсе, мүсәпірдің әнесукүнгі шөпте жүргендігі түрінен, – деп күйзеле бас шайқап қояды. – Енді қайтсын, шиегтей бала-шағасын қырсын ба? Ә, көрінде өкіргір, Елеубай! Қарттың соңынан елпелектеп Мұрат келеді.

– Әлгі шөпші иттер күн демалыс деп тайлы-тұяғы қалмай орталыққа зытысқан ғой ә, нәлеттер!

Есік алдына шағын ауылдың бар әйелі жиналып қалыпты. Бағанағы ақсақ кемпір топтан жарылып, бері шыға берді.

– Әй, қамыт аяқ, далбаңдап немді бітірейін деп келесің? Балаң қайда?

– Әй, бүйткен баласы құрысын! Таң азаннан құрыған жоқ па осы ауылдың бар жындысымен.

– Қайда?

– Ойбай, менің басыма көк тас қоюға кетті дейсің бе? Балық дей ме, қылтанақтап қана қырылғырлар!

– Енді неменеге келдің?

– Енді қайт дейсің ойбай-ау! Қалай шыдайын?!

Кей әйелдер күлген болды.

– Ендеше тұрма! Анау Қосқұдықтағы шөп біргәдіге шап. Машина табылар.

– Ойбүй. Жарайды! Жарайды!!

– Қалқам, сен де тұрма. Анау үлкен жолға жүгір!

Мұрат үй жанынан жүгіріп өте бергенде, көлеңке тұстан ағараң еткен әлденеге көз қиығы түсіп кетті. Жалт бұрылып қарап еді, Досан мен биыл бірінші класты бітірген қарындасы екеуі иықтары түйісіп, қатар отыр екен. Ажарлары тым пәс, сынық. Досан басын көтеріп, ерекше бір мұңлы салмақпен бұған тесіле қарады. Осы мезет оларға жұбату сынды әлде бір сөздер айтқысы келді, бірақ айтылар сөз оңтайын тауып, тілге орала қоймады.

– Досан, мен қазір... Бір орында қипақтап, қыбыжықтап, кете алмай біраз тұрды. Бағанағы бір «ұяттылау» болып қалған жайдың жағдайын дұрыстап ұғындырсам деген тілек тіл ұшына үйірілді. Бірақ сыртқа шығуы мұндай қиын болар ма.

– Досан... бағанағы көргеніңді... Енді түсінесің ғой... Анам Созаққа кетіп, келе алмай... Сөз аяғын айтуға шамасы келмеді. Досанның айтқан сөзді толық ұққанына көзі анық жеткен жоқ. Сол бетінде жол бойына қарай, екі өкпесін қолына алып жүгіре берді...

Күн недәуір көтеріліп қалыпты. Ауаға ыстық леп ене бастағандай екен. Мұрат телеграф бағанасына арқасын сүйей, демігін басып, біраз отырды.

Біршама уақыт өткен соң су таситын машина қою шаңын шұбатып, құм жаққа өте берді. Қол көтерсем бе деп бір ойлап тұрды да, ниетінен тез бас тартты.

Әу дейтін жерде тіркемессі бар бір көк «Беларусь» бағанадан қантарылып тұр. Жүргізушісі болу керек, ұзын бойлы, толық тұлғалы біреу трактор түбінде күйбендеп жүр. Бұл тұрған тұсқа снжар көз салды да, өзімен өзі болып кетті.

Белдеме темірдің астынан қаққан қазықтай қарайып, жұмырша домкрат көзге шалынады.

Төбешіктің тасасынан жүк машинасы шыға келгенде, Мұраттың жүрегі жарылып кете жаздады. Тақана бергеннен түрегеліп, қол көтерді. Машина қатарласа беріп, кілт тоқтады.

Мұрат кабинаның аяқ салғышына қарғып шығып, кабина ішіндегі екеуімен қол алысып, жылы амандасты. Шоферы жиырмалар шамасындағы балаң, жас жігіт екен. Кішкене көзі ойнақшып, бұған тесіле, салқын қарайды. Қасындағысы сәнді киінген, галстук такқан бидай өнді, ересектеу кісі болып шықты. Ол бұған қарай мойнын бұрып, күлімсірей назар салды.

– Қайда барасың? Дауысы жұп-жұмсақ.

– Ағай, менің өзім ешқайда... Шофер жігіт саршұнақша шақ ете қалды. Сөзін аяқтатпады.

– Енді неге тоқтаттың?

– Ағай, ауылда бір әйел босана алмай, қатты қиналып... Соған ... Шофер мұның алдын тағы орап кетті.

– Е, неменсе, мені роддомның шоферы деп пе сң?  
– Мен жағдайды айтып тұрмын ғой. Мұрат шофер жігітке снді бұрылып, барлай назар салды. Көзі тентек текенің көзіндей сжірейіп, бұған ішіп-жеп қарай қалған екен.

– Ауылда дәрігер әйел болмай...

– Е, онда менің шаруам қанша? Неменсе, мені әйел тудыратын акушерка деп тұрсын ба?!

– Жоқ, жағдайды түсінд...

– Айда, түс! Мен балтай-шалтайды білмеймін. Жол кесір болма, асығыспыз!

Галстукты кісі бұдан көзін тайдырып, мән-мағынасыз бір бейнеде күмқайрақ төселген сұр жолға қарап кетті. Езуіндегі күлкісі жел үйірген тозаңдай зым-зия жоғалған екен. Мұрат секіріп түсті.

– Еште, адамға аларып қарайды өзі! Вот, нахал! Шофер бұған жирене, оқты көзімен ата қарап, жылдамдықты қоса берген. Мұрат та қолын бір-ақ сілтеді.

– Бар, бар, асығып тұрсаң! Аузын көпірмей-ақ қойсын!

Машина орнынан жұлқына қозғалғанда, доңғалақ табанынан ұшқан майда тас ағаш қалдайға сатыр-сұтыр соғылды. Сол дыбыспен жарыса шыққан тұздығы мол бір боқтық сөз тұнық ауаны былш еткізіп бетке соқты.

– Сенің де тап әкен... Мұрат та ет қызумен бастап барып, кілт тоқтады. Дағдысында жоқ мінсі тіл ұшына үйірілген тентек сөзге тұзағын сала салды.

– Тіфу! Жерге ызалана түкіріп жіберді. Бағана түбіне қайта отырып, сылқ етіп отыра кетті де, сол бетінде қасындағы түп бидайықты жұлқи тарта, бырт еткізіп, түбімен қопара жұлып алды.

– Тіпті, әне біреуі галстук тағып... Мырс етіп күлді де: – Тура бір артистен аусайшы, – деп мысқылдай дауыстап, қолына қыса ұстаған сегіз өрім камшыдай шоқ бидайықты шалбарының балағына сарт еткізіп бір соғып, әуелете, ссрпи лақтырып жіберді.

Көз талдырып күткен қандай жаман. Әр дыбысқа бір елендеп, дінкең де құриды. Былайғы тірлікте жылдам уақыт мұндай сәтте тым созалаңданып кетеді.

Сары түсті жеңіл машина сонау сағымды белден қылт ете түскенде, Мұрат орнынан атып тұрды. Үміт ұшқыны лып етіп тұтанды да, көкіректе көңілді от маздатты. Күмән, күдіктің күңкілшіл, келеңсіз ауылы тіптен алыс, қашық өріске қоныс аударып кеткендей. Қолын батыл, сенімді көтерді.

А деп аузын ашып үлгерген жоқ, сары машина ақ шаңын аспанға үйіріп, заулатып өте шықты. Қара көзілдірікті шофферы бұған қарай көз салуға да ерінгендей. Шолақ жең жібек көйлегі желпілдеп ойнай, «Қош, бала!» – деп әжуалап кетіп бара жатқан тәрізді.

Ол қолын көтерген қалпы, бір орында қалшыып қатты да қалды.

– Ох, оңбаған! Ол ақ селдір тозаңы басыла қоймаған жолға жабыға, мұңдана қарады. Машина, машина емес, сары сайтанның елесі секілді. Жас кеудедегі лып тұтанған көңілді отты тұманды тозаңымен тұншықтыра тұмшалап кеткен тәрізденді.

Бойын келеңсіздік биледі. Назарын жол бойына салғырт аударды. Бағанағы кісі тіркеме көлеңкесінде күйбендеп әлі жүр. «Тегі дөңгелегі жарылған болар».

Тыпыршып, тынши алмай, жол жонымен әрлі-берлі жүре бастады.

Қас қылғандай, бүгін бәрінің қырсығуын. Ыза ызғарына шарпылған наразы ой бейкүнә аяққа тыншу берер емес.

– Қап, енді не істедім? Күйзеле дауыстады. Көз алдына үй көлеңкесіндегі бүрісіп отырған екеуі келді.

Ол жол үстінде аласұрып жүр. Уақыт өтіп бара жатыр. Қатпа атай көк есегімен митыңдап Қосқұдыққа жеткенше не заман! Қап!...

Оқшау ірі, бадана тастардың қайбірі бүйірден дөп тиген туфлидің тосын тепкісінен зырлай ұшып, жолдан аулаққа топылдай түсіседі. Осы бір сәтте қара түнде адасқан қамкөңіл жолаушы алдынан жарқ етіп жанған алау оттай болып, төбе бұрылысындағы айыр жолдан қызыл «Жигули» шыға беріп еді. Жол ортасында жүрген Мұрат оған қарсы қасқая қарап, тұра қалып, қол көтерді. Осы сәтте ол өзінің тап осындай тосын

қимылға неге бой ұрғанын еш ойлап үлгермеген-ді. Балапан бұлдырықтай кішкене жүрегі алабұрта ойнап, тулай соқты.

Қызыл «Жигули» шиқ еткен ащы үн шығарып, бұған тұмсық тірей тоқтады. Кабинадан толықша, кең иықты сары жігіт басын шығарды. Қатарындағысы жас қыз екен. Қысқа тұлымына желбіретсе байлаған ақ бантигы бар. Жігіт бұған қарап күле сөйледі.

– Немене, бала? Әбден машина тоқтамай, опық жеген түрің бар-ау, э, жол ортасында қасқая қарап тұрысыңа қарағанда.

– Саламатсыз ба, ағай! Бөгде жанның мұның оғаштау қылығын айып көрмей, құп көре сөйлегеніне іштей сүйсінген Мұрат бейтаныс жанмен көңілді амандасты.

– Иә, батыр, хал қалай?

– Жақсы!

– Баяғыда студент кезімізде Алматыға барар жолда тап сен сияқты жолға тұратынымыз бар еді машина тоқтамай қойса. Соны мына қызыма айтып, күліп келе жатыр едім, – деді аңқылдай сөйлеп.

– Ал, отыр. Дәу де болсаң ауданға бара жатқан шығарсың. Қайта жол серік болатын болдың. Мына қызым не әңгіме айттып жарытпайды, не әңгіме сұрап, көңіл ауламайды. Өзі әбден ішім пысты, – деп бұған көз қысып қойды. Қыз қымсына, ұяң жымыды да, бетін әрі бұрып әкетті.

Мұрат сөзді қалай бастаудың қисынын таппай біраз кідірді.

Жағдайды жұқалап жеткізген орынды. Кім біледі? Саусак көбесіне ине тығып алғандай шошытып алып жүрсең, дүниеде сол жаман. Әдемі қыздың көзінше түйеден түскендей қойып қалудың жарасымды емес екенін жүрегі тағы сезеді.

Табанында жатқан қайыр тасты туфлінің ұшымен жанышқылай берді. Қобалжулы бір сәтті бастан кешкен ол тандайы кеберсіп, тіл ұшынан үйірілген кермек дәмді айқын сезінген.

– Ағай, сіз мына біздің совхоздың орталығы арқылы жүрмес пе екенсіз? – деді ұяң үнмен.

– Жол бұрыс қой. Немене, ақшаң көп пе? Машина егесі кеңкілдей күлді. Қызыл машина да селк-селк етіп, кеңкілдеп күлген тәрізденді.

– Ой, ағай, ақша дегеніңіз сөз бе? Табылады! – деді жайдары үнмен. Бірақ жайдарылығында жасандықтың иісі аңқып тұрғанын іштей сезіп тұр. Қызға көз қиығын салып, барлай қарап еді, ол томсырая қалыпты.

– Е, енді несіне тұрсың, мінбейсің бе?

Мұрат үніне де, жүзіне де бір мағына бере:

– Ағай, сізбен бір шаруаға сәл оңаша сөйлесем, айып етпейсіз бе? – деді. Аяқ астынан сыпайы, тым ересек жандарша сөйлегеніне өзі де таңданды.

– Ойпырай, жігітім, сенің өзің осы мені жарылқайын деп тұрсың-ау деймін, – деп, екі езуі екі құлағына кеткен машина егесі есікті ашып, ентелей шыға берді.

Қыз әкесі мен бейтаныс баланың жол шетіне аулақтай шыққанын маңдайдағы айнадан бақылай бастады. Бір уақытта ол оң қолымен шығыс тұстағы төбе басына ұйлыққан аз ғана ауыл тұсты нұсқап, әлденелерді айта бастады. Балаң жігіттің әр қимылынан, бет ажарынан бөлекше мазасыздық аңғарылғандай. Бір мезетте әкесі жалаңаш табанымен жылан басып кеткендей шоршып түсті де, қолын бір-ақ сілтеп, бері қарай бұлқына жүрді.

Діттегенін ұқтыра алмай, мұның соңынан созыла ұмтылған қол әуелей қалқып тұрып қалды. Әкесінің жүзі қып-қызыл нарттай.

– Ақшаң да өзіңе, әйелің де өзіңе. Мені өйтіп жарылқамай-ақ қой. Сыртта айтылған ашу сөздің қаңтардай қатаң ызғары әкемен ілесіп, ішке түтей енді.

– Қарай көр өзін! Жаман мұрынбоқ! Қарғадай болып, мені ақымақ қылмақшы!

Есікті сарт жапты. Екпіні ерек ауа толқыны қыздың ақ бантикті тұлымын серпе лақтырды.

Әке жүзіне қарау еш мүмкін болмай қалған екен. Бетін төменшік сала берген қыз осы бір қас қағым сәтте әлдененің ағараңдай бұлың етіп, алға қарай атылғанын аңғарып еді. Басын көтеріп алды. Өзі-өзінен селк етті. Көздері от шашып, қос қолын қыран құстай кере жайып, машинаның қарсы алдынан тұра қалған жаңағы бала жігіт екен.

Тік қайырылған қайратты қара шашы тіптен ереуілдеп кетіпті. Ерекше бір ерлікке, қайтпас қайсарлыққа бой ұрғандай. Неден болса да тайынбас бір қимылға бет қойған қалып танытады. Қыз жүрегі осылай түйсінді.

– Кет деймін жолдан!

– Кетпеймін!

– Кет деймін!

– Кетпеймін!

– Әй, жексұрын, қайталап айтамын! Кәне, кет деймін шыбын жаныңның барында! Әкесі ысылдай сөйледі. Соңғы сөзінде сұмдық салмақ жатыр. Қыз денесіне жеңіл дірілдің шым-шымдап ене бастағанын сезінді.

– Кетпеймін. Сол әйелді алмай ешқайда кетпейсіз!

– Сен, не оттап тұрсың өзін? Мені осы елдің туатын қатындарының қарауылы деп тұрсың ба?

– Ешкімді ешкім қарауыл қоймайды. Бірақ сол әйелді орталыққа апарсыз. Халі өте ауыр деп айттым ғой сізге. Егер өлсе не болады?. Соны ойлаңыз.

– Өлмесе неге өмірем қатпайды!

– Онда жауап бересіз. Өзіңізді білмесем де, нөміріңізді білемін.

– Әй, сүмелек, ондай заңыңды қалтаңа салып қой! Түсіндің бе?!

Жас қыз табан асты туған шатақтың шын сырын енді ұққандай. Әке аузынан батпаңдап шыққан зілі мол зобалаң сөздерден жас жаны шын шошынып, шектен тыс тіксінген.

– Па-па-а!!! Әкесі жалт қарады. Қыз көзінде алаулаған қарсылық тұр еді. Ол тілі байланған жанша аз шаққа үнсіз қалды да, бір кезде барып, қызына жирене жекіді.

– Жөніңе отыр, кәне! Саған не жоқ?! Суық жарқ еткен оқты көзімен қызын беттен бір осып өтті. Сол бетінде сыртқа атыла шыққан.

Барған бетте баланы қапсыра құшақтай алып, жол жиегіне қарай сүре итерді. Бірақ бұлқынған бала оның ырқына еш көнер емес. Тарамыстай тыртысып, есіктің жақтауынан шеңгелдей ұстап, тастай қатып қалыпты.

Қатты долырған әкесі бір мезетте баланың бетінен жалпақ алақанымен былш еткізгенде, мұрнынан қан сүмектеп қоя берді.

– Папа, сұмдық қой мынауыңыз! Шырылдай сыртқа ұмтылған қыз бара әкесінің қолына жармасты.

– Әй, сен сайтан, кет былай! Шынтағымен қағып жіберді. Қыз сең соққан балықтай сенделектеп барып, әрең түзелді. Балғын өңі сұп-сұр болып, болған жайдың не рас, не өтірік скеніне сенбегендей бір халде есеңгіреп біраз тұрып қалды да, қыстыға жылап жіберіп, бүк түсіп отыра кетті. Әп-сәтте айнала дүниенің бәрі аламан-тасыр болып кеткендей. Әке көмейінен зеңбірек оғындай атылған зілмауыр сөздер ауаны қақыратып, онды-солды тілгілеп жүр. Бір-бірімен шарпысып, деміккен үндер тұншыға, құмыға естіледі.

Артынша дүңк еткен күнгірт үн қызды ауыр сезім күйінен айықтырып жіберген-ді. Оң қанатта, жол шетінде, бұрк етіп, шаншыла көтерілген шаң назарға шалынды. Іле-шала саңырауқұлактанып, жерге жайлап, жазыла қонып келе жатқан шаңның бозғыл шымылдығынан қозғалақтап жатқан туфлидің табаны айқындала бастады.

– Сен жексұрынға не жоқ! Төніп келген түкті қол қатты қорыққанан дір-дір етіп, булығы, әлсіз жылаған қызды қолтығынан қаңбақтай көтеріп әкетті де, сұмдық бір сойқан күшпен артқы орындыққа шиыра ұрды.

Қызыл «Жигули» орнынан орғи атылған.

Мұраттың құлағына араша тілегендей қамыға жылаған қыздың үні біраз уақытқа дейін үздіге, талып жетіп жатқандай болды.

Қол сыртымен мұрнынан жылымшылай аққан қанды сүртіп тастады да, дәрменсіз қалған халіне ызаланғандай өзі де жылауға шақ қалды. Тамағына сусып келе қалған жасты күшпен ірікті.

– Әй, балам, жай ма? Айналайын-ау, не болды? Жаңағың кім?

Алыстан абыржи айқайлаған үн жетті. Ол орнынан ауыр көтеріле берді.



Әудем жерде ұзын бойлы, қапсағай денелі біреу қалбалақтай бері жүгіріп келеді... Ағы мол толқынды шашы жүтірген екпінмен жалдана желпілдейді.

Бұрын көрмеген бейтаныс жан. Алпысты алқымдап қалған кісі секілді. Сол жақ самайы тосын жолыққан жанды кәдімгідей тандандырып, қайран қалдырғандай; күнге ерекше шағыла жарқырап, көзді арбайды. Тақана бергенде аңғарғаны – сол жалтыраған тұстың төменгі жағын ала қиғаштай, терең түскен ұзынша сай еді. Тегі жанай тиген қорғасын октың ізі болса керек...

Көз талдырып, үлкен жолға тесіле қарап отырған Досан, күн ұзаққа жол үстінде міз бақпай тұрған тіркемесі бар көгілдір трактордың қылдай қылта тұрбасынан кара түтін бұрқ ете калғанда, жүрегі әлде бір жақсылықты сезгендей болып еді. Орнынан елеурей көтеріліп, енді не қылар екен дегендей тыныс тартып, күре жол тұсқа қадала қарап қалған-ды.

Орнынан ақырын қозғалған көгілдір трактор ауылға бұрылар соқпақ тұсқа келе бергенде кең жолмен ағындап келе жатқан қалпын тежей беріп еді. Көгілдір, жұп-жұмсақ тұмсығы жарқ етіп, бері қарай жалт бұрылғанда, Досан үйге қарай қуана айқайлай жөнелді. Су бетін сабалап ұшқан қасқалдақ балапанындай кішкене қарындасы да оның соңын ала жүтірген. Сүрініп құлап та қалды, бірақ жылаған жоқ.

Қара жолдың үстінде тар орындыққа қысылса сыйып, Мұрат келе жатты. Ойқы-шойқысы көп жүдеу жол асығыс келе жатқан көк трактор кабинасындағы екеуді көтеріп-көтеріп тастайды. Ойынға орашалақ әкенің жас баланы қақпақылдап, әуелете тастап ойнаған олақ тірлігіндей.

Мұраттың есіне Елеубай оралды. Әрдайым ішіп алып, көшені басына көтере, барқырап айтар «тұрақты ариясы» құлағына қарлыға, қайта естіліп келе жатқан тәрізденді.

Жаксы қызды ала алмай,  
Жаман қызға көне алмай,  
Қор болды-ау сорлы, Елеубай!  
Бай,бай, бай-ай, Бай, бай-ай!  
Қазір қайда жүр екен,ә?

Мұрат сонау көз ұшындағы көгілдір тартып, мұнарта көрінген көркем тауларға ойлы жүзбен көз салды. Бір ауық балалық қиялға да беріліп кетеді. Қатарында отырған жаңа таныс жақсы аға көшерін жел білген, қонарын сай білген Елеубайды желкелеп-желкелеп, дедектете сүйреп, сонау беймәлім алыстан ауылға қарай алып келе жатса...

Өз ойына өзі жымнып сзу тартты.

Көше шетіне ене бергенде Орақбайдың үй жағын назарлады. Сая талға байланған масахана әлі жиылмаған екен.

Ал Қатпа қария болса әлі жолда кетіп бара жатқан-ды.

– Арам қатқыр! Ыхы-ыхы! Ауылдағы көк қауынның қабығын ойлап келе жатсың-ау, ә! – деп есегіне жеки ұрсады. – Ә, көрінде өкіргір, Елеубай, туыс болмай тұншығып өлгір, Елеубай! Топты бала-шағаны қаңғыртып қайда барып онарсың?! Ыза жасы ақ күміс сақалына аунап-аунап түсті.

Қарасиыр жыңғыл қора ішінде ыстықтан өлгелі тұрған. Қарға адым жерде тұрса да жұмсақ емшекті бір соруға құмартқан ала бұзау енесіне қарап, қайта-қайта жұлқына ұмтылады. Андасанда мөңіреп-мөңіреп қояды. Үнінде не жазығым бар еді, жазықсыз жазаландым-ау деген жеңіл мұң бар.

*1978 жыл.*

## ҚАРИЯЛАР

*Әңгіме*

Құйқалы жер Қазотыға көшіп келіп, көрші қонған қос қария Ақан мен Дүйсенбі ойда жоқта қатты ренжісіп, аяғы төбелесіп тынды.

Ақанның әйелі Төлеукүл:

– Құдайдың кең жері жетпегендей, соның алақандай жеріне шалғы салып нең бар? Өзіңе де сол керек! Ата сақалың аузына түссе де, сол баяғы қаңғалақтығыңды әлі қоймайсың. Сенің өңеш жыныңды осы күнгі ел көтере ме? – деді шалының қазақы жейдесін қаннан жуып жатып..

Дүйсенбінің әйелі Сара:

– Ә, құдай төбеснен ұрғыр, ел-жұртқа не бетіңді айтасың енді? Айналайын-ау, ең болмаса сақалын сыйласаң нетті! Немене, ырысыңды ішіп қойды ма? Аядай жерге таласып, не сұмдығың бұл? Құдай-ай, енді не бетімді айтайын елге?! Ел аман, жұрт тынышта елге күлкі болатын болдық қой. Бірің аға, бірің іні болып, қоя салсаң қайтеді-ей? Ә, бар бәле сенде ғой, сол сорлының алды дауыл, арты жаз екенін білмейсің бе? – деп демігін баса алмай отырған шалына сары биенің қымызын беріп жатты.

Екеуі де кемпірлерінің нықырта ұрыскандарына бәлендей тіс жарып үндей алмады. Болары болып, бояуы сіңіп қойған соң не десін. Күн сайын таңғы шайды бірге ішісіп, кешкі асты бірге жесіскен екі үйдің арасына енген дүрдіараздықтың сызды саламағын өздері де сезініп, бәйбішелерінің қытықтарына тие айтқан сөздерін бастарынан амалсыз-ақ асырып отыр. Жайшылықта бұлай шаптығып көрсін, екі аяқтарын бір етікке тығып жіберсін. Қазір мойындарына су құйылып, кінәлі баладай тұқшиып, іштен тынып отыр...

Сары бие бүгін әдеттен тыс ерте ағытылды. Жасыл топылы егесі қолындағы тобылғы сабаумен сары биені өші бардай сауырдан қақайта келіп бір салды. Бие шоршып кетті.

Қара шелекті қарына ілген әйелдің дауысы бұрынғыдан тым қатқылдау шығып, жасыл топылы отағасына сөйлеп жатты. Ол тіс жарып үндеген жоқ. Бұдан соң көк есегіне қонжия мінді де, сары биеңі қуалай жөнелді.

Торы бие өзінің тұсаулы серігімен біраз жерге дейін ілесіп барды да, желідегі жалғыз қалған құлынына оқыранып, қайта оралды. Желіде жер тарпып, тыпыршып, жұлқына бұлқынған құлынын жамбас тұстан шымшып алды. Жүрсейші... Құлын ыршып кетті. Құлақ, иек астын күрсаған қыл нөқта миын солқ сткізіп, желіге тұқыртты...

Таңертеңгілік бидайықты ашық алаңқайда тұрған торы бие көк есектің үстіндегі жасыл топылыны сары биеден бұрын көрді. Оның денесін қуаныш ұшқыны шарпып өтті. Көз алдына көгілдір көлдің тұнық суы елестеді. Өз қуанышын іркіп тұра алған жоқ, лекіте жеңіл оқыранып, қою бидайық ортасында бұйығып ұйықтап жатқан құлынын оятып жіберді. Сары бие де жалт қарады. Аяқтағы мына бәледен де құтылатын шақ туды-ау.

Көк есек күндегі әдетімен торы бие жаққа қарай бұрыла беріп еді, үстіндегі иесі денеге тиссе тіліп түсетін өрім-өрім бәлесімен оны мойнынан тартып жіберді.

Қызыл сапты қамшы басындағы сары жез күнге жарқ-жарқ шағылғанда, торы биенің тұла денесі дір етті... Жасыл топылы таныс кісі сары биені бұдан аулақтатып, айналма жолмен айдап әкетті.

Торы бие шоқақ-шоқақ стіп, көз ұшынан кетіп бара жатқан сары серігінің соңынан қызғанышпен қарады. Тар тұсау қиған аяқтары да тызылдап ауырып, шыбын жанын көзіне көрсетіп келеді. Шыдас бере алмай, жиі-жиі тоқтайды. Кенет жыңғыл тасасынан айыр қалпақ біреу шыға келді. Мынауың кім? Егем емес пе? Бұрын мұнда келмеуші еді ғой. Айыр қалпақ киген адам асықпай басып, тақала берді. Егесі скен. Үстіннен былғи да шығып жүретін өзіне таныс тер иісі танауын қытықтап өтті. Торы биенің құлыны да алғашта оқырыныңқырап қалып еді,

енесінің шырайына тез оралған бейбіт, мамыражай пішінді көріп, тыншу тапты.

Торы бие жаяу келе жатқан егесіне оқыранды. Қазір ол мұның жалының астын, құлағының түбін құшырын қандырып қасып, бауырын жалпақ алақанымен сипайтын болды-ау... Қандай рақат десейші!.. Ол тұсау киган жерінің ащы ауырғанын да ұмытып кеткендей болды.

Әлде неден торы бие табанына біз сұғып алғандай селк етті. Құлағына басқа кигізетін, ауызға салғанда тіл мен тісті суық дәмімен қаритын бәленің сылдырлаған дыбысы шалынды. Ол қамыс құлағын үрке шаншып, егесіне осқырына қарады. Оқшау қимылға ерік бергендей болса, жалтара қашуға оңтайлануға ойысып тұр.

– Тәк, тәк-ай, шырағым! Тәк, тәк, онысы несі! Үні бейбіт, жуас. Жат ойдан аулақ сынды...

Торы бие жонына жайдақ мінген қожасын ауылға әкеле жатты.

Сары бисенің құлыны желіге байланып қалыпты. Көл жақтағы құрақтың арасынан ерте қайтқан серігінің су шылаған сауыры жылт етіп көрініп қалды.

Екі үйдің түтіні екі жерден шығып жатыр екен.

Дүйсенбі белбеуін тарта байлап, молтақшалғысын тақымына басып алып, көк есегімен топ жыңғылға қарай тартып бара жатыр. Жан-жағына бұрылып қарайтын емес. Жүрдек кетіп бара жатқан көк есегін тобылғы таяғымен төпей ұрып қояды. Көк есекте жан қалатын емес. Қайқайып алып, тайпалай ұрып барады...

Ашуы тез, қайтымы шапшаң Ақан түні бойы төсекте дөңбекшіп шықты. Өткен күннің елесі сынды сол бір оқиға, өкінішті жай есіне еріксіз оралып, тыншытпай қойды. Ойлап қараса, екеуінікі де орынды емес сияқты. Дегенмен де, таза шындық таразысына тартса...

Ол осы тұсқа келгенде ауға шырмалған балықтай тыпыршып қалады.

Кеше Дүйсенбі таң азаннан тұрып, күнделікті әдетімен өрістегі биелерге кеткен-ді. Соның кетуін аңдығандай Ақан шабын басына ерте барып, тап бір Дүйсенбіден қызғаныш ет-

кендей, соның бастап қойған жерінің бас жағынан шалғы салып еді. Ойында бөтен ниет, бөгде ой жоқ. Ақан шалғыны салуын салса да, артынан өзінен өзі қуыстанғандай болып; «Көңіліне алып жүрер ме екен», – дегендей пікір де көңілінде жал көрсетті. Бірақ көз арбағандай болған қалың қау бидайықтың шалғы жүзінде салған сынғыр әні еріксіз билеп кете барғандай.

Әрі жыңғыл арасындағы алаңқай да шалғының қайырым-сілтеуіне еркін екен.

Кісіге тез ашыла бермейтін Дүйсенбі алғашта: «Ақа-ау, мұныңыз қалай, жер жетпегендей сонша? Мына жықпыл-жықпыл жыңғылдың арасы екеумізге емес, осынау дүйім елге жетпей ме?» - деген даусы сәл қатқылдау шықты. Өзін-өзі теже-мекке талпынса да, еркінен тыс кетті. Өзі де үйден шыққанда, Ақанның шайға, бұған карамай кетуін оң көрмей келе жатқан.

Ақан тілге шапшаң әдетімен:

– Әй, оттама! Құдайдың иен жерін қорисың ба? Әкеннен қалған жер жоқ! – деп сызды салмақпен жауап етті. Сол сәтте:

«Ойпырым-ай, тым артық кеткен жоқпын ба. Ей, осы тілі құрғырдың шапшаңдығы-ай! Өкпелеп қалды ма мына антұрған. Қой, жасы кіші ғой, көңіліне алмас», – деп қас қағым сәтте өзін-өзі жұбатып, жүзіне жылы шырай жүгірте беріп еді, Дүйсенбі шарт кетті:

– Е, сенің әкеннен қалған жер ме еді? Не деп алжып тұрсың, жолымнан кет былай! – деп тұздай өткір көк көзін Ақанның өңменіне оқтай қадады.

Ақанға Дүйсенбінің «сен» «мен» «алжып» деген сөздері батып кетті. Шарт кетті. Шалғысын атып ұрып, жыңғылдың босап жатқан бір түбін шапшаң іліп алды да, атып жіберді. Дүйсенбі шапшаң екен, зулап жеткен жыңғылды денесіне дарытпай, бұлтарып кетті. Бұлтарған бетте Ақанның өзіне қарсы ұмтылып, беттен қайқайта келіп бір қойды. Оның мұрнынан қан заулап қоя берді. Ақан ойбайын салды да қалды. Дүйсенбінің жеті ата, үрім-бұтағынан түк қоймай сыпыра боктап, ауылға тартты. Сот пен түрменің де төбесін қылтитып кетіп барады. Міне, бар болғаны осы.

Ақан сабасына түскеннен кейін өзін де, Дүйсенбіні де кінәлады.

Түрме, сот жайына қалды. Ол кішілік қылып, кешірім сұраса, Ақанның иліге салуы оңай. «Әй, әлгі ит кешірім сұрай салсын да, мен ит те болсам одан бір-екі көйлек бұрын тоздырғанмын ғой», – деп, әйелі Төлеуқұлді қайнысына елшілікке салмаққа бір оқталды. Бірақ әйелінің түнеріп жүрген қабағын көріп, тілдесуге батпады.

Ақан – адамға алауаты жоқ, ақкөңіл, аңқылдақ мінезді жан. Біреумен ренжісіп қалса, не ренжітіп алса, сонымен қашан ортақ тіл табысқанша асық болып отыратын әдеті тағы бар. Сол мінезі үшін келіндері Ақанды «Салдырлақ қайнаға» деп атайды.

Бие үстінде келе жатқан Ақан ішінен мырс етіп: «Екеуміз де сау сиырдың боғы емеспіз-ау», – деп ойлап қойды.

Желі басына жақындап қалғанда, көк есек үстінде кетіп бара жатқан Дүйсенбінің соңынан қарап қойып: «Пәдерең нәлеттің жас баладай өкпешіл, қикарын қарашы», – деп жымың қақты.

Дүйсенбі соңғы екі күн бойы қатты түнеріп, әйеліне тіс жарып үндеген жоқ. Әйелінің бір-екі рет: «Әй, жасың кіші ғой, кешірім сұрап, аяғына жығыл», – деген пейіл сөзіне пікір ашып, жауап бермеді. «Бекер-ақ қызбалыққа салындым-ау. Құдай адамға абырой бермейін дегенде, тап осылай «түрт сайтан. түрт» деп қолтығыңа дым бүркеді-ау, э. Әй, құдай-ай, осы бір ұрма мінезден ажырай алмай-ақ қойдым ғой. Бала-шағадан да ұят болды. «Жайлауға жібердік десек, жағаластыруға жіберген екенбіз ғой» деп күлетін болды», – деп қинала ойланды. Бірақ, бұлардың бағына қарай, екеуара болған жайды сырт жұрттың ешқайсысы естіген жоқ-ты. Күнге күйген қара қайыс немерелері орталықта жақсы кино бар екен деп кеткендері кеше таңертен еді. Олар әлі ауылдан оралған жоқ. «Бұл да үлкен абырой болды», – деп, іштей бір ризашылық қалыпта ой түйді.

Кей сәттерде Дүйсенбі әйелінің айтқан ақылын алғысы-ақ келіп тұрады. Бірақ көк желкеге тұяғын терең бойлатқан тоңмойын бір сезім игі ниетінің адымына тұсау сала береді...

Ақан биесіне бүгін де жаяу барды. Бұл жолы жүгенмен бірге, әйелін таңдандырғандай тосын әрекетке бет қойған жанша мылтығын да иығына іле кеткен. Үйден шығарда шошына қарап, аузын ашып қалған әйеліне қулана көз қысқан. Сонда

ғана Төлеукүл көңілі тыншу тапқандай болып, өз шаруасына беттеп еді.

Ол кешегі күні көзін қызықтырып, бойындағы құмарлық желігін дүр оятқан жынысты бетке алды...

– Төлеукүл, а, Төлеукүл!

Ошақ басында, қайнатқан қазанның көбігін алып жатқан әйелі үй көлеңкесіне төселген киіздегі көрпеше үстінде қолдан жонған қара домбырасын қоңырлатып, әлдс бір әуенді ыңылдай айтып отырған шалына анырая қарады.

– Әй, бар да ана Дүйсснбі мен Сараны шақыр! Дәм жесін! Төлеукүл ерінің сөзіне түсінбегендей, ожауын қолына ұстаған күйі тұрып қалды. Үн жоқ. Ақан көзін ежірейте, әйеліне қайта дауыстап:

– Немене, меңіреу болып қалғанбысың? Не деп тұрмын мен саған? Әйелі бстін шымшып алды.

– Үйбай, бетім-ау, екеуің қай беттеріңмен көрісесіңдер? Кеше емес пе еді, екеуіңнің қырықпышақ болып қырқысқандарың?!

Ақанның мұрты тікірейіп кетті.

– Әй, не оттап тұрсың өзін? Е, ол төбелессе, менің өзіммен төбелесті. Қазыммен төбелескен жоқ қой. Онысы несі-ай?! Бар, шапшаң!

Кемпірі қазанның қақпағын сарт жапты да, Дүйсенібінің үйіне қарай амалсыз аяндап кете барды.

Ақаң қарияның көзі көлден жаңа су ішіп, бүйір тиістіре желіге қарай қатар аяндап келе жатқан қос биеге түсті. Күлкі ұшқындатқан көзі құрақ көмкерген тып-тынық, тұп-тұнық көлді жағалап кетті. Бұйра-бұйра ақ бұлтқа бауырын аймалатқан әдемі аспан соншалықты сұлу, сүйкімді калпымен көл бетіне көшіп келіп, еркелей аунап жатыр екен.

Ақан домбырасын шертіп-шертіп жіберіп, сырлы сазды, аяулы бір әуенге басты.

Биік таулар бойшаңмын деп шіренбе,  
Күнің жетсе, сен де типыл боларсың.  
Терең теңіз тәкаппарсып түнерме,  
Суың кетсе, сен де бір шөл боларсың...

*1979 жыл.*



## ҚЫЗЫЛ ҚАСҚА

Құрман үшін бұл қызыл қасқаның орны бөлек. Осыдан бес жыл бұрын Жайнақ дүниеге келгенде, жаңа туған қызыл қасқа козыны ырым етіп, алғашқы немересіне енші етіп атап еді. Жеті кіндіктен жалғыз қалған Тұрардың тұңғышының атын өзі қойып, көл-көсір қылып той жасады. Бірақ топалаң тағдыр Құрман қарттың қызығын қос көрмепті. Жасыл өрісті жайлауға жеттім бе деп арқаны кеңге салып, мамыражай пейілге ауысқан шағында қызығының қанаты бір сәтте қырқылып түсті.

Алдыңғы жылы қоңыр күздің кешіне жеткен қаралы хабар түтіні тік шалқыған үйді күңіренге, шаңырағын шайқап кетті. Шалғай Шудан шөп тасып жүргенде тракторшы ұлы Тұрар апатқа ұшырап еді. Содан бері жыл жарым уақыт өткен. Емші уақыттың әр күні азалы жүректерді тірліктің ақ сәулелі ағысына шомылдырып, мұң жағалауынан біртіндеп ұзатып әкете барған-ды. Бар мен жоқты жағалағандай осы бір үш ерсек жан орталарындағы бал мінезді Жайнақты үміт қылып, тірек қылып, күн кешіп келе жатқан.

Әттең... Сол бір алтын сырғасы сылаң қағып, сыпайы сөйлеген шырайы ашық келіншектің келініне тым келгіштеп жиі жолығуын тым-ақ ұнатпап еді-ау Құрман қарт. Әттең, не керек?!

Кемпірі арқылы келіні Нұрилага сөз салдырғанда: «Жастығына жол кесір қылып, обалына қалар жайым жоқ. Жолы ашық. Жолдасының аруағын сыйлап, жылын күткеніне ризамын. Жалғыз Жайнақты жат қылмаймын. Анасы екеніне дауым жоқ. Көзім жұмылғанша қанаттыға қақтырмаймын, тұмсықтыға шоқтырмаймын. Шаңырағымның иесі – Жайнақ», – деп сөз салғанда, Нұрила бөтен ой, бөтен тілектен аулақ екенін айтып, қамкөңіл қартты қатты қуантқан.

Келіні Нұрила осыдан төрт-бес күн бұрын орталыққа магазинге барып келемін деп, Жайнақты ертіп кеткен. Олардың сол кеткеннен мол кеткенін кемпірі скеуі сырттан естіп, сан соқты да қалды. Келер деп күтті, келмеді. Шыдай алмаған қарт кешегі күні Нұриланьң немере ағасының үйіне барды.

Атын арық жағасындағы ағашқа байлап, көк есікті ауланың ішіне енгенде, Жайнақ тұлымшағы желбіреген жас қызбен ойнап жүр екен. Ол мұны көрген бетте: «Ата!» деп айқай салып, құлдырай жүгіріп келген бетте құшағына қойды да кетті. Құрманның көзінен қос тамшы жас ытып кетті. Жайнақтың талдырмаш, жұқа денесі қапсағай қарттың кең денесіне жұтылып, жымдасып кеткендей.

– Құлыным-ау, әжең екеумізді тастап кеткенің қалай?

– Мен емес қой. Тәтем ғой ауданға барамыз деп алып кеткен.

– Ауылға қайтайық десек, жоқ, бармайын дейді.

– Ендеше жүр, ауылға кетеміз, киімінді ал. Әжең де сені қатты сағынып жүр. Егер Жайнақ менің «аһ» дегенде аузымнан түскен балам болатын болса, келсін!» – деп қатты тапсырды.

– Тәтем ше?

– Тәтеңнің өзі артыңнан келе жатар.

– Анау Сәуленің мамасы ұрсады ғой.

– Неге ұрсады?

– Ол ылғи да тәтеме ұрса береді. Маған да ұрсады. Әкен жоқ, ол өліп қалған деп жаман сөз айтты.

– Қой, ол өтірік айтады. Ондай жаман сөзге сенбе, құлыным. Ол өлген жоқ, ол сонау алысқа кеткен. Асықпасаң, әлі-ақ келеді, – деп Жайнақты бауырына қыса түсіп, көмекейіне кептеліп келген жасты зорға ірікті.

– Расымен келе ме, ата. Маған өзі жүретін машина әкеп бере ме?

– Әкеледі, қалқам, сөз жоқ, әкеледі. Әлі-ақ әжеңді, мені мінгестіріп алып, үлкейгенде Алматыға да, Мәскеуге де барасың.

– Ой, қандай жақсы болды, онда, алақай, – деп Жайнақ атасының мойнына жабыса түсті. Сәлден кейін Жайнақ біртүрлі салмақпен:

– Ата, қызыл қасқа ауылда ма? – деді.

– Ауылда, құлыным, ауылда. Өзі сен кеткелі мүлде жүдеп те кетті. Кеше әжең берген нанды жемей қоймасы бар ма? Жайнақ қайда өзі, тіпті жаман бала екен, мені ұмытып кетті деп, қатты өкпелеп жүр, – деп қарт жымың етіп, Жайнаққа сынай қарады.

– Иә, өтірік, қой сөйлемейді ғой.

– Е, нанбасаң әжеңнен сұра. Екеуі сықылықтай күлісті. Жайнақ сәл ойланып қалды да, біртүрлі салмақпен:

– Ата десе, анау сарайдағы пішенай нанды да ауылға ала кетейікші. Қызыл қасқаға сақтап жүрмін, – деп, сарайға қарай жүгіріп кетті. Сол кезде көк есік сықыр етіп, шалқасынан ашылды. Артына бұрылып жалт қараған Құрман қарт ішке кіре беріп, сыртқа қарайұй айнала зып берген әлдскімді көз құйрығымен шалып қалды. Көзіне таныс көк көйлектің етегі елбең етіп, ар жаққа зым-зия сіңіп кетті. Қолындағы торын сықай толтырған сырғалы таныс келіншек босаға аузында аз аңтарылып тұрып қалды да, бұған қарай ақырын аяндады. Ажары тұманды күндей тұнжырап сала берді. Өлгінде ғана жүзінде асып-тасып келе жатқан күлкісінің шуағы тұңғиыққа батқандай, шым-шым семіп бара жатты. Жайнақ анадай жерде состиып тұрып қалды. Қолындағы ақ түйіншегі жерге сусып түсіп кеткен екен.

– Иә, келіңіз, жай жүрсіз бе? Дауысы біртүрлі шыңылтыр. сыпайы айтса да суық темірмен жоныңды қарығандай.

Құрман қарт қайнап кетті. Бойы дірілдеп, өзіне-өзі әрең келіп, орнынан ауыр көтеріле берді. «Жай жүрсіз бе деуін. Түк сезбегенсуін».

– Еріккен адам жай жүре ме, қарағым! Қанша жұмсақ айтқысы келсе де, үні сызды шықты. – Ұйыған ұямды бұзғандай не кінәм бар еді, шырағым? Келінім мен баламды үйге қайыр. Қарт кесіп айтты. Әйел сазарып тұрып қалды да, кенет түтіге сөйлеп, аула ішін шаң-шұңға толтырып жіберді.

– Қария, ешқайсысы да бармайды. Жайнақ та бара алмайды. Баласын шешесінен айыратын ешқандай заң жоқ. Он үш жасқа дейінгі баланың ықтияр-еркі шешесінде екенін біліп қойыңыз. Жайнақта шаруаңыз болмасын.

Қарт қатты түңіліп кетті. Қадір тұтқан Нұриласының бір бүйіріне бықсық ойдың бұйыққанын айтпай ұқты. Адал бол-

са, алдына келіп, шынын айтпас па еді. Тапа-тал түсте көзін бақырайтып қойып тұрып, жаудан қашқандай болғаны сұмдық екен деп, қатты қамыққан қарт атына қарғып мінді де, көше бойлап шаба жөнелді. Шырынның қолынан жұлқынып шығып, есіктен жүгіріп шығып, жан ұшыра айқайлаған Жайнақтың:

– Ата, ататай, тоқташы! – деген даусын естіген де жоқ...

Ауылдық кеңестің ағасы Құрман қартты үнсіз тындап болды. Жіпсік көзін кеңсе бұрышына қадаған күйі жұмырша быртық саусақтарын айнадай шағылысқан қоңыр стол үстіне секірте ойнатып, ойланып қалды. Аздан соң даусын сәл кенеп алып:

– Құреке, қанша тентек болса да, сол әйелдің сөзінің жаны бар. Келініңіз ықыласты болмаса, мұның өзі шынында да қиын соғатын іс. Сотқа барсаңыз да, соны сөзі заң. Өзіңіз айтыңызшы, заңға қарсы келе аласыз ба?

– Әй, Сәрсенбек, мен сенен заң сұрайын деп келді деп пе ең. Мен елдік жаса деп келіп отырған жоқпын ба? Анау Нұриланың әкесімен бірге жүріп, бірге тұрып жүрген жансың. Бір-біріңе сөздерің өтеді емес пе. Жайнағымды қайтарсын. Тілегім сол. Нұриланың жастығына жол кесір қылар жайым жоқ. Жатқа кеткендей болса да, бір-бірінен суытайын деген ниет менде тағы жоқ. Келіп тұрсын, барып тұрсын, бөгеуім жоқ. Соған азаматтық жаса.

– Әй, қиын-ау, қиын ғой, Құреке. Мұндай іске жолдастықты салу да қателік қой. Тура қараудан тайсақтайтындай жанарын төменшіктетіп, тұнжырап отырып қалды.

Құрман қамшысын бүктеп алды да, мауыты креслодан ықшам көтеріліп, есікке қарай бет алды. Тұтқаға қолы тие бергенде Сәрсенбектің:

– Құреке, – деген үні кілт тоқтағты. Күңгірт тартқан көкіректі үміт сәулесі ақ ұлпасымен сеуіп өткендей болды. Сәрсенбек қақырынып алды да, мұрнының астынан міңгірлеп:

– Құреке... мынау еті құрғыр да қысып барады. Тағы да токсандық жоспарды орындамадың деп... Соған ертең машина барғандай болса, түсінессіз ғой, – деп сөзінің аяғын жұтып қойды. Қайырыла қараған қарт әлде не айтқысы келіп аңтарыла тұрды да, есікті тарс жауып, сыртқа шықты.

... Мазан, шымшыма ойдың шырмауында келе жатқан қарт бір мезгілде үй жаққа көз салып еді, киіз үйдің ашық есігінен сыртқа шығып келе жатқан қызыл қасқа қойды көрді. Аузы басы айранға малғандай аппак.

– Қап, мына нәлет сойқанды әбден салып шыққан екен-ау, ә. Сорлы-ай, қабының аузын да жауып кетпепті ғой, – деп Ақтамдағы магазинге кеткен кемпіріне жатып кейіді. Қарт алдында жатқан жыңғыл таяқты ала салып, қызыл қасқа қойға тұра ұмтылды. Адамға үйірсек, қолбала қой қарттың айбарынан ыққан жоқ. Бейбіт, бейғам пішінде қартқа қайырыла бір қарап алды да, құдыққа қарай беттеді.

Ол жыңғыл таяқты сілтеп қалды. Бірақ жаңылыс кетті. Іргеде сүйеулі тұрған шылапшынға тиіп, шағыла ұшты.

– Ішің кепкір, жарылып қана өлмейсің-ау, – деп даңғыр еткен дыбыстан үркіп қашқан қызыл қасқаның соңынан түйіле қарады.

Үйдің ішіне кірді. О, сұмдық! Айра-жайра. Қазандағы сүтті ақтарып, ыдыс-аяқтарды жау тигендей қылып кетіпті. Қаптағы ұнға бүйірін сүйей құлаған қазан түбіндегі қалдық сүт ұнға шыланып, қоймалжың сары тартыпты. Айналаның бәрі ақ айран. Аласа жәшік үстінде тұрған ақ самаурын жерге тұмсығымен шаншыла құлаған екен. Аударып көріп еді, ішіне қарай қабыса майысыпты.

– Алда, пәдеріңе нәлет-ай, құртқан екенсің-ау. Сылқ етіп отыра кетті. Тұрары үйленгенде топ жолдасы құтты болсынға әкелген қымбатты сыйы еді бұл. «Қазаныңның астынан от кетпесін, самаурыныңнан шоқ кетпесін», – деп күлдіре сөйлеген сол тілеуқор жігіттің сөзі мұның жадында жатталып қалыпты. Тұл қалған тілектің тілсіз куәсіндей тұрған самауырға Құрман қарт тұнжырай қарады. Көңіл жиегін қорғасындай ауыр бұл торап бара жатқандай.

Құрман қарт үйден шыға бергенде, дүр еткен машина үні естілді. Ошақ басынан әрірек тұсқа тоқтаған Сәрсенбек мініп жүрген сұр машина екен. Ол үйге қарай келе жатқан бұйра шаш, сары жігіттің елден салық жинайтын Жаңабек екенін таныды. Қарттың түнеріңкі қабағына қарап, жасқана амандасқан жас

жігіт былғары папкасын қысқан күйі состиып тұрып қалды. Қабақ астынан қарияға көз салып, үшкір туфлиінің ұшымен жер шұқи берді.

– Етке кеп пе сдіңдер? Қарт Жаңабекке қадала қарады.

Ол үнсіз бас изеді.

– Ендеше, анау қызыл қасқаны ұстандар.

– Анау астаудың жанында тұрғанды айтасыз ба?

– Иә.

Жаңабек те жіпсіз байланып тұр екен, шофер жігітке кулана қол бұлғап, қойға қарай жүгіре жөнелді.

Құрман қызыл қасқаны көтеріп, машинаға салып жатқан екеуіне қарамай теріс айналып кетті.

– Әй, мынауың ұн жегеннен сау ма?

– Ха-ха. Қартың қу деп баған айтпап па едім. Салмағы артысын деп жасаған айласы емес пе.

Құрман қарт олардың не десіп жатқанымен ісі болған жоқ, тек құлағына Жаңабектің қарлығыңқы, таныс күлкісі келіп жатты. Ол қызыл қасқа қойды анау қолсозым жердегі Төбекөндегі артезиан құдық басындағы Далаауыз Әбділданың алдына барып түсетінін білді. Шамалы уақыт шабындыққа бағылып, кезегі келгенде тіркемесі ұзын көк қасқа машинамен Қаратау қаласына қарай жол тартатынын ойлады. «Болсын солай! Бәрі бітсін осымен! Көзге күйік қылып қайтпекпін? Кенеуі кеткен кемедей тірлігіме өкпелемесем, кімге өкпелеймін!?»

Қарттың кәрі көкірегін кермек ой осылай осып өтті...

Күн ұясына батуға тақалып қалған шақ еді. Ол екі биесін ағытып болған соң, есік алдындағы аз ғана тұяғының шетін қайырмалап, таяғына сүйеніп тұр еді. Кешкі ауаны кеуде кере жұтқан Құрман қарт заңғар көкке көз салды.

Сонау көз ұшында дала қыраны қалықтай ұшып жүр екен. Батар күннің қызыл нұрына малынған қанатын бейғам қағып, еркін жүр. Жердегі есті жанның мұңынан аулақ, тіптен жырақ жүргеніне масаттанғандай. Қария жеңіл күрсінді.

Кенет кешкі ауаның тынышын бұза маңыраған қойдың үні Құрман қартты жалт қаратты. Біртүрлі таныс, туыс дауыстай, жүрегі лүпи ойнай соғып кетті. Апыр-ау, қай тұстан шықты?

Қалың алаботаның арасынан кешкі алаумен шағылып жалт ете қалған қойдың қасқасы көріне берді. Жабырқау, сағынышы аралас үні құлағына қайта жеткенде, тал бойы егіліп, іші-бауыры еріп кетті.

– Беу, жануар-ай, естісін қара. Жат өрістен жылы ұяңды іздеп қайтып келдің-ау, – деді дірілді үнмен. Қос түйір тамшы жас салалы сақалына суси тамып түсті. Неге екені белгісіз, өлгені тіріліп, өшкені жанғандай бір қуаныш қарттың тамыр-тамырын қуалай ойнап кетті.

– Ей, жаратқан, жақсы ырым болғай, жақсы ырым болғай, – деп күбірлей берді.

*1979 жыл.*

## ТОЙ

(Әңгіме)

Елберген қария мұндай салтанатты, мұндай асып-тасқан дастарқанды өңі түгілі, түсінде көрген емес. Қасында отырған өкшелес інілерінің бірі Жақыпқа:

– Әлгі жұмағындағы жаюлы дастарқаның осы емес пе! – деп мақтанын жасыра алмай отыр. Әр тұстан самаладай жарқыраған шамдар жарығы той дастарқанының салтанатын мүлдем асырып жібергендей.

– Ертедегі хан сарайы да мұндай болмаған шығар, – деп есіктен төрге, төрден шығар ауызға дейін айнала кілsem тұтылған қабырғаларға тамсана қарады.

– Е, бұған да шүкір, кешегі отыз үш пен қырық бірде жер жастанып қалсақ не болар еді? – деген аға сөзін Жақып бас ізей тындап қойып, сабырлы отыр.

– Әй, Жақып, ана бір аппақ-аппақ, ұзын жарық бетіндегі жазуларың не? – деді Елберген сұқ саусағымен люменді шырақтарды нұсқап.

– Е, ол әлгі «Құда – мың жылдық, күйеу – жүз жылдық» сықылды тілек сөздер ғой.

– Ойпырой, келтірген-ақ екен! Шіркін-ай, мына жастарда да арман бар ма екен. Тіпті ана шаңырақ, кереге, уықтарын қалай-қалай келтірген, ә! Өзі бүгінгі балалардың барлығы да ұста ма деп қалдым, – деп, Елберген қария ішкі сүйсінісін жасыра алмады.

– Ә, бұларың той дегенде алдына жан салмайды ғой, – деді Жақып сәл салқындау үнмен. Елберген Жақыпқа зерлей қарады. Ұнатқаны ма, ұнатпағаны ма? Көлеңкелі күдіктің көбелек қанаты көкейін желпіп өтті. «Әй, бауырым-ай, іштарлық қып



отырсың-ау. Ағайын бар болсаң көрс алмайды, жоқ болсаң ...» Әрі қарай ойламауға тырысты. Сыр ұшығын сыртқа шығармай, ішке бүкті. Жүзін билеп, сол жымыған қалпынан жаңылған жоқ. Баласының бәлсен жылдан бері осы ауылдағы жілігі майлы қызмет тұтқасын ұстап келе жатқаны жөніндегі көп әңгіме мұның құлағында.

Той мәзірін көріп шыққан баласы үстел басында отырған әкесіне:

– Қалай, көке, қазір сөйлеуге дайын отырсыз ба? – деп, салмағы жоқ сұрақ қойып, қасынан өте шықты. Екі сзуі екі құлағында. Жылтыраған толық бетінде барлық жайға қанағат, тоғайған ниет байқалады.

Осы кезде ішке осы өңірдің аты мәлім асабасы Рәтбек енді. Ол ашамай аяққа тік шаншылған темір басына қондырылған жас баланың жұдырығындай жұмсақ микрофонды қолға алып, жаңа келген құдалардан бастап, барлығын той дастарқанына шақыра басталды.

Кілем сарайға қалың нөпір қат-қабағат өтіп жатыр, өтіп жатыр. Ылғи бір маңғаздар, ылғи бір сырбаздар, ылғи бір сұлулар. Ылғи бір бибілер. Киімдері қандай, малынып, төгіліп, үлде мен бүлдеге оранғандар. Елбергеннің құдалар тобына көңілі әбден толды. Келін текті жерден болды. Сол сәтінде санасында қысқа қайырым ой ұшығы қылаң етті. Иә, иә, құдайдың мұнысына да шүкір. Тұрарым жаман емес. Алты – жеті баланың әкесі болды. Ақан, Біржан, Нұржан... Тіфа, тіфа. Баланы санама деуші еді! Ел ішке өтіп жатыр, өтіп жатыр. Жекжаттар, жұрағаттар. ағайындар, ауыл басшылары. Ауылдың болысы Болатбек пен совхоздың жаңадан келген басшы жігіті қарияға бұрылып келіп, сәлем беріп, құтты болсын айтты. Елберген елпелектеп, екеуіне ерекше ілтипат білдірді.

– Айналайындар, көп рақмет! Қадамдарыңа нұр жаусын! Бұл менің ғана қуанышым емес, сендердікі де! – деді. Олар Жақып пен Қозыбайға да құтты болсын айтысты.

Елберген марқайып қалды. Көз қиығын Жакыпқа салды. Көз қарасында біздің Тұраржанның беделі ешкімнен кем емес екенін аңғарған шығарсын, ә дегендей сыңай сыр беріп тұр.

Жакып сабырлы, салқын қалпынан мызғыған жоқ. Қалыңдық төрге озды. Жастар өздеріне арналған үстелге барып, шапыр-шұпыр орналаса бастады. «Қайран жастық-ай, құр асауы басылмай, асып-тасып жүрсің-ау», – деп іштей ой түйді де, төрге көз тікті. Ақан мүлдем сұлуланып кеткен. Аппак көйлек, қап-қара костюм, жағасындағы ана бір ақ үлбірек гүл тіпті сәндендіріп жібереді екен. Ал Жібегі ше? Тап бір ертедегідей хор қызынан бір кем емес. Анау сәукелесін айт. Ақ желсігі қандай! Қарияның ет жүрегі елжірей, тағы да; «А, құдай, мұны көрсеткеніңе де шүкіршілік», – деп тәубасын күбірлей қайталап; «Тіфа, тіфа, тіл-көздің сұғынан сақта. дұшпанның оғынан сақта», – деп іштей мінәжат қылды.

Рәтбек көсіліп алып, сөйлеп кеп берді дейсің бір. Ағыл да тегіл тілек сөздер тау суындай ағытылды. Тек тыңдай бергін келеді. Айтып-айтып келді де:

– Төрде отырған қос аккумулятты қосылған тойының беташарын ашу құрметі той иесі, сонау жер шалғайы Жыңғылдыдан ат арытып, тон тоздырып келіп отырған қадірменді ақсақалымыз Елберген атаға сөз береміз!

Елбергеннің екі беті ду ете түсті. Жүрегі лүпи соғып, аузына тығылды. Тізесінде жеңіл діріл пайда болды. Қолына микрофон тигенде, тізеден жеткен діріл қолға, қолдан сөйлеген сөзіне ауысты... Сөз аяқтала бере Рәтбек:

– Ал, кәнеки, тойға келген барша қауым, ақсақалымыз, ардағымыз Елберген қарияның сөзін қолдап, алдарыңыздағы ақ жаулықты шампандарды алып, алтын шапан киген коньяктардың аузын ашып, ақандарды іске қосуларыңызға асаба атынан бұйрық стемін! – деп пәрмен берді. Сол-ақ екен, осынау қалың топтың үстімен гуілдеген, бөлек үнді, көңілді толқын жүгіріп өтті. Әрбір тұстан ақ тығындар тарсылдап, әуелей атылып жатты. Масатты күлкі мен насатты жүздер той дастарқанының сәні мен әрін кіргізді. Бұларға таман отырған толықшалау, еңселі жігіт зор дауысымен гүж етіп, қарсы беттегі көршісіне қол созды.

– Әй, Әмитжан, мынау орыстың ақ арағын жақсы көруші ең ғой, мынаны сен ал да... маған өзіміздің қазағымыздың жіптіктей мінезді «Жібек жолын» әкел!

– «Жібек жолы» несі?

– Елеке-ау, не болушы еді, сыртын сырлы қағазбен сұдулаған кәдімгі арак қой. Қай оңған зат дейсіз, – деп салғырттау жауап берді Жақып.

– Қайдан білейін, аты жақсы екен де.

– Бұл күнде аты жақсының бәрінің заты жақсы болып тұрған жоқ қой.

Елберген үнсіз бас изеді. Шамалы уақыттан соң-ақ әлгі «Жібек жолын» ішкен жігіт лепіріп сөйлеп, өзеуіркендей бастады. Анда-санда орнынан түрегеп кетіп:

– Домбыра қайда, той бастаймын, – деп қояды.

Қасындағылары оны етектен тартқылап, тәк-тәктап отыр.

Елбергеннің назары бір жігітке ауды. Қолдары ербең-ербең етеді.

– Ана біреуің кім ереуілдеп тұрған? – деді. Өзі қап-қара көзілдірік киіп алыпты ғой!

– Көбейдің көк жындысы ғой. Анау жылы Жабалтайдың көзін шығарып, төрт жылға сотталып кетіп еді ғой. Жүрісі осы. Түрмеге барып, түзелгені шамалы, бар асылы араққа шыққан. – деп қойды.

– Сонда осы тойға шақырылған ба?

– Ойбой, Елаға-ау, бүгінгі жасың бұғалық үзген емес пе! Шақыр-шақырма, бәрібір, келе беретін кесел шыққан жоқ па?! Басып кіреді, олар. Осы отырғанның тең жарымы солар.

– Не дейді жаным-ау! Бәсе-ау, мына бір шеттегілер ылғи бір жасөрімдер ғой. Әлден-ақ мас бола бастады.

– Пай, Елаға-ай, жасөрімдер деп марапат айтасыз. Қайдағы жасөрім, нағыз шибөрілердің өзі. Бүгінгі жастан жаның шошиды. Шетінен шешесінен туа – арақпен ауызданған ғой бәлелер.

Елберген басын ауыр изеп, мұңданып қалды. Ақандар отырған жаққа еріксіз көз салды. Екі сзуі құлағына жеткен Ақан жолдасымен соғыстырып, ішкелі жатыр екен. Ол өз-өзінен қыбыжықтап, қабаржып қалды да, жеңіл қақырынып қойып, алдындағы суыған шайдан ұрттады. Құдалар жақта жүрген ұлы мен келініне көзі түсті. Қолдарында стакандары

бар. Жағалай соғыстырып, жағалай ұрыстырып келеді. Сырт көзге салиқалы, сабырлы, мол денелі біреудің алдына скеуі біраз кідірді. Әлденені қызу талқыласып жатқан сынды. Бір кезде әлгі кісі келіні Зәуренің қолындағы стаканды алып қойып, басқа стаканға алдындағы зерлі, өрнекті шыныдан, қызыл күрең түстісінен мөлтілдесте құйды. Өзіне ақтан толтырды. Орнынан түрегеп тұрып, Тұрармен, келінімен соғыстырып, тартып жіберді. Тұрар да сөйтті. Аздап кідірістеп, аздап кешеуілдеген келіні де ақырындап аяғына дейін жұтты. Нән денелі әлгі қуана дауыстап, алақан соғып, қошемет көрсетті де:

– Жарайсың, құдағи, жарайсың! Құдағи болсаң, осындай бол! – деп, мол денесімен барынша еңкейіп, үстел үстінен аса Зәурені қапсыра құшақтап, құшырлана сүйді. Елберген қыбыжықтап, орындығын сықырлатып қозғалақтай берді. Еріксіз Жақыпқа бұрылды. Оның реңін көңілсіздік көлеңкесі торлап алған екен. Тұрарда ес жоқ, күлкіге жүзіп жүр, әйелінің толықша бетінде шалқыма күлкінің жарұрма толқыны ойнайды. Атасына ақсия күліп қарап, есікке беттеп барады.

Рэтбек бір кезде жария үнмен:

– Ал, көпшілік, атамыз қазақ дәстүріне сай тойбастарымыз бар. Бірінші орынға қалы кілем жапқан түйе, екіншісіне құлынды бие, үшіншіге тұяғы күміс, жалы алтын тай береміз, – деп хабарлады да, қарқылдап тұрып күлді.

– Тіл буынсыз деген рас-ау, ә! Қалай-қалай бөсседі-ей, мына Рэтбек, – деп еріксіз езу тартқан Елберген бойын алған көңілсіз күйден жеңілгендей болды. Жақып бірі тұрып, бірі отырып, сапырылысып жүрген жұртқа шұқшия қарап отыр екен. Елберген еріксіз назар аударды. Ауызға таман отырған алабажақ киімді, шашы дода бір қыз басына күнкағар киген жігітті құшақтап, бояулы бетін қасындағы жігіттің құлақ түбіне қайта-қайта төсейді. Ара-тұра есік жақтағыларға ойсыз көзбен, меңірейе қарап қояды. Бет-ауызы әлеміш бояу, жанды қуыршақ секілді. Көз айналасы көкпенбек. Әлдекім қолмен ұрып, көгертіп қойған секілді. Көп алдына топ-топ болып шығып жатқандардың бір сарынды, бір мазмұнды сөздеріне құлақ түрместен Елберген әлгілерден көз алмай, біраз қарады. Кенет солардың қатарында бір жас жігіт ағып тұрып:

– Бұл не митинг? Неменге сөйлей бересіңдер? Жолдас, тамада, кімге керек көп сөз? Давай, билейік! Оркестр, би! – деп үстелден атып шығып, алға ұмтылды. Рэтбек әлгінің жолын кес-кестей берді.

– Әй, жүгірмек, бидің қашан болатынан біз айтамыз. Отыр орнына, отыр деймін! Әлгі жігіт бұрынғыдан әрмен өзеуреп, орысшалап бір боқтық сөз айтып жіберіп, қолын сермей:

– Зачем нам мылжың той! Давай, би керек, оркестр, би! – деп ортаға сөйлеуге шыққан шағын топты жарып өтіп:

– Хватить митинговать! – деп Рэтбекті сырып тастап, оркестр жігіттеріне жетті. Сұқ саусағын безеп:

– Әй, музыканты, а ну-ка, би ойнандар. Ақша алдың бір, так что, таң атқанша би! – деп әмір бере сөйледі. Рэтбек жастар отырған тұсқа бұрылып;

– Әй, мына бір бәлелерінді тез алып кетіңдер, әйтпесе милиция шақыртамын! – деп барынша айқайлады. Екі-үш жігіт әлтек-тәлтек басқан әлгіні жұлқылай сүйреп, орнына қарай әкетті. Ол әлдене деп айқайлап, бұлқынып бара жатыр. Құдалар жағынан бірі көтеріліп, Рэтбекке дауыстап:

– Жолдас асаба! Домбыра жеткізіңіз! Осындағы келіншектер той бастаймыз деп отыр, – деді.

– Әп, бэр-рре-кел-де!! Міне, тойдың сәні енді келді!! – деді де, микрофонды қыса ұстаған күйі он қолын көкке сермеді.

– Домбыр-ра-аа! – деп тіл қатты. Той басталғалы данғырлақ көп аспаптың тасасында жүдеу өңді жетім балаша бұрышқа тығылып, бұйығы тұрған домбыра Рэтбектің қолына тиді. Рэтбек қоңыр домбыраның алқымынан қыса ұстап, әуелі ұшқан аққу құстай қалықтатып, құдаларға ала жөнелді.

Елберген қатты қуанды. Ырым көрді. Мынау баяғы өз домбырасы. Немересі Біржанға біржола берген. Оның алғырлығына, құймақұлақтығына тәнті болған. Өзі үйреткен күйлерді қаршығадай қағып алғанына әбден сүйсінген-ді.

Елбергеннің бар ынта-шынты құдалар жаққа ауды. Артында тұрған қара жәшіктен тың-тың етіп, құлақ күйі келтіріліп жатқан домбыраның үні естіле бастады, Еміне тыңдады. Осы сәтте жастар үстелінің орта тұсынан Көбейдің баласы айқайлай

атып тұрды. Қолында қылқындырып ұстаған арақтың бос бөтелкесін оңды-солды сермеп қойып:

– Тұрар аға, тұнғышыңыздан аянатын неңіз бар? Неге әкелмейсіз әлде аяйсыз ба? Әлде бізді олқысынып отырсыз ба? Үстеліміздің үсті қаңырап, бос қалды, – деп елеурей сөйледі. Домбыраның үні кілт тоқтап қалды.

– Әй, інішек, інішек, отыр, отыр. Ұят болады – деп, Тұрар оған қарай қолын созып, басалқы қимылдар жасап бара жатты.

– Жоқ, отырмаймын, арақ әкелсін! Біз, неменс, токалдан туып па едік?!

Тұрар шарт кетті.

– Е, отырмасаң шығып кет! Сені осында шақырған кім бар? Берілетін арақ жоқ! Айда, басты ауыртпа! – деді.

– Ә, солай де? Тұрындар онда! Кеттік!

Аса зілмен, зәрмен айтты. Орындықтан қарғып тұрды да, кеудесін тік ұстап, есікке қарай жұлқына беттеді. Қолындағы бос бөтелкені үнсіз тұрып қалған Рәтбектің қолына ұстата салды.

– Мә, сайрауығым! Мынаны ана сүмелегіңе бер. Зәрін құйып ішсін!

Сыздана, ысқырынып айтты. Рәтбек ләм-мим деп тіл қатқан жоқ. Елбергеннің бойын ыза кернеді. Орнынан атып тұрып, әлгі Көбейдің көк жындысын жүгіріп барып, көк желкеден бүре кеткісі келді. Жақыптың түрі өрт сөндіргендей болып отыр. Қасында отырған Қозыбай қыбыжықтап:

– Қап, мына иттің баласын-ай, ә! Бұл ма бұл, кісәпір, кісәпір! Бетін тілсең, қан шықпайды! Нағыз қанішердің өзі! – дей берді.

Елберген өзіне-өзі келе алмай:

– Ай, осы топтан жаңағы иттің баласын жоса-жоса қылатын бір еркектің табылмағаны ма, ей, – деп күйіне сөйледі.

– Ойбай, Елаға-ау, бұл күнде кім басына бәле тілеп алады дейсіз. Жаңағы нәлет осы ауылдың балаларын наша шектіріп, үйретіп жүр деген де сыбыс бар. Оның түрі жаман кәпір, – деп, Қозыбай қозғалақтап кетті.

Елберген ернін тістеді. Арсаланған арық саусақтарының тырнағы алақанынан кіріп кетті. Көз алдына үйінің төрінде ілулі тұрған он екі өрім бұзаутіс қамшысы келді. «Ой, шіркін-ай! Осы бір құлындағы даусын құраққа шығартып, жосытар ма еді! Қайран жастық шақ! Осындай адырандардың талайын тәубесіне келтіргені есіне оралды. Шерлене күрсінді. Ол той төрінде отырғандарға салқын қабақпен көз тастады. Ақан орнынан түрегеп кетіп, әкесіне әлденені қызу дәлелдеп, қызу түсіндіріп жатыр. Өнінде өкпе бардай. «Ана, антұрғанға сонша не болған?» Осы мезетте келіні Зәуре Рәтбектің құлағына бір нәрсені асығыс сыбырлады. Рәтбек өніне күлкі жүгірді.

– Құрметті жолдастар! Ол барынша салтанатты үнмен дауыстады. Қазір тойдың ең салтанатты сәті болмақ. Төрде отырған қос аққуға неке сақинасы тапсырылады. Сақина салу мәртебесіне Түрсең мен Зәуре жеңгеміздің қос қарлығашы, ұшар қанаты Айсұлу мен Күнсұлу ие болады! Ду қол шапалақтап қарсы алыңыздар! Оркестр!!..

Айсұлу мен Күнсұлу төрге қарай жеңіл басып, қалықтап бара жатты. Жүздері бал-бұл жанады. Қолдарындағы кішкентай кобдишаларға жымың-жымың қарасады. Қалың көпшіліктің көтеріңкі көңілі, бір-біріне ұласқан қол шапалақ, жастар тұстан қиқулай ысқырған көңілді үндер, құлпырған әуен – бәрі-бәрі ұласып Елберген жүрегіндегі түйілген түйіткілді ыдыратып жіберді. Айсұлуы мен Күнсұлуының ағасы мен жеңгесін бауырларына тартып сүйгені жүрегіне нұр құйғандай болды...

Әлден соң Жақып скеуі сыртқа беттесді. Қазан-ошақ басы қарбалас екен. Үлкен дәмге дайындық жасап жатқан сынайда. Кең аула ішін бала-шаға, бау-шармақ жаулап алғандай. Көбі есік аузына қарай ентелеседі. Мүлдем бір жас балалар би әуеніне елігіп, өздерінше топ құрып, құнжың қағып, құлдырындап билеп жатыр. Анадай жердегі сәкіде әлдекім шалкасынан түсіп, қорылдап ұйықтап жатыр. «Ә, антұрған, мұнда құлаған екенсің ғой». Көршісі Қаржас екен. Екеуі қаптаған машиналардың арасымен шығып, шарбақты бойлап, оңашалау аулаққа беттеді.

– Ойпырай, Жақып-ай, мен шошиын дедім. Не сұмдық мынау! Мына жастарда, мына еліңе не болған? Ана ата сақалы аузына түскен Қаржасқа не жоқ?!

– Елексе, сіз шошысаңыз, мен түңілгем. Біздің қазскендікі – жыртақы даракылық. Біздің түбімізге... – дей беріп еді, бұлар тақанған дәу тал түбінен дүркірей үркіп, бір топ бала қаша жөнелді. Сыңғыр етіп соғылған шынылардың үні құлаққа шалынды.

– Ә, жетпегірлер-ай, желкең қиылғырлар-ай! Ылғи қыршын түйнектер ғой бұлар. Той болды, бітті, жасайтындары – ұрлық. Сол үйдің өз қатарлы балаларынан қорқытып ала ма, сұрап ала ма, сыра алдырып, арақ алдырып ішу-бұл қуларға қанға сінді ауру болған.

– Не дейсің, Жақып-ау!?

– Сүйдеймін! Бұл – сұмдық, сұмдық! Жаппай ішіс қазір. Бала да, шаға да, қатын да, қалаш та ішетін ауру ауылға келді. Қымбатшылық болған сайын құтырып барады. Жаның шошиды, Елексе. Сылтауы да көп, себебі де көп бұл жұрттың ішуге келгенде. Мен мүлдем түңілдім. Анада Байысбай қайтыс болғанда, бұ ауылда болмаған сұмдық болды.

– Е, не болды сонда?

– Не болды дерің бар ма? Жаның түршігеді. Әлгі бас зоотехник баласы бүкіл совхоз басшыларын, ауданнан-аужаннан келгенін – барлығын залына кіргізіп, араққа бөктірмесе бар ма. Сорақысы сол, сол дастарқанға маған құран оқып беріңіз деп шақыртқанын қайтерсіз! Сұмдық, ішке кірсем, түгел қызара бөрткен. Барлығы әлем сасиды.

– Не дейсің, жаным-ау?! Сұмдық қой мынауың! Ертең біз өлгенде де өсітпек пе? Елбергеннің көзі атыздай болды.

Кенет той болып жатқан жақтан ащы айқай естілді. Оркестр үні кілт үзілді.

– Ойбай, төбелес!

– Әй, аналар өлтірді бірін-бірі!

– Әй, Ақан, саған не болған? Өз тойыңда өзің...

– Ана бәленің қолындағы домбыраны...

– Ұстандар, ажыратыңдар!

Салдыр– Гүлдір сынған ыдыс, шыныларға қоса шыңғырған, боқтаған, балағаттаған қым-қиғаш, ызы-қиқы үннен ауа тұнып кетті. Әлдекім шырқырай айқайлап:



– Әй, Тұрар! Мына Ақаныңа қой десейші!...

Елберген мен Жакып елпелектей жүгірді. Жастау Жакып бұдан біршама оза түскен.

Осы сәтте Елбергеннің құлағы шыңылдап, сала берген-ді. Аулаға еніп, тойхана есігіне тақана берген сәтте бір нәрсе тарс-те қалды. Ол елпелектей басып, ішке ене бергенде, тура алдына алқымынан қақ бөлінген домбыраның шанағы ұшып түсті. Ол сүрініп кете жаздап, денесін әрең игеріп, сынған домбырасын жерден көтермекке енкейе түсті де:

– Аһа! – деп жүрек тұсын ұстап, шөкелсп отыра кетті. Құлап қалған қарияны Жакып бастап, Қозыбай қостап, қаумалай көтеріп, үйге енді. Ересектер жағы жиналып қалды. Сәл қызулау жүрген Тұрар үрей аралас ксііппен әкесінің маңында құрақ ұшып жүр. Арақ арбаған тұмша санасы сағымды елестен тез айыққандай. Елберген ентіге демалып, көзін аша алмай жатыр.

– Домбырам қайда? Домбырам... – деп ыңырсиді қайталай берді.

Тұрар әкесінің қасына бас-көз қып, Жакып бастаған бір топ ересектерді қалдырып, сыртқа шығып келуге беттеді. Сәл-пәл болса да, онаша қалып ауыр ойлардан сергігісі келді. Өзі де әбден жүйкелеп бітіп еді...

Түн ортасы әлдеқашан ауып кеткен. Тамыз аспаны тамылжып тұр. Толысқан ай батыс көкжиектен құрық бойы биікте екен. Бедері мүлдем айқындалып, мүлдем қызарып алыпты. Әлдеқалай бұған жатсына, жатырқай қарайтындай сыңайда. Еш нәрсе туралы ойлағысы келмеді. Бірақ санасын кезіп жүрген сан түрлі ойлар, онсыз да әңкі-тәңкісі шығып, ауырып тұрған басын шыркөбелек айналдырып жіберді.

Ертең сәске түске құдаларды күтпекші. Әкенің жатысы анау. Танауы қусырылып, алқынып жатқан демалысынан қорқайын деді. Ана бір иттің баласын бағана құрту керек еді. Той бастатпайсың деп домбырамен Рәтбекті бастан ұрғанын қарашы! Қап, атана нәлет-ай! «Құланның қасынуына мылтықтың басуы» дегендей, көресіні өз жүгермегімен көрдім-ау! Ойбай-ай, мұндай маскара болар деп кім ойлаған.

«Менің жолдастарыма неге арақ бермейсің?» – деп долыланып, бөтелке жинап көмек қып жүрген Қозыбайдың баласын ұрып... Әй, атаңа нәлет-ай, бәрінен сұмдығы сексен мыңға алған жүзікті бетіме лақтырып, масқара қылды-ау! Бүйткешке, бұлай сткенше, неге ғана қара жердің тесігіне кіріп кетпедім».

Тұрардың жылағысы келді! Осы сәтте арт жақтан әлсіз сытыр естілгендей болды. Бұрылып қарай бергені сол еді, ту сыртынан сарт етіп, сұмдық өткір соққы тиді. Солқ ете қалған жүрегін сұрапыл дауыл қопара жұлып әкеткендей болды. От жарқ еткен жанары қас қағым сәтте қап-қара көзілдіріктің айға суық шағылған қанқызыл түсті әйнегін шалып үлгерді...

**1993 жыл.**

## ҚАЙРАН ДА БІЗДІҢ БАЛАЛЫҚ...

*Әңгіме*

Аққырканың жоталы жалпақ жонына шыға келгенде, көкірегің кеңіп, көңілің өсіп сала беретініне мен осы шаққа дейін қайран қаламын. Көз алдында көлбеп жатқан зор тұлғалы Дегерес еңіске қарай желектене тарамданып, құлай жатқан көп адыр мен қырқалардың төбесінен қарауыл қарағандай мейілінше өрдеш, оқшау көрінеді. Сонау сан тарам адырдың етегін алып, бұрала ағып жатқан Үшбас өзсіні назарға бірден шалынады. Ол әлдекімнің қолынан андаусызда сусып түсіп қалған көгілдір түсті жібек арқандай көзге елестейді. Шалдуар баланың шиырып ойнаған қамшысындай бұрандап, төмснде буынсыз бишідей билей ағып жатыр. Алып Жонның етегінен сонау алысқа қарай Қаратаудын қатпар-қатпар қыртысты, қыркылжың сілемдеріне барып тіреліп, тұтасып кететін кең алап өзеннің ажарлы қалпымен, баяу қалпымен көзді де, көңілді де арбайды. Анау қос қанаты жұмсақ жасылданып, әр тұстан андағайлап көрінген сайлар сан тұстан сынғырлап аққан бұлақтарды алақанына салып алып, батысқа, Келіншек тауын бетке алып, асығып бара жатқандай. Кең алыпты сүзіп өткен жанарым Үшбастың сонау шоқ тал өскен тұсына аялдады. Ерден атайдың су диірменіне баратын қасқа жолдың нобайы назарға шалынды. Бұрынғы кездегі үлкен жол бүгінде біршама көмескі тартып, көнеруге айналғандай екен. Шоқ талды іргелей құлайтын көне соқпақ сорабы ойға қарай жұтылып, бергі жарқабақтан өрдеш көтерілген жақпар жартастың тасасына барып, жасырыныпты. Танауыма алқоңыр, бадана бидайдың аппақ қардай ұнының жағымды иісі келді. Құлағыма күркірей айналған қызғылт түсті диірмен тасының үні қайтадан

естілгендей. Жайдауыт арықпен келген мол судың жасыл шылауымен жылбысқаланып, күнге шағылып, жылт-жылт еткен құлама науамен күркірей барып, нән тас диірменді айналдыратын пәреге барып соққан суретіне анда-санда қызықтай, қалт етпей қарап тұратын Ерден атай көз алдыма елестеді. Бидай өңді жұқалтаң, қағылез денелі, көзінде үнемі күлкі ұшқындап тұратын қалпы тап бүгінгідей көз алдыма келе қалды...

Осы мезетте тал бойымды тәтті бір сезім, жұмбақ сезім жұмсақ шуағымен шомылдырып өткендей болды. Тамағыма кептеліп әлдене іркілгендей. Көз алдыма көгілжім мұнар келіп, кілкіп тұра қалды. Қол сыртымен көз кенеріме аунап түскен тамшы жасты сылып алдым...

Сол бір жылғы жазда болған аз ғана күннің оқиғасы әлі күнге сана төрінен еш кетер емес.

Жазғы демалысқа шыққан біздер, балалар, әр тұстан келіп, Жон өңіріне жылдағы әдетпен шұрқырасып, бас қостық. Зор пішімді, қою қасты, қаба сақалды Иманберлі қария менін: «Ассалаумағалейкүм!», – деп берген сәлемімді алып жатып:

– Әп, бәрекелді! Жігіт адам осылай сәлем берер! – деп ризалығын білдірді де: – Сағындық та жатса-тұрса сені ойлап, түс көріп, түнемеге ұйықтай алмай жүр, – деп кеңкілдей күліп, аркамнан қақты.

Кеш әлетінде ауыл маңына бытырай жатқан қойды қайырмалап, үйге келген Сағындық мені көрді де, көк есегінен домалай түсіп, маған қарай жүгірді. Жеткен бетте құшақтаса кеттік.

Біршым апай ыржия күліп:

– Өй, айналайындар-ай, бір-бірін әбден сағыныпты-ау, – деп жатыр.

– Байжансайдан қашан келдің?

– Жана түстен кейін.

– Неғып ерте келмедің?

– Апам жібермей қойды. Жолдан әбден шаршап келдің деп.

– Туһ, саймен жасырынып келе салмадың ба?

– Қайдан жасырынған? Кірсем-шықсам, айналып-толғанып, соңымнан қалмайды.

Сағындық көзінде қуақы күлкі ұшқындайды.

– Төу-у-у, сені түйедей қылып қай жерінен айналып-толғанады?!

– Сағынған соң айналып-толғанады да?– деп сөзімізге құлақ түріп тұрған Ыршым апа жымыған қалпы біздерге мейірлене қарады.

Мені Сағындық бүйірден түртіп қалды да.

– Жүр, ана Қаратастың төбесіне шығайық. Былтырғы жасаған мәшинеміз әлі бұзылмапты,- деді

– Рас айтасың ба?

– Е, рас айтпай. Сол қалпы, шопыры отыратын кәбинесіне дейін бар.

Мен қуанып кеттім. Екеуміз жүгіре жөнелдік. Ыршым апа іле дауыстап:

– Әй, қайда барасыңдар? Кешкі ас-суларыңды ішіп кетсендерші,- деп жатыр.

Сағындықтың үйінен бірқадау жердегі оқшау бітімді Қаратасты бетке алып, асыға сөйлеп келеміз.

– Жайылмадан кашан келдің?

– Бір апта болды.

– Зейнеттің үйіне соқтың ба?

– Е, бармай, кеше ғана көк есекпен айдақтатып барып қайтқанмын.

– Не істеп жатыр?

– Не істеуші еді ол, ішім пысты, өлгелі жүрмін дейді.

– Сабазың-ай, ә! Ерден атай қауын салып па?

– Салғанда қандай. Әлі-ақ ай шамасында пісіп қалар деп отыр.

– Онда құдай берді десейші!

– Бергенде қандай. Айтпақшы ұмытып барамын.

– Сарыбай да келген.

– Қашан?

– Екі күн болды.

– Ол жалпақбастың үйі қайда?

– Анау төменгі ойда.

– Ендеше рақат болды десейші? Әй, басы қалай өзінің бұрынғыдан да жалпайған шығар.

– Айтпа. Жалпақтығы сондай, жүз жапалақ жайланар жазық болды.

Екеуміз қарқылдап тұрып күлдік. Қаратастың қасына қалай келгенімізді білмей де қалдық.

Тасқа өрмелеп келе жатқанда, қуанғаным сондай, көз алдым тұмантып, жүрегім лүпи ойнап кетті. О, тоба, былтыр шақпақ тастардан қалаған мәшинеміз сол қалпы. Тіпті бір тасы құлап, бір тасы сетінмепті. Анау менің орным, анау Сарыбайдың орны, анау – Сағындықтың орны. Бәрі сол қалпында.

Сол бір жылдары шопыр болуды армандамайтын ауыл баласы болмаушы еді.

– Мен – Жайнақбаймын.

– Жоқ, мен – Жайнақбаймын!

– Ендеше, мен – Сабырбаймын.

– Мен – Қойлыбаймын.

Шопырлық атаққа осылай таласып барып, осылай бітімшілік қылатын едік. Әрқайсымыз алақандай ауылдың ардақ тұтар шопырларының өзіміз қалаған атын иеленіп, дүрдисіп шыға келетінбіз.

– Мен Жайнақбаймын, – дедім мен кәбине пішіндес қорап тастағы жалпақ орындық тасқа отыра кетіп. – Мәшинені бірінші айдайтын мен боламын.

– Жарайды, сен айда?

– Бірінші сен айдай бер. Олардың менімен келіспеске ылаждары да жоқ. Себебі Байжансай секілді кеңді жерде оқып келген мен ауыл балалары көрмеген мәшинелердің алуан түрін көргенмін. Әсіресе оларға американдық «Студебекер» мәшинесінің түрі мен түсін, күші мен ісін айтқанда, олар аузын ашып, көзін жұмады. Сондықтан да машинаны тастан соққан кездегі бүкіл іс тікелей менің басшылығыммен жасалынған. Ал Сарыбай, Сағындықтар – тек қана орындаушылар. Ең мықты жүргізуші Жайнақбай атын иелену құқы да менде. Сағындық менің қасыма жайғасты.

– Жаңағы американның мәшинесінің дауысына салшы, – деді.

Мен кеудемді көтере беріп, аузымды томпайтып, көзімді ежірейтіп, «гүрілдеп» ала жөнелдім. Сағындық басын шайқап:

– Қалай аунытпай саласың? – деді.

– Оны қайдан білесің? Сен ол мәшинені көрген де жоқсың ғой.

– Неге көрген жоқпын? Көрдім.

– Қайдан көрдің? Қашан көрдің?

– Былтыр ауылға әкелген кинодан көрдім. Екеуміз қарқылдай күлдік.

Күн ұясына кіруге жақындады. Келіншек таудың ұшар басына қонақтай қалған алау күн айналаға алқызыл шапағын аямай-ақ төгіп тұр. Солтүстік тұстан өркештеніп көрінген Дегерестің ұшар басындағы оқшаулау жартас қып-қызыл болып, отқа балкып жатқандай. Екеуміз аз шаққа айналаға тамсана карап, таңданғандай халде тұрып қалдық. Аздан кейін Сағындық бізден төменгі өзен бойындағы алақандай көгерішті жазандағы бозаң киіз үйді нұсқады.

– Анау тұрған – Сарыбайдың үйі.

– Барсақ қайтеді? – дедім мен.

– Е, барсақ барайық – деп, Сағындық қуана келісті...

...Ксет құлағыма апамның жанұшыра дауыстап:

– Кет-ай, кет, Құттөбет кет! – деген үрейлі үні жетті.

Көзімді ашар-ашпастан көрпемді серпіп тастап, сыртқа атыла шықтым.

– Ойбүй, ана баланы құртатын болды-ау! – деп, апам жүгіре басып, ұмтыла берді.

Шабалана барған сары төбет әй-шайға қараған жоқ, кесік құлақ көк есекті шаужайдан алып-ақ қалғаны. Денесіне тіс тиген есек шалшық сулы жылға үстінен өте бере, қара батпақты көкке атып, тоңқи жөнелді. Сол сәтте үстінде отырған Сағындық әуеге аз көтеріліп барып, шалшық суға басымен шаншыла құлады.

– Алда ғана, сорлатқан сорлы құдай-ай, өлді деген осы-ау, ә! – деп жүгіріп бара жатқан апам етпетінен түсті.

О, сұмдық! Өз көзіме сенерімді, сенбесімді білмедім. Сағындық екі аяғы ауа қармаған қалпы басымен қорыс батпаққа шаншылып тұрып қалды. Әлден соң ауа қармаған аяғы аз-кем қозғалақтап тұрды да, жанына қарай жайлап құлай берді.

Мерекке әпкем тобылғы таяқпен қызыл итті тырқыратып қуа жөнелді. Буынын енді-енді жиған апам орнынан әрең тұрып үлгірген.

Құлаған жерінен ауыр қозғалып, үстінен суы сорғалап тұрып келе жатқан Сағындықтың басы, көзі, мойыны қара батпақтан көрінбейді. Сорғалаған сүлік қара тамшылар өн бойынан саулап тұр. Алғашында құмыға шыққан жылаулы үні біртін-біртін зорайып, таңғы ауаны жаңғырықтырып естіле бастады.

Апам үрей толы үнмен айқайлап жіберді де:

– Ойбұй, енді қайттім? Сорлатқан сорлы баланың тілі кесіліп қалыпты, – деді.

Сағындықтың аузында қап-қара балшыққа шylanған әлдене сыртқа қарай салбырап тұр. Өз көзіме өзім сенбедім.

– Әй, жаным тілің сау ма? Көзі ұясынан шығып кеткен апам Сағындықтың аузында салбырап тұрған қараны сипалап кармап тұрды да, жұлып алды. Менің тұла денем дір етті де, көзімді жұмып ала қойдым. Қып-қызыл болып, қаны тамшылап, ортасынан шорт бөлінген шолақ тілді көргім келмеді.

– Жаным-ау, мына салбырап тұрған тіл екен десем, сағыз екен ғой!

Мен көзімді қорқа аштым. Қара батпаққа малшынған аузының ішінен қызараң қағып, сүйірленген тілі көрінді. Уһ, әйтеуір аман екен.

Мерекке көгал үстіне шексілесі қата күліп, отырып қалыпты.

– Әй, Сағындық-ай, зәремізді зәр түбіне кетірдің ғой! Тілі екен десек, салбырап тұрған сағыз екен ғой.

Сағындықтың жылаған үні бәсең тарта бастады. Арғы жақтан Сағындықтың шешесі де азанғы азан-қазан шудан секем алып, бері қарай жүгіріп келеді екен. Баласының түрін көріп:

– Құрған ғана, қу шешек-ау, құлқын сәріден бұл ауылда нен бар? Тіпті азанғы шайыңды да ішкен жоқсың ғой. Өзіңе де құп сауап! – деп кейіп жатыр. Бір түрлі кексіз, жеңіл кінәмен ғана айтты. Апасы Сағындықты жерден алып, жерге салар деп секемденіп едім, өйтпеді.



– Бар, үйге бар, ана жсйдең мен ыстанынды ауыстыр, – деп жеңіл жекіді де, апаммен болған жай төңірегінде күлісе әңгімелесіп кетті.

Біраздан соң біздің үйге Сарыбай келді. Қашанғы әдетімен дабырлай, айкайлай келді.

– Құнан ба екен, тай ма екен,  
Пернеш біздің қайда екен?

Кереге көзінен көріп жатырмын, бозша талдың шыбығын ат қылып мініп, құтырына әндетіп келеді. Үйдің іргесіне кілт тоқтады.

– Дыр-р-р! Ат басын іріккендей қалып танытып, жіңішке дауысымен құлынша кісінеп жіберді. Осыдан соң күлмей көр, осыдан соң сыртқа шықпай көр.

Апам мен Мереке, Ыршым апай үшеуі сылқ-сылқ күліседі.

– Мен мұндамын! – дедім есік тұсқа беттей беріп.

– Ей, бала, астымдағы атым асау. Басын ала қашып, бой бермей тұр. Дерев жүрмесең, күтіп тұрар жайым жоқ.

Сарыбай шыбық-атының басына ие бола алмағандай күй танытып, қос аяқтап, көкке секіріп-секіріп қояды.

– Кешегі уәде қайда? Зейнетке барамыз дегеніміз қайда? – деді екпіндей.

– Бар кінә Сағындықта. Кішкене жылғадан өте алмай, көк есектен тырапай асты.

– Ол қасқа қайда?

– Үйіне кетті.

– Неменеге?

– Киімін ауыстыруға.

– Ендеше не тұрыс бар? Ал кеттік, – деп, жеделдете жөнелді.

– Әй, әй, мына жалпақбастың дігерлеуін, түге. Кел, әй, мұнда, ең болмаса айран ішіп кетіңдер, – деп, апам оны үйге шақырды.

– Е, онда ішсек ішейік, – деп мардымси сөйлеген Сарыбай көк шыбығының бас жібін киіз үйдің бел арқанына байлады.

Сарыбай екеуіміз айран ішіп, нан жеп, сылқия тойып алған соң, салып ұрып, Сағындықтың үйіне тарттық. Ол да киімін

ауыстырып, бізді күтіп дайын отыр екен. Алдымыздан қарсы шықты. Көз алдыма оның аяғы аспаннан келіп, қорысқа басымен шаншыла құлаған қалпы елестеп, мырс етіп күліп жібердім.

– Неге күлесің? – деп. ол да қуыстанғандай жедел тіл қатты.

– Күлкіміз келген соң күлеміз де, – деп, Сарыбайдың башайын басып қойдым.

– Күлкің келіп тұрған шығар қатты-ақ! – деп Сарыбайға қарап жымың етті де:

– Пернеш десе, мына сайда ескі ат соқаның дөңгелектері жатыр, соны айдап барайық днірменге, – деді.

– Қалай айдаймыз? – дедім мен таңданып.

– Дөңгелекті қалай айдаймыз деген де сөз бола ма екен, кәдімгідей айдаймыз. Сарыбай десе, мынауың Байжансайда екі жыл оқимын деп есі ауып қалыпты. Байқадың ба? – деді көзін сығырайтып.

– Әй, осы айтқаның рас болса, рас шығар. өзі үйге тығыла беретін болыпты, – деді Сарыбай оны қостап.

Біз ойға түсіп, ескі ат соқалардың үш дөңгелегін таңдап алдық. Сол маңдағы қорада сыртын тот басқан шелекте кара май бар екен. Сонымен дөңгелектің ұңғысын жақсылап майладық. Сағындық үш ағаш қазық тауып әкелді. Қолында шомыт киізі бар.

– Міне, енді жолға дайынбыз, – деп, бір дөңгелекті алды да, ұңғысына ағаш өткізді. Содан соң тұтқышқа ұқсас киізбен ағашты қаусыра ұстап:

– Ал кеттік! – деп дөңгелекті тоңқаңдай итеріп, зырлата жөнелді.

– Кетсек кеттік! – деп, Сарыбай да ат басын қоя берді. Азкем кідірістеп тұрып қалған мен де дөңгелекті зырқыратып айдай жөнелдім.

Зырлап келеміз. Зырлап келемін. Табандағы жол сағымданып, зырлаған дөңгелек астында жазылып қалып барады. Анда-санда бас көтеріп, алдыңғы жағыма зер салып қоямын. Екеуінің шаң арасынан ағараң-ағараң еткен табандарының сұлбасын көзім

шалып қалады. Олардың дөңгелек айдауға недәуір машықтанып алғандығын байқадым. Уақыт озған сайын олардың қарасы менен алшақтап бара жатты. Сарыбайдың машина үніне салып гүрілдеген даусы құлағымға үздік-создық естілді.

Диірменге ең соңынан жеткен мен. Зейнет те мені шыдамсыздана күтіп, маған қарай беттеп келеді екен. Дөңгелекті тастай беріп, онымен құшақтаса кеттім. Зейнеттен екі жас үлкен Бейбіткүл деген әпкесі бізді қуана қарсы алды. Арғы жақта, тал көлеңкесіндегі киіз үстінде қос жастықты қолтыққа басып, Ерден ағай жатыр. Ол кісіге жүгіріп барып, сәлем бердім.

– Кеп қалдық дендер! Дұрыс-ақ! Төрлетіндер, – деп, бізді қошуақ көңілмен қарсы алды. Ерден ағай маған еңсеріле бұрылды.

– Әй, Пернеш, қалай шахтаға түсіп көрдің бе?

– Көрдім.

– Қорыққан жоқсың ба?

– Жоқ, ағам бір-екі рет алып кірді ғой.

– Жарайсың, жарайсың! – деді, Ерден ағай жирендеу сирек мұртының шалғысын ширата түсіп. – Әй, Алтынай, мына батырларға шай қой, тамақ істе, – деп дауыстады.

Ерден ағайдың жүзінде жылы күлкі ойнады.

– Шәрлі жер ғой, сен енді аздап орысша үйренген шығарсың, – деді маған.

– Аздап, – дедім мен сәл-пәл қысылаңқыраған күйде.

– Онда жарадың, Пернежан, – деп арқамнан қақты. Мен қасымдағыларға масаттанғандай ажармен көз салып өттім. Ерден ағайға назар салсам, оның жүзінен әлдебір қуақылық нышаны қылаң бергендей көрінді.

Ішім қылп ете қалды.

– Сен айтшы, осы шаңырақ дегеннің орысшасы не, білесің бе? – деді. Мен үндей алмай қалдым. Ол кісі аз-кем кідірістеп отырды да:

– Ал кереге дегеннің орысшасы не? – Мен тағы үндей алмадым. Қасымда отырғандардың жүздерінде күлкі қылаң бере бастады. Ішімнен өзімді өзім кінәлап жатырмын. Неменеге ғана орысша білемін дедім екен? Қап, қап!.. Әсіресе, Сарыбай қу... Ойлағанымша болған жоқ:

– Әй, бәспем-ай, – деп, тақыр бастан бір тоқтерді салды да жіберді.

Сағындық Ерден атайға емініп:

– Ата, ата, өзіңіз айтыңызшы, өзіміз үйреніп алайық, – деді.

– Пәлі, сол да сөз бе? Оның орысшасын мен білмейді деп кім айтты сендерге?

– Сонда қалай?

– Сонда бұлай. Соны мен білмейді деп сынағалы отырсыңдар-ау, ә, қулар! – деп, сөз аяғын қалжыңға бұрмалады.

– Жо-жоқ, сынамаймыз, – деп Сағындық шыр-пыр болды.

– Ендеше, ылғи қауық бастарым, ұғып алыңдар...

– Ал айтыңызшы енді.

– Шаңырақ дегеніміз – шандрушқа, кереге дегеніміз – кендрушка, – деді Ерден атай бізге кірпік қақпай қарап.

Тәртеуіміз бар дауысымызбен каркылдап тұрып күліп жатырмыз. Сарыбай:

– Шандрушка, кендрушка, – деп ішін басып, жерге аунап жатыр.

– Әй, әй, қауақ бастар, неменсеге күлесіңдер-ай?! Мені өтірік айтты деп отырсыңдар-ау, антұрғандар, – деп, өзі селкілдей күлді.

Бағана әзірге там үйге кіріп кеткен Бейбіткүл үйден шықты. Қолында – он екі тілді қазақы сырнай. Әлі күлкіден арыла алмай жатқан біздің қатарымызға жымия күліп келіп отырды. Сәл-пәл танданысын жасыра алмаған күйі әкесіне көз салды.

– Жай, әншейін, мыналарды орысша үйретіп жатырмын, – деп әкесі жымындап қойды. Осы бір көңілді, қолайлы кезенді пайдаланған Бейбіткүл:

– Көке, көке, сырнайға қосылып, ән айтпағаныңызға көп болды ғой, тегі, әбден сағынып кеттік. Мына Пернештер де тындасын, – деп, маған қарап, қуақылына көз қысып қойды.

Сөйтті де:

– Көкем, көп адам отырып тындаса, келістіріп айтады, – деді.

Ерден атай екі иығы селкілдей күліп алып:

– Е, сендердің шын тындағыларың келсе, тартып-ақ берейін, – деп оны екі тілді қызыл қоңыр, көне сырнайды

қолына ұстады. Екі иығын қомдап алды. Аракідік дауысын кенеп қойып, сонау Дегерестің өрдеш өркешіне ойлы жүзбен көз салып, құлаққа жағымды, жүрекке жылы тиетін әуені әсем сазды біраз құлпырта ойнады. Содан кейін майда қоңыр жағымды үнмен бір әнді бастап ала жөнелді.

Дүние өте шығар ойнақтаған,  
Алды-артты, барды-жоқты ойлатпаған.  
Ақырын білгенімше ән салайын,  
Өлеңді қайда айтамын мұнда айтпаған.

Дүние –ойлап тұрсам терең теңіз,  
Жақсылық жамандықпен болады егіз.  
Басқайсың аяғыңды аңдап-аңдап,  
Болғанда досың-скеу, дұшпан-сегіз.

Сырнайдың ашық қоңыр үніне ілесе айтылған ұзақ ән адам сезімін тербеп, жүрегінді шымырлатқандай. Сағындық пен Сарыбайды қайдам, өз басым Ерден атай әнін үздіге, ынтыға тындадым. Жас санамда неше алуан ойлар қылаң беріп өтеді.

Ол кенет сырнайын кілт тоқтатты да, жеңіл күрсініп қойып, алысқа көз салып отырды. Бағанағы сәтте жүзінде ойнаған жұмсақ күлкі де, қуақылық та біржола өшкен. Қайта жеңіл мұң табы қабағына келіп орнай қалыпты.

Ерден ағай не туралы ойлап отыр екен деп ойланып қалдым.

Мен солтүстік шығысты алып жатқан көне таудың сілемдеріне көз жүгірттім. Аспан мөлдіреп тұра қалыпты. Дегерестің оқшау бітімді өркешіне қона қалған, аппақ мақтадай шөкім бұлт көк аспанның төсіне әр беріп, әсем қылып тұр екен. Тал бойым өзінен-өзі жеңілейіп, желпініп сала берді. Жаңа ғана айтылған әннің әуені әлгі шөкімдей ақша бұлттың иығына ұялап, ұйып тұра қалғандай болды.

«Шіркін-ай, дүниедегі адамдардың барлығы осындай ақ көңіл, кең пейіл әрі әнші болса ғой», – деп қиялдандым.

Осы кезде божылдап, екі иінінен демалып, сары самауыр келді. Бейбіткүл жеңіл басып, дастарқан жайды. Қызыл күрен

тартып, табадан жаңа шыққан нан келді. Нанмен бірге көз жауын алған ірімшік пен құрт, ежегей мен тәтті сірне, қауыншек пен қауынқұрт келді.

– Ал, батырлар, алыңдар, – деген Ерден ағайдың қамқор үні естілгенде, тіл үйірген түрлі дәмнің бізге арналғандығына айқын көз жеткізгендей болдық.

Сарыбай шайды ішіп болысымен:

– Өзенге барып шомылайық, – деді.

– Шомылсақ, шомылайық, – деп, Зейнет пен Сағындық екеуі қуана қостады.

– Байқандар, аяқтарыңды тасқа тілдіріп алып жүрмендер, – деді де: – Су салқындық қылмас па екен? – деп күдігін айтты.

– Пәлі, сөз болғаныңа! Бұл – сабаздарың осы жаста ықты-жарды тыңдай ма! Әлгі жас баланың ішінде басы асау қырық құр ат бар дегенді білмейсің бе, Алтынай-ау?! – деп, жастыққа жантайған қалпы әйелінің алдына босаған кесесін шиырып жіберді.

Біздер диірмен арығының бойымен жоғары қарай өрлеп, өзеннің шыммен тоғандалған тұсына келдік. Суы қандай тұп-тұнық! Кемерлі шетіне жалбыз бен майда құрақ, кей тұстарда шоқтана қоғалар өскен. Тез арада жейде мен жеңіл лыпамызды шешіп тастап, суға қойып-қойып кеттік.

– Ай-хай-хай-хай-ай! Рақат-ай! Барлығымыз сақылдай күліп жатырмыз.

– Кел, жалақ ойнайық!

– Ойнасақ ойнайық! Сөйтіп біраз уақыт жалақ ойнадық. Құмға бауырымызды төсеп, қыздырындық.

Бір кезде Сағындық: «Жата беріңдер, мен біраздан кейін келем», – деп кетіп қалды.

Әлден уақытта Сағындықтың айқайлаған, біздерді дауыстап шақырған үні естілді.

– Әй, бергендер, бергендер! Мына қызықты қараңдар! Үйректің балапандары!

– Кәне?!

– Рас па?!

Орнымыздан ата жөнелдік.

Аздан соң Сағындық көрінді. Судың жайдауыт қоғалы, құрақты тұсында аласұрып жүр.

– Мынаны қара, мынаны қара! Мына бір сары ауыз су астымен зытып барады, – деп Сарыбай балапан кеткен бағытқа ентелей ұмтылды. Анда-санда суды қолымен қармап қалады да:

– Қап! Мынау не деген бәле-ей өзі, кіп-кішкентай боп? – деп барынша айқайлайды.

Сағындық екі-үш рет сүрініп, құлап қалды. Зейнет салған бетте бір балапанды су астынан іліп алған екен.

– Алақай, бәріннен бұрын ұстадым! – деп қолындағы сары ауыз үрпек бас балапанды көкке әуелете ұстап, мақтана көрсетті. Жас балапан аянышты үнмен мазасызданып шикылдайды.

Енесі болу керек, бір үйрек әрлі-берлі ызғи ұшып, тызалақтай үн катып, тынши алмай жүр. Әріректеу барып қонады да, қайтадан көтеріле ұшып, жанталасып жүр. Мазасыз үнінде аяныш табы бардай.

Сағындық пен Сарыбай да бір-бір балапан ұстап үлгерді. Мен әрлі-берлі далақтап, қолға ештеңе іліктіре алмадым. Сарыбай қағытып өтті.

– Әй, бұл көжені қойшы. Өзі осы бар ғой, Байжансайға оқимын деп, оңбай қапты, – деп қойды.

– Әй, қойшы сен де! Мен шақ ете қалдым. – Сенің де оқып тұрғаның шамалы ғой. Егерде мен көже болсам, сенің жалпақ басыңа құйылып кетіп, құйқанды пісірермін, – деп кәдімгідей ызаланып айттым.

– Ха-ха-ха-ха! Қой, ей, мынауыңа тіл бітейін деген екен, – деді, менің сөзіме мән бермегендей сынай танытып,

– Әй, қойсаңшы сен де! Сені сөзден кім жеңген? – деп қолымды бір-ақ сілтеп, жағадағы көгалға барып жата кеттім.

Шик-шиқ еткен балапандарды бауырына басып, олар да менің қатарыма отыра берді.

– Тамаша болды емес пе! Мен енді бұны үйге апарып асыраймын. Шомылып, рақаттанатын болар, – деп Сағындық мақтана сөйледі.

– Мен де сүйтемін, – деп Сарыбай тыпыршып, шикылдаған балапанның басынан үрлеп қойды да, Зейнетке бұрылып:

– Сен ше? – деді.

– Білмеймін не істерімді? Көксем көрсе ұсады, былтыр да ұстағанымды қоя бергізген обал болады деп. Құстың қарғысы жаман болады дейді.

– Құс қарғайды? деген, оттаубай сөз! Тілі жоқ, сонда қалай қарғайды? – деп, Сарыбай өзеуреп сөйлесп. Тап осы мезетте, қас пен көздің арасындай сәтте, қайдан шыға келгені белгісіз, Ерден атай атпен келіп, қасымызға кілт тоқтады. Тыр жалаңаш едік. Орнымыздан атып-атып тұрдық. Ерден атайдың көзі бәрімізді ішіп-жеп, өңмесімізден өтіп барады. Тіліміз тас байланып қалды. Жылан арбаған бозторғайдай болып, мелшиіп-мелшиіп бір орында қозғалыссыз қатып қалдық. Ерден атайда үн жоқ. Бірақ көзіндегі қорғасындай ауыр, зілмауыр бір күш біздерді орнымыздан қалт еткізбей, қара жерге қадап тастағандай. Ұялған тек тұрмас дегендей, қолымды қайда қоярымды білмей жалаңаш тәнімнің ұятты жерін қалқалай беріппін. Зейнет, Сағындық, Сарыбай үшеуі аянышты үнмен шикылдаған сары ауыздарды қарындарына қыса ұстап, үрке қарап тұр. Ешқайсысында үн жоқ. Әлден кейін Ерден атайдың кірпік қақпай қадалған көзі Зейнетке қарай бұрылды. Зейнет оқша қадалған тікше көзге шыдас бермей, басын төмен сала берген. Кенет, иә, кенет, көз алдымызбен бұлдырай, ауаны ысқырта тіліп өткен қамшы Зейнеттің арқасына сарт ете түсті.

– А-иа-аh! Орнынан шоршып кетті. Қолындағы балапан тоған жағасына ұйысқан шөп арасына топ етіп аунап түсті де, жанталаса ышқына тырбаңдап шик-шиқ етіп, суға сүңгіп үлгерді. Зейнеттің тістене ыңырысқан үні құлағымызға жетті. Бірақ ол орнынан қозғалған жоқ.

Сағындық пен Сарыбай жалма-жан балапандарды суға лақтырып-лақтырып жіберіп, жағаны бойлай қаша жөнелді. Олардың сонын ала мен де тайдым. Ерден атай артымыздан дүсірлете қуып келе жатқандай сезілді.

Қашып бара жатқан скеуге көз салдым. Күс-күс болған күрен өкшелері күн тимеген жалаңаш құйрықтарын түйгіштеп, ызғып барады екен.



Біраз ұзап барып, артыма қайрылып қарадым. Зейнет сол орнында қаққан қазықтай қалшыып әлі тұр. Әкесі тор қасқасымен тауға қарай беттеп бара жатты...

Сол жылы жазда біздер Ерден атайдың ауылына жылдағыдай барып, хош иісі аңқыған шырын дәмі тіл үйірген қауынын өз колынан барып жей алмай, мектептерімізге оралдық.

Қара жолдың шаңын шығарып, ойнақ салып ызғытып барған темір «тұлпар» дөңгелектеріміз сол Ерден атайдың диірменінің жанында қалды...

О дүниелік болып кеткен атаның сол бір жазда, дарақ түбінде отырып айтқан әнінің сөздері есімде толық қалмаса да, әсерлі әуені әлі күнге құлағымнан кетпейтініне таңмын. Сол әнді осы күнге дейін сағынып, осы күнге дейін аңсап жүремін.

Ара-тұра көз алдыма Зейнет келсді. Осы шаққа дейін оның неге бізбен бірге қашпағанына қайран қаламын. Бірақ кейде Зейнет арқасынан осып өткен қамшының ащы ізін өз арқамнан сезінгендей күй кешетінім бар.

Кей-кейде алыстап барып қонып, жанаса келіп ұшып, жанталаса аласұрған үйрек түсіме еніп, үрейлі үні құлағыма жеткендей болатын. Неге екенін, өзім де түсінбеймін.

Өнімде ше??

Зейнет, Ерден атамның қамшысы қайда? Қайталап айтамын, қайда-а-аа?!

*1993 жыл.*

## ДОМБЫРА ТУРАЛЫ АҢЫЗ

*(Халық аңызының ізімен)*

Ертеде атақ-даңқы алысқа кеткен, айбарлы, адуынды бір хан болыпты. Сол ханның қол астында бір ер көңілді, бірақ кедей жылқышы болады. Ол екі иығына екі кісі мінгендей, кескін-келбеті көрікті, сүйкімді жігіт екен. Бір басына жетерлік сан қырлы өнері де мол болған. Сегіз қырлы, бір сырлы жігіт әрі жауырыны жерге тимеген палуан әрі жезтандай әнші екен. Түнде жылқы күзетінде жүргенде, ашық аспан астында шабыт-тана ән салғанда, тыңдаған жұртты қайран қалдырады.

Бір жолы хан қыс қыстауынан жазғы жайлауға көшеді. Хан қызы күміс күйммен келе жатқанда, жайлауға қарай мамырлай бет алған қалың жылқының жанынан өтеді. Сол кезде құлағына сазды, әсем ән келеді. Ханның ару қызы күйменің торғын пердесін ысырып, сыртқа сріксіз көз тастайды. Жылқының бергі қапталында ән айтып келе жатқан жігітке көзі түскен хан қызы оның ажар-көркіне, әніне қайран қалады. Бірақ көп қадалып қарауға дәті бармай, бетін бұрып әкетеді.

Жігіттің кең даланы кернеген әсем әні тұла бойын шымырлатып, жан дүниесін өзгеше күйге бөлейді. Бұдан кейін хан қызы күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырылады. Түні бойы сонау жылқы өрісі жақтан естілген әсем әнді демін тартып, үздігіп тыңдайды. Мазасы кеткен хан қызы бір күні ең жақын көретін жеңгесіне бар сырын айтып, жылқышы жігітпен кездестіруді өтінеді.

Алғашында тосын әңгіменің әсерінен абдырап қалған жеңгесі есін тез жияды.

– Еркежан-ау, ол кедей жігіт қой, қалай болар екен? Әкен, ағаларың біліп қойса қайтесің? – дейді үрейленіп.

– Жоқ, жеңеше, жолығатын жолын тап. Төзімім таусылды,  
– деп жалынады.

Содан хан қызы жылқышы жігітпен үнемі кездесіп жүреді. Аяғы ауырлап қалған қызды анасы мен жеңгесі көп көзінен жа-сырып ұстайды. Бір күндері айы, күні жеткен қыз егіз нәрестені дүниеге келтіреді. Бұл тосын жай хан құлағына тез жетеді. Ол дереу күнәлі жігітті таптырып, ара түсіп шырылдаған қызының зарына қарамастан оны көп алдында дарға асады. Хан қызын ұйқамаққа жаптырып, екі сәбиді мыстан кемпірдің қолына беріп: «Мына кіі некесізді көз көрмес, құлақ естімес жерге апарып, көзін құрт», – дейді.

Қос сәбиді қолтығына қыса жөнелген мыстан елден алыс, шалғайда өсіп тұрған жап-жасыл үлкен бәйтеректің басына шығып, ұлды батысқа қаратып, қызды шығысқа қаратып іліп кетеді.

Құлындағы дауысы құраққа шыққан қос сәби жан ұшыра шырқырай жылап, әл-дәрмендері таусылғанша бұтаққа ілінген күйі тырбандап тұра береді. Сәбилердің көз жасы тамған жап-жасыл бәйтерек біртіндеп сола бастайды. Бейкүнә нәрестелердің жүрегі тоқтаған шақта ағаш та қуарып, өсуін тоқтатады.

Күндердің күнінде қыз ұйқамақтан босанады. Ол балаларын ойлай-ойлай, делбе секілді ауруға шалдығады. Бір күні қыз ауылдан қашып шығады. Ол түбінен бұлақ ағып жатқан, жапырақтары солып, қураған бәйтеректің түбіне келіп, арқасын ағашқа сүйеп отырады. Көзі ілініп кетеді. Түс көреді. Түсінде әлгі бәйтерек басына салбырап ілініп, шырқырап жылап тұрған жалаңаш балаларды көреді де, шошып оянады. Орнынан атып тұрып, ағаш басына қарайды. Ешкім жоқ. Жүрегі кеудесін жарардай соғып, есеңгіреген күйі орнына қайта отырады. Арқасын ағашқа тіреген күйі көзін қайта жұмады. Ұйқылы-ояу отырған кезде құлағына бұрын естіп көрмеген бір әлсіздеу, мұңлы, зарлы сарын естіледі. Ол дереу орнынан атып тұрады. Жаңағы жұмбақ әуеннің қайдан шыққанын білгісі келеді. Бетін жалбырай жауып кеткен шашын ысырар-ысырмастан ағаш ба-сына өрмелей жөнеледі. Көз алды тұмантып, үн шыққан тұсқа ұмтыла береді. Сол кезде қыз салмағымен шайқалған бәйтерек

ортасынан опырылып түседі. Оның іші құр кеуек, қуыс екен. Жерге сұлай жатқан бәйтеректің екі басында бұтақтан бұтаққа керіліп қалған ішектер көзіне түседі. Осы кезде баяу соғып тұрған жел күшейсе бастайды. Керулі тұрған қос ішек желмен тербетіліп, бұрынғыдан да мұнды, зарлы үн төге жөнеледі.

Қыз еңірей жылап, ішектерге бетін төсеп, алақанымен сипалай бастайды. Шығысқа қараған ішегі қаттылау тартылыңқырап, жіңішкелеу, зарға толы үн шығарып тұр екен де, батысқа қараған ішегі бостау тартылып, күңіренген қоңыр үн шығарып тұр екен. Қыз қос ішектен шыққан үнді тебірсе тыңдап, теңселіп жүріп алады. Көзі жасқа толып, әр ішекке барып, құлағын төсейді. Көз алдына қос перзенті көлбеп, ішектің жіңішкелеу дыбысынан қызының үнін, жуандауынан ұлының үнін естігендей болады. Көзінің жасы көл болған қыз қос ішек керілген ағаштың діңін құшақтап, күні-түні еңіреп жылайды. Шашы аппақ болы ағарып кетеді.

Жылай-жылай талықсып, қос ішек керілген ағаш түбіне жатып ұйықтап кетеді. Қайтадан түс көреді. Астына құйрық, жалы төгілген аппақ атқа мінген, аппақ болып киінген аппақ сақалды қария бұған тақанып келіп:

– Қызым, қамықпа! Осы бәйтеректе сенің екі сәбиің көз жұмған. Тұр, еңсенді көтер! Өлген қайтып келмейді, құр жылаудан ештеңе өнбейді. Жаныңа жұбаныш, көңіліңе қуаныш болар қос ішекті ағытып ал. Астыңғы ішек қызыңның үні болсын, оған Зарлық деп ат қой, үстіңгі ішек ұлыңның үні болсын, оған Мұнлық деп ат қой. Анау құлап жатқан бәйтерек діңінен күй шығаратын аспап жасатып ал. Оған домбыра деп ат қойғайсың! – дейді.

Қыз басын көтеріп алып, көзін ашса, маңында ешкім жоқ. Бірақ жанағы ақ сақалды аппақ қарияның үні құлағынан күмбірлеп кетпей қояды.

Қыз қария айтқан ағашты алып, еліне оралған соң, атағы алысқа кеткен ағаш шеберіне қос ішекті домбыра жасатады.

Көз жауын алған домбыраны қолына алған қыздың қуанышы қойнына сыймайды. Ол елден оқшау кетіп, мөлдір сулы бұлақ басына, жапырағы қою биік ағаш түбіне отырып, домбыраны

ақырын ғана шерте бастайды. Жүрегі лүпі соғып, тал бойы шымырлап, қос ішектен төгілген ғажап әуенге бар жан-тәнімен беріледі. Оның көз алдына өзі туып-өскен даласы, таулы алабы, көгінде бозторғайы қалықтаған көк аспаны, жапырақтың сыбдыры, бұлақтың сылдыры – бәрі-бәрі келе берседі. Енді бір сәтте сонау гүлге көмкерілген даламен әдемі киінген қос перзенті шат-шадыман болып жүгіріп келе жатқаны көз алдында бұлдыр сағымдай елестеп қоя берседі. Кенеттен күй әуені сұмдық бір мұңға, өксіп-өксіп, іш тартып жылағандай сарынға ұласады. Әлден соң есіп қоя берген самал жел осы алуан сырлы күйлерді қағып әкетіп, кең далаға таратып жібереді. Содан бері осы домбыраның сырлы күйлері бүкіл қазақ даласының әр алабына, сайы мен даласына мәңгілік бауыр басып қалған екен.

Ал қазақтар содан бері атадан балаға ұлағат етіп: «Жапанда өсіп тұрған жеске талды кеспес», – деп өсиеттеп кетіпті. Оны әулие тұтып, бұтақтарына әлем байлауды дәстүр етіпті. Тіпті ертеректе жолаушылар маңдарынан өткенде аттарының жалын түйіп тастаған, кей кезде құрбандыққа мал шалып отырған.

**P.S:** Шынында да жапанда өскен жалғыз бәйтерек ағаштың түбіне жатып, жаздың жайсаң күнінде демалып көрсеңдер, небір ғажап әсерге бөленер едіңдер. Көлсеңкесі салқын, жанға жайлы. Самал желмен тербелген жапырақ сыбдырлары сыр айтып, әдемі бір әуен, күйлер төгіп тұрмай ма?! Ұя салған құстардың балапандарының шикылының өзі күйге бергісіз-ақ қой. Анау көк аспанмен жүзген ақша бұлттар тал төбесімен қалқи өткенде, тал бойыңды сондай тазалық, биіктік, мөлдірлік сезімі жуып өтпеуші ме еді.

Сонау алып бәйтеректің тереңнен нәр тартқан, жер бетінде бедері білініп жатқан тамыры ұлы тіршіліктің үкілі куәгеріндей болып жатпай ма?!

Осындай сәтте қолыңда қоңыр домбыра болса ғой, шіркін!!!

*2009 жыл.*

**№127**  
**СОЛ БІР ЕРТЕГІ...**  
*(Лирикалық повесть)*

*Ардағым, сенен тілерім –  
Аяма қыршын өмірді.  
Қалғанша тоқтап жүрегің,  
Қорғай біл туған еліңді.*

*(Қыздың майдандағы сүйген  
жігітіне жазған хатынан)*

*«Жауынгер хаттары» кітабынан.*

Қатардағы жауынгер Абзал Есмаханов қызмет ететін полк үш күнге жуық созылған қиян-кескі ұрыстан кейін өз қатарын толықтырып, тынығу мақсатында қаусаған шағын селоның маңындағы өзен жағасына келіп орналасқан-ды. Абзалдардың бөлімшесі жайласқан тұстан жүз елу-екі жүз метрдей төменде өзен бар екен. Оның жан-жағына қалың шілік, майда қызыл тал ұйыса өсіпті. Жел лебімен ырғала толқып, тұтасқан ағаштардың арасынан көз жауын алғандай кеулеп көрінген жіңішке, сылаң өзен тамылжыған май шуғына еркелегендей әсем жалтырайды.

Автоматшылар взводының жігіттері көптен сағындырған осы бір үзілісті пайдаланып, кейбірі оңаша кетіп хат жазып отырса, біреулері топталып, ағаш, тал дарактардың түптерінде әңгіме-дүкен құрысып отыр.

Бұтақтары жайыла, қанаттанып біткен биік қара ағашқа арқасын сүйеп, кітап оқып отырған Абзал өзен жаққа назар салды. Жіңішке көпірдің ағаш жақтауына сүйеніп екі адам тұр екен. Біреуі осындағы санитарлар взводындағы қыздардың

біріне ұқсайды. Аяқтарын айқастыра, денесін еркін ұстап, көпір жақтауына асылып тұрған жігіт қасындағы қызға жарасымды қалжың айтып тұрған сыңайда.

Қыздың күнмен құбылып, суси төгілген сап-сары шашының тыншусыз қимылы соны аңғартқандай. Енді бір сәтте әлгі қыз қос қолын құс қанатындай көпір жақтауынан бойлата жіберді де, кеудесін шалқалай ұстады. Оның қазіргі қалпы бейбіт тірліктің бейғам мінезіне біржола ауысқан жанға қатты ұқсайды. Зулаған оқ пен гүрс-гүрс етіп жарылған снарядтардың ащы дауысы да, жұп-жұмсақ тәннен сүмектеп аққан алқызыл қан да, сүйегі күлпарша болып сынған жаралы жауынгердің жанталасты ыңырауы да – бәрі де біржола ұмытылып кеткендей.

Маңдайдан шып-шып шыққан суық терді жең сыртымен сыпырып тастап, жаралы жанға айтылатын жан жұбатар жылы сөздер ерке мінез, елжірек сөздермен алмасып кеткен шығар. Абзал жымия күліп қойды. Шіркін, қыз мінезі – ай десейші.

Оның есіне Алматыдағы бір оқиға түсті.

Әскер қатарына алынғанда Абзал университеттің екінші курсына оқып жүрді. Ол өзге замандас құрбыластарындай қала қызығына көп елітіп, көп қыдырыстауды ұната қоймайтын. Оның сабақтан бос мезгілдегі ең сүйікті орны – орталық кітапхана болушы еді.

Бір кезек газет-журналдар қарап болғанша, тапсырмалары орындалып дайын тұратын.

Ол кітапхананың күнгей, оңтүстік бетіндегі сарғыш түсті жұмыр бағанға тақау тұрған бір орынды әбден иемденіп алған. Егер өзінен бұрын сол жайға біреу отырып қойғандай болса, көңілі кәдімгідей қоңылтақсып, басқа жердегі орнын тіптен жайсыз, жағдайсыз сезінетін тосын әдетке бой үйретіп алдырып еді.

Бірде сол жерге бір қыз отырып алыпты. Абзал ол қыздың осында жиі келетін оқушылардың бірі екенін білетін.

Ол келген бетте қыз жанында айналшақтап тұрып қалды. Мұны аңғара қойған қыз бұған жымия бұрылып:

– Немене, сіздің орныңыз ба еді? – деді. Даусы біртүрлі жағымды, барқыттай жұмсақ естілді. Көзінен төгілген жып-жылы күлкісі шуақты екен. Тілдескен жанды жат көрмей, жылы

тартып, бауыр санайтындай шынайы мінезді жан сияқты. Алғашқы тілдесу әсері ме, жүздесу күйі ме – қыздың жалтырата тарап, ірі өрімді мойыл қара, кесек шашын желкесіне жарасымды етіп түюі оны сырт көзге тым сымбатты етіп көрсетеді екен. Тік, толықша кеудесінен сұңғақтана көтерілген түзу, мінсіз мойыны қыз көркін ажарлай, жарасқылықты ете түскен.

Қыз бұған біртүрлі ұнап қалды.

Ол табан асты не жауап берерін де ойламапты. Сәл кібіртіктеп:

– Жо-жоқ, отыра беріңіз, мұнда да орын бар ғой, – деп айналасындағы бос орындардың қайсысына отырарын білмей дағдарып қалғаны бар-ды...

Абзал Қарлығаш екеуінің алғаш рет киноға барғанын есіне түсіріп, жымия езу тартып қойды.

Жазғы семестрдің алды болатын. Бір күні, неге екені белгісіз, Абзал жүрегінде осы қызбен таныссам деген батыл ниет пайда болды.

Екеуі бір күні кітапханадан бірге шықты. Қыз қатарында келе жатып, оған көз қиығын тастады. Оның аяқ басысының өзінше бір жарасымдылығы бар екен. Жеп-жеңіл, лыпи қозғалады. Қыз жүзінде жұмбақ күлкінің ізі бар еді.

– Неге күліп келе жатырсыз?

– Мен күліп келе жатырмын ба? – деді қыз таңданған үнмен.

– Иә, күліп келе жатырсыз ғой.

– Онда мен аңғармай қалыппын. Езуідегі күлкі ұшқыны лып етіп сөнді де, сәлден кейін қайта тұтанды.

Қыз шашынан ескен бөлекше жұмсақ иіс Абзалды еліте мас кылып келе жатты.

– Сіздің есіміңіздің кім екенін білуге бола ма?

– Оның сізге қажеті бола қояр ма екен?

– Қажеті болмаса, сұрап нем бар? – деп, Абзал ұяң күлді.

– Атымды айтқаннан кейін не істемексіз?

– Қоштасарда «Сау болып тұрыңыз!» деп атыңызды атап, қолыңызды қыспақпын.

– Орынды жауабыңыз үшін айтуға болады. Атым – Қарлығаш. ҚазПИ-де оқимын.



– ҚазПИ-дің студенті екеніңізді білемін. Тіпті бірінші курста екеніңізді де.

– Оныңыз ғажап екен! Сонда қалай білдіңіз?!

– Бірде дәптеріңіздің сыртындағы жазуды көзім шалып калып еді.

– Өзіңіз онда барлаушы болуға лайық екенсіз.

– Мүмкін. Бірақ «Көрген көзде жазық жоқ» деген емес пе.

Қарлығаш сықылықтап күлді. Абзалға қыз күлкісі ерке қыз шолпысының сыңғырындай естілді. Күн көкжиекке тақанып, әткеншекке ұқсаған жіңішке бұлттың бүйіріне шығып алып, тербетіліп тұрған сияқты көрінді. Көше бұрышынан қоныс тапқан сұңғақ қайың ақ бүйірін қызғыш нұрға шалып, әлсіз желмен тербеле, төгілме желегін қызыл арайға еркелей сипатып тұр еді. Алатаудың қарлы шындары Абзалға күлімдеп қарап тұрғандай.

Ол тал бойын қуаныш кернегендей күйде сезінді. Қатарында келе жатқан Қарлығаш атты жаңа танысына жақсы сөз, жылы лебіз ақтарғысы келген ізгі ниет іште тулайды. Кейде табиғаттың осындай сүйкімді, аяулы шағында, неліктен екені белгісіз, тұла бойы шымырлап, әсершіл қалыпқа түсетінін Абзал жиі сезінуші еді. Кеудесіндегі кішкеге жүрегі лүпи соғып, бетінің ұшы шымылдап, ерек күй үстінде болатын. Бұл уақытта айналандағы адамдар да, желмен тербелген ағаштар да, бұтақтан бұтаққа байыз таппай шықылықтай ұшып-қонған құс та, ең ақыры көше бойымен зырлай безіп бара жатқан машиналар да соншалықты жақын, сүйкімді көрінетін.

Қарлығаш Абзалға өлшеусіз сұлу, сүйкімді көрінді. Ол тіпті дүниеде бұл сияқты тамаша әрі сұлу қыз жоқ шығар деп ойлады.

Оның үйі тауға қарай шығатын көшеде екен. Жасыл есігі бар, шағын үйге тақанғанда, Қарлығаш Абзалға қолын ұсынып:

– Ал сау болып тұрыңыз, Абзал! – деді.

– Сау болып тұрыңыз, Қарлығаш! Екеуі сықылықтай мәз бола күлісті.

– Міне, менің бағанағы айтқанымның орындалар орайы келді деген осы.

– Иә, шындығында да солай екен-ау өзі.

Кездескенше сау болып тұрыңыз.

– Келесі кездескенше.

Абзал Қарлығаштың жұп-жұмсақ қолын аз шаққа қысып ұстады. Сүп-сүйір саусақтары ыстық екен. Ол артынан жүріп, қол бұлғап ұзай берді.

Көк шарбақты үйдің есігі жабылды. Абзал Қарлығаштың желбегей шыт көйлегінің желп етіп, жасыл есіктің тасасына жасырынған сәтін көзі шалды.

Елес пе, ертегі ме? Елп етіп, көзден таса болған көйлектің еркелеген етегіндей бір сезім Абзалды өзінің жұмбақ аясында ұстап бара жатты. Тік көшенің көк көмкерген тротуарымен төмен түсіп келе жатқанда, ол өзін қызық күйде сезінді, әлгі қыз мұның артынан тесіле қарап тұрғандай әсерде болды.

Ол артына жалт қарады. Ертегі де емес, елес те емес, шын екен. Қарлығаш, шынында да, үйден шығып, мұның соңынан қарап тұрыпты.

Абзалдың Қарлығашқа қарай қалай жүгіре жөнелгені есінде жоқ. Келген сәтте тап бір шын сенген көңілмен, кінәмсіз пейілмен:

– Қарлығашқа, ертең киноға барсақ қайтеді? – деді. Өзімсіне, еркін айтқанын аңғармады. Кеш аңғарса да, теріс деп ұқпады. Қыз жүзінде Абзалдың қылығын орынсыз көрген белгі байқалған жоқ.

– Барсақ барайық. Бірақ менің бір кемшілігім бар. Балмұздақты жақсы көремін.

– Пәлі, онда екеуміздің де кемшілігіміз бір екен. Екеуі қосыла, бейкүнә сәбидей мәз бола күлісті.

– Жүр, мен сені шығарып салайын.

– Онда тіпті жақсы! Абзал қатты қуанды, тіпті Қарлығашты бауырына тартып, құшақтап алғысы да келді. Бейтаныс сыпайылықтың сызығын аттап, сенім шекарасының шебіне қалай еркін, жеңіл аттап кеткендерін өздері де толық білмейді.

Абзал көшемен жедел басып келе жатты. Қуаныштың алып ұшқан қанаты аяғына жел байлап, бақыт шыңына, қуаныш асуына қарай самғатып алып бара жатқандай. Ол көше бұрышындағы төгілме желекті ақ кайыңның қасына келді. Оны бауырына қыса құшақтады да, сыбырлап:

– Рақмет саған, ақ қайың, асыл қайың! – деді. Не үшін айтқанын, неге айтқанын өзі де толық түсінбеді. Бірақ айтпа-сына еркі де жоқ сияқты көрінді...

Абзал көзін шағын селоның бер жағындағы селдір біткен топ қайыңға салды. Қайындардың бұйра жапырақтары мамыр шуағына мас болғандай баяу, баппен ырғалады. Оның маңында өткен күндері болған қатты ұрыстың ізі алыстан айқын аңғарылып тұр. Жарасымды жасыл кілем жамылған мейірбан жер рақымсыз мина мен снарядтың салып кеткен сойқанынан қашан айығатынын аңсап, іштен тынып жатқан тәрізді. Бей-берекет шұқанақ, шұңғымалары жарықшақтан жарақат алған жауынгердің денесіне түскен жарадай. Бір ғажабы, шоқ қайың сиқыршы дуалағандай, сол көзсіз қорғасын салған бүліктің боранына бой алдырмапты. Ақ қардай ақша тәні көз қуантып, жаралы жер-анасының жарақатын таңар емші қолындағы ақшаңқан, аппақ дәкедей елес береді. Шырағы сөнбес тірліктің, гүлі солмас өмірдің өзекжарды жаршысындай жарасымды, жаймашуақ шыраймен айналасына еркелей қарайды.

– Рақмет саған, ақ қайың, адал қайың! – деп, Абзал жай ғана сыбырлады.

Күлімдеген аспанда бір-бірімен наздана иін сүйескен бұл-бұйра қос шоқ бұлт ақ қанат құстай шығысқа, тыныштық аңсаған елге қарай кетіп бара жатыр.

Абзал езуіне жұмсақ күлкі үйездей үйірілді.

– Елге сәлем айт, ақша бұлт! Қарлығашқа сәлем айт!

Жүрегін шым еткізіп, сағыныш сезімі жанап өтті.

Сол топ қайыңның арасынан Қарлығаш шығып келе жатқан сияқтанды. Үстінде – қалыңдықтың үлбіреуік, желпейлі, жеңіл ақ көйлегі. Бақыт күлкісі тал бойынан төгіліп келе жатқан тәрізді.

Иә, шындығында да, біреу селоның шеткі қарағай үйдің бергі тасасымен өтті де, шоқ қайыңның қасына келіп аз тұрды. Әйел сияқты. Содан соң өзенге қарай ақырын аяңдады. Үстіндегі киімнің түсі шымқай қара екен. Мұнда жалғыз өзі неғып жүр?

– Абзал! Ол артына жалт қарады. Бөлімше командирі Нестеренко екен. Қолында шелегі бар.

– Мә, су алып келе қойшы.

– Құп болады, жолдас аға сержант! Ол орнынан атып тұрды.

– Иә,иә, жарайды! Біз жаман шөлдеп кеттік. Бағана қуырған балықты көп жеп қойыппыз. Антұрған Викулов тұзды көп салып жіберіпті. Мен мына бір хатты аяқтап тастамасам болатын емес, – деп қолындағы қағаз бен аузы ашылған конвертті көрсетті. – Әйелімнен келген екен. Мені туған күніммен құттықтапты. Бұл әйелдер деген ересен мықты халық қой, тіпті есінен титтей шығармапты. Ал мен болсам, өзімнің туған күнімнің қашан екенін әйелімнен хат алғанда бір-ақ білдім емес пе, – деп қарқылдай күліп, Абзалдың жауырынынан үлкен алақанымен еркелете қағып қойды.

Абзал кеше түсте Нестеренконың Викулов пен Гребневты кездейсоқ іздеп, таба алмай жүргенін білген. Сөйтсе, әлгі екеуі өзенге рұқсатсыз кетіп қалыпты. Ол қос қауашақты май шабаққа сықап әкелгенде, бөлімшедегілер мәз бола, қырқылдай күлісіп жатты.

– Бауырым-ау, ауды қайдан таптыңдар?

– Қайдағы ау? Қармақпен ауладық.

– Қармақты ше?

– Пәлі, сол да сөз болып па. Мына Мишаның артық инесі бар екен. Соны сіріңкенің отына қыздырдық та, иіп қармақ қылдық.

– Міне, тапқырлық, жарайсыңдар!

Аға сержант Нестеренко не күлерін, не ренжірін білмей, қос қауашақтағы май шабаққа тесіле қарап тұрып қалды.

Сөзге ширақ Миша Викулов құлағының түбін қасып қойып, бейкүнәі жас баладай жымып қойды.

– Жолдас аға сержант, ренжитініңізді біліп тұрмын. Бірақ біздің жігіттердің тілді үйіретін қуырған балықты жемегеніне көп болды ғой. Өттен бұрыш, пияз, әшкөк болғанда, жас балықтан сорпа жасар едік қой. Амал жоқ, бірақ оның есесіне тұзымыз бар. Дала асүйінен тоң май алдырып, сәл дегдіген сон....

Гребнев қулана күлімдеп қойды да:

– Шіркін, қуырған балықты екі-үш саптыаяқ сырамен демеп жіберсе, сәні қандай келер еді! – деп айналасындағыларға иек қақты.

– Жарайды, жарайды, таусылмай-ақ қойыңдар, жылмиған немелер... Бәсе, жер астынан түскендей жоқ болып кетіп едіңдер!

– Жолдас аға сержант, енді анда-санда сағындырып тиген демалыста бейбіт күнді де еске алып қойған артық болмайды ғой, -деді Гребнев монтансыған сәбилік қалыпта.

Содан соң Нестеренко май шабақтарды аудаастырып қарай бастады да, кеудесін кере құшырланып:

– Шіркін, біздің Чулыманың балығын айтсайшы, тура мынадай-мынадай нән сазандарды шатырлатып жағаға ұрғанда... Тіпті арғы жағын айтудың да қажеті жоқ. Ал, жігіттер, неге тұрсыңдар, мына балықтарды тазалап, іліп қойыңдар. Аз уақыт болса да бейбіт күнді еске алып, өз қолыңмен ұстаған олжаңды өз достарыңмен бөлісіп жегенге не жетсін, – деп еді.

Өзенге қарай келе жатқан Абзал жауынгер серіктерінің осы бір қылықтарын ойға алып, от пен өрт арасында жүрсе де, мінездеріндегі беймарал, еркіндікке кәдімгідей танданып, бас шайқап қойды.

Әлгінде көпір үстінде тұрған екеуі жер жұтқандай жоқ болып кетіпті. Өзенге тақана берген тұстағы түйетайлы жерден сырғып түсе бергенде, аяғы тайып, құлай жаздады. Сол сәтте көз қиығы оң жақ қанаттағы тал астынан елбең ете қалған ақшыл сары әлдененің қимылына түсті.

Тал саясында отырған әлгі ексуі екен. Қыздың қолында бір буда гүлі бар. Сынғырлай күлген дауысы құлаққа айқын жетеді. Мойнынан құшақтап, бауырына тартпақ болған жігіттің бетін қолындағы гүлмен жасқап, еркелесіп ойнап отыр. Абзал тіктеп қарағанына қымсынып қалды да, бетін тез бұрып әкетті.

Тұнық сулы өзен қасынан қарағанда бұрынғыдан да тым әсем көрінеді екен. Сонау алыста қалқып бара жатқан қос шөкім бұйра бұлт айна суға жұмсақ бүйірін сүйкей, сыбдырсыз сырғып бара жатқан секілді.

Ол ішінен: «Шіркін, бір рет сүңгіп алар ма еді!» – деп тамсанып қойды. Құштарлық бұған бойын әрең тежеп-ақ тұрды. Сонда да болса рақаттана бір жуынып алуды орынды көрді. Гимнастеркасы мен майкасын шешіп тастап, салқын суға рақаттанап жуына бастады.

– Айх-ай-хай-хай!-... деп айызы қана дыбыстап та жіберді.

Басының суын алақанымен сығып алып, жасыл жағаға жайғасып отыра кетті де, толқып ойнатқан тұнық суға сүйсіне қарады. Майда толқындар бірін – бірі ентелесе қуаласып, көпір көлеңкесінің астына сіңіп кетіп жатыр. Бір уақытта дір-дір еткен судың толқынды бедерінде әлдскімнің үзік-үзік тұлғасы қаймақтай қалқып тұра қалды. Бағанағы әйел екен.

Абзал басын жоғары көтерді. Жер астынан шыққандай көпірдің жіңішке темір жақтауына сүйсініп тұра қалыпты. Аяғының басына дейін төгілдіре киген қара көйлегі мен басындағы қара шәлісі оның онсыз да сұңғақ, ұзынша денесін тіптен биіктетіп, оқшау көрсетеді екен. Мынадай күнде күн тартатын қара кигені қызық екен.

Аппақ жүзі қан-сөлсіз. Қою, жіңішке қасының астынан адамды ішіп-жеп, өңмендей қараған көзі шырадай жанады. Жас шамасы отыз- отыз бестер шамасында болар деп болжады.

Әйел не кірпік қақпайды, не жақ ашпайды. Әлден соң арада орнаған мазасыз тыныштықты ызамен тістене сөйлеген әйелдің үні бөліп жіберді.

– Қарғыс атқан құзғын! Кет деймін, кәне, бұл жерден көзіме көрінбей! Оны не үшін өлтірдің деймін мен саған? Оның не жазығы бар еді?! Қанішер! Құры деймін, оңбаған, нақұрыс неме!

Кенет ол көпір жақтауынан тас қылып ұстап алды да, оған маңдайын тіреп, бүк түсіп жылай бастады.

– Менің Шурам небәрі бір-ақжаста еді. Оның түк жазығы жоқ қой сендерге. Айналайыным-ай, алтын тұлымшағы желбіреп, әп-әдемі қыз болып келе жатыр еді. Енді Тарас келген соң не деймін? Басын шайқап, өксіп-өксіп жылады. Содан кейін орнынан ауыр көтеріле беріп, аң-таң қалыпта гимнастеркасын киіп жатқан Абзалға тесіле қарады. Бір мезет түк болмағандай жас

тұнған көзі күлім қағып, қолындағы түймсадағы гүлін иіскеп-иіскеп қойып:

– Шуратайыма апара жатырмын, тегі жаны қалмай қуанатын шығар. Ой, айналайыным-ай, тұлымшағын айтсайшы. Алтындай сап-сары-ау, – деп күлімсірей, қолындағы гүл шоғына елжірей қарап тұрды.

– Жо-жо-жөк! Сап-сары емес, аппақ сияқты емес пе еді?! Көзі ұясынан шыға шатынап кетті.

– Аппақ еді ғой. Ия, аппақтұғын. Құдайым-ау, мен есуас түсін де ұмытып қалыппын-ау, ә! Басын шайқай, сілкіп жібергенде, самайынан сусып шыққан аппақ шашы алдына төгіліп түсті. Қос қолы дір-дір етеді. Тарқатылған бұрымын алғаш көргендей аңтарыла қарап, шошынған дауыспен:

– Құдайым-ау, мынау аппақ ми қой! Қанға шыланған ми емес пе?! – деп шашын сілкіп, сол қолымен ағытып жіберді. Қолындағы гүл шоғын суға лақтырып тастады да, қираған селоға қарай безіп жөнелді. Абзал әйелдің ұзын, қара көйлегінің желкілдеген етегі жасыл шалғын арасын қақырата тіліп бара жатқан қара желкендей елестетті.

Өң мен түстей аралықта жолығып қалған әлгі әйелдің ертегідей ерек әрекетінің әсерінен толық айыға алмаған Абзал өзен жағасында тұрып қалды. Тұла денесі мұздап, аузын ашуға дәрмені де болмай қалғанына өзі де қайран. Көз алдынан әйелдің ұшқын шашқан отты жанары, аппақ шашы мен дір-дір еткен қолының суреті қаз-қалпында тұрып қалды. «Сөз жоқ, есі ауысқан әйел болар», – деп ой түйді өз-өзіне енді келген Абзал. Алғашында бас жоқ, көз жоқ, өзін балағаттап, қарғап-сілеген әйелге ашу ете жаздап, соңынан әлдебір қорғаныш түйсігінің лықсып келген ашуын тежеп қалғанына қуанды.

Жолда ротаның егде жастағы старшинасы Графский жолығып қалды. Ол ағаш түбінде тыныстап отырған жауынгердердің қасында шылым орап отыр екен. Әжімге бой алдырған жүзі тым байсалды қалыпта. Сонау село жаққа тесіле қарап отыр.

– Ұлым, саған да кездесті ғой деймін әлгі әйел, – деді. Содан соң басын шайқап алды да, қасындағыларға салмақпен қарап:

– Иә. Дүниедегі ең ауыр тағдыр осындай жандардікі, не өліде саны жоқ, не тіріде саны жоқ. Қайғы көлеңкесін дәмі

таусылғанша мынау жер үстімен итшілеп сүйретіп жүргені, – деді. Біртүрлі күйзелген үнмен күрсіне сөйледі. Өзінің күйеуі әскерде көрінеді. Осыдан бір жыл бұрын жаңағы әйел үйінде жас баласын емізіп отырса, неміс самолетінен атылған оқ шатырды тесіп өтіпті де, оның бауырындағы баланың дәл басына тиген екен. Баланың басынан шапшыған қан аралас ми әйелдің бетін жуып кеткен. Әлгі мүсәпір содан табан астында жынданып кетіпті, – деп қиналған халде басын шайқайды. Ширатпа шылымын тұтатып алды да, сарғайған мұртын сипап қойып:

– Міне, ағайындар, мұның өзі бір аянышты жан. Қарғыс атқыр оқ тимеу керек еді не тиген соң бірін жетім қылмай, бірін қасіретті қылмай, қоса отап түскені артық еді, – деді. Ол содан кейін ойлы пішінде қаусаған үйдің қатарында ілби басып бара жатқан әйелдің соңынан ұзақ қарап тұрды. Абзалдың тұла бойы дір етті. Біресе ақшыл реңді, біресе қызғыш реңді, біресе қып-қызыл түсті түйір-түйір дөңгелекшелер жанарының алдына үпір-шүпір үймелеп сала берді. Қолындағы шелек салмағы зым-зия жоғалып кетті. Әйелдің: «Құдайым-ау, мынау аппақ ми ғой! Қанға шыланған ми емес пе?!» – деген даусы сол анық-айқын қалпымен, құлағының түбінен шыңғырып қайта естілген тәрізді.

Артына қайырыла қарап еді, әйел көзден таса болыпты. Шок қайың тұсқа назары түсіп әкетті. Олардың аңдайлап көзге ұрған аппақ денелері қызғыш па, қызғылт па, көрер көзге жат, бөтен реңге ауысып сала бергендей көрініп кетті. Сол күннің ертеңіне полк алдыңғы шепке барып орналасу туралы бұйрық алды. Барлаушылардың мәліметі бойынша, соңғы уақытта көп соққы жеп, кері шегінген жау өз күштерін толықтырып, қарсы шабуылға жаңадан жанталаса әзірленіп жатқанға ұқсайды.

Полк түн ішінде түгелге жуық өртенген шағын деревня арқылы өтті. Айнала ауаны ыстың иісі басып кеткен. Ашқылтым түтін өкпені жауып, көзді ашытады. Кей тұстарда әлі сөне қоймаған шалалардың жылт-жылт еткен оттары қотан шетіне ұрлана тақанған қасқырдың көзіндей мазасыз жылтырайды. Айдың ақ саумал жарығы осы маңда ойран салған оқ ойнағанын көп шындығын көз алдыға жайып салғандай. Айнала үй маңын,



көшелерді ірі снарядтар пен миналар апалаң-топалаң аударып тастаған. Жол бойы шұңқыр мен шұқанақтарға толы. Тас төбеден туған айдың өткір, ұрма сәулесі олардың көлеңкесін тіптен қоюлатып, тұтастырып үрейлі етіп көрсетеді.

Үйлердің көбі қирап, талқандалған. Ақ қабырғалы үйлердің қабырғасының беті құрық-шұрық. Тап бір аяулы жанның ақ жүзін жырымдаған қорасын шешек дағындай. Әр жерде қираған зеңбірек, бірді-екілі танктердің рабайсыз бейнелері суық түспен қарауытады.

Мұның барлығы – осында болып өткен ұрыстың шектен тыс қатаң, сұрапыл болғандығының тілсіз айғағындай сыр шертеді.

Абзал көшенің ай сәулесі айқындап тұрған жағындағы үйлердің үңірейіп-үңірейіп қалған терезелерін назарлады. Бейбіт, шаруа сауған жандардың құт-ұясы болған бұл үйлер өз егелерін егіле жоқтап, күңіреніп тұрғандай азалы екен. Үңірейген терезелері қасіреті қалың жанның жас толған көзіне ұқсаулы. Әр үйдің қаусаған есігі мен терезесінен ылғи қара киімді, ұзын бойлы, ақ шашты әйелдер басын қылтитып шығарып, бұларға қарап тұрғандай елестетті. Кешегі әйел турал еш ойламауға тырысса да, оның қорқынышты келбеті естен шықпас елестей санасына қайта айналып соға береді. Ол көзін көшеден бұрып әкетті.

Сапта келе жатқан серіктерінің әңгімелеріне құлақ түрді.

– Неше жаста дейсіз?

– Небәрі үш-ақ жаста екен. Бағана суретін көрмеген екенсің ғой.

– Жоқ, көрген жоқпын.

– Өзі сондай сүйкімді бала екен. Көзін айтсайшы, өзі кәдімгідей-ақ терең ой үстінде отыр дерсің!

– Әке-шешесі қайда сонда?

– Жаңа айтпадым ба, әкесі майданда қаза тапқан, шешесін немістер атып өлтіріпті деп.

– Жауыздар-ай, ә!

Бала туралы айтып келе жатқан дауыстың старшина Графскийдікі екенін Абзал анық таныды.

Оның өзі Барнаул маңынан болатын. Қайырымды, әзілкеш мінезі үшін жауынгерлер оны тым жақсы көретін. Көпшілігі онымен үлкен шенді командирлер жоқ жерде «Вася ағай» деп атай беретін.

Абзал алғаш рет барлауға шығар алдында таратылып берілген үлес арақтан бас тартқанда Вася ағайдың:

– Дұрыс, дала адамдары бұл жарықтықтың қуатынсыз-ақ батыл болады, – деп арқасынан қаққаны есінде.

Қазір қарлығыңқы дауысы жұмсарып, мейірлене сөйлеп келеді.

– Газеттің редакторына хат жазып, баланы біздің үйге жіберіңіз дедім. Менің әйелім сондай тамаша, мейірбан адам ғой, айналайын Глашатай. Алты жасар Витя деген ұлым бар. Менің өзім баланы көп кенжелеп көрген адаммын. Сол менің Витятайыма туған іні болсын деп жаздым. Құдайға шүкір, картошка баршылық. Сиырымыз да бар, өзі сүтті, қысқасын айтқанда, аш болмайды. Кеше Глашамнан хат алдым емес пе, сонда Витяның суретін салып жіберіпті. Бір қызығы, әлгі газеттегі бала екеуі қатты ұқсас екен. Тап бір туыс жандардай. Біздің Витяның өзі ертегіге тым құмар көрінеді. Шешесіне ертегі айтып бер деп көп мазалайды білем. Кейде Витя: «Папамның ертегісін сағынып жүрмін», – деп жиі айтады екен. Соған Глаша менің ертегі жазып жіберуімді өтініпті, – деп Вася ағай мейірлене күлді.

– Әйеліңіз де ертегі сұрап, әбден еріккен екен, Вася ағай, – деді артта келе жатқан біреу. Даусы шырылданқырап шығады екен. Сөйтті де мысқылдағандай шиқылдап күліп алды. Оған ілесе кейбіреулер мырс-мырс күлісіп қойды. Вася ағай үнсіз қалды да, сәлден кейін даусын қырнай жөткірініп қойды. Жігіттердің күбірі пышақ кескендей сап тыйылды. Вася ағай жұмсақ үнмен:

– Крынкин, сен әлі үйленген жоқсың ғой. «Әкеліктің қадірін балалы болғанда білерсің» деген. Бірақ есінде болсын, егер үйленіп, балалы болғандай болсаң, мен сенің балаңның болашағынан кәдімгідей-ақ қорқамын, – деді.

– Қойыңызшы, Вася ағай, қайдағы жоқты айтпай. Мүмкін менің әйелім де сіздің Глашаңыз сияқты мейірімді болып келер, оны қайдан білесіз?!

– Иә, әбден мүмкін. Бірақ сенің менің ойымды түсінбегіңіз өкініштімін. Дегенмен де ой орайы келіп тұрғанда айтқаным артық бола қоймас. Егер сол қыз менің танысым болса, саған ешқашан да күйеуге шықпа деген кеңес берген болар едім.

Жауынгерлердің бәрі ду келді. Кейбіреулері шашалып, булығыса күліп жатыр. Бірақ старшина күлген жоқ.

– Сен, Крынкин, күлме. Мен саған шын айтып тұрмын.

– Ой, Вася ағай, неге күлмеске?! Мен, былайша, жаман жігіт емес тәріздімін ғой. Бой десеңіз бойын бар, сымбат десеңіз, сымбатым бар. Билегенде аяғым аяғыма жұқпайды. Жұдырықпен бір ұрғанда анау-мынау столдың ортасын ойып түсіремін, – деп Крынкин мәз болып күлді.

– Крынкин, мен сенің ол қасиеттеріңді жоққа шығармаймын, бірақ сен мені дұрыс түсін. Дегенмен де есінде болсын, мен Витяға арналған ертегі хатты жазып та қойдым, келесі жазар ертегіге де кейіпкер тауып қойдым. Бұл жолы Вася ағайдың даусы сәл қатқылдау шықты.

– Е, оныңыз кім болмақ?

– Ол – сен боласың! Крынкин қарқылдап күліп жіберді. Жігіттер тағы да ду күлісті. Крынкин күлкісі басылған соң ақтала сөйлегендей сәл күмілжіңкіреп:

– Туһ, Вася ағай, осы сіздің әзіліңіз де қалмайды-ау, әйтеуір, – деді. Дегенмен де кейіпкер болғанның несі жаман, есімінді ел атайды емес пе, жігіттер. Қате емес қой деймін осы. Вася ағай, айып болмаса, осы жолғы ертегіңіздің бас кейіпкері кім? – деді.

– Айтайын, бірақ сен үшін емес, мына ел үшін. Оның бұл жолғы кейіпкері – Марс деген ит.

– Оһо, онда итіңіздің арманы жоқ десеңізші. Өзі алыстағы алып Марстың атын иемденіпті, тегі қасиетті болды ғой өзі.

– Дәл солай. Бірақ Марстың сенен бір өзгешілігі бар. Ол сен құсап жиі тымауратып, жиі контузия алған болып, санбат жақты жиі шырғаламайды. Себебі ол өмірде бір-ақ рет

соғысқа қатысады. Есесіне немістің бір танкісі о дүниелік сапар шегеді.

Крынкин тіс жарып, үндей алмай қалды. Келе жатқандардың қатарынан селдір күлкі естілді де, көп ұзамай сап тыйылды. Арада ауыр үнсіздік орнады. Ақырын қозғалып келе жатқан жауынгерлердің әрқайсысы өз ойының жетегінде келе жатты.

Абзал Вася ағайдың баласына жазған ертегісі туралы ойлады. Марстың бала княлын тербер батырлығы мен ерлігі туралы старшина қалай кныстырып жазды екен? Оның өзі қандай мінезді ит болды екен десейші? Әй, көлденең өткен көк аттыға шабаланып үре беретін көп шәуілдектердің бірі емес шығар, әйтеуір.

Ол ойын осылай түйді.

Абзал соғыста арнайы үйретілген иттердің беліне жарылғыш зат байлап, танктерге қарсы қолданылатынын естігені бар-ды.

Кішкентайында көрші үйдің еркегі жаңа туған итінің күшіктерін ағысы қатты Бүркіттіге тоғытып жатқанын көрген. Сонда ол оларды аяп жылап, оның қолындағы соңғы күшікті жазықсыз өлімнен арашалап алып қалғаны бар-ды.

Орақтан келген әкесі: «Абзалымның өзі араша түсіп, ажалдан алып қалған екен. жас тірлігіне тілектес болып жүрсін. Атын Тілеулес қояйық!» – деді.

Ит-құсқа сақ, ірі тұлғалы Тілеулес ауылдың маңдайалды иті болып өсті. Бір қасиеті – төбелес іздеп тіленіп, орынсыз ұрынбайтын. Шабаланған қайқы құйрықтар абалап қасына келгенде, ырылдай қарсы ұмтылып, ұрыс салуға оңтайланбайтын. Сол бейбіт пішінде, тіпті әрі кеткенде аузынан сілекей шашып, арпылдағандарға ұнатпаған көзбен бір қарап, бнік жауырынын күдірейте, тісін ақситып, көмекейлей ыр ететін де қоятын.

Ауыл адамдары:

– Міне, ит деп Тілеулесті айт. Киелі, дегдар ит кой сабазым, – деп пірдей тұғынушы еді.

Кейінірек өлейін деп жатқан Тілеулестің өлігін көрмеймін деп Абзалдың ауылға бір күн түнсемей кетіп қалғаны бар-ды. Ол Марсты Тілеулеске ұқсатты. «Сөз жоқ, ол да дегдар ит болуы тиіс» деп ішінен ойлады.

Вася ағайдың таныс даусы қайта естілді.

– Шепке жақындап қалдық қой деймін. Анау жүргендер біздің артиллерист жігіттер болар. Бұталардың арасынан қалқаланған ірі зеңбіректердің сәулеге шағылысқан ұзын мойындары окшауланып көрініп қалады. Мандарында қараңдаған адамдар жүр. Тегі жаңа атыс позициясына енді келіп орналасып жатқан болар деп болжады Абзал.

Таң алагеуімде полк алдыңғы шепке орналасып, бекініс ұяларын, қатынас жолдарын жасап үлгерді. Барлық жауынгерлер үш-төрт күнгі үзілісте әжептәуір тынайып, тынығып қалғандығы олардың барлық қимылдарынан еркін аңғарылып тұрды.

Абзал да өзге серіктерімен бірге жау тарапынан күтілген шабуылды қарсы алуға іштей дайындалып жатты. Атыс ұясының текшесіндегі оққа сықай толтырылып қойылған жәшіктерге, гранаталарға көз қиығын салып қойып, жайғасып отырды.

Құланып иектеніп таң атып келе жатты. Батыс жиекке жақындаған ай түнгі әрінен айырылып, кеугім тартқан шығысқа, атып келе жатқан таңға неге асықтың дегендей жеңіл кінәммен қиғаштай қарап тұр. Жігіттер біртүрлі сергек отыр. Тек одан әріректеу тұрған Қрынкин окоптан қайта-қайта басын шығарып, алға мазасыздана қарай береді. Кішкене бұтақшаның қабығын қайта-қайта жұлмалап, окоптың үйінді ернеуіне түкірініп қояды.

Ұялары көрші орналасқан Глсбов пен Викулов шылымдарын жайлап сорып, жақсы бір әңгіме шертіскендей мамыражай күйде отыр. Ара-тұра сықылықтап күлісіп алады. Гуменюк арқасын окопқа беріп, аз болса да мызғып алайын дегендей қалғып отыр.

Абзалдың күлкісі келіп кетті.

Ал адамдар мінезінің тым қызық екеніне іштсі қайран қалатын. Ұрыстан толас сәтте кейбіреулер күлісіп, әзілдесуге де уақыт тауып жатады. Өлім мен өмірдің осыдан қасқағым сәт бұрынғы арпалысы да біржола естен шығып кететіндей. Шындығында да, адамның бойы үйренбейтін нәрсесі болмайтын сияқты.

Осыдан бір жыл бұрын өзі алғаш ұрысқа кірген кезде бұ-ындары дірілдеп, ысқырынған снарядтардың гүрсілі мен жау самолетінен жерге қарай құстай шүйілген бомбалардың құлақ тұндырар ащы даусынан, жарылыстан зәре-құты қалмай, қорыққаны есіне түсті. Бар айласы басын ішіне тығып, құлағын қолымен тас бітеп, окоптың қабырғасына жабысып алып еді. Соны есіне түсіріп, еріксіз жымыды. Сонда Викулов Абзалдың жүзіндегі қобалжу табын шығарып:

– Ешкім де дүниеге болат жүректі болып келмейді. Әлі-ақ үйренесің, жігітім, – дегені есінде.

Бір уақытта окоптың батыс қанатынан автоматшылар взводының командирі лейтенант Смолич пен рота командирінің саяси орынбасары лейтенант Төреқұлов көрінді. Төреқұлов жақында жау бомбасынан қаза тапқан лейтенант Рыловтың орнына тағайындалған. Бойы ортадан жоғары, өткір көзді, қою қасты қырғыз жігіті Асқар Төреқұлов Абзалмен келгеннен соң көп ұзамай-ақ танысқан.

Ол Талас маңының жігіті болып шықты. Офицерлер даярлайтын училищені мерзімінен ерте бітіріп, майданға келгеніне жылдай уақыт болыпты. Бірақ соған қарамастан кәнігі, сақа командирлердей жауынгерлермен еркін араласып, олардың жақын тұтар адамы болып кетіп еді. Елгезек жан екендігі әр қимылынан, әр ісінен аңғарылып-ақ тұратын.

– Туысқан, хал жақсы ма? – деп жымия иек қағып, көңіл бөліп, жай сұрайды. Абзалдың қайда оқығанын, кімдері бар екенін біліп алған.

Бірде жас шәкіртке елеулі ескерту жасаған қатаң ұстаздай сұқ саусағымен нұсқап қойып:

– Байқа, бауырым! Қарлығашты өкпелетіп алып жүрме. Қыз деген халық кінәмшіл болады. Сәл жауап жазбасаң, бұлт етіп, былай шығып кететіндері де жолығады. Сондықтан абай бол, – деп еді.

Сонда Абзал:

– Жоқ, жолдас политрук, Қарлығашты өкпелету қолымнан еш келмейді ғой, – дегенде ол:

– Мінс, мұнын дұрыс! Туысқан, адал адамды, әсіресе сүйген қызыңды өкпелетпеген жақсы! – деп жымия күліп, қулана көз қысып риза болды.

Кездескен сайын:

– Қарлығаштан хат бар ма? – деп сұрап қояды.

Бірде сөткеге жуық созылған ауыр ұрыстан соң поли-  
трук Төреқұловтың жауынгерлерді аралап жүргені есінде қалыпты. Уақтылы ұйқы көрмей, талықси шаршап, титықтаған солдаттардың әрқайсысын өткір қара көзімен көктем шуағындай құйылған ерекше күлкісімен еркелетіп өткен сәттегі оның мейір толы жүзі ерек сұлу еді. Бірде автомат атқылап, бірде пулемет тұтқасын сығымдай ұстап, жауға оқ нөсерлеткен қолымен үлкен-кішіні арқаға қағып:

– Жарайсыңдар, бауырларым! Осылай соғыспасқа хақымыз жоқ! – деген дауысы қиядан шаңқылдаған тау қыранының үн-індеі Абзалдың құлағында қалып еді.

Қазір лейтенант Смолич екеуі взвод жауынгерлерінің орналасу тәртібін, дайындығын тексеріп жүр. Абзал олармен әскери тәртіп бойынша сәлемдесіп, өзінін алдағы ұрысқа даяр екенін баян етті.

– Ал туысқан, қалай дайынсың ба?

– Дәл солай, жолдас лейтенант.

– Жақсы екен онда. Ұятқа қалып жүрмейік. Бізді алдыңғы шепке тегеуірінді күш деп жіберіп отыр. Осыны ұмытпайық, жолдас Есмаханов.

– Құп болады, жолдас лейтенант!

\* \* \*

Аппақ болып атқан таң алғы шептің алыс қанаттарын енді айқындап, назар аясына сыйғыза бастады. Шептің алдыңғы беті жатаған бұйратты жер екен. Олардың етектесіп, қойындасқан тұстарына шілікті бұталар ұйыса бітіпті. Ирек-ирек қазылған траншеяның оңтүстік батыс қанатынан басталған аралас ағашты орман сонау еңіске қарай еңсеріле құлапты. Алғы шептің арқа тұсынан жанаса ағып жатқан өзен назарды өзіне ерек аудартады. Онын қос қанаты бұйра бас, құба талмен әсем

көмкеріліпті. Арна бойын қуалай, шұбатыла шудаланған ұлпа тұман жұмсақ бауырымен өзен үстінде тыншып жатыпты.

Төбесін қымсына қылтитып, күн көтеріліп келе жатты. Оның саулай құйылған арайы тұманның бұйра өркештерін қызыл бояуымен сүйкей салды.

Майса шөп бастарындағы ғажайып түсті моншақ шықтардың көз қуантар құбылма бояуы тіптен ажарлы екен. Көктем падишасындай мамырдың мынау жаңа ғана атқан таңы, бейбіт мінезбен келе жатқан таңы Абзалға мейлінше қатты әсер етті. Тіпті ертегідей. Күрек ұшы қопарып, етік таптаған алаңнан сәл әрірек бір-бірімен иық сүйесе, ұйыса өскен көк түсті гүлдер қандай әсем десейші. Таңғы шапаққа жамырай шомылысып, жуас желдің жұмсақ лебімен ақырын ырғалады. Табиғаттың мынау шуақ мінезіне шын қуанысқандай, көгілдір қауашақтарына нұр сәулені толтырып-толтырып алып, айналаға бейкүнә сәбидей жымың-жымың етісіп қарасады. Олар үшін окоп ернеуіне сүйелген темір өзектер мен адам бастарындағы темір телпектер, жасыл жәшік ішінде жауды бағып, өзегіне өлім ұялатқан қорғасын оқтар мейлінше жат сықылды.

Көгілдір биікте бір орында үздіксіз қанат қағып, бозторғай ән төкпелетеді. Тынымсыз қозғалған қанатына шағылған күн шапағының құбылма сәулесі кішігірім, жылт-жылт еткен отқа ұқсайтындай біртүрлі қызық екен.

Көз алдына жайлаудың жазғы түнінде сонау алыстағы киіз үйдің ішінен әлсіз сығырайып көрінетін шамның жарығы елестеп кетті. Бір-бірімен канаттаса, көрші отыратын қойшылар жаз жайлауда бірін-бірі алма-кезек қонаққа шақырысатын жарасымды жақсы салты бар-ды.

Ымырт үйіріле қойды ауылға әкелгеннен соң әкесі бала Абзалды ат артына мінгестіріп, қонаққа барады.

Үлкендердің әңгімелері тым қызық. Бірі бастаса, екіншісі қоштайды. Бірі аяқтаса, екіншісі бастайды. Кейде әзілдесіп, бірін-бірі жеңіл қағыта, қызығы таусылмас көп әңгімелер айтысады. Бірақ жарасымы мол тату топтың өзара ренжісіп жатқанын Абзал көп көрген емес.



Ақ жаулығын тарта байлаған үй иесі әйел: «Ал, қариялар, бұйырсын, біраздан бәрі дәм берудің кезегі келмей жүр еді», – деп қайқайған қара табақтың ортасына бас салып, жұпыны дастарқанды алқалай отырған көпке ұсынатын.

Олар дәм жеп болғаннан кейін қоштасып, әркім келген ізімен кері қайтысады.

Абзалға ат артына мінгесіп, үйге қайтатын осы түнгі шақты бәрінен де ұнаушы еді. Айнала дүниенің бәрін билеп алғандай ғажайып жазғы түн тыныштығының қайталанбас сұлулығын ол іштей егіліп сүйетін. Сайды жарып ағатын бұлақтан естілген құрбақа құрылы мен әр тұстан еріншектей, анда-санда әуілдеп қоятын қойшы төбеттерінің үндері, шегірткелердің тынымсыз шырылы – барлығына осынау сүйкімді жаз түнінің өзі ерік беріп, еркелетіп қойған бауырларындай көрінетін. Абзалға осы бір үндер кенет жоқ болып кетсе, сол жаз түнінің тіптен де еш сәні болмайтындай әсер етуші еді.

Жусанды, жолсыз даланың төсін бір қалыпты ырғақпен дүрсілдете аяндап келе жатқан ат тұяғының дыбысы Абзалға осындай шақта өз жүрегінің үні секілді естілетін. Дүк-дүк-дүк...

Момын мінезді әкесі қонақ ауылдан біраз ұзаққыраған соң әуен-сазы аяулы бір әнді мұрнының астынан ыңылдап айта бастайды. Алғашында, белгісіз себептен қысылыңқырап айтатын да, шамалы уақыт өткен соң даусын кенеп, сөзін қосып, термелеп айтады. Өмірінде Абзал мұндай жағымды, жүректі шымырлата тербейтін сазды ешқашан естіп көрген жоқ шығар.

Е-е-ей, көк көгершін, көгершін,  
Көк көгершін, көгершін.  
Көк ала үйрек көлі үшін.  
Баданасын бөктеріп,  
Ерлер бір жортар жері үшін.  
Ер азамат ұл туса,  
Намысқа шабар елі үшін.  
Ей, тауда бар-ей, тарғыл тас,

Тауда бар-ей, тарғыл тас,  
Тарықса шығар көзден жас,  
Тар қолтықтан оқ тисе,  
Іздеп бір табар қарындас.  
Ән-қарындас, ән- жолдас,  
Жолдас болмай жол болмас,  
Көп жиылмай қол болмас.  
Көкбақаның сүйегін  
Отқа бір жақпай күл болмас,  
Қас сұлуда мін болмас,  
Қас үйректе сын болмас.  
Балдырғандай жар сүймей,  
Балдырғандай жар сүймей,  
Балапандай ұл сүймей,  
Балапандай қыз сүймей,  
Сірә да, мейір-ей, қанар ма, ей!

Ат артындағы Абзал әкесінің арқасына бетін төсеп, оның әнін үздіге, беріле тыңдайды. Ішінен осы бір сазды ән еш бітпесе екен деп мың қайтара тілсіді. Тіпті әкесінің желбегей шекпен сыртына ұрған денесінің жып-жылы лебі мен тер иісінің өзі осындайда ерекше жағымды болып кетуші еді.

Әкесі әннің сөзі аяқталған соң да, оның сазын ақырын ыңылдай айтып, жалғастыра беретін. Ол тек ауылға тақана бергенде ғана тоқтайды. Ән аяқталғаннан соң оның кеуде кере, терең тыныс алып, жеңіл күрсініп қоятын әдеті бар. Бірақ Абзал әкесінің күндізгі шақта бір рет те ән айтқанын естіген емес-ті.

Кейде Абзал әкесінің қалқасынан басын шығарып, алға, ауыл жаққа қарайды. Көз жетер жердегі түрулі іргеден немесе есіктің саңылауынан жылт-жылт еткен әлсіз, қызғылт от түн құшағынан бұларға бағыт сілтеп, берекелі, бейбіт ошақтың басына мен мұңдалап, жымыңдай шақырып тұратындай көрінеді. Апасы ұршығын иіріп қойып, бұларды көзі тала күтіп отырған шығар-ау.

Абзал шалқалай аспанға қарайды. Шоқтай жанған жұлдыздар алқаракөк, мақпал аспанның аясынан жерге жұмсақ нұрын сауылдата құйып тұрады.

Түн самалы даланың жұпар нісін әрлі-берлі айдап, алып жерді ертең атар таңның алдына арулап, жасандырып қойғысы келетіндей. Шіркін, балғын балалықтың жаз жайлаулы сол бір кездері-ай десейші!..

Абзал аспанға қарады. Киіз үйдің саңлауынан жылт-жылт еткен әлсіз, қызғыш сәулеге ұқсаған аспан төсінде жалт-жұлт еткен кішігірім ұшқын от бір орында дір-дір етіп әлі тұр екен. Тынымсыз қаққан қанаты қылтия бастаған күннің қызғылтым сәулесін қақпақыл қылып ойнап тұрған бозторғай екен. Әуезді сазды әсем үн көктен сорғалай құйылып тұрды.

Абзал көмекейіне шым етіп, әлдененің кілкіп тұра қалғанын аңғармай қалды. Әлден соң таңғы тұнық ауаның көгілдір шымылдығын дір еткізіп, өзен жақтан бұлбұл сайрай жөнелді. Алғашында көмекейден әннің әрін келтіріп алайын дегендей, кішкене нәзік үнмен толғап-толғап алды да, кеудесін кернеп тұрған сазды сан бөлек әуезімен сорғалата жөнелді.

Абзал басындағы каскасын шешіп алып, текшеге қойды. Толқулы күйде өзен жаққа құлағын түрді.

– Мына кішкене періні қарай көр! Төкпелетуін өзін! Тап біздің Курскіден келгендей, – деген үнге жалт қараған Абзал көгілдір көзі күлімдеп, өзен жаққа қарап тұрған Гребневті көрді. Ол естідің бе дегендей ым жасап, Абзалға иек қағып қойды...

Қарлығаш екеуі бірде тау жаққа қыдыра барып, тал аясында тыныстап, әңгімелесіп отырған еді. Сонда, қайдан шыққаны белгісіз, жақын маңнан өзі бұрын естіп көрмеген бір құс сайрап қоя берді. Тіпті алғашқы кезде аузын ашып, отырып қалған. Ғажап сазға елтігендей:

– Туһ, мынау не деген ғажайып үн! – деп, шектен тыс тандана таңдай қаққаны есінде. Сонда Қарлығаш:

– Мынау – бұлбұлдың үні! – деп, қуанған түрмен Абзалдың құлағына сыбырлап. – Бұлбұлдың үнін бұрын естігенмен, өзін көрген емеспін, – деп демін ішіне тартып отырып қалған. Содан

кейін скеуі бір-біріне сақ қимыл жасауды ескертіскендей сұқ саусақтарымен белгі етісіп, отырған маңын сүзе қарап шықты. Бір мезгілде, жасыл бұта арасынан лып етіп, биіктегі бұтақ басына ойнап шыға келген кіп-кішкентай, қоңырқай сарғыш құсты көрген. Қалың жапырақ астына бойларын жасырған скеуі ыстық демдері бірін-бірі шарпи, беттері түйісе, бұлбұлдың үнін беріле, ұзақ тыңдаған болатын.

Тап қазіргі сәтте, осынау майдан даласында өзгеше сазбен, сағыныш сазымен қайта оралған бұлбұл әніне Абзал елжірей қуанды. Ол Қарлығыш туралы ойлады. Абзал жарық дүниенің тіл айтып жеткізгісіз сұлулығына, осы шаққа дейін оның ерек қасиетін толық қастерлей алмай жүрген ажар-көркіне ерекше ықылас-мейіріммен сүйсіне қарайды. «Құдай-ау, не деген ғажайып, не деген сұлу еді мына дүние!»- деп ішінен тамсанды.

Аспан күлімсіреп тұр екен. Ол шексіз уақыттың шынайы мінезді қонағы болуға үйренбей келе жатқан пенделердің ұсақшыл қылықтарын мысқыл ететіндей.

Абзал жеңіл күрсінді де, жер қабырғаға сүйеулі тұрған автоматына қарады. Қайдан келгені белгісіз, өзінен үлкен дәнді кесе көлденең тістеген бір құмырсқа автоматтың оқ шығатын өзегінің аузын айналсақтап шықпай жүр. «Тірлігінің түрін қара, не тілеп жүр екен?», -деп, іштей мырс етті.

Соңғы кездері Абзал өзінің тым ойға берілгіш, әр нәрсені өткір қабылдап, әсерленгіш болып алғанын сезініп жүрді. Ол мұның ішкі себебін майдан өмірінің адам сезімін тым қырағы қылуынан әйтпесе сезім дүниесінің ылғи да ширығып жүруінен шығар деген бұлыңғырлау ойлауға берілетін.

Алғашқы ұрыстардың бірінде Абзал осы күйді өз басынан кешіп еді. Қатарында жатып, жау әскерін пулеметтен атқылап жатқан авар жігіті көз ілеспес тосын қимылмен орнынан шоршып тұрған. Содан кейін кеудесін баса берді де, кескен теректей гүрс етіп құлап түскенін көрген.

Абзал оққа ұшқан жанды жақыннан, дәл өз қасынан көремін деп ойламауға тырысушы еді. Өлетіндер, оққа ұшатындар ылғи да жау солдаттары болар деп елестетіп үйренген ол, аңғырт,

сәбилік ойдан сол сәтте-ақ біржола арылып еді. Қапсағай денелі, қою қасты, кесек мұрынды жас жігіттің күнге өніп, тер сіңген гимнастеркасының кеуде тұсынан шып-шып етіп күрең қан шығып жатты. Шатынай ашылып қалған көзіне көзі түскенде, төбе құйқасын әлдекім ұстарамен осып өткендей сезінді. Қинала ашылған аузы бір жағына қарай қисая ашылыпты. «Не үшін өлдім? Неге өлдім? Неге? Неге!!?» – деп айналасына айқайлай айтып, аңырап жылап жатқандай көрінді.

Көз алды тұмантып, бұлдырап кеткен Абзал танкілерін алға салып, елеуресс алға жүгіріскен немістерге оқты қарсы боратты.

– Гады, кровопийцы! – деп ызалана орысшалап жіберді.

Автоматтан ұшып шығып жатқан бос гильзалар ыстық толқынды бетке ұрып, жарқ-жарқ етіп, күнге шағылыса ұшып жатты.

Осы сәтте атқан оқтай зыңғыған ащы ой жалт етіп, жанап өтті. Мына айналасымен ағындап, аласұрған сансыз оқтардың біреуінің өзіне де даруы мүмкін екендігін ойлады. Бәлкім маңайдан, бәлкім қак жүректен... жоқ, өзім өлгенге дейін өлім сепкен өзгені өлтіруім керек.

Тоқымдай төбенің басында оның ойына оралған кесімді, ксрмек ой оны ширықтырып жіберді.

Ұрыс аяқталып, жау легі кері серпілгенде, ол жағының тас болып қарысып, саусақтарының сіресіп қалағанын бір-ақ аңғарды. Ауа толған ащы түтін нісін мұрны тіптен қабылдамай қалған. Ұрыс алаңының әр жерінде өртке оранып, қою түтінге көміліп қалған жау танкілері де Абзалды таңқалдырмады. Танк маңайында әрқалай аунап, діңкиіп жатқан жау өліктері де мұны қуантып, серпілткен жоқ. Есеңгірегендей бір халде өліп жатқан аварлық жігітке, одан әріректе әрқалай құлап, өлген, жараланған өз жолдастарына қарап, мең-зең күйде отырды.

Өзіне тақау маңдағы шөп арасында автоматының тұмсығы әуеге көтеріле құлап жатқан неміс солдатын көргенде, жүрісі аяң шабан аттай сылбыр ой басына оралды, «Мүмкін, бұл немісті мен өлтірген шығармын. Пәлі, менің де кісі өлтіруім әбден мүмкін екен-ау...»

Майдан өмірінің түсіне кіріп, өмірінде кездесе бермейтін әр алуан оқиғалы, әр алуан әсерлі құбылыстары жиырмадағы жасты сағат санап, күн санап өсейтіп келе жатты. Алғы шепке сніп, шайқас атаулының небір сұрапылдарын бастан өткізген Абзал Есмаханов өзге жұртқа мен көрдім, мен мынаны істедім деп айта алатын өзінің кішігірім тарихы, шежіресі бар жандардың сапында екенін сезініп жеңістің де, өкінішітін де әр бөлек дәмін татқан. Ол осы уақыт аралығында адам сезімінің беріктігінің, осалдылығының сыналар тұсы осындай шақ екенін жас жүрегімен ұғынған.

Бейбіт шақта бейберекет шашылып, жеткізе алмай жүретін уақыт бұл жерде аз болса да орнын тауып жатады. Ойын да ұшталып, бұлдыр түйсіктен ажырап, айқындыққа қарай құлаш ұрып тұрады екенсін.

Ол алдыңғы күні кешкілік Қарлығаштан хат алған еді. Сағынышқа толы сыршыл хат жас Абзалды шексіз қуанышқа бөлеп еді. Алыс Алматыдағы ақ пейіл, адал достың сыршыл ойы мұның қиялын қанаттандырып, көнілін тасытты. Сенген достың, сеніскен жүректің мол сырын бүкпей айтып, болашақ өмірдің қызығы мол кеңістігіне қиялымен құлаш ұрып, сыр ашыпты. Тілек ойы-жеңістің тезірек келіп, мұның өз серіктерімен елге аман-есен оралуы. Көк теңіз ортасындағы белгісіз, жұмбақ аралдай алыстан сағымданған жастық базарына құштарлықпен асыққан жүрек толқуы Қарлығаш жазған хаттың әр жолынан айқын сезілгендей. Ол хатты оқып шыққан сәтте өзін титтей де болсын әлсіз сезінуге, нашар соғысуға хақысы жоқтығын ұғынды.

Абзал сол күні мамыр айының жұмсақ, айлы түнінде Қарлығашқа хат жазған-ды.

Сол түнгі айлы аспаннан ақ торғындай төгілген сәулесінің өзі де тым ғажап еді-ау! Өлі кеуде болмаса, тірі пенде селт етпей, бір серпілмей қала алмайтын осы бір аяулы шақта Абзал тамақтан босаған жәшіктердің бірін алдына қойып, хат жазуға отырған.

Ақ қағаздың алғашқы жолына қарындашпен «Қымбатты Қарлығаш!» деп, бар өнерін сала, әрлей жазған. Үйлесім

тауып, бір-бірімен үндескен осы екі сөз көзіне күлімдей қарап тұрған сыңайлы. Тіпті саумал сәуленің жұмсақ ұлпасы қарындаштың қағазға түскен қатқыл ізін жұмсартып, жағымды етіп жібергендей. Бір-бірімен шын сүйіскен құрбылардай қолтықтасқан әріптердің әрқайсысы оған әр бөлек сыр шерткендей көрінеді. Олар Абзал жастың алыстағы Қарлығашқа айлы түннің ақ саумал ажарындай сезімін, ыстық ықыласын алып ұшуға дайын тұрған ақ канатты елгезек хабаршыларындай көрінген.

Абзал қарындаштың басын аузына салып, ойланып отырды.

Не туралы жазсам екен, ә? Осыдан апта бұрын барлауға «тіл» алуға барғанда, жаралы немістің мұны атпақ болғанын жазса ше? Сонда ол ересен жылдамдықпен атылып барып, бас киімісіз немісті бастан автомат дүмімен қайқайта ұрғаны. Оның бас сүйегі соққы тиген мезетте пышыр етіп, жан түршіктіретіндей дыбыспен сынғанын естіп еді. Осы жайды хатқа жазсам қалай болар еді? Жоқ, бұл жан түршігерлік екен, тым катал, жүрек тіксінетін сурет қой! Керегі жоқ!

Әлдебір қатты шайқас кезінде біздің ұрыс шебімізге өтіп кеткен неміс танкісінің мұның қарулас серігінің бірін мыжып кеткенін айтса ше? Жоқ, мұның өзі де жақсы емес. Дүниедегі ең ауыр, ең азапты сәт – тап өзіндей ет жүректі жанның, әлгінде ғана иық түйістіріп, бір ыдыстан ас ішкен серігінің қасқағым шақ арасында топ қасқыр паршалаған қойдай адам танығысыз пішінде мылжаланып, сүйегі шығып жатқанын көру екен. Жоқ бұл сұмдықты Қарлығаш білмей-ақ қойсын, естімей-ақ қойсын!

Бұл адам пішінді хайуандар біздің қасиетті жерімізде не істемеді дейсің?! Өткен қыста жау қолға түскен совет солдатын еш шынын айтпаған соң астыңғы, үстіңгі ернін кесіп, аузын құлыптап, мазақ қылғандай өзімізге қайтарып жіберіп еді. Сол ержүрек жігіт блиндажға ене бере, есінен танып құлап түскенін Абзал өз көзімен көрген.

Құлып ашылмайды. Амалсыздан хирургтың ақ пышағын көмекке шақыруға тура келген. Осы туралы Абзал Қарлығашқа

жазғанда, ол хатты оқып шыққаннан кейін егіліп, екі-үш күн бойы ұйықтай алмай, қатты қиналғанын жазған-ды. Жүректі жайсыз, ауыр сезімге бөлейтін оқиғалардан олар да кенде емес шығар. Мұндай жайды хатқа жазып, айта беруге тым әуес болудың да қажеті шамалы болар деймін. Абзал осылай ой түйді.

Енді не жазсам екен?

Жоқ, әлде снаряд пен мина, бомбалар қолсызым жерде жатылып жатқанда, окоп түбіне тығылып, жау оғы қай бүйірден қадалар екен деген сұмдық бір үреймен бұға түсіп, ішінен: «Шіркін-ай, окоп түбінде басқа бір терең қуысқа, мынадай сұмдықтарды көрмейтін, естімейтін бір панаға апаратын ертегілердегідей есік табылса деп мың қайталаған тілегімді жазсам ба екен. Жоқ, мұным тіпті күлкілі болып жүрер. Бірақ ойлаған адамға бұл күлкілі де емес қой. Қатал соғыстың қаһары адам басына жайшылықта келе бермейтін сан алуан ойларды қозғап, оятып жатады емес пе? Мүмкін, окоп түбіндегі өзге жандардың әрқайсысы да тап мен сияқты ертегідегідей ғажайып есік іздейтін де шығар. Бірақ кейін ес жиып, күл аралас, дәрі аралас шанды үстіңнен қағынып, автоматтыңды алдыңа алған сәтте, айқындық қайта оралған шақта тірі қалғаныңа мың қайтара қуанысып, мағынасыз өліммен өлмегеніңе шүкіршілік етесің. Жауыңмен бетпе-бет келіп, қоян-қолтық айқаста бұрынғы кеткен кегінді еселей алар, есінде қалар қимыл жасап, көз жұмсаң да бір арман екен-ау деп ойға қаласың. Ал ін түбіне бұқтырып қойып, дәрменсіз қалған аңға білгенін істейтін сайқымазақ аңшының табасындай қорлықты бастан кешудің өзі нағыз азап екен.

Жоқ, бұларды тізіп жазып жатудың өзі тым келісімді бола қояр ма екен?

Айтпақшы, «ертегідегі сиқырлы есіктей» демекші, старшина Графский сияқты бір ертегі жазып жіберсем қалай болар еді? Ха-ха! Абзал, ол ойынан да тез тартынды. Қарлығаш бала емес қой. Тоқта, тоқта! Дегенмен де, несі бар, жазып көрсем қалай болар еді? Қиял-ойымның қанаты, былайша ойласам, жететін де сияқты. Мектепте де, университетте де әдебиеттен



әжестеуір көзге түсіп жүрдім емес пе. Қайткенмен де ойлану керек болар. Бес-алты жасар бала қандай ертегіге де болса сене береді. Тек келістіріп айт. Ал он сегіз жастағы қызды ертегіге иландыру кез келген адамның қолынан келе қояр ма екен. Әй, қайдам? Қисынын келістірмесең, келісімін таппасаң, нана қоюы скіталай болар. Өмірдегі ең ауыр жаза – адамдардың саған артқан сенімінен айырылу.

Иә, содан сақтағайсың!

Шіркін-ай, алыста жабырқау тартып, екі көзі төрт болып жүрген сүйген жанды сендіретін, өміріне өріс беретін бір ғажайып, тамаша ертегі тудырса ғой. Бұл ертегілердегі адамдардың барлығы ылғи жақсы, ет жүректері елжіреген пейілді адамдар болса. Олар ылғи да тек достықты, бейбітшілікті сүйетін жандар болса. Бірақ ондай ертегі тым қызықсыз да болады екен-ау.

Адам бойындағы бар жақсы қасиеттің өзі сын сағатта, сан қилы шытырманы көп өмірдің қиыншылықтарында айқындалып, анық ажарымен көрінеді емес пе.

Абзал Ваня ағайдың өз баласына жазған ертегісінің мазмұнын білуге шын ынтықты. Кеше түскі ас кезінде сұрауға оқталып барып, өзін тежегені есінде. Өз ниетін оның көңіліне тиер теріс қылыққа санады.

Оның қолындағы қаламы қағаздың ай нұрына шағылған аппақ бетіне батып тие алмай, сандалақтап, шарқ ұрған қолдың уысында тыпыршып, тыныш алмай жүрді. Біресе пышақтай өткір тістердің арасына қыстырылып бір тұрса, әлден кейін жіпсіз, суық тер шыққан мандайға түбін тіреп, бір орында шыырлап тұрады. Енді бірде егесінің самай тұсын түп қырымен сипай қасып, баяулап, бейғам қозғалады.

Не туралы жазғаным дұрыс болар еді? Қайткен күнде де қалыпты әуенмен басталатын хаттың ықылым заманнан бері келе жатқан ескі сүресінен аулақ, соны сыры бар, сағынған жүректі жұбатып, тебіренетін, адамды пендешілік күйректіктен арашалап, оған рухани қуат, медет беретін пікірі шырайлы, ойы оралымды хат жазуым орынды ғой деймін. Иә, дәл солай!

«Қымбатты Қарлығаш!» Ықыласқа толы жүректен жалын ата шыққан осы екі сөзге, Абзалдың ойынша, оның Қарлығашқа

деген ыстық сәлемі, сүйіспеншілігі – бәрі сыйып тұр. Басы артық сөздің керегі жоқ.

«Адам дарқан табиғаттың өмір деген ұлы сыйының шын қадірін өмір мен өлімнің жанталасты арпалысы шағында біледі. Қаһарлы соғыс бұл шындықты адамға тез ұғындырып, ерте есейтеді екен. Бұл сұрапыл алапатты өлім өзінің өрсі ұзын құрығын секунд сайын сенің кім екендігіңе – данышпан, дана екендігіңе, батыр немесе қорқақ, ер немесе ез екендігіңе – еш қарамай-ақ сала береді. Бораған оқ пен снаряд жарқыншағы дөп тисе, құшаққа сыймас мынау сұлу әлеммен, көз жауындай мөлдіреген тұнық көкпен, жасыл дүниенің жұпарын әкеліп, жас көкірегіңді нұрға толтыратын самал желмен, сиқырлы сағымын теңізше толқытып, кеңдікті, ашық пейіл, ақжарқындықты үйреткен жазиралы даламен, ажарлы, әрлі, Әдемі жапырақтарын желге шайқай, жасыл шулы жыр төккен орманмен, ақ қарлы шыңы асқақтай көкке шаншылып, етегіндегі елге биіктіктің, пәктіктің сырын үнсіз тілмен ұғындырған заңғар таулармен, алуан бояулы арайын сәт санап құбылтып, ұйқыдағы әлемді дүр сілкінте оятқан алтын күнмен, дір-дір етіп тыншымай, ай мен күннің сәулесін мың құбылта ойнатқан сылдыр сулы бұлақпен, кешкілік шақта көк төбеге жиылып, алқалай отырған топтың ортасында кәрі құлақ домбырасын күйлеп, тал бойыңды шымырлата, көзіңе ыстық жасты үйірілте салған жыршы қарттың толғау жырымен, ерте есейіп кетсек те, жұмыстан немесе оқудан шаршап қайтқаныңда: «Құлыным!», – деп тебіреніп, еркелеткен анаңның аяулы үнімен, оның жұмсақ қолының тұла дененді еріткен жылы шуағымен, жабырлы көктем гүліндей жастығыңмен, махаббат бағында сүйгеніңмен бір тұрып, оның өрттей ыстық деміне мас болып, қауышысқан құшақ пен бал еріндердің аймаласқан еркіне беріліп, жалын атқан сәттермен – сені біржола, мәңгілікке қоштастырады!

Сондықтан да, жаным, Қарлығашым, күресе білуіміз керек, өмір сүре білуіміз керек! Мен мұны мың рет, миллион рет қайталап айтқым келеді. Осындай ойға келген кезінде өмірдің тіл жеткізіп айта алмас ұлылығын, асыл қасиетін ерекеше айқын, ашақ сезінесің. Өмір сүріп жүрмін деп бір күнгі

тоқтыққа мас болып, жеңіл күн кешіп жүрген кей адамдарға еріксіз күлкің келеді. Кең әлемді жаңғырта, бар даусыңмен айқайлай, олардың ұсақ тірлікті күйттеп, күйгелек күйбеңмен күн кешіп жүргендерін бетіңе басқын келеді.

Сондықтан да шын мәнді, мағыналы өмір сүру үшін, оның сұлулығы үшін, өмірдің өміршендігі үшін күресе білудің қаншалықты қажет екендігін мен терсең ұғынғандаймын. Қасиетті топырағымызға қанды аяғың салған қаскөй жаумен айқаста сол күрестің жаңа мағыналы сипатқа не болғанын түсіне бастағандаймын.

Мүмкін, бұл жолда өміріміздің мерт болуына ешкім шек қоя алмайды. Соғыс заңы – әшекейлеп, сырлауды, әрлеу мен бипаздауды білмейді. Сол себептен де осы қасиетті соғыста қалай болса солай өле салу – еш кешірілмейтін азапты күнә. Мұның дұрыстығына, ақтығына көзің жетіп, елің үшін, анаң үшін, сүйгенің үшін, балаларының тері тамып, қаны сіңген жер үшін, соның азаттығы үшін бар асылыңды бере алғандығына көзіңді айқын, ашық жеткізе білудің өзі бақыт!

КазГУ-де комсомолдың туған күніне арналған кеште мен кеш алдында өзімнің «Комиссар» деген өлеңімді жатқа оқыған едім ғой. Сонда сен мені сыртқа шыққаннан кейін қатты қыса құшақтап: «Сен шынында да нағыз комиссарларға ұқсап кетеді екенсің. Көздерің ұшқындап, жанып кетеді екен», – деп айтқан сөздерің әлі күнге дейін құлағымда тұр. Міне, сол комиссар жігіттің ішкі дүниесі, халі сондай асқақ, аяулы жан еді ғой. Халкин– Голдағы сол комиссардың ерлік өлімі өзге жауынгерлерге ерлік күш, жігер берген жоқ па еді.

Шынында да соғыс өмірінде небір ғажайып ерліктер болып жатады. Тап сондағы менің балаң өлеңімде қиялдан туған от жүректі комиссардай талай жандарды өз көзіммен көріп те жүрмін, күнделікті кездесіп, тілдесіп те жүрмін. Бәрі де өзіміз сияқты қарапайым жандар. Өзің сондай адамдармен араласып, сырласып, бірге ұрысқа қатысып жүргеніңде, өлім деген тіптен де қорқынышты емес»...

Абзал сол айлы түні аяқталмай қалған хатын оқып шықты да, ойлана отырып қалды. Хатты аяқтай салсам қайтер еді?

Шығысқа көз салды. Күн қол созым бойы көтеріліп қалыпты. Әрі сазды құс үні тіршіліктің толассыз күйіндей, таңғы ауаны әнге бөлеп, айналаға өзгеше сән бергендей екен.

Қой, жазсам, жазып-ақ тастайын! Ол осы минуттарда таңның тамылжыған көркінен, құстардың салған әнінің әсерінен айыға алмай отырғандай бір халде еді. Абзал қалтасындағы қарындашын алды.

«Қымбатты Қарлығаш! Мен бүгін таңертең бұлбұлдың ғажайып әнін қайта тыңдадым. Сонау бір жылғы өзен жағасында кездескеніміз есінде ме?...»

Тұп-тынық ауаны жаңғырта гүрс ете қалған ащы дауыс таң самалын аймалай, тыныштыққа мас болған албырт жерді шошытып оятты. Көз шағылыстырдай жарқ етіп, әуелсі шапшыған жалын тұнық көктің жүзін қарып алды. Әуелей, түйдектеле атылған жентек-жентек топырақ батыс жиекке ілініп, жүдеу тартқан боз айдың бстін бес батпан салмағымен түйіп-түйіп жіберді.

Шошына селк еткен Абзал орнынан атып тұрді. Хатты төс қалтасына сала салды да, автоматына ұмтылды.

Иттің балалары, қапыда бас салмақ ниетте екен ғой. «Көптен бері үнсіз жатуы тектен-тек емес, қырағылықты жоғалтуға болмайды», – деген Төрсқұловтың түнгі сөзі расқа шықты.

Алғашқы кезде снарядтар окоп қазылған аймақтан артқа қарай ауытқып, шашырай жарылып жатты. Аздан соң біртіндеп біртіндеп жауынгерлер жатқан шепке қарай ойыса бастады.

«Ойпыр-ау, біздің артиллерия неге үнсіз қалды? Не болған бұларға?» Өкініш пе, күйініш пе, белгісіз бір леппен дауыстап жібергенін аңғармады.

Алысты тасаланып, межелі жерді дәлдеуге ұрымтал артиллерияның жаяу әскердің бекініс шебін соққылағанынан ауыр зат жоқ шығар. Тайыз суды қайырлап, адамның шанышқысынан жанталаса қашқан балықтай болған дәрменсіз, ауыр халді Абзал бұрын да бастан кешкен.

Оңды-солды жарылған снаряд пен миналардың дүмпуінен солқ-солқ еткен окоптың сызды қабырғасы бүйірді бүлк-бүлк соғады. Окоп кенеріндегі жал-жал топырақ суси түсіп, мойынға

құйылды. Дым топырақ аралас ащы дәрі иісі қолқаны қауып, көзді жасауратады.

Ішкі тыл жақтан біздің зеңбіректер де тіл қатып қоя берді. Тегі мұндағы қам-қарсқетсіз қалған жауынгерлер алдындағы айыбынан ақталғысы келгендей снарядтарды нөсерлете төкпеледі. Бір-бірімен үндесе, бір деммен атылған бұл дауысты естігенде, Абзал еркін тыныстай «уһ» деп демді бір-ақ алды. Мандайынан шып-шып шыққан суық терді жең сыртымен сүртіп тастады. «Жарайсыңдар, жігіттер!»- деп іштей сүйсіне күбірлеп қояды.

Лейтенант Смолич алқына дауыстады.

-Ұрысқа дайындалыңдар! Өзі қатынас жолымен жүгірген бойда сол жақ қанаттағы танкіге қарсы ататын қарумен қатар тұрған екі солдатқа барып, қолын сермеп, әлденелерді қызу ұғындырып жатыр.

Бір мезгілде қарсы беттегі селдір бұталы, жатаған қырқа астынан зеңбірек үніне аралас өзгеше гүріл құлаққа еміс-еміс шалынды. Іле-шала немістердің артиллериясының үні де саябырси бастады.

Артынша-ақ айбар шегіп, алға ұмтылған оқжыланның басындай ұзын өңешін қайқайтып-қайқайтып алып, жатаған қырқа астынан неміс танкілері шыға келді. Жаңа шыққан күнмен шағыла жалт-жылт еткен сұсты мойындары жалқын сәулені тыныштатпай, әрлі-берлі лақтырып, қақпақылдайды. Бүйірлері қызыл түспен шыланған танкілер алға өршеленіп ұмтылып келеді. Тегі өрісі жетер жерге өрт әкеле жатқан сыңайын айқын танытып қалғысы келгендей.

Әлгінде ғана саябыр тартып, аялға көшкен біздің зеңбірекшілер де қайтадан танктерді атқылай бастады. Олар да шомбыл, ұзын өңешін жүріп келе жатқан бетте бұларға қарай шүйілдіре беріп, қан жалынды лақ-лақ еткізіп төгіп келеді.

Айналаның барлығы аза бойынды қаза қылғандай ащы үн, тарсылға толып кетті. Ерсілі-қарсылы солқ-солқ ұрған снаряд сом толқынымен маңының бәрін сыпыра соққылайды. Ыстық жалын, түтін иісі ауаны алып кетті. Окоп маңындағы ұйыса біткен қалың шалғын шөп ұйпа-тұйпасы шыға, бей-берсет

шашыраған жентек топырақтың төмпешінің астында бұқпалап жатыр. Сұрқия үнді снаряд ысқырына келіп соққанда, қара жердің қабырғасы қақырай айырылғандай. Аяусыз тоқпақтан бас сауғалай алмай қалған жер ыңқ-ыңқ етіп, оңды-солды аласұра аунайды.

Танктерді қалқа етіп, қапталыста келе жатқан қалың нөпір көп солдат автоматтарынан оқ себелеп, алға адымдай ұмтылып келеді.

Бұршақтай жауған оқ ауаны осқылап, айнала манды піспектеп жатыр. Тап бір көктен көрінбей, көлбей түскен істік найзадай. «Уфит, уфит» деген сыпсың, ұры мінезді суық дыбыс шығарып, өлім іздеп жалақтап, окоп айналасын тіміски тінтіп жүр. Ыстық демін тез басып, қызуын лып өшіретін қара жердің суық қойнынан суси кашқалақтайтындай. Тегі бөлек нысана іздеп, жылы тәннің жұмсағын жұтына аңсағандай айнала алас ұрады. Дегені болмағандары ызаға булығып, аласа бұталар мен жасыл шөпті қыршып түсіп, құшырын қандырады. Біресе дым топырақты күре тамырдың қанындай көкте шапшытып құтырынады.

Абзал алғашқы қатты дүмпуден құлағында қалған ызыңнан енді арыла бастады. Ол үстін басып қалған топырақтан сілкінді.

Оның көзі ұрыс аймағының суретіне енді-енді қаныға бастады. Немістердің тобын нысаналай атқылай бастаған ол он жақ қанатқа таман тақанып қалған танктың қою қара жалынын аспанға будақтатып, шыр айналып тұрып қалғанын көрді. Бір кезде соның қатарына тақанып қалған екінші бір танк те өртеңе бастады. Абзал зеңбірекшілер жаққа қарап қойып: «Жарайсындар, бауырлар!» – деп сүйсініп қойды. Бойын кернеген бөлекше жігер желпіндіріп тастады. Бөлімше командирі Нестеренконың:

– Өзіңе де сол керек! – деп айқайлап жіберген дауысы айқын естілді.

Немістің жаяу әскерлері алғашқыдай бой көрсетер еркін қимылдан ада болған. Танкілерді қалқалай, демеу қылып, алға өңмендей, өрекипі жүгірісіп, жата қалып атысады. Ара-тұра біреулері қалбалақтаған қимылмен құлап түсіп, тұрмай қалады.

Алға өзеурей шапшуылдаған танкілердің арыны әлі басылар емес.

Соңғы айларда жеңіліс дәмін көп татқан немістер шегініске бой үйретіп алғандай еді. Енді сол көп сәтсіздік шегіне жетіп, тап бүгін жаңа бір серпін күшпен кеткен кектің есесін қайтып алғысы келгендей ширығулы халде алға ұмтылады. Біздің әскерлердің мықты қорғаныш пен ширақ шабуылдарын қатар ұштастырып, алға үдсген адымына қайткен күнде де тұсау салғысы келгендей кесір ниетте. Шымыр бекініс шебін шорт үзгісі келіп, шамыркана шабуылдауы содан болса керек.

Жүзі күреңітіп, көкшіл көздері мүлдем өткірленіп кеткен Смоличтің:

– Гранаталарыңды даярландар! – деп айқайлаған даусы Абзалдың дәл құлағының тұсынан естілді. Ол мұның жанынан жүгіріп өткен бойда окоп шетіне етпеттей құлап қалған ПТР атушы жігіттің қасына барды. Басын қан жуып кеткен солдатты окоп ішіне сусытып түсіре берді де, танк ататын мылтықты қолына алып, алдын нысалай бастады.

Абзалдың құлағына шаңқ еткен ащы дауыс жетті. Көз қарықтырғандай жасыл көк сәулеге ілесе бұрк ете қалған топырақ аспанға атылды. Оның қоңырқай, жалбыр шымылдығы сейілгенде, бір орында жын қаққандай шырқ айналып, аласұрған неміс танкісі көрінді. Ол кенет солқ етіп, кілт тоқтады да, мұнарасы шыр айналып, оқ ататын өңешін бұларға қарай асығыс бұра бастады. «Қақпан қапқан қасқырдай айла жасап, алғызбауға тырысуын залымның», – деп ішінен мырс етті. ПТР-дың шаңқ еткен өткір даусы қайта естілісімен-ақ, әлгі танктың май бағы тұсынан қою қара жалын бұрк ете қалды.

Шынжыр табаны сетінеген өлермен танк сонда да бір рет атып үлгерді. Оның соңынан іле-шала танктың люгін ашыла берді де, немістің біреуі сыртқа мысықша атылып шығып, мұнараны тасалай, артқа секіріп кетті. «Шапшаңын нәлеттің!» Кеш атылған оқтың адымы жетпей, люкке соғылып, қиыс кетті. Абзал өкініш еткендей, ернін қырши тістеп алды.

Қалғандары қайтер екен? Іштей тыныс тартып, автоматын туралап, өзге дүниенің бәрін ұмытқандай күйде отырды. Бойына енген салқынқандылыққа іштей таңданып та қойды.

Сол мезетте екінші біреуі ерек жылдамдықпен әрі қарай аунап түсуге әрекеттене беріп еді, Абзал оқты туралай себелеп жібергенде, неміс рабайсыз қимылмен жанып жатқан оттың ішіне топ етіп, аунап түсті.

Абзалдың бүйірінен біреу түртеді. Старшина Графский екен. Кішкене жасыл қапшығы буылтық-буылтық әлденелерге толы.

– Мә, немістерді сыйлайтын алмұрт әкелдім. Жаяуларын тойдыруға жарайтын жем. Тек құлашын ұзын болсын! – деп көзін қысып қойды да, Абзалға төрт жұмырша граната берді.

– Көптен бері қолға түспей жүр еді. Құдай бұйыртып, онынан оралтқаны. Түнде ғана бір партиясы түсіпті.

Вася ағай соншама жайбарақат қалыпта, тіпті айналаның гүрсілін, дүмпуін елең ететін жан емес сияқты. Тап бір таныс сатушыдан аса ділгір затын көңілдестігі арқасында алған жандай. Елудің есігінен снуге шақ қалған старшинаның қатынас жолымен бұқпалай әрі кетіп бара жатқан қимылына Абзал сүйсіне қарады. Ол сәл ұзай беріп қайырылды да:

– Ал, ұлым, әзірге сау болып тұр. Тек қак тұмсыққа дөп серме! – деп жымың етті.

Абзалдың ойына Вася ағайдың ұлына жазған ертегісі қайта орадды. Тап өткендегідей өзгеше таңсықтықпен, құмарлықпен сол бір ертігінің ғажайып сияқты көрінген оқиғасын білуге құмартқан сезім бойын тағы биледі.

– Вася ағай! – деп айқайлап жіберді. Бірақ старшина естіген жоқ. Абзал бір сәтке мұңайғандай халде тұрып қалды.

Сонау көңіл түкпірінде тыншымай, тыпыршыған бір тілек өз ниетінің тауы қайтқанына ықыласты емес сияқты. Біртүрлі жүдеп қалды.

Иә, ол ғажайып ертегі болуға тиіс. Ол Глаша апайдың ерінен хат алған сәттегі көңіл күйін көз алдына әкелді.

Нәзік саусақтары дір-дір етіп, хатты алып жатыр. Үй алдындағы кішкене бастырманың астына отыра қалып, көзі жасаурай, хатты асығыс-үсігіс оқи бастайды. Көршілері де жүгіріп келеді. Олардың артынша ентіге жүгіріп, Вася ағайдың алты жасар ұлы да жетеді. Өз-өзінен демігіп, екі бетінің ұшы



нұрланып, сүйкімді көздері күлім қағып, анасының иығына асылды:

– Мама, папамнан ба? – дейді.

– Иә, күнім папаңнан! Аман көрінеді, жауды жеңіп жатқан көрінеді.

– Ура! Менің папам нағыз батыр десейші!

– Дәл солай, жаным. Айтпақшы, саған ертегісін де жазып жіберіпті.

– Ура! Маматай, онда тез оқып берші! – деп шыдамсыздана қолын шапалақтап, бір орында секіріп-секіріп түседі.

– Жоқ, айналайыным, папаң бұл ертегіні кешке, оңашада оқып берсін, – депті.

– Ой, маматай, мен қалай шыдамақпын оған дейін?!

– Шыда, ұлым, шыдайтын бол. Сен сәл сабыр етші, мен мына хатты аяқтай алмай жатырмын.

Көршілердің барлығы хат сөздерін ынтыға тыңдап отыр. Бір кезде Глаша апай хаттың ең соңындағы аса маңызды жаңалығы бар тұсқа келеді.

Глаша апайдың көзі жасаурай бастады. Екі бетінің ұшы дуылдап, тұла денесі шымырлап қоя береді. Хатты оқыған даусы біртіндеп бәсең тарта береді де, көзімен жүгірте іштей оқиды. Кенет қасында тыпыршып тұрған ұлы Витяны құшақтай алып:

– Витятай, айналайын, сен інілі болатын болдың! Сенің інің болатын болды! – деп бетінен шөпілдетіп сүйе бастайды. Оның көзінде қуаныш жасы мөлт-мөлт етеді.

Шешесінің құшағынан босай берген Витя көше бойлай жүгіріп:

– Алақай, менің кішкентай інім бар, менің кішкентай інім бар! Ура, ура! – деп бар даусымен айқайлайды.

Ол өз қуанышын кезіккен жандардың бәріне хабарлауға асығады. Витяға село балаларының сүйікті иті Барбос жолығады.

– Ей, Барбос, менің кішкентай інім болатын болды. Ол келген соң сенімен ойнайды, – дейді.

Ол селоны жанай ағатын асау өзенге келеді:

– Ей, асау өзен, менің кішкентай інім бар! Ол келген соң саған шомылады, – деп мақтанады.

Ол содан кейін село шетіндегі әткеншек арқан байланған, бар балалардың сүйікті қос қайыңына келеді.

– Ей, қайындар, менің інім бар. Ол келген соң осы жерге келіп әткеншек тебеді, – дейді масаттанып.

Ол бұдан соң шалғынға қаптап өскен қалың гүлге келеді.

– Ей, гүлдер, менің кішкентай інімнің бар екенін білесіңдер ме?! Ол келген соң сендерді теріп, шалғындарыңа аунайтын болады, – дейді.

Витя бұдан кейін көк шалғынның үстіне аунай кетеді де, сонау биік-биік ағаштардың басына қонған күнге қарайды.

Күн де мәз-мейрам болып, сақылдап келіп, бар әлемге естірте;

– Е-е-ей-ей! Сендер барлықтарың Витяның кішкентай інісі бар екенін білесіңдер ме, ай-й-тың-да-а-ар-шы-ы! – дейді.

– Білеміз, білеміз! – деп бар дүние үн қосады. Аспанда ұшқан құс та, желмен тербелген тал да, сылдырап аққан өзен де, қалықтаған бұлт та – бәрі де:

– Білеміз, білеміз, білеміз!! – дейді жарысып.

Витя үйге қарай асығып, қайта жүгіреді.

Пеш жанындағы жуан аяқ сырлы үстелдың үстінде ұясына қонған ақ қанат шағаладай ертегісі бар қызық хат монтиып қана Витяны асыға күтіп жатады... Абзал жымыып қойды да, өзінің Қарлығашқа жазған хатын аяқтай алмай қалғанынан сәл өкінгендей сезімде болды. Гинастеркасының сол қалтасын сипап еді, сытыр еткен қағаз дыбысы құлағына естілді.

Ой үстінде тұрып қалған Абзал өз тұсына бір танкінің ентелей келіп қалғанын андамай қалды. Зу-зу еткен пулемет оғы ауаны осқылап, тіпті біреуі басындағы темір касканы жаппап өте шықты. Жанталасты шапшаң бір қимыл үстінде Абзал автоматын тастай берді де, гранатаны танкіге құлаштай сермеді. Өз қатарындағы Викулов та лақтырып үлгерді. Қос гранатаның бірі жетпей, бірі бұрыс кетіп жарылды. «Мына пәлені дуалап қойғаннан сау ма?» – деп тістеніп алған Абзал танктің жақындауын күткендей окоп ішіне жасырына берді де,

скінші гранатаны оңтайлай бастады. «Тым болмаса жүргізуші жүрісін бағдарлайтын саңылау тұсқа тисе де дұрыс болар еді деген тілекті ой санасымен жүйткіп өтті. Дәлдей лақтырып еді, тағы бұрыс жарылды. Қап, қырсықтыруын-ай!»

Танктің өкірген даусымен жарыса лейтенант Смоличтың бар пәрменімен айқайлаған ащы дауысы шықты:

– Крынкин, Крынкин! Құзғын нсме, қайда қашып барасың? Қайт деймін, кәне, кері қайт!

Абзал қолды-аяққа тимей қарусыз безіп бара жатқан Крынкинді көрді. Көзі атыздай болып, ұясынан шығып кеткен.

Өзенге қарай қиялай қашқан Крынкинді танктен атылған пулемет оғы ұстарадай қырқып түсті. Оның кеуде тұсынан сыртқа қарай шоршып шыққан ақ көйлектің жұлығы Абзал көзіне шалынып қалды. Тіпті жұлықтың шетінен жалт еткен қызыл теңбіл де назарға байқалып қалғандай.

Абзал жерге жирене түкіріп тастады. Ол Крынкиннің бұл қылығына танданған да жоқ, өкінген де жоқ.

Әлгі танк ағындап келген бетте окоптың үстіне кесе көлденең тұра қалып, кілт бұрылды, содан соң оның бойымен алға арылдай ұмтылды.

Айнала азан-қазан болып жүре берді. Танк пулеметі оқты скілене себелеп, қарымы жеткен жерін қырқып түсіп келеді.

Нестеренко ма, Викулов па біреуінің басын ұстаған күйі ұшып түскенін Абзал көзі шалды. Абзал бұға берді. Ол траншея жиегін жанша-манша, танк өзіне қарай такана бергенде тұла денесі түршігіп кетті. Жүрегі кеудесіне сыймай өрекіп, дүрсілдей соқты. Жүйке тамырымен жүйткі өткен ыстық қан басқа ұрды. Осы сәтте тым жақын келген танк Абзалдың көзіне қалың елді қылқ еткізіп жұтып қоятын ертегілік айдаһардай елестеді. «Жұтамын, жаншамын» деп, жалынын лақ еткізіп құсқанда, Абзал ауа толқынымен атыс ұясының қабырғасына шалқалай қатты соғылды. Құлағы тарс бітіп қалды. «Қап, әттеген-ай, мына нәлет қораға қамап соққан аңдай қылды – ау!» Ызаның ыстық жасы көзінен ытып кетті.

Ол шамырқанған шапшаң бір қимылмен окоп табанына сұлай құлап, қанға бөгіп қаза тапқан Нестеренконың қолында лақтырылмай қалған танк соғатын танк соғатын қос гранатаны қалай іліп алғанын білмейді. Үстінен өте берген танктың бауырының астынан ту сыртына қарай оқтай атылып шықты.

Қас қағым сәтте санасын от пен өрттің өткір ұшқындары, каскасымен қоса жұлынып кеткен адам басының көңілге ауыр бейнесі шарпып өтті. Сұрқия неміс снаряды сақ-сақ күліп, окоп бойын ойрандап жүргендей.

Осы сынды еріктен тыс елес суреттер Абзалдың көз алдын тұмшалап сала берді. Жолдастары тірі болса игі еді! Вася ағай қайда екен?

Ол атылып шыққан қалпы алға жеті-сегіз метр жер ұзап барып қалған танкімен қатарласа берді. Сөйтті де бар пәрменімен оның май багы тұсынан гранатамен бар пәрменімен атып ұрды. Ол құлақ тұндыра гүрс ете қалған ащы дауысты естіп қана үлгерді. Кеуде тұстан соққан жойқын бір күштің екпіні оның «а» деп аузын ашуға мұрсат та бермеді. Тек құлап бара жатқанда құлағының ішімен алысқа ұзай, құмыға созылып бар жатқан үзік-үзік бөгде үнді дыбыстарға толып бара жатқанын еміс-еміс қана сезінді.

– Қа-а-а-рр-лы-ы-ы-ға-ааш!...

Лейтенант Төрекұлов бақылау пунктіндегі аласа ағаш столға сүйеніп, ой үстінде отыр. Қолында қатардағы жауынгер, комсомол мүшесі Абзал Есмахановтың жарықшак тесіп, қанға боялған комсомол билеті бар.

Жылымшылап аққан жүрек қаны суси келіп, монтиған, ойлы жүзді он төрт жастағы оқушы Абзалдың құлақ түбін жанап өтіп, билеттің сыртына шығып кетіпті.

Ол Абзалдың өзімен кездескен сәттерін еске түсірді. Билеттің жырымдала тесілген саңлауынан Абзал тап кешегідей күлімдеп, көз салып тұрған сияктанды. «Жоқ, жолдас политрук, Қарлығашты өкпелету қолымнан еш келмейді ғой!»

Лейтенант ауыр күрсінді. Содан кейін билеттің ішінен шыққан қағазды алып, бүктеуінен жазды. Хат екен. Қанға шыланыпты. Қос парақ қағазды алдына жайғанда, политруктың тұла бойы түршігіп кетті. Хаттың қанмен боялған жырымдалған

жисктері әлсіз шырағданның жарығында соншама сұсты көрінді. Қошқыл қан теңбілдері хат жазуын көмескілеп жіберген екен.

Төреқұлов хаттың жырымдалған тұстарын саусақ ұшымен біріктіріп, жүгіртіп оқи бастады. Аяқтап оқып шыққанан соң ол кеудесі жалын ата, ауыр күрсінді. Абзалдың көзіне көзі түсіп кетті. Ол айнала дүниеге ашық, бүкпесі жоқ көңілмен қарап тұр екен. «Жанары тым сыршыл, сезімтал екен-ау» деп ой түйді. Күндізгі ұрыстан күренітіп, күн қаққан бетімен жылжи аққан қос тамшы, сараң жас сырт етіп, хат бетіне тамып түсті.

Политрук хаттың аяқталмай қалғанына қатты өкініш етті. Айтылмай қалған көп сырдың жұмбағын өз қиялымен шешуге ниет еткен талап бойында оянып келе жатқандай сезінді.

Тар блиндаждың ауасы тыныстауға тарлық қыла бастағандай. Көз қиығымен столдың бір бұрышында отырған лейтенант Смоличке қарады. Жеңіл жарақат алған басын таңған дәкеден сыртқа шыққан қан дақтары қарауытып көзге шалынды. Ол қатардағы жауынгер Абзал Есмаханов пен аға сержант Нестеренконың награда парағын толтыруға кірісіп еді.

Политрук сыртқа шыққанда, май айының жұмсақ түні мауырап, орманды алапты әсем күйге бөлсе тұр екен. Кеш туған ай да көкжиектен недәуір биіктей бастапты. Танауды жарған жасыл шөптің хош иісі кеуде кернейді.

Ол айналасына ойлана қарады. Аспан шайдай ашық екен.

Мінезі асқақ, арда емген мынау табиғат өзінің болмысын, қасиетін түсінер тірлік иелерін қатты аңсап, елжірей сағынып жатқандай. Сол сағынышын айта алмай, мынау өз төсінде, өз аясында от пен оқты қамшы етіп, бір-біріне өлім себіскен адамдарға аңтарыла қарап, іштен тынып қалған тәрізді.

Жат мінезді жау тұяғы төсімен жортып жүргенге жасыл орман көмкерген ойлы жер жабырқау жүзбен тіксіне қарап қалғандай.

Алыстан күркіреген атыс үні естіледі.

Төреқұлов Абзал хатын оқыған сәттегі әсерінен әлі толық айығып кете алған жоқ-ты. Оның үстіне табиғаттың тылсым күйге толы бейнесі сергек санасына сезім-ойды еріксіз оятар тамызық тастап жібергендей.

Ол жиырмадан жаңа асқан жас жауынгердің хат жазған сәттегі көңіл күйін көз алдына елестетуге тырысты. Бірақ ол Абзалдың әлгі аяқталмаған хатты ай астында отырып жазғанын білген жоқ-ты.

Политрук Асқар Төрекұлов далалада ұзақ тұрды. Ол Абзалдың анасы мен сүйген қызы Қарлығашка хат жазу керектігін есіне алды. Сонымен бірге жарықшақ оқ түскен хатты Қарлығаштың өзіне бірге жіберуді орынды санады.

Әрине, ауыр болады. Ол мұның ауыр, тіпті сұмдық ауыр болатынын білді. Алайда, шындықтан, ащы шындықтан қашу – кешірілмес күнә әрі үлкен қателік болатынын политрук Төрекұлов бар жан-тәнмен, нағыз солдаттық жүреппен түсінді.

Арт жағынан аяқ сыбдыр естілді. Старшина Графский екен.

– Жолдас политрук, немене, жай тұрсыз ба?

– Ә, сіз бе едіңіз, Василий Семенович жай, әншейін. Адамның кейде мынадай түнді де қатты сағынатын кезі болады екен, -деп, Төрекұлов жай ғана күлді.

Старшина сәл ойланып тұрды да:

– Шындығында да солай екен-ау өзі, – деді. Содан кейін мағыналы бір үнмен:

– Егер адам ешкімді де, ештеңені де сағынбайтын болса, онда өмір өзінің бар өрнегін біржола жоғалтып алады ғой, жолдас политрук! – деді.

– Иә, дұрыс айтасыз, Василий Семенович! Тек ең бастысы «Сол сезімді өлтіріп алушылардан сақтай гөр, тәңірім!», – деп, он қайтара дұға оқып қойған да дұрыс-ау күніне, – деді де, Асқар Төрекұлов бауырмалдық пейілмен Вася ағайдың иығына қолын салды.

*1978 жыл.*

## ТАЗА БҰЛАҚ

Сылаң қағып,  
Жатты ағып,  
Мөлдір сулы таза бұлақ.  
Таза бұлақ,  
Күннен нұр ап,  
Бұлқынады тайша тулап.  
Бір топ бұлақ,  
Басын құрап,  
Бұрқыратты ақ көбік,  
Жетті бұлақ,  
Таудан құлап,  
Егін оны жатты өбіп.

*1958 жыл.*

## СҮЙЕМІН

Балдырғанның сүйемін мен, жыламауын күлуін,  
Өрлі өмірдің сүйемін мен саялы нұр жылуын.  
Аналардың сүйемін мен, айна күміс көңілін,  
Дос-құрбының сүйемін мен, шаттығының төгінін.  
Көгершіннің сүйемін мен, көкте еркін ұшқанын,  
Дос болуды сүйемін мен, барлық адам – туысқаным!  
Қызғалдақтың сүйемін мен, үзілмеуін, солмауын.  
Тыңдауды тек сүйемін мен, бейбіт күннің толғауын.

*1960 жыл.*

## СЫРЛАСПЫН

Шалқар көлім  
Зәулім тауым,  
Сеніменен сырласпын.

Торғын дала,  
Кең жазира,  
Желіңменен сырласпын.

Жағадағы,  
Балаусалы,  
Құрағыңмен сырласпын.

Таудан аққан,  
Сылдыр қаққан,  
Бұлағыңмен сырласпын.

Балапандай,  
Атқан таңдай,  
Ұрпағыңмен сырласпын

Еңбек еткен,  
Сертке жеткен,  
Ағамен де сырласпын.

Бірің емес,  
Бәріңменен,  
Жүзіңменен сырласпын.

Бота көзді  
Сұлу торы,  
Қызбенен де сырласпын.

Алпыс жаста,  
Әжім жүзді  
Әжемменен сырласпын.



Еміреніп  
Еркелеткен  
Туған елмен сырласпын

1960 жыл.

## **ЕЙ, ЖЕЗКИК, ДҮНИЕ-АЙ!**

*Ықыластың толғау күйі*

Оу, кең далам, ен далам,  
Тарихыңа таң қалам.  
Құлан өтпес шөлің бар,  
Асу да асу белің бар.  
Шежірелі жерің бар.  
Көмекейі күлгенде,  
Көрінетін елің бар.  
Аққу сыңсып, қазы ұшқан,  
Мөлдір сулы, құрақты,  
Қаз, үйрегі сыңсыған,  
Толқыны желге тербелген.  
Ғажайып көркем көлі бар,  
Бозторғайы көгінде  
Ақ мақта бұлтты аялап,  
Боз беткейлі төсінді,  
Пана тұтқан сая қып.  
Сорғалатып ән салған,  
Жансыз тасқа жан салған.  
Айта алмай жүрген сырыңды,  
Күй тіліне түсірген,  
Самал да салқын желіңнің,  
Тілсіз де тілін түсінген.  
Көп көзіне ілінбес,  
Қатпарлы сыры білінбес.  
Құпияны білген кім ?  
Арғы – бергі заманның,

Шежіресін санаға.  
Құя білген зерделі,  
Көне құлақ дананың.  
Асыл сөзін терген кім?  
Құдайдың күші дейсің бе?  
Ғажап та жұмбақ түс еді.

...Қою түннің іші еді.  
Қалғып кеткен жас ұлан,  
Жаны-тәні жүрегі,  
Сезім нұрға малынған.  
Көзі ілініп кеткенде,  
Бір қыр асып өткенде.  
Пайғамбардай ажарлы,  
Ақ сақалы салалы,  
Тұрпаты сана таңдantқан,  
Бір қария келеді.  
Алыстан тұрып дыбыстап  
Сөйледі бұған бағыштап:  
– Ей, балапан, балдырған,  
Ойынға бойын алдырған.  
Жас баласың жеткіншек,  
Ұғып алғын, қарағым.  
Өмірдің бәрі өткінші,  
Ұсынсам саған екі сый,  
Таңдауы сенің еркінде.  
Бірі -көген бұршақты,  
Бірі – қобыз сарнаған.  
Сыйлығым бұлар арнаған.  
Деп қария сыр ашты.  
– Қайсысын қалай аласың?-  
Деген еді әлгі адам,  
– Қобызды, ата, ататай,  
Алайыншы арнаған.  
– Ашылды онда маңдайың,  
Халқың сенің сазына,

Қағады әлі тандайын.  
Мә, – деді де қобызын,  
Баланы басқа сипады.  
Қонған солай аруақ,  
Санаға ұйып күй сазы.

Айналайын, Қорқыт бабам- абызым,  
Бір бойыңа сыйғыздың -ау  
Байтақ дала аңызын.  
Сарыарқада сайран құрған қырық қыз,  
Күйінді естіп, үніңді естіп,  
Етпек болды-ау бір өзіңе тағызым.  
Әттең, дүние, арман деген аңсау ғой,  
Қол жетпесті ұстай алмай,  
Өзек өртеу, тамсау ғой,  
Сол қырықтан Сыр бойына,  
Жетіп еді жалғыз ғана Ақсақ Қыз,  
Білмейтін жан не екенін,  
Бос жүруді мақсатсыз.  
Саф сезімін, алай-түлей күй өртеп,  
Жеткен жан ғой Сарыарқадан  
Мақсат – Қыз .

Неткен ғажап, аңыз еді, айналайын ағайын,  
Ықылас та, сенеміз ғой, естіген-ді,  
Ғажайып бір аңыздардың талайын.  
Жас санасы шаршамаса,  
Ертегі мен аңызға,  
Қалай түскен қарапайым қолдан шапқан аршадан-  
Ғажап сырлар – қобызға!  
Кең далам-ай, ен далам-ай,

қара нардай қайыспасым, көнбісім.

Тағдырыңа талай-талай қан тамшылап,  
қылышпенен төнді сын.

Еділ– Жайық, құт-берекем, қоныс болған кешеді,  
Айқас салған марқасқа ерлер басқыншымен нешеме?  
Дәрісі-оқ, зеңбіректің зікір салған күшінен,  
Ар –намысты көктей өткен ақ патшаның ісінен.

Қайран жұртым қара көзден қалды жасын ағызып,  
Шұбырынды шаң бораған, қар бораған ізіне,  
Жетті-ау сонау Ұлытауға, Мұңлы, Құлы,  
Мынадырдың маңына.  
Асық болып, ғашық болып,  
Бейбіт өмір, пәк тіршілік таңына.  
Шұбай ауған қалың жұрттың ортасында, ішінде,  
Арғы атасы Ықыластың Ерназар да бар шығар.  
Қорқыт баба мазарына ықыласпен, ыждаһатпен аялап,  
Құран оқып, мінатажатты еткен жайы бар шығар.  
Қорқыт баба аруағы тегін емес, текті еді.  
Оң көзін сап, ұрпағына рухымен жіберемін бақ деді.  
Дсп ойлаймын оңашада – күй үніне құлақ салсам күніренген,  
Қорқыт баба, Ықыластың күйлеріне мен де жиі тебіренем.  
Алтынбек пен Дүкен ата ат қойғанда азандап,  
Қорқыт баба қасиетті рухымен ойға сап:  
«Ықылас қой, Ықылас қой!»– деді ме екен сыбырлап.  
Алдамайтын бір түйсік бар мына менің бойымда,  
Тіпті ұлы күйші аты да тегін емес, оны өзің байымда.  
Бұл есімнің бойында бар салсақ егер сарабына сананың,  
Ұлылығы, дарқандығы бар емес пе халқым менен даланың  
Мың сан рет қайталасаң мағына бар тұңғыық,  
Бар ізгілік, бар жақсылық жатқан жоқ па осы сөзге сыр құйып.  
Айтшы, кәне, ей, ағайын, ықылассыз тірлігің,  
Ұқсамай ма өмірің де. тағдырың да сорға ұйық!?  
Содан болар, содан шығар сезім күйі Ықыластың,  
Санаңызға құяды ылғи шуағы мол нұр құйып.  
Алтынбектей ұлы атасы түйін түйген зергер-ді.  
Сұлулықтың, әсемдіктің әрлі сырын меңгерген.  
Қобыз күйі, қобыз сазын пір тұтып,  
Ұлы өнерге тең көрген.  
Дүкен де бір текті жан-ды, өнер десе ішкен асын қоятын,  
Қобызың да, ұсталық та, шежірелік сана да.  
Тыңдаған жан әңгімесіне айызы қанып тоятын.  
Кең даласы, бозторғайы, алтыбақан аясы,  
Шолпы үні мен сыңғыр бұлақ сыр айтатын –

Ақыл ой мен сергек сезім анасы.

Түнгі аспан. Шолпан жұлдыз,

аққан жұлдыз-бәрін-бәрін сүйетін,

Қыз күлкісі, нәркес жанар, ерке елікке, сұлулыққа елтетін.

Санасына құйып алып, сыр қып бәрін жүрегінде ертетін.

Қара қобыз – абызындай, арындай,

Мәңгілікке ажырамас серт байласқан жарындай.

Жүрегінде жыр жырлаған бозторғайы тынбайды,

Қобыз үні кең даланың алуан әнін жырлайды.

Сарыарқаның саңлақтары Тәттімбет пен Тоқа да,

Күйдің пірі, сезім пірі, елге мәлім атағы.

Жас та болса Ықыластың ырғағына ұйыған,

– Медет бер, – деп жас жұлынға, пірлеріне сиынған.

Шын қас жүйрік келсе озып-жас талап,

Шын ұлылар аулақ болып,

қызғаныштан қарамайды баспалап.

Бата беріп, ақыл беріп, алақанмен аялап,

Орнатады жас өскінге мамыражай саябақ.

Шөже ақын, Шоқандар да

Ықыластың күйін тыңдап тамсанған.

Өнеріне өріс тілеп-бақыт күткен әр таңнан.

Ошақтыда Сапақ датқа ойы жүйрік,

дарқан мінез-сырбаз жан.

Ықыластың күйін тыңдап, жан сарайы нұрланған.

Өнер үшін жанын пида етуге бар азамат,

Қамқорлығын кім ұмытар Ықыласқа ғаламат?

Біржан-шіркін, Біржан –

арман қазақтың бір көгіндегі жұлдызы,

Ән шырқаса көз алдына елестейді боз даланың бұлбұлы.

Осы сынды ұлылардың шапағаты шарпыған,

Ықылас та биіктерге, самғауларға,

Мұзарт шыңға өнерімен талпынған.

Өмір- тағдыр дөңгелегі айналу дан тынбайды.

Жолға салып, сан тарамды өрге салып,

бір толассыз зырлайды.

Жас болса да қиянат пен зорлық сұмның бар екенін біледі,

Адал еңбек, төккен терің бір-ақ сәтте жоқ болып,  
Санын соғып, өкініштен өртеніп те жүреді.  
Бұғылы мен Тағылыда азды-көпті ырысы мен еңбегін,  
Тонап алған адамдарды қас жыртқышқа теңейді.  
Сан соқтырған кедейлер мен момындарды,  
қасқыр емей не дейді?

Ашынғанда, қамыққанда, қыл қобыз,  
Егесінің жүрек үнін шамырқанған сезімін,  
Күйге салып өзін-өзі жебейді.  
Уа, дүние, опасы жоқ дүние,  
Толасы жоқ дөңгелегің зымырап,  
Бой бермейсің, әділдікке,  
адалдыққа тал бойыңды жиып ап.

Не бейбаққа қамшы сапты қысқа ғана өмірден,  
Жарық сәуле бір сәт болсын көрсетпейсің қырындап.  
Байғозыдай батыр бабаң  
нағашыңның қайда екен найзасы?!

Әй, сонда да жол табады-ау қырқылжыңдар,  
көп қой сұмдық айласы.

Күйіп-күйіп келеді де толғайды,  
Ет-жүрегін егілтеді, зарлайды.  
Кері кеткен кері заманның қансоқталы азабын.  
Ықыластай зар күйінде бере алатын жан бар ма?!  
«Кертолғаудай» таза бір.  
«Бұғалыққа бағынбас,  
Мұңайтқанға сағы сынбас.  
Ей, бейопа, сұм өмір!  
Үмітінді үгітіп, қайратыңды мүжітіп,  
Шақшадай ғана басыңды,  
Бұл өмірден түңілтетін тұсың көп,  
Басқа салар ісің көп,  
Не дейін саған, не дейін.  
Кең еді неткен көмейің.  
Әймендедей сұңқарды,  
Тұяғы құрыш тұлпарды,  
Бар еттің де жоқ еттің,

Болады-ау бұлай демеппін!»  
Күңірене күрсініп,  
Бас көтермей жылаған,  
Бәйтерегі –мәуелі,  
Бір-ақ сәтте құлаған.  
Бөрісі болған даланың,  
Танымалы ұлы қаланың,  
Бетіне жан келмейтін,  
Сөйлерге сөз бермейтін,  
Ерденің де бүк түсті,  
Басына ауыр іс түсті.  
Зорлық деген зобалаң-  
Жасаған оны жандардың,  
Хабары жоқ тобадан.  
Тамадан алып көп жылқы,  
Зорлықпенен қамаған.  
Қазы шешен,Ерубай,  
Бастаған игі жақсылар,  
Қазаның шықты үстінен.  
О,тағдыр, неткен күшті ең!  
Тілінен май тамызып,  
Көңіл де айтып шешендер,  
Сөз сөйледі көсемдер.  
Бас көтермей даланың,  
Арыстаны айбатты.  
Ішкі әлемі өрт болып,  
Жазылмас жара дерт болып,  
Өзін-өзі жегідей жеміреді.  
Жүрегімен, тәнімен егіледі.  
Қара қанат қайғының ауырын-ай,  
Өр тұлғаны салыпты-ау бауырына-ай!  
Кегім бар деп келте ойға берілмей-ақ,  
Жас Ықылас қобызын Еркекеңнің,  
Тебіреніп толғанып, қайғы жұтып,  
Жас жүрегі егіліп алуын-ай!  
Сарнап кетті ғажайып бір зарлы әуен,

Адамның жанын тербеген.  
Көз жасқа ие бола алмай,  
Егіліп отыр ел деген.  
– Ей, бейопа дүние-ай,  
Не деген көп еді мұның-ай!  
Ей, кара жер комағай,  
Араның қашан толады –ай?  
Ойлан да, ойлан, жарандар,  
Дүние неткен толған зар?!  
Ей, өр кеуде пендем-ай,  
Бір-ақ сәт қой, бір-ақ сәт!  
Ел әкімі, Ерден-ай!  
Басынды көтер жерден-ай!  
Тәубе де қыл қалғанға,  
Сірә да, адам жете алмас,  
Көкейде жүрген арманға!  
Қара қобыз тілінің шешенін-ай,  
Айтар ойы, соқталы кесегін-ай!  
Шешен менен көсемге иланбаған.  
Ерденінді еңістен есі кеткен,  
Тұрғызды ғой Ықылас көтеріп-ай!  
Қара қобыз, құдірет екенсің-ау,  
Ғажайып шешенсің-ау, беу, беу, беу!  
Ей, дүние-ай, сонша неге сырың жұмбақ болар ма,  
Қызығына тірліктің сусаған көңіл тояр ма,  
Аңсап та жүрген ардағың,  
Үкілеп күтер арманың,  
Ақиқатқа айналып,  
Қолыңа сенің қонар ма?!  
Жас жүрек, күтіп нәзігін,  
Кеудеге толар нәзік үн.  
Арман да арман, армандар,  
Ынтыққан жанды жалғандар.  
Төренің қызы Айкүміс,  
Ғажап-ау сенің жамалың.  
Есімнен еш кетер ме,



Ақ тотыдай ажарың  
Ей, Қоңыр төре, қайтейін,  
Түсінбей мәңгі өтерсің.  
Жас пенен жастың жар теңін.  
Арман да болған Айкүміс,  
Асыл үн болған Жанкүміс,  
Ардақ та болған Әнкүміс,  
Ғазиз да болған Сәнкүміс  
Шырын да дәмді Балкүміс,  
Жанымда мәңгі қалдың ғой  
Қоспаған бізді тағдыр ғой.  
Теңіне бермей торығып,  
Жүруші едің қорынып.  
Келесау күйеу – кеңкелес.  
Кездестім саған қорымда,  
Қара да шашың жайылған,  
Қанатың сынып қайырылған,  
Кеттің-ау, қайттім, жынданып.  
Жанымда мәңгі мұң қалып,  
Кетем бе мен де жынданып?!  
Ей, Жезкиік, дүние-ай!  
Сикырлы- ау сенің үнің-ай!  
Қаншайымдай ару да,  
Наурызбайдай арыспен,  
Қызық өмір сүре алмай.  
Шалқып бір еркін жүре алмай,  
Жар төсегін аз көріп,  
Келте ғұмыр нәсіп боп,  
Арманда кетті-ау, дүние-ай!  
Чоң Кеминнің биігі-ай!  
Тауда ойнаған киігі-ай!  
Күреңкейдің айылында,  
Сырласып біраз жүрдік-ай!  
Күреңкейдің қияғы-ай  
Жіп-жіңішке шегіне,  
Толайым мынау дүние,

Қалай да ғана сыяды-ай!  
Күй тартқан бірге күндер-ай,  
Қияқтың сиқыр үндері-ай!  
Алатооның мақпалдай,  
Ғажайып сиқыр түндер-ай!  
Қыр асып қайда барасың,  
Жүректің тырнап жарасын,  
Жел қуған қаңбақ қайықтай,  
Толқынға таудай саласың  
Кемен де, менің Кеменім.  
Өзінді күнге теңедім.  
Жаралы болған жүректей,  
Деміңмен ыстық демедің.  
Кеменім менің, Жезкиік,  
Тауында қия ойнаған,  
Бір өзінмен сырласу,  
Ұлан да асыр той маған.  
Ей, Жезкиік дүние,  
Қимадың маған Кеменді,  
Тау суына салдың да,  
Қираттың менің кемемді.  
Ей, Жезкиік, үмітім,  
Алға ғана бастаған.  
Қайта оралшы жайлауға,  
Қайта келші, жас шағым.  
Аққулы көлге барайын,  
Сағынтқан құсым жүр ме екен?  
Алдымнан шыққан арайлап,  
Халқыма атқан күн бе екен.  
Ей, Жезкиік, бері кел,  
Жел кобызым ойнасын,  
Артымда қалған ұрпағым,  
Күйімді тыңдап тоймасын!

1993 жыл.

## АЛПАМЫС БАТЫР

*Үш актілі, он үш суретті драма*

**Алпамыс батыр**

**Гүлбаршын – батырдың қалыңдығы.**

**Қарлығаш – қарындасы.**

**Байбөрі – әкесі.**

**Аналық – шешесі.**

**Ұлтан – Құлтайдың некесіз баласы.**

**Бадамша – Ұлтанның әйелі.**

**Тайша – жат елдің ханы.**

**Қаракөзайым – Тайша ханның қызы.**

**Абзал – отты ақын.**

**Қасым – Абзалдың інісі, ауыр жаза құрбаны.**

**Құлтай – Байбөрінің інісі.**

**Кейкуат – қойшы, тазша бала.**

**Ханым – Тайшаның әйелі.**

**Уәзір – Тайшаның уәзірі.**

**Жәдігөй – залым, арбаушы кемпір.**

**Жасауыл басы**

**1 – күзетші (Доман)**

**2- күзетші (Жоман)**

**Құбақан – қу, түлкі адам.**

**Палуан – ер жігіт.**

**Қобызшы шал – түрмедегі адам.**

**Көпшілік адамдар, әйелдер, ерлер, нөкерлер.**

## БІРІНШІ АКТ

### БІРІНШІ СУРЕТ

*Сахна сыртынан шарылдап жсылаған баланың дауысы келеді. Күңіренген үн (Хормен айтылады). Артынша зарлы қобыз дауысы құлаққа жсетеді. Аналық ана ауыр басып келеді. Соңынан ілби басып келе жатқан Байбөрі. Қара шашы шұбатылған Қарлығаш.*

**Аналық** (*қаны тамған саусағын көпке көрсете, зарлы үнмен*).

О, сор заман, сұм заман,  
Көрсеткенің осы ма?  
Бір аяғым төріме, бір аяғым көріне  
Келіп тұрған шағында,  
Зарығып көрген ұлымның,  
Алпамыстай арыстанымның  
Қызығын көрсем дегенде,  
Үмітімнің желкесін  
Қанды қанжар қиыпты.  
Атаңа нәлет Тайша хан,  
Күнің өшіп түн болсын,  
Жерің тарып, ін болсын,  
Ұрпағың тозып, жын болсын,  
Берер батам – тек осы!

*Талып құлайды. Байбөрі де кемпірінің қатарына келіп, сүрініп құлайды. Қарлығаш сүйемелдей береді.*

**Байбөрі** (*ауыр ыңыранып, басын қос қолымен тоқпақтап*).  
Ку жалғыз, курап кеткір, ку жалғыз!  
Әулие қоймай, жер кезіп,  
Алты айшылық шөл кезіп,  
Жалаң аяқ, жалаң бас,  
Жалбарынып, жабығып,  
Сұрап алған ку жалғыз!  
Көрсеткенің осы ма?  
Берген бағың, берекең,  
Осы болса қарғадым.

*Басын одан әрі тоқпақтай түседі. Аналық араша тілегендей  
Қарлығаш пен Байбөрі екеуіне алақ-жұлақ қарайды.*

**(Аналық шошынған үнмен).**

Не дейсің сорлы-ау, сормандай,

Алжып айтқан сөзің бе,

Әлде адасып айтқан, сөзің бе?!

Қайт райдан, өшір үнің сұр жыландай,

У боп тиген жүрегіме сөзінді.

**Байбөрі** (*көтеріле түсіп, ашу ете*).

Тек отыр, сен,

Не деп қорғар жөнің бар?

Соқыр тиын құрлы жоқ елінен безген Байсарының пашты  
сайтанындай бір зәлеп осы елден табылмап па?

**Аналық.** Астапыралла, астапыралла-ай!

Сен өлсең де жай өлмейтін сор екенсің ғой.

Мына сөзді естіргенше, құдай-ау,

Қара жердің қойнына алсаң нетті!

Мына алжыған не деп кетті?!

Сөзі санамнан өтіп, сүйегіме жетті.

Тар құрсағымды кеңейтіп,

Тоғыз ай сені көтерген

Арысым-ау, мына әкеңнің әуей үні періштенің құлағына  
тимесін. Тілегім сол, тіледім сенен, о жаратқан, жалғыз пірім!

Қабыл алма, қабыл алма, қабыл алма!

Үш қайтара сиынамын өзіңе.

**Қарлығаш** (*шошынғандай, жалбарына тілеп*).

Әкежан-ай, адастым деші,

Қайтым алдым деші!

Олай қарғап, жазықсыз даттап,

Жүректі тілген сөз айту да жөн бе, әке!

**Байбөрі.** Тек отыр, қызым!

«Ата тұрып, ұлы сөйлегеннен без,

Шеше тұрып, қызы сөйлегеннен без» деген.

Жосық айтар, жөн айтар жерің бұл емес.

Адал туған ұл болса,

Басқа қара бұлт үйіріліп,

Қанды жауын жауғанда!  
Арашалауға келмес пе еді.  
Не болды ел, не болды жұрт?!  
Соны ойласам ішім дерт, бауырым өрт!

**Аналық** (*назалана*). Алпамысың ол елге адасып емес, ақ батаның жолымен кетпеп пе еді. Бас білмеген Байшұбарды бұғалықтатып, алтындатып ер салғызып, ақ батамен аттандырған өзің емес пе едің?!

**Қарлығаш** (*қосарлана*). Солай емес пе еді. әке-ау?!

*Байбөрі сенделгендей халде. Үндей алмай, ашу айтқысы келіп, екеуіне оқтала берді де, үндемей қалды.*

*Осы сәтте, сахна сыртынан: «Сүйінші! Сүйінші! деген дыбыс естіледі. Біртіндеп дауыс жақындай береді. Жүгіре басып Құбақан енеді.*

**Құбақан.** Аналық апа! Алпамысың келеді. Қасындағы ақ боз аттың үстінде ай десе аузы, күн десе көзі бар бір сұлуы тағы бар. Құдай ақына, сүйіншімді беріңізші алдымен!

*Аналық пен Қарлығаш жүгіріп шыға береді. Көңілді музыка ойналады. Ат тұяғының дүбірі естіледі. Байбөрі отырып қалады.*

**Құбақан.** А, құдай, тілекті енді бердің бе,  
Алпамыс аға келді ме!?

Ой, бір Тайшаның тобығын ойып тойтитып, торсыққа салар сәт келген шығар, ә! (*Өз-өзінен кісініп, жұдырық көрсетіп қояды*).

**Байбөрі.** (*Құбақанға тоқта дегендей ым етеді. Ойланғандай халде, басын сүйеп отырады. Құбақан аң-таң*).

Сен не деп кеттің осы?

**Құбақан** (*сасқалақтап*). Мен бе, маған бірдеңе дейсіз бе?

**Байбөрі.** Иә, жауап етсеңші алабұртпай!

**Құбақан** (*қатты сасқан қалпы*). Жа-а-й, ән-ән-шейін. Ана Алпамыс ағамды айтам да.

**Байбөрі.** Не деп?

**Құбақан.** А-а-нау Тайшаны...

**Байбөрі.** Оттапсың, боқ жепсің сен. Көкейінде Тайшаның сый табағын берер деген елбек ой тұр ғой.

**Құбақан** (*көзі жсытылықтан*).

Жо-жо-жоқ! Мен әншейін...

**Байбөрі.** Не әншейін? Оған сені мен менің қан жұтып, қылша мойынға түскен қыл шыбырдың қысымы сезіле ме. Құшағында хор қызы, ендігі дүниенің бар-жоғы ол үшін бәрі бір емес пе.

**Құбақан.** Иә, бәсе, мен де соны айтам-ау, ә!? Байкөке-ау, мен де солай ойлап ем. Жаңа қырдан көрінгенде, тіпті скеуінде ес жоқ. Біріне-бірі, Байкөке-ау, тіпті иық түйістіріп, күліп қояды. Тіпті қозыкөш жерде тұрып, ұялғанымнан жерге кіріп кете жаздадым.

*Сахна сыртынан дауыс айтқан Аналық даусы келеді.*

**Аналық.** Жарығым-ау, жалғызым,

Келдің бе есен еліңе?

Шашу шашып қарсы алар

Жолым еді бүгінге.

Күндей болған көңілімді

Қара түнек басты ғой,

Нәлет Тайша шокпары

Шаңырағынды күйретті,

Бұрымдынды сүйретті,

Енді ғана түлеген,

Еліңнен бүгін күй кетті.

*Алпамыстың мойнына асыла бере, талып кеткендей халде болады.*

**Алпамыс.** Не дедің, ана, асылым,

Желдей ескен көңілім,

Құмға сіңген тасқындай,

Басылды-ау, қайттім, басылды.

Арпалыста алысып,

Найза, шокпар салысып,

Алып шыққан аққуым,

Баршынжанның бағына,

Болмағай бұл да қалың сор!

*Бір жақ бүйірден ашулы Байбөрі шығады.*

**Байбөрі.** Тоқтат! Не деп шатып, далбаса,

Айтып тұрған сөзің бұл?!

Бала жетім, қатын тұл  
Қалғанында қалың ел,  
Қалың жылқы, кең өріс,  
Жетпіс жыл жиған тірнектеп  
Жау қолына кеткенде,  
Жадыбас неме, ез ынжық,  
Бытып-шатып бок жеп тұр.  
Бір сайтанға елігіп,  
Асыл кен көзін тапқандай,  
Не деп тұрсың желігіп?  
*Алпамыс (әкесіне қол жайып ұмтыла береді).*

Сабыр, әке, сабыр ет!

**Байбөрі.** Жоғал әрі, әрмен кет,  
Тыңдамаймын сөзінді!

**Аналық** (*ара түскендей*).

Әй, немене сен сонша,  
Тауыстың ғой төзімді.

**Байбөрі** (*қарсы ақырып, қос қолымен бетін теріс жауып*).  
Не етейін осы өзінді,

Қорғамақ па ең ұлыңды.

**Аналық.** Қорғамай мен не етейін,

Қу бас болып жүргенде

Жылап көрген жалғызды?!...

**Байбөрі.** Жалғыз болса қайтейін:

Жабыққанда уатар,

Жанға пана болмаса,

Қанатымды қырыққан

Қалың жаудан араша

Ала алмаған ез ұлды,

Еттім тіпті садаға.

**Қарлығаш.** Әкежан-ай, не деп кеттің?!

Аң арысы барыс та,

Бауырындағы баласын

Бұлай етіп қинамас,

Неге сонша түнілдің?

Әкежан-ай, ардағым!



Жауға шапқан қылышы  
Қан шайқаста майырылса,  
Өнері жасық ұстаны.  
Қорғаушы еді батыр қамығып,  
Тайшаға барып тайсалып,  
Тие алмай келсе қорқақтап,  
Жөн емес пе қорғауың?!  
Оңай деп оған тұрсың ба,  
Тойға кіріп тұрғанда.  
Баршындай асыл жеңгеме  
Жылы шырай қабағың,  
Таусылып түге қалған ба?!  
**Байбөрі.** Әй, кемпір,  
Беттен алған бетпақты,  
Тыймайсың ба, а!?

*Алпамыс (қос қолын алға серпе, ұмтыла түсіп, қынабынан қылышын суырып ала бере тізерлеп отыра кетеді).*

Тоқта, әке,  
Тірідей сойдың, әке,  
Тірідей сойылдым, әке!

**Байбөрі.** Мынау неге ақырады-ай, ә, маған?!

**Алпамыс.** Сөзімді бөлме, бөлме сөзімді.

**Аналық.** (жалбарына)

Алла-ай, құлыным-ай,  
Өңің кетті –ау түтігіп,  
Ашуға соқыр беріліп,  
Айтып қойма, абайла,  
Еттен өткен таяқтан,  
Сүйектен өткен сөз жаман,  
Адасып тұрып, ашумен,  
Айтқан сөзін әкеннің,  
Кек ала көрме, құлыным!

**Алпамыс.** Жоқ, анашым,  
Бұла болған басымда,  
Басу айтар ақыл бар.  
Соған сенші, анажан!

Тайша сынды қаскөйдің,  
Бассыз елді басынып,  
Қылып кеткен ісіне,  
Ашу стер оғым бар.

Аттанбақпын мен соған,  
Әкел бері Шұбарды!

**Аналық** (*Алпамыстың мойнына асыла бере*).

Бердім аналық батамды,  
Сапарың оң болсын, құлыным,  
Қол жай, қауым, көпшілік,  
Аттандырып тұрмын мен,  
Алпамыстай ұлымды,  
Бимәлім, қатер сапарға,  
Тарыққанда жебеуші,  
Бола көр жаршы бір Алла!  
Аттанды ұлым алысқа.

**Қарлығаш.** Қош, аға, жалғыз тірегім,

Сапарың болсын сәтті деп  
Көптен-көп мен де тіледім.  
Жеңіспен әлі-ақ келер деп  
Жолыңа карап жүремін,  
Басып та кеткен ізіңді,  
Сүйемін ылғи, сүйемін,  
Қош, ағажан, қош, көкем!

*Алпамыс бастаған көпшілік сахна сыртына шыға береді.*

*Байбөрі дел-сал күйде. Қолын жсайған күйі әлі отыр. Алпамыстың кеткенін енді сезгендей бетін жалма-жан қолымен сипайды. Қасында әрі-сәрі халде тұрған Құбақанға қарайды.*

**Байбөрі.** Кетті ме әлгі?

Ашулы ғой тым өзі.

**Құбақан.** Қалай-қалай, түсінбедім,  
Аузынан шыққан сөзін.

**Байбөрі.** Не деп шатып отырсың?

**Құбақан.** Жоқ, әншейін, әлгі...

Ойбай, Байкөке, ананы қара. Алпамыс ағам Ұлтанға бірнәрсе деп жатыр.

*Сахна сыртында айқайласып сойлескен дауыс естіледі.*

**Алпамыс.** Қош, Ұлтан аға,

Бір өзіңе тапсырдым,

Үйдегі екі кәрімді.

Қалдыра көрме көңілін.

Қарлығаштай қалқамды,

Гүлбаршындай жарымды,

Өкпелетпе еш жанға.

Қош, қош, қош, халқым, қош апа, қош әке, қош Қарлығаш,  
қош Гүлбаршын!

### Екінші сурет

*Ұлтан жалғыз. Ой үстінде.*

**Ұлтан.** Маған не деп кетті әлгі? Шын сөзі ме, кекеткені ме?...

Сенбеймін, сенбеймін. Байбөрі мен Аналықтың маған қырыңқабақ екенін осы уақытта дейін не қып білмеді екен?..

«Батыр аңқау, ер көдек» деген рас екен-ау, ә.

*Ұлтанның жүзінде кенет күлкі ойнап қоя береді*

Ойпырмай, көзім неге бұлдырап кетті!? Қолымның дірілдеп кеткені несі! Жүрегі түскір әлде бір қуанышты сезгендей ме? Апыр-ау, мына бір суық тер неге шып-шып шығып кетті?

Аты кім деді жаңағының?... Лашын дсй ме?... Әлде құлағым шалыс естіді ме?...

*Осы уақытта ентелей басып, әлде неге асыққан Құбақан Ұлтанды қағып кетеді.*

**Ұлтан** (*шошынып ыршып түседі*). Ой, туһ, зәремді алып. Ой, құдай атқан боқмұрын, сен екенсің ғой.

**Құбақан** (*ыржың етіп*). Оу, Ұлтан ағам екен ғой. Ой, Ұлтеке-ай, қойыңызшы.

Өзіңіздің де мұрныңыздың жетісіп тұрғаны шамалы ғой.

**Ұлтан.** Әй, сен не деп оттап тұрсың –ей!?

**Құбақан.** Қойыңызшы аға! Өзіңіз ғой енді. Өзіңіз неге сонша терлеп кеткенсіз?

**Ұлтан.** Ал, жарайды, ойнағаным ғой, әншейін. Е, жай тер

дс. Әй, боқмұрын, бері таман келші, сенен бірнәрсе сұрайын деп ем.

**Құбақан.** Е, қойыңызшы, алдап шақырып алып, ұрып тастайын деп тұрсыз ғой.

**Ұлтан** Ой, сүмелек неме, саған қолымды ауыртып қайтемін. Бері кел. (*көзін қысады*).

**Құбақан.** Әй, Ұлтекем-ай, көз қысысыңызға карағанда ішіңізге бір құрт түскен-ау. Бәсе, жаңа алыстан-ақ сезіп едім-ау. Басыңыз тым төменшіктеп кеткеннен-ақ бір бәленің болғанын білгендей болғам.

**Ұлтан.** Әй, ақымақ, бәле, олай сандалмай тұр. Бәле дегенше, бақыт десейші. Әлгі жаңағы Алпамыстың әкелген қатынының аты кім?

**Құбақан.** Ә, енді сездім ол құртты. Сол екен ғой. Бәсе-ау, өзім де солай ойлап едім-ау. Ол бір құт емес, енді Ұлтекем мен Бадамшаның бойына қонған құрт не жүректі жүдестер жұт десейші.

**Ұлтан.** Әй, боқмұрын неме, ділмарсымай айтшы. Аты кім еді?

**Құбақан.** Е, текке ауыз ауыртып айтып, басымның іскені не? Алдымен ауызақымды беріңіз.

**Ұлтан.** Аларсың. Мә! (*қалтасынан лақтырып, тиын тастайды*)

**Құбақан** (қағып алып). Е, бар болғаны осы ма? Құны татымайтын соқыр тіллә бергенше, мырза жігіт алтын көсіп бермей ме? *Қашиқалақтай береді. Ұлтан қуалай береді.*

**Ұлтан** (*сахна сыртынан*). Әй, боқмұрын, мә, мә, айта ғой, аты кім?

*Сахна жабылады.*

## ҮШІНШІ СУРЕТ

*Тайша ханның ордасы. Хан ұйқыда жатыр. Сахна сыртынан ақырған арыстанның дауысы мен алысқан бураның буырқанған үні аралас шығады. Сахнада арпалысқан жарық, түрлі-түсті, қорқынышты бейнеде шағылысқан сәулелер.*

*Хан кенеттен шошынып оянады.*

**Тайша** (сәкіден қарғып түседі).

Аттан, аттан! Аруак!

Өзің демеу бола көр.

Ей, жарандар, ағайын,

Бәрің мұнда келіндер!

Жан-жақтан елдер жиыла бастайды

**1-дауыс.** Не болды, тақсыр, жай ма екен?

**2-дауыс.** Өңіңіз тым жүдеу ғой,

Неден шошынып тұрдыңыз?

**Ханым.** Жөніңді айтшы, жарықтық,

Тыныштық па, не болды?

Шошынуың бөлек қой,

Қинады ма әлде азапты ой?!

**Тайша.** Айтпа, ханым, қорықтым,

Жаңа ғана түс көрдім.

Түсімде жаман іс көрдім

Заманым менің қағынды,

Қағынбаса не қылды?

Құрсаулы қара бура кеп,

Қарсы қарап шабынды.

**1-дауыс.** Астапыралла, не дейді?

**2-дауыс.** Сұмдық қой, мынау. Иә, тәңірім, тыныштығымды бере көр.

**Тайша.** Көзімнің жасы егілді,

Қабырғам менің сөгілді.

Тәжім кетті басымнан

Айырылдым барлық асылдан.

Болат тұяқ қыран кеп,

Күлпарша етті тағымды  
Таптап кетті бағымды.

**1-дауыс** (*зарлана*). Бұл не сұмдық тағы да?!

Аузым аққа тиді деп  
Жүргенімде масайрып,  
**2-дауыс**. Келді ме жау атойлап,

**Уәзір**. Кет, бәлекет, кет аулақ,  
Түс түлкінің боғы ғой,  
Қадірлі хан, қамықпа!

Сабыр түбі-сары алтын,  
Кел демейік қолтықтан,  
Отырыңыз орынға

Құр даурығу орын ба?!

**Тайша**. Айтпа ондай жұбату,  
Жалған алдау мұрат па.

Бір арыстан көрдім мен,  
**Айбары** оның суық-ты,  
Ауызына арандай

Адам түгіл дүйім жұрт,  
Сыйып кетер секілді.

**Уәзір**. Кім деп жорып, шештіңіз?

**Тайша**. Кім болушы еді, өзің шеш,  
Бізге тиер қай жау бар?

**Уәзір**. Кешегі шапқан жұртыңның,  
Бас көтерер бірі де.

**Тайша**. Кімі бар еді олардың,  
Қарсы шығар найза алып?

Келген жоқ па осында,  
Көпшілігі солардың

Қыл арқанға байланып.

**Уәзір**. Көрейікші ойланып.

Есінде бар ма, хан ием,  
Қылышпен басы шабылған,  
Қара сұр, алып кеуделі  
Қайсар қара жас жігіт.

Айтпап па еді сол саған:

«Алпамысым келсін деп,  
Сазанды сенің берсін деп,  
Бүгін мені соярсың,  
Қанымды ішіп тоярсың.  
Қолыңдағы қылыштың,  
Алмас жүзі желкенді,  
Шабарына сенемін.  
Зорлық етсең біреуге,  
Сол зорлықтан өлерсің,  
Осы айтқаным келмесе,  
Қара да тұр, көрерсің»,-  
Деген сөзін еске алшы.  
Сонда жаным тіксініп,  
Шошынып ем өзгеше.

**Тайша.** Не деп шатып кетгің сен,  
Жұбата ма десем сен,

Жылатпаққа келіп пе ең,  
Неге айтасың онысын?

**Уәзір.** Кешірім ет, хан ием,  
Жаманшылық ниетке,  
Қиғым келіп тұр ма екем.

Түстегіні өңдей қып  
Шошына айтып тұрған сен,  
Еске алған хал ғой бір.

**Тайша** *(сабасына түсе бастағандай).*

Жә, ашу-дұшпан, ақыл-дос,  
Ақылыма ақыл қос.

Сол айтқаның жөн бе деп,  
Іштей келдім байламға.

Құтылатын осыдан,  
Қане, қандай айлаң бар?

Алпамыстың атағын,  
Кешегі келген елшіден,  
Естіп білдік емес пе.

Көп манап пен төрені,  
Айламен де, күшпен де,

Кетіпті дейді шоңкитып.  
Қарсылық етпек болғанын,  
Қалпақтай ұрып түсіріп,  
Аққудай ару Баршынды  
Әкеліпті ұшырып.

**Уәзір.** Иә, солай, хан ием,  
Қолдан келер бар ма айла,  
Күші асқанға тосқын жоқ!

**Тайша.** Неге ғана түңілдің,  
Арбап атқан жалғыз оқ,  
Шешпей ме оның тағдырын?

**Уәзір.** Бұл ойға да үңілдім,  
Бұдан табар олжа жоқ.  
Тапқан дұрыс басқа айла.

**Тайша.** Айтсаңшы енді, ол қайда?

**Уәзір.** Ол әзірге тұр ойда.

**Тайша.** Бол тез, онда уәзір.

**Уәзір.** Ойланайын мен қазір.

Есінде болсын, хан ием  
Алпамысты алар алып күш,  
Туған жоқ біздің арада.  
Суға кеткен тал қармар,  
Деген сөз бар көнеден  
Қайығымыз-айла-амал,  
Ескегіміз-тек арбау.

**Тайша.** Айтсаңшы енді, апыр-ау,  
Ындынымды үздің ғой.

**Уәзір.** Айла-амалға еп-септі  
Осында аты Жәдігөй,  
Албастыдай кемпір бар.

Сол табады айланы  
Алпамысты алатын.

**Тайша.** Шақыр оны осында  
Жер түбінде болса да!

**Уәзір** (*жасауылдарға қарап*).

Іздендер, кәне, табындар,



Жабыла қарап қаланы,  
Сүзсін түгел даланы,  
Тапқан жанға берілер,  
Қол басындай алтын бар.

*Ел тарап кетеді. Сахна сыртынан «Жәдігөй кемпірді іздеңдер, тапқан адамға қол басындай алтыннан, ұсынатын сыйы бар!» деген дыбыстар жамырасып шығады. Артында Жәдігөй кемпір ішке енеді.*

**Жәдігөй.** Дат, тақсыр!

**Тайша.** Датың болса айт!

**Жәдігөй.** Жаңа естіп дабырды,  
Осында тез жеткенім.

**Тайша.** Әлгі іздеген Жәдігөй,  
Сикыр кемпір сенбісің?

**Жәдігөй.** Иә, менмін, хан ием,  
Сонша неге қиналып,  
Іздеттіңіз асығыс.

**Тайша.** Болып қалды тосын іс,  
Осыған ақыл қосыңыз.

**Жәдігөй.** Жұмбақ етпей, хан ием,  
Айтқан жақсы ашығын,  
Не қиын іс болса да,  
Табайық бір тәсілін.

**Тайша.** Бәрекелді, Жәдігөй,  
Қиналғанда қолтыққа,  
Демеу берер пірімсің,  
Үзілгендей үмітім,  
Болып еді бүгін де  
Кесілгендей тірлігім,  
Енді қайта тірілсін,  
Бірақ, бірақ..... (күйзеле сөйледі).

**Жәдігөй** (сақылдай күліп, орнынан ыршып тұрады. Қос қолын әрлі-берлі уқалап, құшырланғандай халде).

Үміт ете сөйлейсің,  
Ішінде бар ма, хан ием,  
Өзгеше бір күдігің,

Әлде маған сенбейсің?

Сендірместей сүрініп,  
Шалыс басқан адымың,  
Сізге әлде мәлім бе?

**Тайша.** Жетті, болды Жәдігөй,  
Жұмсар тығыз шаруа бар,  
Қан болмасын десең ел,  
Шаң болмасын десең бел,  
Жұмсамақпын алысқа.

**Жәдігөй.** Арыстандай алыпқа,  
Қарсы шабар қайрат жоқ,  
Бірақ етер айла көп.

Оның не еді, хан ием?

**Тайша.** Өзің таптың ойымды,  
Алпамыс атты бір алып,  
Қас бурадай шабынды,  
Ағызбаққа қанымды,  
Келе жатыр дейді жұрт,  
Қарсы қылар қайрат жоқ,  
Алдап соның көзін құрт.

**Жәдігөй** *(сақылдап күле түседі)*.

Қолдан келмес іс екен.

Өнерімді салсам да... *(бұрынғыдан да қатты күледі)*.

**Тайша.** Не дейді мына Жәдігөй?

Ей, уәзір, қайдасың?

Мынаның қазір көзін жой!

**Уәзір.** Сабыр, тақсыр, шыдағын.

**Жәдігөй.** Хан ием кетті, шыдамың,

Сөз аяғын күтпестен

Ашуға басқан жөн бе екен?!

Ақырғы амал есігін,

Ашқанмын жоқ әлі де.

**Тайша.** Айтсаңшы енді! Оның не?

**Жәдігөй.** Хор қызындай жеті ару,

Берсең болды, хан ием.

Сосынғы амал өзімнен.

Істің сәтті болмағы  
Тек өзің біл, хан ием.  
(сақылдап, қатты мәймөңкелей күледі).  
Орындалса ойдағы  
**Тайша.** Не тілейсің, айт жылдам,  
Төзімімді тауыспай!  
**Жәдігөй.** Міне, осының орынды ой,  
Тұспалдамай ашығын  
Айтқан жақсы мұндайда,  
Қаракөзайым аруды  
Жар дегенде жалғызым,  
Ұлыма менің бересің.  
**Тайша.** Е, аянайын мен несін,  
Жетті, бітті уәде,  
Әкел менің алдыма,  
Алпамыстың кәлләсін.  
**Жәдігөй.** Күп, хан ием, құба-күп,  
Пірлерім мені демесін!  
*Шығып кетеді.*

*Бірінші актінің соңы.*

## ЕКІНШІ АКТ ТӨРТІНШІ СУРЕТ

*Жасыл көлдің жағасы. Көл жағасында үлкен үш ақ үй тігулі тұр. Алыстан естілген ат тұяғының дүбіріне Жәдігөй кемпір құлақ түріп қояды.*

**Жәдігөй.** Ия, пірім, қолдай көр,  
Сиындым, салдым өзіңе.  
Жібер түгел айланды,  
Шытырман торды құрармын,  
Түсірмекке қолыма.  
Аянба, тілім, аянба,  
Арбамай оны қоям ба,  
Ағылмасаң, көз жасым,

Саған жаусын қарғысым.  
Қайсар мінез батырды,  
Кідіртпесе ақ шашым,  
Ағарып таңым атпасын,  
Ал, қызыл тіл, аянба,  
Арбамай оны қоям ба,  
Ағылшы, жасым, сорғалап,  
Отырғандай сор қайнап.

*Бұрылыстан шыға берген Алпамыстың алдынан Жәдігөй  
кемпір көлбей еңіреп, жата кетеді. Шашын жайып жіберген.  
Еңіреп, дауыс салып жылап жылайды.*

**Жәдігөй.** О, сорлы да болған қу басым,  
Мендей де мұндар болар ма,  
Жайқалып өскен желектей  
Жеті ұлым бірдей солар ма!?  
Не жаздым, құдай, мен саған,  
Қарғысыңа қалғандай.  
Тілеулі таза емес пе еді,  
Ақ пейілге малғандай,  
Қиятын ұл ма еді жетеуі,  
Өлімге ерте шалғандай.

**Алпамыс.** Не болды, шеше, ұқпадым,  
Мұнша неге жылайсың?  
Ұқтырсаңшы жайыңды,  
Шсккен жапаң бар болса,  
Оның дағы жөнін айт.

**Жәдігөй.** Не деп айтам мен оны,  
Айтуға тілім жетпейді,  
Көкірегімді таптаған,  
Тайша ханның тұяғы.  
Тап өзіндей жеті ұлым  
Алпамыс аға кегі деп,  
Қан майданға аттанған,  
Қалың жылқы қарымын  
Қайырам деп жатпаған,  
Қыл арқанда шіріген.

Қоңыраттық ерлердің  
Көз жасына еріген.  
Салып айқас сойқанды,  
Қан майданды атқарған.  
Қапыда тиген қанды оқтан,  
Қаза да шеккен қапалы  
Анау төбе басында  
Қатар жатқан көп бейіт,  
Солардікі жоталы.  
Жетеуі де ер еді,  
Мыңға татыр денелі.  
**Алпамыс.** Қайран, ғазиз шешеке,  
Шыдас берер мен емес,  
Қабырғамды сөгілтті,  
Көзіндегі қанды жас.  
Қаһар толған бойыма  
Соқтырдың дауыл дүлейлі  
Жетемін қазір Тайшаға  
Төкпекке қатер, үрейді.  
**Жәдігөй.** Қалқам, сенем сөзіңе,  
Күшің де сенің тым ерен,  
Алғысым – тек ақ бата,  
Мүскінді мендей аяған,  
Сыйламас сені қай адам?!  
**Алпамыс.** Алғыспен қабыл аламын,  
Қатерлі сапар жолында  
Жүректен берген батаңды.  
**Жәдігөй.** Өркенің өссің, қарағым,  
Қатер жолға барарда,  
Ана ұсынған аяқтан  
Ақ саумал ішіп кеткейсің.  
*(кенет күңіренген, жылаулы үнмен).*  
Тұлдыр қалған ақ үйде,  
Жеті жеңгең отыр зар илеп,  
Соларға көңіл айтқайсың,  
Жесір де қалған сор маңдай,  
Жолыңа сенің шық деген,

Көз талдырып күт деген.

*Енді құйқылжыған дауыс пен қиналған үнді араластыра сойлейді.*

Жарым болған жанымызға,

Жылы лебін сеп деген.

Қиылып, қалқам, тілейміз,

Кетсең егер қарамай,

Зар көңілден өзінді,

Пенделікпен мінейміз.

**Алпамыс.** Қайран ғана, шешежан,

Аясаң нетті мені де,

Ушығып келген жүректі,

Ушықтыра бермеші.

Не істеймін, апыр-ау,

Қандай байлам жөн қазір?..

*Сахна жабылады.*

## БЕСІНШІ СУРЕТ

*Қараңғы қапас түрме іші. Сахнаның арғы бетінде кішкене тор терезекөрінеді. Терезеден құлаққа күңіренген үн келеді. Зарлы әуен, тағдырының теріс аққан суына қатты қапаланатын сынды.*

*Түрмеден бері есіктің алдында қарулы күзетші тұр.*

**Абзал ақын.** Күңіренте, тарта түс,

Күңіренген, серігім,

Қапалы жүрек оянсын,

Бассын көңіл жерігін.

Қылқобыздан шыққан үн,

Көкірегімді тырналап

Ескі қайғы – жараны,

Кеткендей тағы жұлмалап,

Жат жерде қалған, бауырым,

Халіңнің сезем ауырын.

Жат қолда сая таппақ кім?!  
Өз еліме сыя алмай,  
Тайшаның түстім торына,  
Кездескен хан сорыма.  
Анау жатқан бүк түсіп,  
Ол да мен туысым,  
Жайлаған әбден у ішін.  
Тілдесетін тілін де  
Кесіп алған хан-жендет,  
Құлағы бар болса да,  
Бар айтпағы ішінде.  
Көзімен ғана ұқтырар,  
Ішіндегі пікірін,  
Қолы да тіпті кісенде.

*Осы сәтте қол-аяғы байлаулы, жсарадан сау жері жоқ,  
қанға боялған Алпамысты төрт жсасауыл түрменің ішіне  
әкеліп тастайды. Түрмедегі адамдар тым үрейлі.*

**Абзал.** Тағы да бір құрбандық  
Кеп түсті ме ортаға,  
Жем боп Тайша қорқауға.

**Қобызшы.** Апыр-ау, мынау Алпамыс,  
Бауырым ғой, не еттім?

**Абзал.** Не дедің сен? Алпамыс ?!  
Алпамыс алып қалайша,  
Пенде болған Тайшаға?!

**Қобызшы.** Бір сиқырмен алған ғой,  
Сөйтіп құдай ұрған ғой.

**Абзал.** Тоқсан қабат торларын,  
Келер жолына құрған ғой.

*Алпамыс ыңыранып, басын көтермекке талпынады.  
Барлығы жүсігіріп келіп сүйейді.*

**Алпамыс.** Мей қайдамын осы сәт?  
Түсім бе әлде өңім бе?

**Абзал.** Е, сормандай болған Алпамыс  
Жатырсың Тайша көрінде.

*Алпамыс қайта талықсын кетеді. Қаракөзайым түрменің сыртына бір топ қызбен келіп тоқтайды. Түрменің ішіне құлақ түреді. Осы сәт қобыз үні қайта естіледі.*

**Қаракөзайым.** Тыңдашы, қыздар, тыңдашы,  
Мынау неткен зарлы үн!

**1-қыз.** Орнағандай басына,  
Қасіретті қалың түн.

**2-қыз.** Жұмақ деп пе ең түрмені?

**3-қыз.** Қойыңдаршы, не керек?

Қайғы күйі таңсық па.

Кетейікші тезірек!

**1-қыз.** Ей, миқыт қыз, милаусың,  
Сезбепсің ғой түкті де.

Осы жолмен бұрын да,  
Жүрмеуші ек қой тіпті де.

**2-қыз.** Естімеген екен ғой,

Қаракөзайым ғашығын

Құлап сүйген асылын.

**3-қыз.** Ол кім еді, бәтір-ау?

**2-қыз.** Білмейсің бе осыны,

Айтайын онда жасырын!

Атақты Абзал ақынның

Ер мінез, сұлу Қасымы

Осында деген сыбыс бар

**3-қыз.** Сенбейін бе, сенем бе,

Не дейсін, құрғыр, қу тұмсық?

**1-2-қыз** (*қосарланып қолын сілтеп*).

Сенбесең де , сенсең де,

Айтарымыз ақ шындық.

Онда солай тұр сыңсып.

*Кете барады.*

**3-қыз.** Қасым дейді, шындық па?

Абзал ақын інісі,

Емес пе еді ол Қасым,

Қалың кедей тынысы,



Жаманшылық жасардай,

Теріс болды қай ісі?

*Шығып кетеді.*

*Анда-санда «жік-жіктен», Кейқуат олеңдетіп өте береді де, көпке қарап тоқтап қалады.*

**Кейқуат.** Жік-жік, құрған кебенек,

Жемейсің бе ебелек.

Шағып қана алмайды-ау,

Өзінді бір бөгелек.

Жік-жік, құрған кебенек,

Жемейсің бе ебелек,

Не қып сені жаратқан,

Шошақай қып көбелек.

Кілт тоқтап, ойланып қалады.

**Кейқуат.** Осы жаңағы Қаракөзайым әпкеме не болған?

Өңі кетіп қалыпты ғой өзінің өңген шыттай. Қасынан өткенде құлағымды бұрап, қытықтап өтетін қылығы қайда кеткен? Бірақ көкем айтып отырады ғой, хан қызының мінезіне дауа жоқ, сусыған сынаптай аумалы-төкпелі деп. Қой, кінәлі болмайын. Біреуді сырттан жамандама дейтін апамның айтқанын аяқасты етем бе? Осы мен жындымын ба? Хан қызының қабағына қылау түсті деп, ешкімнен айырылып қалармын. Қой, болмас кеттім. *(Өлеңдетіп сахнадан шыға береді де тоқтап қалады. Күдікті күйде, мырс етеді.)* Өзі бүгін түс көрген бе? Қасындағыларынан бөлініп, қара басқан ба? Жын айналдырғандай жалғыз өзі тар терезеге тесіліп қалыпты. Түк түсінсем бұйырмасын. *Шығып кетеді.*

## АЛТЫНШЫ СУРЕТ

*Түрме іші. Шынжырлаулы. кісендеулі тобыр. Арасында Алпамыс отыр.*

**Абзал** *(қиналғандай, қапалы халде).*

Үш ай жүзі мінеки,

Тас қапас болды ұямыз.

Тірліктің осы сияғы.

**Шал.** Тайша ханның шырмауы-

Шырмағалы отыз жыл.

Отыз жылда осынан

Шыққан жоқ еш тірі жан *(күрсінеді)*.

Тағдырдың жоқ тұрлауы.

**Абзал.** Жақсы лебіз жаныңның

Аз да болса медеуі.

Түңілме, әке, сорлаулы,

Үміт етер сәулелі

Сенім күші қайда бар?

Осынау торлы түрмеде

Сызды жердің жемі боп,

Жатқан жоқ па не бір нар

Жігіттер алып кеуделі?

Құтқарған жоқ қой солар да.

**Абзал.** Күйіңе сенің түсінем,

Қадірменді, қарт әке,

Серпілер канат сынған соң,

Қара тастай қалың күш

Нар кеудені талдырар,

Тұяқты болат алдырар.

Арманшыл адам арынын

Кісенді тұлпар секілді,

Қайғы мен сорға шалдырар.

Мен де мұндар болсам да,

Мұнайғам жоқ, мұқалып,

Жалғыз інім Қасымды

От боп жанған жалынды

Ерте өшірмек ниетпен-

Қызымды менің сүйдің деп,

Арыма қатты тидің деп,

Қай тіліңмен қызымның

Алма бетін сүйдің деп,

Қайқы қылыш жүзімен,

Тілін кескен түбінен,

Жатыр анау бүк түсіп,

Айырылып мәңгі күнінен.  
(қамыққандай халде бүгіліп отырып қалады).

Көтерер ем мұны да  
Нар тәуекел сеніммен.  
Қалың халық мұңы бар,  
Осында жатып егілген.  
Қазақ, қырғыз, өзбек те,  
Қытай, қалмақ, шеркес те.  
Күні бірдің – күйі бір,  
Тағдыр қосса діні бір.  
Бостандықта бебеулеп,  
Құр қиқумен жүріппіз.  
Көз жасының күй зарын  
Қаншалықты біліппіз?!..

**Шал.** Тебіrentтің ғой, жаным-ай,  
Жүрегің неткен таза еді!  
Серпілттің ғой сезімді.  
Осы сәтке дейін мен  
Ойлайтыным қаза еді,  
Сенімге құлаш серпердей,  
Сенген күшің кім еді?

**Абзал.** Сенген күшім, әкежан,  
Мезгілсіз шақта зорлықпен  
Басыңа түскен ақша қар.  
Мынау жатқан халықтың  
Бойындағы тұнған зар.  
Анау тілсіз Қасымның  
Тілсіз тілін бұған ар.  
Осындағы нарлардың  
Көз жастары көл болып,  
Жылап қалған бауыры  
Жетім-жесір тағы бар,  
Осы жұртты бастайтын  
Үміт артар бір күш бар-  
Есімі оның –Алпамыс.

**Көпшілік дауыс.** Алпамыс! Алпамыс! Алпамыс! Қайран ер!

**1-дауыс.** Келісім сонда етіп пе?

**2-дауыс.** Тілек етсек, көп болып,  
Меселді Кері қайтарар,  
Қара жүрек деп пе едің.

**3-дауыс.** Құр сайда балық үлесіп,  
Су сөз сауған жөн бе екен.

Тас қабырға, шойын тор  
Шіріген арқан деп пе едің?!

**2-дауыс.** Тұмсықтан осы қайқайта,  
Ұрайын ба қонжитып!

Қауымның қалау-тілегін  
Кеудеге тебер керең күш  
Табыла қояр деп пе едің.

**1-дауыс (кіжініп).** Ой, осы сенің өзіңді  
Не етсек екен тап қазір,  
Көнбейсің неге жөнге сен?

*Осы сәт жауаптауға әкеткен, шырмалып байланған  
Алпамысты ішке әкеледі. Алпамыс ұрылған, қатты жаза  
тартқан.*

**Алпамыс (кіжіне, күйіне сөйлеп).**

Тайша ханның табасы,  
Сүйегімнен өтті ғой,  
Сиқыры жеті әйелдің  
Аңқау басты арбады-ау!  
Ес тандыра мас қылып,  
Оңдырмастай алдады-ау!  
Тарта бер енді жазанды.

**Абзал.** Күйректікке ұрыну-  
Ит пен құсқа жем болу.

Жабықпа, арыс, қамықпа.

**Алпамыс.** Жабықпасқа лаж бар ма  
Құтылатын хал қайда  
Темір құрсау тас үйден?

**Абзал.** Сауалың дұрыс, батырым,  
Жалаңаш қолмен, кісенмен  
Істейтұғын лажың жоқ

Бірақ ақыл, айла-амал  
Жетер күш оған қайда бар?

**Алпамыс.** Қандай ақыл қоспақсың?

**Абзал.** Әрине, бұл іс – үлкен сын,

Кеше ғана саңылаудан,

Сыртқа салып көзімді.

Қарап тұр ем далаға,

Көзім түсті топ ешкі

Айдаған бір балаға.

**1-дауыс.** Апырай, оның кім екен?

**2-дауыс.** Тұра тұршы сөз бөлмей.

**3-дауыс.** Барасың қайда өңмендей?

**Абзал.** Сол бала үміт белгісін,

Арнайы бізге бергендей.

Ажыратып ұқпадым,

Аяғын қатар қойды да,

Байлады жіппен шандып ап.

Содан кейін қолымен,

Шапқандай жіпті шалғылап.

Дауыстап айт деп үн қатсам

Қолымен жауып ауызын,

Үндеме деп белгі етті.

Есіме түсті соңында

Қақпада жүрген күзетші.

**1-дауыс.** Е, сайқымазақ баланың,

Шалдуарлық қылығын,

Малталап тұрмын десеңші.

**2-дауыс.** Ойпырмай, сен бір кеселсің,

**3-дауыс.** Көк желкең кері тартатын

Нағыз кесел екенсің,

Құдай атқан жетесіз.

**Алпамыс** (*ойлы халде, істің байыбына әлі де терең бойлай алмаған халде*).

Сонда ол бала біреуді

Ішімізден біле ме?

**Абзал.** Себепсізден себепсіз,

Білмесе түрме маңында,  
Тектен-текке жүре ме.  
**Алпамыс.** Менің жобам бойынша,  
Қасым болар, ыңғайы,  
Тілі барда айтатын,  
Тазша бала мән-жайын.

*Арғы түкпірде Тазша бала туралы сөзді құлағы шалып қалған Қасым Абзалдың қасына жетіп келеді. Көзі жайнап кеткен. Әлдене деп қуана былдырлайды. Елдің бәрі оған аңтарыла қарап қалады.*

**Алпамыс.** (қамыққандай қалың ойда тұрды да, Қасымнан бетін бұрып әкетті).

Тағы жыртқыш тырнағы,  
Терең қып салған жараны  
Қиналмай пенде көтерер,  
Түбірі бір туғанның-  
Ақылмен кескен жазасын,  
Тірідей берген қазасын,  
Көргенінде не етер ең?  
(аз сәтке үнсіздік орнайды).

**Абзал.** Құлақ естіп, көз көрсе,  
Сенбегенге бола ма?!

**Алпамыс.** Кеудең кекке толады,  
Ызадан жүрек жаралы.

**Абзал.** Алынса жаудың қамалы,  
Қорлық, зорлық кегі үшін  
Тартқызамыз сый табағын!

*Сахна жабылады.*

## ЖЕТІНШІ СУРЕТ

*Сахна жабық. Сахна алдында Қаракөзайым ешкі айдап бара жатқан Кейқуатпен ұшырасып қалады. Кейқуат сыбызғы ойнап келе жатады.*

**Кейқуат.** Қадірменді, апатай,

Тағы жалғыз жүрсін бе?

**Қаракөзайым.** Күн туса егер басына,

Көрген күнің осы да.

**Кейкуат** Әй, апатай, қайтейін? *(қалжыңдай, қуақы).*

Неге сонша қиналып,

Жүргеніңді білмедім.

Қасым сынды кедейді,

Сүйгеніңді білмедім?

**Қаракөзайым** *(камзолының ішінен кездік суырып алып, ашуланғандай болып).*

Осы болса білгенің,

Бұралқы иттей бауыздап,

Өлтірейін мен сені.

**Кейкуат.** Ойбай, өлдім, апатай,

Қайтып алдым сөзімді.

**Қаракөзайым** *(төне түсіп).*

Не қылайын өзіңді,

Айтқан жоқ па ем, мен саған,

Байлау еткен ойымды.

**Кейкуат.** Қайдан білем, апажан,

Түсінбесіңді ойыңды.

**Қаракөзайым.** Ә, солай де, қу тазша!

*(кездігін камзол ішіне тыға береді).*

**Кейкуат** *(қулана).* Сонда дағы, апатай,

Айтар сөзім әлі бар.

**Қаракөзайым.** Ол немене еді тағы да

Қысыр сөздің шаңы ма?

Құдай ұрған, қу Тазша!

**Кейкуат** *(еркелей сөйлеп).*

Кейкуат тазша болса да,

Арманы көп аңсаған.

**Қаракөзайым.** Е, ол не арман самсаған?

**Кейкуат.** Оны айтсам мен саған,

Өзге түгіл өзім де,

Өлгенше бір тамсанам.

**Қаракөзайым** (*шымытып алып*).

Қу, шешек-ау, айтсаңшы,

Үздіктірмей адамды.

**Кейқуат** (*даусын құбылтып, қуақалана*).

Ойбай, өлдім бүйірім,

Қолың неткен қатты еді?!

**Қаракөзайым.** Даусың неткен ащы еді?!

Айтсаңшы бол, баста енді.

**Кейқуат** (*өтірік ыңқылдап, қиналғандай қалып танытады, көзін жұмып аз-кем отырады да, кенет жадырап сала береді*).

Е, ұмытып кетіппін,

Айтпақшы, күнде түс көрем,

**Қаракөзайым** Түсімде түрлі іс көрем.

Е, оның қандай түс?

**Кейқуат.** Осы тазша қалпымнан,

Бөлек күйге түсіппін.

Керемет бір күш келіп,

Мені бір сәт ішінде,

Тап өзіңдей хан қызы,

Сұлу етіп кетіпті.

Соңымда менің көп нөкер,

Қызметші деген жетіпті.

Үлде менен бүлдеге

Ораныппын әбден мен.

Ішкенім мен жегенім,

Бал мен шырын болыпты.

Ғашық болған жігіттер

Айналама толыпты.

Кедей де бар, бай да бар,

Манап та бар, хан да бар,

Қайсысына ықылас

Берерімді біле алмай,

Жүрегім дал болыпты.

Айналама телміріп,

Көмек күттім пендеден,



Осы сәтте қасыма  
Мен сияқты тап осы,  
Тазша келді сенделген.  
Алая қарап аз тұрып,  
Ақыра келіп жіберді.  
– Жаман-жәутік құл-құтан,  
Хан қызына тең бе екен.  
Көңілі ауған жігіті  
Мен сияқты қу табан,  
Киімге кесе жарымай,  
Бір жұтым аққа сусаған.  
Ойланатын несі бар,  
Бармайсың ба ханға анау?!  
Дей бергені сол екен.  
Ояна кетсем шошына,  
Искелеп келіп тұр екен,  
Анау тұрған қу теке!

**Қаракөзайым** (күлімдеп тұрды да, сақылдап күліп жіберді).

*Кейқуатты аунатып, умаждай бастайды).*

Құлқыныңды енді түсіндім,  
Кумүйіз болған, қу тазша.  
Қиялап айтып қисының,  
Келтіргенін қарашы,  
(*Кейқуаттың құлағын бұрайды*).

Жә, жетті енді қалжыңың,  
Мезі қылды мылжыңың,  
Кешегі іс не болды?

**Кейқуат.** Не болушы еді? Бимәлім?

Осы істің түк сырын  
Ұға алмай сандалып,  
Аласұрып жүр жаным.

**Қаракөзайым.** Түкті білмей тұрғанын,  
Қуын мұның қарашы.

**Кейқуат.** Айтқан айла-амалды,

Орындадым барынша,

*Кейқуат қолын сермей бергенде, сыбызғысы ұшып кетеді.*

**Қаракөзайым.** Әнс біреуін қарашы

Созған өңеш секілді.

**Кейқуат** *(сыбызғыны жүзгіріп барып, көтеріп алады).*

Е, айтпақшы ескермей,

Барады екем ұмытып.

Кеше тұрмс маңынан

Өткенімде кешкілік

Келіп түсті алдыма

Терезеден топ етіп.

Бұл не екен деп таңданып,

Қарап едім жоғары,

Көрдім Абзал ағаны.

Үн қатпаққа бекіп ем,

Күзетшіден сескендім.

Сыбызғыны ап қолыма,

Әрлі-берлі тексердім.

Иыр-шиыр шимайын

Түсіне алмай қиналдым

Бірақ үні аяулы.

Сыбызғыны әрлі-берлі құйқылжыта ойнап жібереді.

*Қаракөзайым сыбызғыны алып қарай бастайды. Ерні күбірлеп, сыбызғыны айналдыра отырып, әлденелерді оқиды.*

**Қаракөзайым.** *(тосылған халде).*

Бізден көмек күткен бе?

*Үнсіздік. Кейқуат Қаракөзайымның түрінен шошынғандай, кейін шегіншектей береді.*

**Кейқуат** *(көпке қарап).*

Мынаған не болды, ей? Көзі бозарып, реңі кетіп қалды ғой өзінің. *(күліп)* Сыбызғының ішінде сиқыр бардай, сандырақтап не деп кетті мынауың. *(сыбызғыға тақанып келіп, барлап қарайды)*

**Қаракөзайым** *(өзімен өзі болған күйде).*

Не істеймін, апырым-ау! Қинады ғой, қиналдым ғой. *(жазуды қайта оқиды)* Алпамыс батыр босанса... Алпамыс кім еді?

**Кейқуат.** Қиналдым ғой, қиналдым ғой дейді. Сол иыр-шиыр мына қыздың басын шырмап алған шығар, ей. *(Қаракөзайым бұрынғыдан бетер дағдарулы халде).*

**Қаракөзайым.** Не келеді қолымнан?

Темір қақпа, тас қорған.

Айбалталы жасауыл,

Айналасын қорыған.

*Кейқуат енді сыбызғының тесіктеріне сығалап қарай бастайды.*

**Кейқуат.** Астапыралла, айбалта дейді.

**Қаракөзайым** (*Кейқуатты шапалақтан тартып жіберді*).

Не ғып мәңкүс бола қалдың, қу тазша!

**Кейқуат.** Өзіңіз ғой өрт сөндіргендей өңіңіз өзгеріп кеткен.

Таңданғаным рас, сыбызғының сырын білмей, дал болғаным тағы шын.

**Қаракөзайым.** Көзің ағып кеткен бе, ей,

Көрмейсің бе жазуды?

Мына тұрған баданадай.

**Кейқуат.** Жазу дейді. Ой, Алла-ай,

Болады екен ол қандай?

*(енді байыппен үңіле түседі)*

Әлгі иыр-шиыр, иқы-жиқы, бірі оңға, бірі солға құлап жатқан сызықтарды айтасың ба?

*Сахна жабылады.*

*Сахнаға Кейқуат шығады. Қолында сыбызғысы.*

**Кейқуат.** Сенейін бе, сенбейін бе? Не дейді әлгі?

Туу! Көз алдыма келтірсем,

Төбе құйқам шымырлап, жүрегім аузыма тығылады.

*(көзін жұмады, қолын әрлі-берлі сермейді).*

Сарт-сұрт, сарт-сұрт, шақ-шұқ, шақ-шұқ

Өлген адам, аққан қан, жаралы жан. Шыңғырған дауыс, ышқынған, жанталасқан жандар. Ой, сарт-сұрт, шақ-шұқ, тарс-Гүрс!

Астапыралла! Айбалтасын көргенде, айта көрме,

Жаным жар түбіне кетіп қала жаздайды.

*(көзін қайта жұмады).*

Жарқ-жүрқ еткен айбалта,  
Тисс келіп мойныңнан,  
Бас домалап доп болып... (*көзін шошына, қайта ашып алады*).

Астапыралла! Сол айбалталы күзетшілерді алдамақпыз скеуміз.

Астапыралла!  
Дірілдеген буыным,  
Бәйек табар емес қой,  
Болады ғой енді бір,  
Қанды айқас, сұмдық той!  
Е, жаратқан Тәңірі,  
Айбалтадан сақтай көр!  
Қайдан ғана осыған  
Шатып еді әлгі қыз?!  
Қашып осы кетсем бе  
Құла дүзді бетке алып.  
Қайда барам сонда мен,  
Қай қуысты пана етем?  
Бауырымдай болып кеткен ешкілер  
Кейқуат көкем қайда деп,  
Бейшара болған хан қызын  
Ашуланып барып тепкілер. (*өз ойына өзі мәз болып күледі*).  
Астапыралла!

Ертең деді ғой әлгі қыз. Қасыма ерткен сенімді екі серігім бар деді ме? Осы маңда күт деді. Сыбызғымен терезе тұстан өзі үйреткен сазды үш қайта ойна деді. Қалай еді өзі? Ұмытып қалмайын. (*сазды ойнап көреді*). Өзі зарлы емес, зәрлі ғой мынауың.

Не үшін сонда ойнаймын?  
Естісе Қасым түсінер,  
Деді ме әлгі хан қызы  
Күзетшілер естісе,  
Өз күнімді көп қылып,  
Айбалтамен...  
Астапыралла!  
*Шығып кетеді.*

## Сегізінші сурет

*Түрме алды. Найзалы, айбалталы күзетшілер түрме есігі алдында әрлі-берлі сенделіп жүр. Анда-санда бір-бірімен тіл қатысады.*

**1-күзетші.** Жалықтың ба, ей, немене,  
Басың түсіп кетіпті.

**2-күзетші.** Е, жоғы, күн қапырық,  
Болған жоқ па от-тамұқ.

**1-күзетші** (елең етіп).  
Әй, кімдер анау, көлбендеп,  
Көл шетінде көрінген?

**2-күзетші.** Соңғы күні бір топ қыз  
Күнде өтеді сол маңнан  
Ылғи бір керім панданған.  
(*Жасауыл басы келеді.*)

**Жасауыл басы.** Кімдер десем таңданған?  
Таңдайлары тақылдап,  
Сендер екенсіңдер ғой.

**1-күзетші.** Мына жаман жүрегім,  
Жарылардай еліріп,  
Үздігіп кете жаздап тұр.

**Жасауыл басы.** Десейші онда махаббат  
Алау оты жүректе  
Жалын атып маздап тұр.

**2- күзетші.** Көлбең көйлек етегін,  
Бірінші көзі шалған кім?

**Жасауыл басы.** Тарта сөйле тіліңді  
Қалжыңға да абай бол.  
Қаракөзайым хан қызы  
Анау жүрген біліп қой.  
Аңқау сөйлеп кездейсоқ,  
Түбіңе жетіп жүрмесін,  
Тайша әмірі – жебелі оқ.  
Ал, жақсы, сау болындар,  
Есікті сақ қорындар.

**Күзетшілер.** *(қосарлана).*

Құп болады, әміршім!

*Екі күзетші әрлі-берлі жүре бастайды. Осы уақытта бір бүйірден Қаракөзайым шыға келеді.*

**2-күзетші.** *(сасып қалып, найзасын оңтайлап ұстай қояды).*

Токта! Қайда барсың?

**Қаракөзайым.** Өзің неткен баласың?

Сұр найзамен қорқытып,

Үрейді сонша аласың?

Болады –ау екен осындай

Есерленіп қаруын

Қақ жүрекке оқтаған.

Қыпша белді қызға да.

**2-күзетші.** Кешір, кешір, қарындас,

Аңғырттық қой өткен бір,

Сақтық деген жақсы ғой.

**Қаракөзайым.** Жыны ойнаған бақсыдай,

Аузыңызда ақ көбік,

Содан қатты састым ғой.

**2-күзетші.** Мені қара басты ғой,

Кешірініз, қарындас.

**1-күзетші.** *(алыстан дауыстай келеді)*

Әй, мынау жан, жайша ма, ей?

*(жақындай келе аңырап қалады).*

Ойбай-а, мынау ханша ғой!

**2-күзетші.** Ах, не дейді? Ханша!

*Күзетшілер қалшып, тік тұрып қалады.*

**Қаракөзайым** *(сықылықтап күліп).*

Оқтау жұтып қойғандай,

Бұл не тұрыс, ағалар?

*(күзетшілер үндемейді.)*

**Қаракөзайым.** *(2-күзетшіге қарап әзілдей).*

Жаңа ғана қақсаған,

Ұшқыр жүйрік тіліңіз,

Енді не қып ақсаған?

*Күзетшілер әлі де үндемейді. 1-күзетші 2-күзетшіге қарап, жұдырығын түйіп, үндеме дегендей сақтық белгі етеді.*

**Қаракөзайым.** Оу, не болды сендерге,

Байланған ба тілдерің?

**1-күзетші.** Кешіріңіз, білмедік,

Қақпа алдына тосыннан,

Келгеніңіз кездейсоқ,

Ожарлықпен қарсы алған

Күнәміз бар жуылмас

Сондықтан тұрмыз күрмеліп.

**Қаракөзайым** (*бейбіт пішінде, жадырай күледі*).

Кінәлай сөйлеп арылу,

Болмаушы ма еді орынды?

Айттым ба әлде сіздерге,

Қайнатам деп сораңды?

**1-күзетші** (*сасқалақтай*).

Жо-жо-жоқ, тіпті де,

Танытқан жоқсыз түкті де!

**Қаракөзайым.** Ендеше тыңда екеуің,

Өзгеше бір жұмыспен,

Хан қызы болған басыммен,

Келген бөлек жайым бар.

**Күзетшілер** (*қосарлана үрейленгендей*).

Ол не, ханша, тәңірім,

Тыныштық болса игі еді!

**Қаракөзайым** (*қулана*).

Тыныштық болмай немене?

Қуантпасам сендерді,

Тектен-текке келем бе?

**1-күзетші.** Аузыңызға май, апыр-ай,

Жылы сөзді тірлікте,

Естігенге сенем бе!?

**2-күзетші.** Ой, тәңірім-ай, өңім бе!?

Әлде көрген түсім бе?

**Қаракөзайым.** Бүгін болмақ қызықты,

Көрмессіндер түсінде.

Анау қопа ішінде,  
Отыр күтіп сендерді,  
Бұралған сылқым қос ару.

**1-күзетші.** Ару деген немене?

**2-күзетші** (*елеріп*). О, ссалаң, кем неме?  
Ару деп айғар сұлуды.

**1-күзетші** Сұлу қыз ба? Қыз дей ме?!

**2-күзетші.** Ой, ақырын! Елерме!

Сөз ақырын күтейік,  
Қыздардың жайын білейік.

**Қаракөзайым.** Екеуі де жан кимас,

Аяулы дос серігім,  
Тұстарыңнан өткенде,

Қадала қарап өтетін.

Іштерінен күбірлеп:

Доман, Жоман десетін.

**Күзетшілер** (*қосарланып*).

Доман, Жоман десетін!!

**Қаракөзайым.** Иә, солай десетін.

Сыр тартып байқап көріп ем,

Өздеріңе көңілі

Құлай ауған тәрізді.

**Күзетшілер** (*қосарлана*).

Құлай ауған тәрізді!!!

**Қаракөзайым.** Мұндай сәтте жан ізгі,

Жүрек кілтін ашпас па?

**1-күзетші.** Айтқаныңыз рас па?

**2-күзетші.** Құр бекерге, ей, дауласпа!

Кезіккенде майлы аска!

**Қаракөзайым.** Қыз басымызбен қалайша,

Білдіреміз көңілді.

Деп қиналды екеуі

Әрі суық қарудың,

Қаһарынан сескенді.

**1-күзетші.** Сызгендей болып жүруші ем,

Айтқаным менің дөп келді.



**Қаракөзайым.** Күткен, міне, сәт келді,

Сонау көлдің қонасын,

Алыңдар, кәне, бетке енді.

**1-күзетші** (қаруларын қақпаға сүйей салады).

Жүр, әй, кеттік, жылдамдат,

Күтіп те отырған шығар

Көздері талып, төрт болып.

**2-күзетгі.** Қақпа аузын кімге тастаймыз,

Жасауыл басы тексерсе,

Тартпаймыз ба сазайды?

**Қаракөзайым.** Оу, шіркін, есер ерлерім,

Не үшін мұнда келгенмін?

Жауабын өзім беремін.

**1-күзетші.** Айбалтаң не, ей, есер-ку,

Алдымда тұр ма қаскөй жау.

Бездіріп алып жүрерсің,

Қолыңа түспес қызықты.

**2-күзетші.** Осы мен де қызықпын,

Жаңа ғана ханшаның

Ескерткен сөзін ұмыттым.

(қаруларды орнына қояды)

**1-күзетші.** Есерсің, сен, есерсің,

Бүгінгі көрген қызықты,

Жыр қып талай бөсерсің.

*Екеуі шығып кетеді. Олар кетісімен Қаракөзайым тасада тұрған Кейқуатқа қолымен белгі етеді. Сыбызғы шартты әуенді ойнайды. Осы сәт түрме ішінен әрлі-берлі сапырылысқан аяқ даусы, асығыс қимылдыған адамдардың үні, шынжырдың сылдыры құлаққа келеді.*

*Дауыстар. Белгі етті зой.*

Есікке ұмтыл!

Иә, жаратқан, жарқын күнді көрер күнім туды ма?

Қайран Қасым, сенің арқаң бәрі де,

Қайран ерім, күткен жарың сені көрсе,

Болар екен не күйде?

*Қаракөзайым қалтасынан қақпа кілтін алып, құлыптың аузын аша бастайды.*

*Алыстан жасауыл басы ентелей жүгіріп келіп, Қаракөзайымға қылышын ала ұмтылады.*

**Жасауыл басы.** Қолыңды тарт, хан қызы!

Тайша ханның жауларын

Жібермек пе ең теңдікке?!

**Қаракөзайым** (*Қаракөзайым жасауыл басының кеудесінен көк найзамен тірейді*).

Тоқта, батыр, ентікпе,

Егесіп тұрар шақ емес,

Жанынан безген пендемін

Соқтықсаң егер-өлгенің.

**Жасауыл басы.** Өлермін жетсе ажалым,

Райыңнан қайт, хан қызы,

Кеш емес әлі білгейсің.

Істеме ісін баланың.

**Қаракөзайым** (*сол оқты қалпы көзін қадаған*).

Айла мен арбау, жаланың,

Құрбаны болған табаның,

Тапталған әбден жан арын

Қашанғы қапас түнскте,

Тұншықтырып ұстамақ!

Ойға келген жазамен

Бейкүнә, нақақ пендені,

Қалайша қамап, қыстамақ!?

**Жасауыл басы.** Қабырғаңа батқандай,

Кімнің жыртып намысын,

Қызынасың соншама?!

**Қаракөзайым.** Саудаға салар әр ісін,

Пендешілік менде жоқ,

Енді сенімен сөзім жоқ

Жоғал әрмен, кет әрі,

*Найзамен итеріп жібереді. Жасауыл басы қайта ұмтылады. Қаракөзайым найзасын кезеніп тұрады.*

**Жасауыл басы** (*кіжініп, мысқылдай*).

Қаһарға бүйтіп мінгенің,

Қаратабан Қасым ғой,

Оны да мен білгенмін.

Ендеше ол саған жоқ!

**Қаракөзайым.** Не дейсің? *(Жасауыл басына ұмтыла түседі).*

*Кейқуат келеді. Қақпа алдына қорқа жақындайды.*

*Босағада сүйеулі тұрған айбалтадан шошып кетеді.*

**Қаракөзайым.** Мә, Кейқуат, қақпаны аш, жеделдет тез, қорықпа.

*Кілтті лақтырып жібереді. Жасауыл басынан көз алмайды.*

Қалай шыдап тұрайын,

Мына сынды қорлыққа.

*Қақпаның арғы жағынан есікті ұрған, тарсылдаған дыбыс естіледі.*

**Қаракөзайым.** Айт шыныңды, не дедің,

Қасым жоқ па, түрмеде?

**Жасауыл басы.** Түрмеде отыр Қасымың,

Қамаудан қапас шыққанмен

Оған енді бұл тірлік

Мәңгілік тең түрмемен.

*Қаракөзайым жасауыл басын найзамен кеудеге бір ұрып, ұшырып жібереді.*

*Ол ауыр жараланып, құлап түседі.*

*Кейқуат есікті аша алмай жатады. Қаракөзайым кілтті өзі алып, ашуга беттейді. Қос күзетші қайтып оралған. Өздері еттігулі.*

**1-күзетші.** Ойбай, анау не істеп жатыр?

**2-күзетші.** Қақпаны ашпақ қой.

**1-күзетші.** Бізді құдай ұрды ғой.

**2-күзетші.** Қатырып тұрып алдады ғой.

**Кейқуат.** Ойбай, апа, кеп қалды.

Кеткен екеу көл жаққа.

**Қаракөзайым.** Қорға мені, Кейқуат,

Қарусыз ғой, қорықпа,

Қолыңа алып, айбалта.

Оңды-солды сермей бер.

**Кейқуат.** Астапыралла!  
Онды-солды сермей бер!

*Козін жұмады. Күзетшілер алға басып, дабырлап келіп қалады. Кейқуат козін ашып алады. Шошынып кетеді. Жалма-жан айбалтаға жармасады. Көзді жұмып алған күйі айбалтаны оңды-солды сермей береді. Кіжіне сойлейді.*

Онды-солды сермей бер!

Онды-солды сермей бер!

*Күзетшілер ентелей келіп, кейін шегіне қашады.*

**Қаракөзайым.** (қиналған үнмен).

Бар қиядан өтіп кеп,

Сүрінбесем игі сді. (құлып ашылады).

О, ашылды, алақай!

**Кейқуат.** Ашылды ма, апатай?!

Қақпа ашылады. Арғы жақтан ентелей шыққан адамдар.

Алдымен Алпамыс, Абзал шығады.

**Абзал.** Асыл туған, қарындас, (Қаракөзайымды құшақтап).

Сенің пейіл, жаныңа,

Елжіреген көңілден,

Қалай келмес ыстық жас!?

**Алпамыс.** Адам аты бауырлас,

Кел, қарағым, құшақты аш

*Қаракөзайымды құшақтап, маңдайынан сүйеді.*

**Қаракөзайым.** Қасым қайда, Абзал аға?

*Абзал артына бұрылып қарап, көз қиығын есік алдында үнсіз тұрған Қасымға салады.*

**Қаракөзайым** (Қасымның барып, мойнына асыла кетеді).

Қасым, Қасым, Қасымым!

Неге сонша суықсың?

(Қасымның жүзіне қарайды. Оның көзінде жас тұрады).

Неге үндемей тұрсың, сен?

Бір ауыз жылы лебің,

Табылмай сенен қалды ма

Кеткен бе өліп сезімің?!

**Жасауыл басы.** *Ыңырана орнынан көтеріліп, тістене сойлейді.*

«Оған енді бұл тірлік,  
Мәңгілік тең түрмемен»,-  
Деп айтпап па ем мен саған.

*(Қаракөзайым үндей алмай, біресе Қасымға, біресе Абзалға, біресе Жасауыл басына алма-кезек қарайды).*

**Жасауыл басы** *(қатты ышқына айқайлай, қынынан кездікті жұлып алады).*

Оның тілін кескізген – сенің әкең Тайша хан, кесуші мен, кескен кездік – мынау!

*Кездікті тұрған топқа қарай қаратқан күйі өледі.*

**Қаракөзайым.** Не дейді, Абзал аға.

*Не дейді мынау? (Талып кетеді Абзал, Кейқуат Қаракөзайымды сүйемелдей береді. Қасым бүктүсіп отырып қалады.*

**Абзал** *(тебірене).* Жаз үміті қыс болып,

Қыраулы болса қайтпекші?

Құшағын ашар асығы

Жылаулы болса қайтпекші?

Ынтығын айтар бал тілі

Бұғаулы болса қайтпекші?

Осының бәрін істеген

Әкесі болса қайтпекші?!

*Қаракөзайым есін жинағандай кеудесін көтере береді.*

**Қаракөзайым** *(үздік-создық сөйлеп).*

Лағнет, әке, лағнет,

Бездім сенен біржола!

*(Қайта талып кетеді)*

*Сахна жабылады.*

*Алыстан соғысқан қылыш, қағысқан айбалта үні шығады.*

«Аяма! Таптап өт! Қағып таста! Ой, Алпамыс, ерім-ай! Бұғауменен болса да, беттетер түрі жоқ қой бұл! Жау қашты! Иә, тәңірім, қолдай көр, беті қайтты ақыры! Қасымың нағыз

ер скен, көрсетті ғой көкесін». *Сахнаның бергі бетіне ештіге қарусыз күзетшілер шығады.*

**Доман.** Түрі жаман мынаның,  
Жойып барды жапырып  
Не істейміз, құдай-ау?!

**Жоман.** Жан далбаса қылмасақ,  
Күнімізді көп қылар.

**Доман.** Бір-ақ ұрса қолымен,  
Басымызды жоқ қылар.

**Жоман.** Айтпашы, ойбай, құрғырды,  
Өліп кетсек құр бекер,  
Бізде қайбір жоқшы бар?

**Доман.** Құтылатын айланың,  
Құрығынан ұстайық.  
Қайда әлгі Байшұбар,  
Босатайық ер атын.

**Жоман.** Кілті қайда сарайдың?

**Доман.** Менде кілті сарайдың?  
Жасауылдың жанынан,  
Қорқа жүріп жаңа алдым.

**Жоман.** Онда Доман, жарадың.

*Осы сәтте сахнаның арғы тұсынан қаһарлы қалың дауыс шығады.* «Кекке кек! Қанға қан! Жанға жан!

Қайда әлгі Тайша хан?»

Қан жылатқан халықты!

Төңкереміз тағынан.

Жаңа Абзал айтты ғой,

Қолда деді бәріне,

Алпамыстай алыпты.

**Доман.** Көз сал анда көп халық,  
Қаптап қайда барады?

**Жоман.** Тайша отырған қамалды,  
Қамамаққа барады.

**Доман.** Қой, тұрмайық, жөнелейік,  
Атты апарып берейік. *(екеуі шығып кетеді).*

*Найзалы адам сахнаға жүзіре шығады. Алдынан екі адам-кездесе кетеді.*

**1-адам.** Ей, қайда кетіп барасың?

**2-адам.** Найзаң не, жаным, тыныш па?

**Найзалы адам.** Асығып барам ұрысқа,

Жаңа Абзал жар салып,

Жария етіп кетті ғой,

Көтеріл деп халыққа.

Тайша ханды тағынан

Тайдырмаққа үндеді.

Шықты ұрысқа деді ғой,

Алпамыс деген алып та!

**2-адам.** Қай Алпамыс, жаным-ау,

Түрмеге түскен батыр ма.

Қалай шықты, апырмай!

**Найзалы адам.** Ал, кеттім мен, қой болмас. *(кетеді)*

**1-адам.** Әй, біздікі, жөн болмас,

Бойымызда бар намыс.

**2-адам.** Бар болса егер Алпамыс,

Оған үміт артамыз.

*(кетеді).*

*Сахнаға Жәдігөй кемпір қашып шығады. Соңында Алпа-*

*мыс*

*Жәдігөй бұрышқа барып тығылады.*

**Жәдігөй** *(жалбарына).*

Айналайын, жан балам,

Жанымды менің қалдырғай

Жалғызымның көзі жасын,

Аясаңшы, анасын.

**Алпамыс** *(мысқылдай).*

*Жеті ұлым бар деп ең, (ақырып)*

Енді жалғыз болды ма!?

**Жәдігөй.** Тайша ханның айласын,

Жалған айтпаймын десем де,

Жанымды қажап қойды ма!

**Алпамыс.** Жок, Жәдігөй, қу сайқал,

Жылмандай сөйлесп арбама,

Өзіңді ақ қып қорғама

Жазаң сенің -қыл бұғау.

*Қолындағы шынжырмен Жәдігөйдің мойнын шырман,  
қылқындырады.*

**Жәдігөй** (қиқылдап).

Шы-шы-ббын ж-ж-жанымды қия көр,

Ай-ай-ай-н-на-алайы-ы-нн

Ал-ал-па...

(өлседі.)

*Алпамыс шығып кетеді. Сахнаға Кейқуат шығады.*

**Кейқуат** (өңінде үрей бар).

Айбалта мен найзаның,

Айқасын көрдім, о, тоба!

*Кенет өліп жатқан өлікті көріп, шошып, ыршып түседі.*

*Қолындағы айбалтаны өлікке кезей ұстап тұрады.*

Астапыралла!

Мынасы не тағы да!

Е, Жәдігөй сұм екен ғой,

Сауап бәлем сазаңды

Тартыпсың ғой дұрыс-ақ,

*Айбалтаны жерге сүйеп қойып, өлікке қолымен ұрса  
сөйлейді.*

Тыныш жүрсең болмас па,

Алпамыстай бағырмен,

Әзілдескің келген ғой,

Есерін қара- ей, өзінің,

Сен түгіл Тайша ханды да,

Құдай басқа бермесін

Найза үшін іліп ап,

Көкке атты кәлласын.

*(ойланып қалады). Көзін аз жұмып тұрып, тітіркенгендей  
болды.*

Туһ, шыңғырғанда дауысы,

Күңіреніп кетті-ау тау іші.

*(есіне әлдене түскендей кідіріп қалады).*

Қой тұрмайын бұл жерде,



Абзал аға жаңада,  
Қаракөзайым хал-жайын,  
Қауіпте деп кетпеп пе еді!

## ТОҒЫЗЫНШЫ СУРЕТ

*Қаракөзайымды қаумалай тұрған қалың жұрт. Жүздерінде мұң табы. Қасым бір шетте, қалың ойда. Абзал мен Алпамыс Қаракөзайымның басында отыр.*

**Абзал.** Тілге келер емес қой,

Үнсіз, сұлық жатыс тек.

**Алпамыс.** Ақырын көрші оятып,

Жайлап қана тіл қатып.

**Абзал.** *(Қаракөзайымның иығынан ақырын ғана түртеді)*

Қаракөзайым, қарағым...

*(ол ыңырысып, керілгендей болады).*

**Алпамыс.** Сәті болғай, апырмай,

Тірліктің берді тынысын.

*Қасым жақындай түседі.*

*Қаракөзайым көзін ашады да, айналасына барлай қарайды.*

*Кенет күліп қоя береді. Тұрғандар қуанысып қалады.*

**Дауыстар.** Күлді ғой!

Иә, құдай, сәтін бере көр!

Беті бері қарады ғой!

*Қаракөзайым Абзалға тесіле қарап қалады да, кеудесін көтеріп, шегіншектей береді.*

**Қаракөзайым.** Сен кімсің? Қасымсың ғой! ә!

*Көзі шарасынан шыға шатынай береді. Қатты дауыстайды.*

Қасым болсаң қайтейін.

Кет,кет. Әрмен кет!

Сенің тілің жоқ!

Маған сен керек емессің!

*Шапалақтан тартып жіберіп, орнынан, ырышып тұрады. Ұстамаққа талпынған жұрттың қолынан, жұлқынып қашып шығады.*

**Алпамыс** (*ащтарыла қарап*)  
Не болған, Алла-ау, мынаған?

**Абзал** (*көңілі босап*).  
Айтуға тілім бармайды,  
Бұл жынданған!

**Көпшілік дауыс.** Жынданған, жынданған, жынданған!!  
*Қасым ащы дауыс шығара, сыртқа жүсіре шығып кетеді.*  
*Қаракөзайым қолын шошайтып, Қасымға сықылықтап күледі.*

*Кейқуат келеді. Қаракөзайым Кейқуатқа қарай ұмтылып, оны құшақтап алады.*

**Қаракөзайым.** Ой, Кейқуат, келдің бе?  
Жақсы болды, алақай. Керек емес Қасымың.  
Енді менің сүйгенім сен боласың, Кейқуат.

**Кейқуат** (*әзілге жорыған халде*).

Ой, апатай, қойсаңшы,  
Елден ұят емес пе?  
Қайдағы бір тазшаны  
Құшақтау да әуес пе?!

**Қаракөзайым.** Таз басың қайсы, көрсетші.  
Өтірік, өтірік! (*сықылықтап күледі*).

Қой, таз емес, соқпашы.  
(*Кейқуатты қытықтайды*).

**Кейқуат.** Ой, апатай, мұның не?  
Есің әбден шығыпты,  
Неге сонша қуандың?

**Қаракөзайым.** Қойшы әрі, өтірік бәлсінбей,  
Кел одан да айтайық,  
Сен айтатын өлеңді  
Сыбызғың қайда, сыбызғың?

**Кейқуат.** Қай өлеңді айтасың?

**Қаракөзайым.** Күнде ылғи айтатын,  
«Жік-жік, кебенек» дейтін өлең ше?

*Қаракөзайым өзі айтады. Кейқуат іс байыбына енді түсінігендей, тұрғандарға аңырап қарайды.*

Жік-жік құрған, кебенек,  
Жемейсің бе еблек. (*Кейқуатқа қарап*).

Неге айтпай тұрсың сен?

*(құлағын бұрайды).*

**Кейқуат** *(ыңғайына көнгендей).*

Ал, айтайық ендеше. *(екеуі қосылады)*

Шағып қана алмайды-ау,

Өзінді бір бөгелек.

*Кенет өлеңін қоя қояды да, түсін суытып алып, айналасына қарайды.*

Сендер неге айтпай тұрсындар? Қосылайық бәріміз *(жымыяды)*. Қосылайық.

*(Алпамысқа қадала қарайды).*

Не қып тұрсың, ей, батыр,

Ауылыңа қашан қайтасың? *(күліп).*

Мен де барам сенімен.

Жүр кетейік бірігіп. *(жүр-жүрлейді, кенет тоқтай қалып).*

Әкем қайда, әкемді сағындым, апарындар мені тез. Әкеме барғым келеді. *(жылайды да, Абзалға жалт қарайды).*

Мына Қасым не қып тұр,

Бұл арада тағы да? *Кеудесінен итереді. Тұрғандар оған мүлде таңырқай қарайды.*

Тіліңді көрсетші, тіліңді,

Күлші деймін, кәне, күлші,

Мені сүймейсің ғой, ә! *Абзал басын еріксіз, шайқап, кейін шегіншектейді.*

*Сырттан найзалы адам жүгіре енеді.*

**Найзалы адам.** Жабыққанға бола ма,

Орны толмас өлшеусіз,

Жаңа ғана далада,

Қанжарменен қылпыған,

Өзің қиды қазаға.

Қасым сынды қайран ер!»

*Елдер беттерін сипасады. «Қайран ер! Қайран ер» деген дауыстар. Қаракөзайым найзалы адамды үнсіз тыңдап тұрады.*

**Қаракөзайым** *(қуана айқайлап).*

Алақай, алақай, Қасым өлді. Қасым өлді, алақай!

Сақылдап күлген бойы, сахнадан жүгіре шығып кетеді.

**Абзал** (*аһ ұра, қапалы, ащы үнмен*).

Не боп кетті апыр-ау,

Мұны күткен жан ба едім?!

Қуаныштың орнына

Болды ғой ел қамкөңіл.

*Маңдайын найзаға сүйеген күйі, солқылдап үнсіз жылайды.*

**Алпамыс.** Шыда, Абзал, шыда, дос,

Белді бекем бұғайсың.

Қамкөңіл болған халқыңның

Басында енді болғайсың.

Жақсыға барар жол қайсы,

Енді соған еліңнің,

Адасқан бетін бұрғайсың.

*Абзалды құшақтап, бауырына басады. Кейқуатты маңдайынан сүйеді. Қалған елдермен қол алысып, қоштасады.*

Рұқсат болса, халайық,

Бетті енді елге бұрайық,

Зарлы жұртым менің де,

Жолымды тосып жеті жыл

Күте-күте зарыққан,

Үй-ішім бар жабыққан.

Қош, бауырлар, тумалар,

Кеттік, кәне, жігіттер,

Айдандар анау жылқыны,

Ақыадал малын жұртымның.

**Көпшілік дауыс.** Қош, қош, ерім Алпамыс,

Жолың болсын жортқанда.

**Алпамыс.** Қош, бауырлар, тумалар!

*Сахна сыртында ат тұяғының дүбірі, кісінеген жылқы үні естіледі.*

*Сахна жабылады.*

*Екінші актінің соңы.*

## ҮШІНШІ АКТ

### ОНЫНШЫ СУРЕТ

*Кең дала. Таңғы алагеуім алағөбе шақ. Диуана киімін киген Алпамыс ат ерін басына төсеп ұйықтап жатады. Түс көріп жатыр.*

*Өңі жүдеу Қаракөзайым теріс қарап тұрған Алпамысқа ақырын жақындайды.*

**Алпамыс.** Гүлбаршын, Гүлбаршыным.

*(Қолын жаяды. Қаракөзайым қашқалақтайды).*

**Қаракөзайым** *(сықылықтап күледі).*

Мен Гүлбаршын емес, Қаракөзайыммын ғой. Қаракөзайыммын ғой. Ұмытып қалдың ба, Алпамыс!

**Алпамыс.** Қойшы, қалжының жетер, Гүлбаршын, сағынып сонау алыстан келген сәтте көрсеткен сыйың осы ма? *(ұмтыла түседі).*

**Қаракөзайым** *(кенет бағс ете түседі. Шошына Алпамысқа қарсы ұмтылады).*

Ойбай, ананы кара, эне бір кара мақұлық, азу тісін ақситып, маған қарсы ұмтылды. Құтқар, құтқар! *(Қаракөзайым жоқ болып кетеді).*

**Алпамыс.** Не болды, Гүлбаршын. Кане, ол не? *(қылышын ала ұмтылады).*

Ойбай-ау, мынау Ұлтан ғой! Аманбысың, бауырым.

*(Ұлтан үнсіз, тісін сақылдатып, қанжарын Алпамыстың көкірегіне қадап, оны кері итереді. Алпамыс еш қарсылықсыз шегіне береді).*

**Алпамыс.** Ұлтан аға, Ұлтан аға, мұның не?

*Алпамыс қолындағы қанжарын Ұлтанға бере салады. Ұлтан енді қос қанжарды Алпамыстың кеудесіне тірейді.*

*Осы уақытта зарлы қобыз даусы шығады.*

*Ұлтан қанжарын ұстаған күйі қобызшыға қарсы ұмтылады.*

*Қобызшының шыңғырған үні шығады. Алпамыс Ұлтанға тура ұмтылады. Ұлтанға жете бергенде, ол оны қағып жібереді.*

*Алпамыс ұшып түседі.*

*Алпамыс шошып оянады.*

**Алпамыс.** *(көзін уқалаған күйі.)*

Бұл не деген жаман ырым, құдай-ау! Ел шетіне келгенде слжіреген кеудеге қадалған садақтың жебесіндей улы тікендей бұл не деген жаман түс!?

*Алыстан талып қобыз үні естіледі. Алпамыс елең ете қалады.*

**Алпамыс.** Не үн, неткен зарлы, мұңлы үн!

Жеті жыл жүріп зарығып,

Келгенімде шет жерден,

Естігенім тағы да,

Жүрек жыртқан зарлы үн.

*Ерін алып, атын ерттеуге бет алады.*

*Шатыр жаны. Үй жанында жақсы киінген үш мырзаның екеуі тоғызқұмалақ ойнап отыр. Құлтай қобыз тартып отырады.*

**1-мырза** *(қызына сөйлеп).* Ұтылдың ғой, қарасаңшы, тағы да алам бес құмалақ, тек «тектұрмасқа» жүріп көрші.

**2-мырза.** Қызынбашы,ей, ойланайын, мұрсат берсең қайтеді?

**3-мырза.** «Тектұрмасқа» көшсең, «қандықақпан» қадалып тұр. Құр әуре! Құтылар лажың қалған жоқ. Ұтылдың!

**2-мырза** *(ашуланып).* Ой, мына бір қақпас зарлатып, басымды әбден ауыртты.

Кімді жоқтап отырсың, әй!

**1-мырза** *(мысқылдап).* Тазы ашуын тырнадан алады деп, мұның не? Самұрат-ау, жеңілгеннің сөзі құрысын деген емес пе.

**2-мырза.** Қойшы, осы сендерді! Бір-біріңді қағып-іліп, қажауға құмарсындар әншейін.

*Ашуланып тұрып кетеді де, өзімен өзі отырған Құлтайды ыңқ еткізіп бір тебеді. Анау екеуі сақылдап күліп жібереді.*

**Құлтай.** Кінәм не, мырза, білмедік,

Бұл ісіңе жол болсын!?

**Мырза.** Сақалыңды ұрайын,  
Құрған нәлет, қу қақпас  
Қарсыласпақ кылықты,  
Кім үйреткен бүгінде?

*Мырзалар орындарынан түргеліп, Құлтайға жақындай түседі. Екеуі де кіжінулі.*

**1-мырза.** Мынаның тілі шығыпты,

**2-мырза.** Қарай көр өзін бұзықты.

*Жабылып сабай бастайды. Диуана киімін киген Алпамыс бір бүйірден шыға кедеді.*

**Алпамыс.** Қой, мырзалар, араша,  
Керегі не ашудың?

Қаудыраған мүскінге,  
Жабылған жақсы емес қой  
Сотанақ, тентек балаша.

**2-мырза.** Араша сұрар адамды,

Екенсің тапқан, ақымақ,

Көрінбей көзге тез жоғал!

*(диуананың кеудесінен бір түйеді).*

**Алпамыс.** Мінезіңіз тым доғал

Қадірменді ей, мырза,

Қорғансыз жанды жәбірлеу.

**1-мырза.** Ділмарсуын пақырдың, *(мысқылдай күліп жақын-дайды).*

Тілің ұзын болса тым,

Басыңнан әрі асырып,

Қонышыңа тығып қой.

**3-мырза.** Мынауың бір есер ғой,

Ей, Самұрат, қамшымен,

Дүре беріп, әбден сой.

*Анау қамшыны алып, ұмтыла береді. Алпамыс көтерген қолын қағып жіберіп, бастан бір ұрып, ұшырып жібереді.*

**Самұрат.** Өлдім, ойбай, өлтірді!

**Қалтай.** Мынауың кім, бір түрлі,

Қаңғыбасың құтырды,

**Жолтай.** Жіберші ұрып ұшырып,

Жанды жерден ұтырлы.

*Екеуі де ұмтылады. Қас пен коздің арасында екеуі екі жаққа жан дауысы шыға ұшып түседі.*

**Құлтай** (*орнынан сүйеніп тұра береді*).

Өңім бе, құдай, түсім бе?!

Табылды ма бізге де,

Қол ұшын берер бір пенде.

**Алпамыс.** Ет жүректі жан болса,

Зорлыққа қалай шыдамақ!

**Құлтай.** Жылы жүзді, мейірбан,

Пейілің неткен кең еді!

Ей, бейтаныс, жолаушы,

Жөніңді білдір шырағым.

**Алпамыс** (*тебірене*). Айналайын, агажан,

Танымай мені тұрсың ба?

**Құлтай** (*көңілі босай бере*).

Бауырым, қанатым! (*құшағын жайып ұмтыла береді*).

Алпамысым, асылым!

*Сахна жабылады.*

## ОН БІРІНШІ СУРЕТ

*Ұлтан ордасы. Бір бұрышта бүрісіп Гүлбаршын жатыр.*

*Жылаулы халде. Бір бұрышта әл үстінде Аналық жатыр.*

*Ауыр ыңқылдап қояды.*

**Аналық** (*ыңқылдай сөйлеп*).

Қайда әлгі Жәдігер,

Ас-су іше алды ма?

**Гүлбаршын.** Жоқ, енежан, іше алмай,

Таң азанда кетті ғой,

Ішкеніне қойды ма,

Құдай атқан Құбақан.

**Аналық.** Құртар болды-ау, қу Ұлтан,

Жалғызымның соңында,

Қалған жалғыз қарамды.



**Гүлбаршын** (*жсан ұшыра*).

Не дедіңіз, енежан?

Шошынты ғой сөзіңіз,

Алпамыстан үмітсіз

Күдер үзіп кеткендей

Бар ма сезген сырыңыз?!

**Аналық.** (*теріс қарап аунап, жылайды*).

Жоқ, келінім, ашуланба,

Жан күйзелген сәттегі,

Құр әншейін далбас қой

Бірақ, бірақ білмеймін...

Аттай, міне, жеті жыл.

**Гүлбаршын.** Айтпаңызшы, енежан!

Аузыңыз қайтіп барады,

Үмітсіз сайтан деген сөз,

Бар емес пе баяғы?!

Жабыққанда жанына

Жара болған наладан

Жұбататын сөзіңіз

Қайда қалған, анажан?!

**Аналық.** Қинады-ау, жаным, қайтейін,

Қолдан келер не шара,

Қалды менде, Баршынжан?

Аяғым көрге тигенде,

Көрер күнім не болды?

Сорлы болған Байбөрі,

Ол қайда жүр, не күйде?

*Құбақан енеді. Қасында екі жігіті бар.*

**Құбақан** (*есіктен ене бере*).

Баршын бар ма, осы үйде? (*күліп*).

Ә, аман ба, Гүлбаршын!

(*Гүлбаршын шошынып қалады*).

**Гүлбаршын** (*ұнатпай*). Не боп қалды, соншама,

Жер астынан шықтың ба?

**Құбақан.** Е, жолы болар жігітке,

Жердің асты, үсті де,

Емес пе екен, бәрібір,

Тек табатын орайын,  
Таба білсе болды да!

**Гүлбаршын** *(кекеткендей)*.

Жүрісің суыт екен тым,  
Шаруаң қалай, жайлы ма?

**Құбақан** *(лекіте күліп)*.

Сезесің-ау, Гүлбаршын,  
Ішің біліп тұр дейім, *(көзін қысып, қулана назар салып)*.  
Жайлы хабар ұшығын.

**Гүлбаршын** *(үміт еткен үнмен, Құбақанға ұмтыла түсіп)*.

Жарығым-ай, не дейсің?  
Жұмбақтамай айтсаңшы,  
Үздіктірмей үмітті.

**Құбақан** *(жайтаңдай)*.

Айтпасам да ішіңіз,  
Менен бұрын біліпті.  
Несін айтам енді мен?

**Гүлбаршын**. Алпамысым келді ме, *(қуана жылайды)*.

Анығын айтшы, Құбақан *(жағасынан жұлқиды)*.

Не дедің сен әлгінде?

**Аналық** *(қуанғандай)*. Алпамыс дей ме?

**Құбақан** *(кейігендей)*.

Туһ, жеңеше-ай, ұқпадым,  
Үмітіңіз әлі де,  
Үзілмепті-ау өмірден.

Аттанған о дүниеге,  
О, заманда, бұл заман,  
Бар ма пенде тірілген?!  
*(Аналық сылқ етіп құлап түседі)*.

**Гүлбаршын** *(Құбақанды кеудеден итере, кейін шоршып түседі)*.

Не дедің, Алла-ай, қарабет,  
Жүзі кара, кет, нәлет!

У жыланды ордама,  
Ойнатқалы келіп пе ең.

Шық үйімнен, жүзікара!

**Құбақан.** *(шошына кейін шегіне береді. Жымысқы күлкі ойнаған жүзінде жасанды жайдарылық бар).*

Кой, Гүлбаршын, сабыр ет,

Айтпағымды ұқпадың.

**Гүлбаршын.** Шық деймін үйден, қазір кет,

Босағамнан шық, кәне!

**Құбақан.** Сөз берсеңші, апыр-ау,

Айтайын да бегімнің,

Арнайы айтқан сәлемін.

**Гүлбаршын.** Бегің кім еді? Ұлтан ба?!

Қайбір оңған сәлемі,

Басқа түсер сарсаң ба!

Шық үйімнен шық, кәне!

**Аналық** *(орнынан ауыр көтеріле бере).*

Көкейін көптен сезгенмін,

Енді болды белгілі. *(қайта жатып қалады).*

Осы сәтте сырттан жүдеу өнді, жыртық киімді Қарлығаш енеді.

**Қарлығаш.** Тағы не шу, апыр-ау, Зәрем кетіп қалды ғой.

*(Аналық тұсқа көз тастайды).*

Уһ! Анашым тірі екен ғой. *(күрсіне, терең тыныс алып, отыра кетеді).*

*Құбақан Қарлығашқа ынтыға қарап қалады да, көзін Гүлбаршынға қарай тез тайдырып әкетеді. Гүлбаршын жүрелеген күйі бетін басып, жылап отырады.*

**Қарлығаш.** Жеңеше-ай, айтшы, бұл қалай, *(Құбақанға қарап).*

Зорлық болды ма?!

**Құбақан** *(жайбарақат үнмен).*

Қандай зорлық ел аман,

Жұрт тынышта, қалқам-ау.

Болмақ еді біздерден?

**Қарлығаш.** Не болды, жеңге, сізге енді?

**Құбақан.** Қуантпаққа тезірек,

Нист етіп келіп ек, *(мұңайған халде).*

Жолымыз, сірә, болмады.

**Гүлбаршын** (*ашына, қолын жая*).

Баласың ғой, Қарлығаш,

Бар ма ісі Ұлтанның,

Сірә де бір оңғаны.

Жолығамыз бұл бұл ма, (*зарлы үнмен*).

Мұнан да сұмдық сорға әлі!

**Қарлығаш.** Не дейсің, асыл жеңешем,

Күйзелтіп асыл жаныңды

Жайдай шарпып өткен не?

**Гүлбаршын.** Білмей-ақ қой, үкілім,

Ұлтан сұмның арамза,

Ар таптаған үкімін.

**Құбақан** (*ашуланып сыртқа шыға береді. Сырттан әмірлі үнмен дауыстайды*).

Білдей бекке «арамза»,

Атын тақтың, Гүлбаршын,

Бұдан ауыр сөз бар ма?

Жерден алып, жерге сал,

Барасың енді бсгіме, (*мысқылмен*.)

Ақ тоқалы болып, Гүлбаршын.

Сәлемді қабыл аласың,

Үкімі сол білгейсің.

**Қарлығаш** (*сыртқа атылып шығып*).

Арсыз нәлет не дейсің?

Алпамыс аға төсегін

Таптамақ ниет кімдікі?

**Құбақан.** Қадірлі Ұлтан бектікі,

Біліп қой, тағы, Қарлығаш,

Өзіңе де арнаған

Ішімде бар есебім.

**Қарлығаш** (*күйзеле шерлі, зарлы үнмен*).

Не боп кетті, құдай-ау,

Бұта түбін қорғалап

Бозторғайдай пана етер

Кең дүниеде аядай,

Қонар ұя жоқ болды-ау,

Қайдасың көксем, Алпамыс!

*(Аналықтың төсегіне басын сүйеп, отыра кетеді.)*

*Сахна жабылады.*

## Он екінші сурет

*Ұлтанның ақ отауы. Қызылды-жасылды киінген қыз-келіншек. Жас жігіттер араласулы. Сауықты топ. Өлең айтылып жатыр. Бұрышта бүрісіп Гүлбаршын отыр. Жылаулы. Тәрде Бадамша.*

**1-келіншек.** Той құтты болсын, жеңеше!

**2-келіншек.** Ағынан берсін, жеңеше,

Бәйбіше болған тойың,

Құтты болсын! *(шашу шашады).*

**Бадамша.** Айтсын, қаяқтайым, көп жашандай!

**1-әйел.** Е, Бадамшаға бәйшелік лайық қой.

**2-әйел** *(қасындағы әйелге сыбырлап).*

Қойшы әрі, құдай, құрған сақауды дәріптемей!

**1-әйел.** *(сыбырлап).*

Қой, ойбай, мына сөзіңді естісе, көрген күнімізді көп қылар.

**2-әйел.** Боқты қылар, әдірем қалғыр. Қайбір адалымен бәйбіше атағын алып отыр деп ең! Гүлбаршындай асылды зар еңіретіп, мұратына жеткенін көрермін.

**1-әйел.** *(2-әйелді шымшып алады).*

Неткен сорлы едің!? Одандағы ана үйдегі арық–тұрықтарыңа сорпа-сүйек артылдырып аларыңды ойласайшы, сорлы-ау!

**2-әйел.** Алмай-ақ қойғаным болсын! *(ернін шығарады.)*

**Бадамша.** Әй, қатындай! Неғып отишындай! Тойға кейген адамдай топқа қошып отимай ма? Бейі кейіндей! *(әйелдер топқа тақанады).*

**Бадамша.** Әй, қатын! Әйгі, Құбақан шешек қайда? Мына тойды неге баштамайды. *(Құбақан есіктен кіріп келеді).*

**Құбақан.** Мен дайынмын, жеңеше.

Берер сыйың дайын ба?

**Бадамша.** Е, өз жаманымда дидадан

Шашпау таққан Бадамша,

Шенен шыйды аяй ма?

Мә! *(теңге толы қалтаны Құбақанға лақтырып жібереді).*

Әй, Құбақан, айтатұғын шайтым бай, тындап ай шоны!

**Құбақан.** Е, айтыңыз, жеңеше, мен дайын!

**Бадамша.** Бүгінгі той, бiйе бисен, менің тойым. Ұйтан бегімнің тойы. Гүйбайшын тоқай боп, мен бәйбіше бойған той. Ошылайды жыйына кигіжіп айт. Жайай ма? *(Гүлбаршыңға қарап).*

Түй, Гүйбайшын, башын көтей, жұйтқа қаяп отый!

*(Гүлбаршын шымылдықты уыстай ұстап, солқылдап жылап отырады).*

Жыйама, той күні жығған жаман ыйым бояды. Қой, жыма!

Ал, башта, Құбақан!

**Құбақан.** Бісмілла деп сиынып,

Тойды бастап кетейін,

Ұлтандай асыл бегіме,

Иіле сәлем етейін. *(іледі).*

**Көпшілік дауыс.** Ой, дегенің-ай!

Дұрыс-ақ!

Ұлтан бектің өзі қайда?

**Құбақан.** Уа, халайық, жиылдық,

Ұлтанымның тойына,

Жақсы тілек ниетпен,

Көп атынан айтайын,

Ақ батаны тілеп мен.

Бадамша боп бәйбіше,

Бақыты оның басында,

Ұлтан бегі қасында.

Айдай сұлу Гүлбаршын,

Әлде гауһар, асыл ма.

Қолың жетті Ұлтан бек,

Қол жетпейтін асылға.

Кенеліп бүгін тұрсындар,  
Сый-сияпат шашуға.  
Халық етіп ықылас  
Қуанышпен тасуда  
Тілекті мол тілейін,  
Ғұмырларың боп ұзақ  
Байлығың шалқар шалқысын,  
Қара ниет дұшпаның  
Қаһарыңа шыдамай  
Қорғасындай балқысын.

**Көпшілік дауыс.** Пай, деген-ай, келтірді-ау. Ұлтан бектің өзі естімеді ғой. Өзі қайда? Анда, жамбы атысып жатыр.

**Бадамша.** Қатидын, Құбақан, қатидын! Ой, айналып кетейін, Сыйым бай тағы бейетін. Әй, Мәиия! Аш, шандықты, бей мынаған, тағы бій қайта дййда бей! (*маңдайынан сүйеді*).

**Көпшілік дауыс.** Шіркін, Бадамша, жомарт қой.

**2-әйел.** (1-әйелге) Айтақ, тасып бара жатқан шығар байлығың! (*ернін шығарады*).

**Бадамша.** Әй, қатындай мен жігіттей! Қуаныштан жүйегім, жайыайдай боп отый. Шабытым кет отқанда, өжім де бій-екі ауыж өйен, жай-жай айтып жібейейін.

**Көпшілік дауыс.** Әп, бәрекелді, айтыңыз!

Ә, бәсе! (*2-әйел ернін шығарады*).

**Бадамша.** Кей, Майия, қошиямьж!

Күй тайтамын шыбыжғы,

Тешігінен жай-жай,

Шешкенеді жаш бая,

Бешігінен жай-жай.

Патшайыққа Ұйтанның

Міні бай ма жай-жай.

Ханымдыққа апанның

Шыны бай ма жай-жай.

Тоқай бойды Гүйбайшын,

Ұйтаныма жай-жай.

Жәдігөйді тайтамыж

Көкпай етіп жай-жай.

**Гүлбаршын** (*атып тұрып, Бадамшаның жағасынан ала кетеді*). Сақау қар, не деп отырсың? Кімді тәлкек етпексің, кімді таба қылмаксың? Жетті ғой енді, сақау қар! (*елдер ажыратады*).

**Құбақан.** Қой, Гүлбаршын, не сұмдық!

Өз тойын өзі бүлдіру. Абырой емес, жақсы емес.

*Гүлбаршын ұмтыла түседі.*

*Есіктен диуана кіреді.*

**Диуана.** Араша, тоқта, араша!

Той үстінде боп жатқан,

Бұл не деген тамаша!

*Елдердің барлығы ақтарыла қарайды. Кенет Гүлбаршын алға ұмтыла береді де, талып құлап кетеді! Елдің бәрі Гүлбаршынды сүйеуге ұмтылады.*

**Көпшілік дауыс.** Не боп қалды, жаным-ау!?

Мынауың диуана емес, көз байлайтын пері шығар, ей. Өзі қорқып құлап қалды ғой. Кәпірдің түрінен жан шошынғандай ғой.

**Бадамша.** Әй, Құбақан, шені қайа башып қайған ба? Айдында тұйған айбаштыдай немені жейкеден бій түйіп шығайып жібейші. Құбақан диуанаға көзі өтіп, бозарып тұрып қалады да, сәл шегінеді.

**Бадамша.** Не бойған ей, мына шойлыға?

*Диуана тез шығып кетеді.*

*Сахна жабылады.*

## Он үшінші сурет

*Сахна жабық. Сахна алдына ентіге басып, қайыршы киімін киген Құбақан шығады. Ентігулі, көзі алайып кеткен. Үрейлі.*

**Құбақан.** Иә, жасаған жар болғай,

Жаңағы кім; о, сұмдық!?

Алпамыстың өзі ме,

Көктен түскен көзі ме?

Иә, соның өзі!



*Сахна сыртынан дауыстар естіледі.*

**1-дауыс.** Қайда әлгі Құбақан,

Жер жұтып тегі кеткен бе?

**2-дауыс.** Е, қайда дейсің, жүрген де,

Той ішінде бақсыдай

Зікір салып, жын ойнап.

**3-дауыс.** Иә, иә, шыны сол,

Оның құмар жері сол,

Қайда болса қыз ойнақ.

**1-дауыс** Е, жаным-ау, солай де,

Кім біліпті оныңды,

Елеурескен елменен,

Есім шығып кетіпті.

**2-дауыс.** Бар, тез шақыр, ендеше,

Жетсін мұнда жан барда.

**Ұлтан.** *(арғы жақтан айқайлап).*

Қайда әлгі Құбақан

Неге мұнда келмейді?

**1-дауыс.** Тойбастарын топта айтар,

Жаңа ғана болыпты,

Келіп қалар шыдаңыз.

**Ұлтан.** Таусылды әбден шыдамым

Жеке өзіне тапсырар,

Тығыз шаруа бар еді.

**1-дауыс.** Әне біреу көрінген

Құбақан ба кім өзі?

**2-дауыс.** Көзің соқыр болған ба,

Құбақанда бар ма еді,

Ұзын таяқ, ақ шапан,

**1-дауыс.** Диуана ғой қаңғырған,

Қайыр сұрап, емінген.

**Ұлтан.** Шақыр бол тез әлгіні,

Келсін мұнда, тез жетсін.

**2-дауыс.** Қазір, бегім, арнайы,

Болар емес бармасам.

*Сахна бұрылысына Құбақан шығады.*

**Құбақан.** Қой, қарамды өшіріп,  
Құриын тез бұл маңнан,  
Бітті күнім, өшті үнім,  
(*жыламсыраған үймен*).

Иә, Алла, бар ма енді,  
Тығылар бір жылы ін.  
**Ұлтан** (*сахна сыртынан*).

Қайда әлгі Құбақан,  
Жер тартып оны кеткен бе?  
Шақыр жылдам тез енді.

**Құбақан.** Ә, Ұлтаным, саспа енді,  
Қазір барып Алпамыс,  
Дәденді берер, дәденді.  
(*кенет қуана секіріп түседі*).

Ризамын Аллаға,  
Бұдан тірі қалдым ғой,  
Енді өлмеспін, өлмеспін,  
Алдымда күтіп тұрғандай  
Мен үшін тағы сөнбес күн.  
(*қолын көкке созады*).

Сөнбеспін енді, өлмеспін,  
Бізғырық шықса шығыстан,  
Дауыл ұрса батыстан,  
Сонда да табам жылы ұя.

Ризамын мен саған,  
Кен пейілді, құдайым,  
Жолымды оңғар лайым.  
Алақай, мен тірімін,  
Тірімін мен мәңгілік!  
(*сақылдап күліп, шығып кетеді*).

*Сахна ашылады. Дуылдасқан қалың топ. Күреске түскен жігітер. Белдескен жігіттерді ортаға алып, ентелей тұрған қалың көпшілік көтермелеп қояды.*

**Дауыстар. 1-дауыс.** Іштен шалып, қайыра жық,  
Оң жамбасыңа ал!

**2-дауыс.** Пай дегенің-ай, калай-калай ырғайды, ей!

**3-дауыс.** Ана біреуі атпал екен. Әлгі түйе палуаны осы ма, әй!

*Күрескеннің денелі біреуі жсығады.*

**Дауыстар.** Ой, ұрысыңа болайық. Бұралқы иттей бұраң еткізіп, атып жықты-ау.

*Сүйсініскен дауыстар. Көпшілік палуанды көтермелеп, кеу-кеулеп қоршалап тұрады. Ұлтан келеді.*

**Палуан.** (Ұлтанға қарап).

Уа, бек, бәйгемді бер,

Күтіп тұрар жайым жоқ.

Қалың жұрттың қасында.

Той иесі болмас па,

Жеңгенінің бәйгесін,

Қолыма әкем салмас па.

Ата салтының жөні осы емес пе?!

**Ұлтан.** Мынауың кім шіренген?

Көкке бойы тірелген.

Өктем сөйлеп өрлікпен,

Бәйге орнына дүре алып,

Қайтып жүрме еліңе,

Иттей қыңсып қорлықпен.

*(ел тына қалған).*

**Палуан** (алға ұмсына).

Ашығын айтқан адамға,

Қаһар ала жүгіру

Тән қасиет наданға.

Олай сөйлеп бек Ұлтан,

Қорқытам деп қадалма,

*Сырттан дауыс естіледі.*

**Дауыс.** Көкпар бергін, Ұлтеке,

Қаптаған мына жігіттер

Қояр емес жанымды.

Көкпар! Көкпар, Көкпар! (дауыстар).

**Ұлтан** (ашуланып). Айтқан ем ғой мен мана,

Алпамыстың жетімін,

Қайда әлгі Құбақан?

Жеткізсін тез Жәдігерді,

Салсын әкеп ортаға.

**Көпшілік** (*жарыса шыққан дауыстар*).

**1-дауыс.** Уа, кімге айтып ең?

**2-дауыс.** Астапыралла! Не дейді, Алла-ау мына бек?

Сырт дауыс. Е, ол Жәдігері қайда әлгі! Әкел тартамыз.

**1-дауыс.** Оттапсың! Не бок жеп тұрсың?

*Алыстан шарылдап, жылаған бала дауысы келеді.*

**Палуан** (*ширығып, ызалы халде*).

Не деп тұрсың, сен нәлет,

Дәтің қалай барады?

**Ұлтан.** Ұста, кәне, мынаны,

Сал, дүреле, арқасын.

*Ұлтанның біраз жігіттері ұмтылады, біразы тұрып қалады. Палуанның тілектестері де айбат етеді.*

**Палуан** (ақырып). Тиіп, кәне, байқап көр,

Тізе бүгер мен емес,

Қорқатыным сен емес

Есерлерің елгерен,

Жәдігерді, жетімді,

Көкпар етпек болса ойы,

Қылармын мен ойыңды.

**Ұлтан** (*ызыланған кекесінмен нөкерлеріне қарап*).

Сылдыр сөзді семсер қып,

Кісімсінген немені-ай,

*Иегімен ым жасайды. Ұлтанның нөкерлері ұмтылады. Палуан кеуделі біреуін сілкіп, лақтырып жібереді. Аналар кейін шегінеді.*

*Палуан тобы кетеді.*

*Бірін-бірі сүйей, ілби басып жылаулы Байбөрі, Қарлығаш келеді.*

*Байбөрі Ұлтанның аяғына жығылады.*

**Байбөрі.** Тоқсанға келген жасым бар,

Көпті көрген басым бар,

Жылаулы болған пендемін,

Тілеймін сенен жалынып,

Жалғызымның соңында

Қалған көзі, тұяғы  
Жәдігердей баламның  
Қасық қанын қия көр.  
Аталық саған қарызым  
Бар емес пе еді, Ұлтан-ау,  
Есіңе соны алсаңшы! *(жылайды)*.

**Қарлығаш.** Иә, ағатай, атамның  
Тілегін қабыл алыңыз,  
Жәдігерді көргенде  
Көкпаршылар қолынан,  
Шығады ғой жанымыз  
Аналық сынды анашым,  
Әл үстінде дөңбекшіп,  
Жылауменен күн кешкен  
Кешіріңіз, ағатай,  
Жәдігерді бір жолға.

**Ұлтан** *(екеуін тыңдамаған қалты, жігіттері мен нөкерлеріне бұрылып)*

Ал, жігіттер, тұрмандар,  
Атыңдар, тағы жамбыны.

*(Жігіттер қатарға тұра бастайды.) Кейбірі үнсіз Байбөрі мен Қарлығашқа қарап қалады. Ұлтан да садақшылар сапына қосылады.*

**Қарлығаш** *(көпке қарап, көкке қол созып).*

Е, жаратқан Тәңірі,  
Көрсетпеген нең қалды,  
Не жазып ек өзіңе?!  
Адалын беріп, адам қып,  
Өсірген мынау Ұлтан бек,  
Өзіме шапты қабан боп.  
Күнім өтті-ау қараң боп.  
Құтылатын осыдан  
Туар алда күн бар ма,  
Әлде ашқан ауызын  
Өлім атты сұм бар ма?  
Не істейміз, әкежан?

*(Екеуі шығып кетеді.)*

*Диуана келеді. Жамбы атысқан жігіттер тигізе алмай даурығып жатады.*

**Дауыстар.** Былай тұр, осы жолы атпасам, мені Төкебай деп атамай-ақ

**3-дауыс.** қойындар. *(атады, тимейді. Мазақтаған дауыстар).*

**Диуана** *(Ұлтанға қарап).*

Қадірлі бек, жолым болған

Жолаушы екем кеп тұрған.

Жақсы тойдың үстінде

Жақсы ниет етейін,

Оқ дарымас жамбыны атып,

Бір мұратқа жетейін.

Бер кезекті, көрейін.

**Ұлтан.** Жақсы ниет еткенге

Әрқашан да жол ашық!

*(қарқылдап күле, өз садағын диуанаға ұсынады).*

**Диуана.** Иә, жол болғай, Тәңірі!

*(атады, жамбы түседі).*

**Жігіттер.** О, Жарады, неткен мерген,

Құралайды көзге атқан

Мына диуанаң ер екен!

**Диуана.** Бер бәйгемді, қадірлі бек

Ниетімді тәрік етпе.

*Ұлтан ыңғай таныта қоймайды.*

**1-дауыс.** Берілсін сый, бәйгесі,

**2-дауыс.** Е, оттама, ол несі,

Жолы болған жолбике

Ала берсе бәйгені,

Мұндағы жұрт не етпек?

**Ұлтан** *(күліп).*

Тауып айттың, Жәнібек,

Шынында да диуана

Алып кетсе олжаны,

Естіген жұрт не демек?

**Диуана.** Бер олжамды, Ұлтан бек,

Ер адамға екі сөз,

Сөйлеу өлген емес пе.

**Ұлтан.** Бұл немене, диуана,

Шақырмақ па ең мені сен,

Ақыл қосар кеңеске.

**Диуана.** Ей, Ұлтан бек, егеспе,

Не деп шатып тұрсың сен?

*Бетіндегі пердесін кері серпіп жібереді де, Ұлтанға жалт қарайды. Ұлтан тұра қашады. Алпамыс садағын алып, атын қалады. Жон арқадан қадалған оқтан Ұлтан сахна ортасына өкіріп құлайды.*

**Палуан.** Келдіңіз бе, есен-сау,

Елге оралып, әз аға,

Бадамша ентіге басып келеді.

**Бадамша.** Ойбай, мынау Айпамыш қой! (*Ұлтанды көреді*).

Өйбүй, Ұйтан бегім өйіп қапты, машқаия. Ойбай, мені өйтпе көйме, Айпамыш. Ая мені, менің тйі қайғым кейеді, тйі қайғым кейеді (*бажылдап қаша жөнеледі*).

Алыстан Аналықтың зарлаған даусы келеді. Елдің бәрі зарлы үнге құлақ тігеді.

**Аналық** (*жоқтау әуенімен*).

Беу, құлыным-ау, қозым-ау,

Ағарып атқан таңым-ау,

Зар еңіреген анашың,

Күте-күте зар болды-ау.

Көзімнен жасым төгілді,

Қабырғам менің сөгілді,

Сенейін бе, құдай-ау,

Сенбейін бе осыған,

Қайта ата ма ақ таңым,

Тұтанар ма жаққаным,

Қайда жүрсің, қарағым.

Жолыңа ұзақ қарадым.

Біле алмай елің зар болды-ау,

Көкірск толы шер болды-ау.

*Аналық келіп, Алпамысты бауырына басады. Талықсын кетеді.*

*Алпамыс жүрелеген күйі Аналықтың қолын ұстап, егіле жылап отырады.*

Сағынышым, қоңырым,  
Ұзақ та болсын ғұмырың.

Көңілімді демдейін,  
Жамандыққа сенбейін.

Бастан қашқан бақытқа,  
Қайта оралып кел дейін.

*(Алпамыстың маңдайынан сүйеді).*

**Палуан.** Атаң әне көрінді, Қарлығаш та жүгірді. Өй, айналайын! *Алыстан «Алпамыс аға!» деген қуанышты дауыс естіледі.*

**1-жігіт.** Құлтай атай ғой анау. Алдындағы Жәдігер ғой. Қайтсін, құдай-ай, әкелеп, шырылдап жылап келеді ғой.

*«Әке» деген дауыс сахна сыртынан естіледі.*

**2-жігіт** Гүлбаршынға да хабар тиген ғой. Қасындағы тобымен бермен қарай жүгірді. Соңында әрең қозғалып келе жатқан Байбөрі көрінеді.

*«Алпамыс аға! Алпамыс әке! Алпамыс, балам!» деген дауыстар қосарлана шығады.*

Байбөрі. Балам, балам! *(сүрініп құлап қалады)*

*Алпамыс алға ұмтыла береді...*

*Сахна жабылады.*

*Соңы.*

*9-13.XI. 1972 жыл.*



## ІЗГІЛІККЕ ІЦКӘРЛІК

ЖАЗУШЫ ПЕРНЕБАЙ ДҮЙСЕНБИН ЖАЙЛЫ ҮЗІК ОЙ

Сонау одақтық «Пионерская правда» газеті сияқты басылымдарға ә дегеннен мақалалары мен суреттері шыққан соң, газеттерді кәдімгідей «бомбылай» берген. Біршамасы жарық көріп те жататын. Ол күні шопан үйінде кішігірім той болушы еді. Бойға біткен білік пен талап ұшқыны келе-келе алға ұмтыла беруге жетеледі. Алыстағы ауылдан астанаға арман қуып келіп, көп студенттің бірі емес бірегейі ретінде көрінді. Сол кездегі буыны беки бастаған қара шаңырақтың журналистика факультетіне оқуға ілігіп, қаламын ұштай түскен. «Лениншіл жас» газетіндігі (қазіргі «Жас алаш») эстетикалық «Аққу» клубында белсенді мүше ретінде өнер турасында үлкен салмақты мақалалар жариялады. Әсіресе алып қылқалам шеберлері жайында жазған дүниелері қарымы мен адымын анық айқындап берген. Италияндық ұлы суретші Леонардо да Винчи туралы «Сұлулық сазы», Мартирос Сарьян хақындағы «Шуаққа іцкәрлік», орыстың ұлы суретшісі Исаак Левитан жөніндегі «Үміт шапағы», мүсінші Сергей Коненков турасындағы «Қалампыр гүлі» сияқты материалдары 70-жылдардағы оқырманға зор тыныс әкелген. Осылайша көзі қаракты жұрттың көңілінен шыққан студент бозбаланы сол кездегі «Лениншіл жас» газетінің редакторы Шерхан Мұртаза Ташкенттегі қазақ перзенті, әйгілі суретші Орал Таңсықбаевқа барып, эссе жазып қайтуды тапсырады. Кейіннен «Тау мен дала жыршысы» атты үлкен мақала жарияланады. Ол бір кездегі есімі жалпақ әлемге мәшһүр, майталман суреткерден әңгіме естіп, сырласып қана жүргендіктің айғағы емес. Бұл тарихи адамның көкейіндегісіне үнілген Пернебайдың зеректігін де көрсетсе керек.

Жалпы, сурет сырын ұғынып, жазудағы шеберлігі шынайы маман көзімнен қарайтындығымен құнды. Кезінде

қылқаламды жанынан тастамай, сенімді серік еткенде жақсы суретші шығарына үміт те мол еді. Әрине, бар нәрсенің басын біріктіріп ұстау оңай емес. Тек біреуін қалап, қам қылу-нағыз қаламгерлік, қарым шығар. Дәл осы өнер әлеміне дендей енген студент бертін келе әдебиетке біржола бет бұрды.

Ана тілінен дәріс беруге құштарлық ақыры туған жеріне алып келді. Бала жүрегін баурай білетіндігінен де оқушылар жана ұстазды жатырқамай қабылдаған. Оның сәл жымып қойып, майдалап сөйлер мәйін сөзіне шәкірт көңіл ерекше ынтазарлықпен қарайды. Ұстаздың еңбегі ескеріліп – Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталған. Мұғалімдік үздік іс-тәжірибесін үлгі еткен кітапшалар да шығарылған. Шәкірттің танымымен қоса тәртібі де, мектептің ішкі жүйелі жұмысы да үнемі назарда жүретін. Амал жоқ, іргелі мектептің тізгінін ұстады. Қызметтің қара жұмысымен жүріп, қаламының қарайып қалғанын да аңғарған. Сұңғыла суреткер Хемингуэйдің бірде қапалықтан банкир болып істеп, жазушылық жолда жүрген әріптесіне: «Сен не банкирлігіңе бар да, не жазушылығыңа жүгін», – деген сөзі ойға оралған. Бұл шындықты мойындаған да. Дегенмен қаламгерге күрескерлік қасиет қажет-ақ.

Пернебай ауылдан ұзаған адам емес. Кейіпкерлері де, кішкентай достары да қарасирақ ауылдықтар. Жазушы оларды жақсы түсінеді. Талғам таразысына салып талай толғантқан да. Кейде өзі жалғыздықтың күйін кешетіні бар. Маңындағы қалың қауымнан пікірлес пенде іздейді. Қазір жазушы жанына ойлы жанармен үнілер үндестіктің ғайыпқа сайғаны шындық. Әдеби шығармаларда кездесетін жалғыздық шырмауы, міне – осы. Дегенмен ортасын іздеп елегізген қаламгердің меселі бұдан қайтпаса керек. Қайта теріс аққанға қарсы тұрып, оң ағызу үшін талпынысы бәрінен де пәрменді.

Жоғардағыларды Пернебай жақсы түсінеді. Қолы қалт еткенде ересектер тақырыбына замана тынысын тап басар туындыны толғайды. Ал балалар әлеміне сан сапар шеккізген, шымыр шығармалары бір төбе. Алғашқы «Жұмбақ жұлдыз», одан кейінгі «Кішкентай генералдар» мен «Елгезек ертегілер елінде» жинақтары соның айқын айғағы.

Сыншыларымыз бірде «әдебиетімізде ұқсас тақырып, ұқсас кейіпкер, ұқсас шешім көбейіп кетті» дескен болатын. Неге?

Негесі сол, әдебиет майданындағы малайлық баяғы. Оған қосылған да, қосарланбаған да бар. Әйтеуір уақыт өзі есті сөз сөлін екшеді. Ақ-қараны ажыратты.

Кейде осы ойларды орталағанда таза жанның һәм рухы қуатты жазушының қандай да болсын суыт соққан суық желдің ығына жығыла кетпей, қайта қарсы қайрат көрсетіп, көңілдің көк дөнсеніне қамшы басқанына қайран қаласың. Пернебайдың кітаптарын оқи түсе осыны байқар едік. Ал азаматтық бейнесі өз алдына. Шығармашылығына көз жүгірте отырып, адам ретіндегі болмысын танимыз. Ендеше, еңбектеріне үніліп керелік.

«Жалынның» жабық бәйгесінің төрт дүркін жүлдегері атанған Пернебай – балажан жазушы. Мектепте мұғалім болып, бала психологиясын зерттеудегі ізденісі тақырып аясын ашуға етене жақындастыра түсті. Әрине, тұңғыш қалам ұстағанда оңай соқпаған. Жалпы кішкентайлар турасында жазу – кәдімгідей-ақ қиын шаруа. Игеріп кету үшін талай тер төгу керектігі тектен-тек емес. «Жұмбақ жұлдыз» кітабындағы «Жұлдыздар неге жылайды?» повесі сыншылардың тәуір бағасын алған. Тек балалар ұғымына ауырлау тиетіндігі алғашқы аяқ алысын аңғартқан. Көш жүре келе түзелді де.

Бір жағынан қарағанда бұл повесть трагедиялы тұжырымға негізделген. Сондықтан кішкентайлар түсінігіне қиындану тиетіні заңды. Он үш жастағы мылқау Тайжанның аянышты тағдырын, оның үстіне аяулы ағасынан айрылып, аһ ұрған үнін қалайша жеңіл қабылдауға болады? Тілсіз тіршілігінің тынысын тап басып, суреттеудегі шеберлік қана соған көз жеткізіп, көңіл сендіреді. Тілдік стильдің қанық бояумен көмкерілгені көкейге қонымды – ақ. Кейіпкер психологиясы мен табиғат тылсымының бірге өріле отырып, өзіндік гармониясының туындайтыны оқырманын бей-жай қалдырмайды. Бастысы психолологиялық сәттерге баса назар аударатындығымен тартымды. Сонысымен сонылық танытып, еш кібіртіктеусіз алға жетелсіді.

Төрт повестен тұратын «Кішкентай генералдар» кітабын білмейтін бала жоқ. «Кішкентай генералдар»... Бұл өзі тілі де жатық, құрылымы да қарапайым шығарма. Онда таза ауыл балаларының бүкпесіз өмірі өрнек тапқан. Негізгі ойлар шағын тақырыпшалар арқылы тарауларға топтастырылған.

Алтыншы класс оқушылары Әділ, Өмір, Болат үшеуінің каникул кезінде бастан кешкен хикаялары қызғылықты оқиғаларға өзек. Мұндағы шынайы диалогтар, психологиялық түйіндеулер және механикалық қозғалысқа құрылған кейіпкерлер бейнесі ширақтығымен келісті.

Ал «Сары сөмке және достары туралы ертегі» атты повесть қазақ прозасындағы аталмыш жанрға үлкен жаңалық ретінде енді. Өйткені бұрнағыдан келе жатқан ертегілерімізден туындының айырмашылығы-ойы алғыр, қиялы ұшқыр өзіндік ерекшелігімен есте қаларлық дүние скендігінде. Кейіпкерлері де көнеден келе жатқан Тазша бала, хан не уәзір, сондай-ақ қорқақ қоян, алдампаз түлкілер емес, күнде ұстап жүрген кәдімгі сары сөмке, бояу қарындаштар, сурет салатын қағаз және басқалар. Оқиға солардың арасында қызғылықты өрбіп, оқырманын желпінте жетектейді. Ертегі үйреншікті болмағандықтан тосын көрінуі әбден мүмкін. Бірақ тез баурап алар бір сиқырлы тартымдылығымен тәнті етеді.

Және бір жұлделі шығармалар ішіндегі «Қайсар қара қарындаш туралы хикая» жөнінде жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Мұхтар Мағауиннің білдірген пікірі мынадай: «Бұл Қара қарындаш пен Ақ альбомның бастан кешкендері» – әдемі ертегі. Ара-тұра ұшырасатын кібіртіктер өндей келе жөнделіп кетсе, бұл хикая қазақ балалары үшін ең қызғылықты кітаптардың біріне айналар еді». Бұған алып-қосарымыз жоқ. Тек мұны қаламгердің қазақ прозасының шағын жанрына әкелген тосын бетбұрысы деп білеміз.

Жазушы, ұстаз Пернебай Дүйсенбиннің шығармашылық өмірі жайлы қысқаша қайырғанда осындай үзік ойларға кенелеріміз кәміл. Ол – өнер өлкесінен әдебиет әлеміне ауысқан сан қарлы қаламгер. Мүмкін, содан болар, тіршіліктің тыныш, я тынымсыз тылсымының тақуа тумысын таразылауды – шығармалары табиғатынан табатынымыз. Кішкене жүректерге жол таба отырып, кемел ойға шомғызатыны бекер емес. Әйтеуір бір ізгі дүниеге-пәк сезімге іңкәрлікпен қаламын суытпай және сілтей береріне сенімдіміз.

*Болатбек Төлепберген,  
«Жас Алаш» газеті, 1993 жыл, қазан*

## МАЗМҰНЫ

Қарлығаш көңіл қаламгер.....	3
Дала шықтары.....	4
СПТУ-дың «студенті».....	19
Қариялар.....	33
Қызыл қасқа.....	39
Той.....	46
Қайран да біздің балалық... ..	57
Домбыра туралы аңыз.....	72
Сол бір ертегі... ..	76
Таза бұлақ.....	117
Сүйемін.....	—
Сырласпын.....	118
Ей, Жезкиік, дүние-ай!.....	119
Алпамыс батыр.....	129
Ізгілікке іңкәрлік немесе жазушы Пернебай Дүйсенбин жайлы үзік ой.....	199

**Дүйсенбин Пернебай**  
**АРАЙЛЫ ТАҢ АЛАУЫ**

Редакторы Өлтайыр Қабланбек  
Беттеген Ермек Мейірбеков

Басуға 14.09.2013 қол қойылды.  
Қалыбы 84x108  $\frac{1}{32}$ , офсеттік басылым.  
Қарып түрі Times New Roman. Шартты баспа табағы 13,0  
Таралымы 500 дана. Тапсырыс №. 217

«Асыл кітап» баспасының баспаханасының  
орталығында теріліп, беттеліп басылып шықты.  
Мекен-жайы: 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143 үй  
Телефоны +7 (727) 394-41-67,  
электронды пошта: asylkitap@mail.ru



## Дүйсенбин Пернебай

1943 жылы 13 қазанда Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жайылма ауылында туған. 1960 жылы мектен бітірісімен еңбекке араласып, совхозда құрылысшы болды. 1962 жылы әл – Фараби (бұрынғы Киров) атындағы ҚазМУ-дың филология факультетіне түсті. 1964-1967 жылдары Украинада әскери борышын өтеді. 1967-1969 жылдары университетке қайта оралып, журналистика факультетін бітірді. 1969-1973 жылдары орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті, сурет пәндерінің мұғалімі болып еңбек етті. 1973-1987 жылдары мектеп директорының орынбасары, 1987-1993 жылдары мектеп директоры, 1993-1997 жылдары мектеп психологы болып жұмыс істеді. 1997-1998 жылдары газет тілшісі, 1998-2004 жылдары «Қаратау кеншісі – Горняк Каратау» газетінің редакторы және ақпарат бюросының бастығы болды. 2004-2007 жылдары Сарысу аудандық мәслихатының тексеру комиссиясының төрағасы қызметін атқарды. 2009 жылы «Алтын шырақ» журналының қызметкері болды.

1979 жылы «Жұлдыздар неге қылайды?» деген лирикалық повесі «Жалын» журналында жарияланды. 1990 жылдан КСРО, 1994 жылдан Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі. «Жұмбақ жұлдыз», «Кішкентай генералдар», «Ән салыңызшы, Әке», «Елгезек ертегілер елінде», «Тектінің тұяғы еді» атты кітаптардың авторы. 2003 жылы тарихи – танымдық «Шежірелі Сарысу», 2007 жылы 1797 жылы тағдыр толқынымен ата қонысынан ауа кошкен Кіші жүздің шеркеш, тама, жағалбайлы, тағы да басқа руларының тарихын, тағдырын, шежіресін арқау еткен тарихи-танымдық, деректік, шежірелік, әдеби «Үркердей болып кошкен жұрт» атты үлкен томы жарық көрді.

2008 жылы «Сарысунама» атты тарихи деректік томын шығарды. Сонымен бірге оның республикалық бәйге алған повестері төрт конкурстық жинаққа енгізілді.

Ол Қазақ КСР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Жазушылар одағы, Қазақстан ЛКЖО ОК мен республикалық «Жалын» баспасы бірлесіп өткізген жабық бәйгесінің 1979, 1980, 1981, 1986 жылдардағы лауреаты. 1994 жылғы республикалық «Балауса» баспасының, 1996 жылғы «Парасат» журналының, 2013 жылы халықаралық «Дарабоз» бәйгесінің лауреаты.

1965 жылы жауынгерлік мерекелік медальмен, ұстаздық қызметі үшін 1981 жылы Еңбек Қызыл Ту орденімен, 2001 жылы Жамбыл облысы әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

Пернебай Дүйсенбин 1999-2007 жылдары Сарысу аудандық мәслихатының екі мәрте депутаты болып сайланған. Сарысу ауданының Құрметті азаматы (2001ж).

